

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

«Сегіз қырлы бір сырлы»

Тұңғыш Президент үлгісіндегі имиджелогия негіздері

3 Том

**Қарағанды
ҚарМТУ баспасы
2010**

ББК 66.3(5Қаз)=қаз
Т 88

Т88 Тұңғыш Президент үлгісіндегі имиджелогия негіздері. Үш томдық Т. 3 / бас ред. ҚР ҰҒА академигі А.М.Ғазалиев.- Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2010- 158 б.: сурет.

ISBN 9965-04-596-8

Бұл кітап 2007 жылы осындай атаумен жарық көрген жинақтың жалғасы болып табылады. Мұнда Елбасы, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жарқын бейнесін жан-жақты да тереңірек ашып көрсеткен қазақстандық саясаткерлер, ғалымдар мен журналистердің тандаулы мақалалары жинақталған.

ISBN 9965-04-596-8

ББК 66.3(5Қаз)=қаз

© Қарағанды мемлекеттік
техникалық университеті, 2010

АЛҒЫ СӨЗ



Газалиев А.М.,
ҚарМТУ ректоры,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері,
ҚР ҰҒА академигі

Әлбетте, асқар таулар алыстаған сайын келбеті асқақтай түседі деген сөздің жаны бар. Өйткені, бауырында жүріп байқамаған көп заттың қадірін араға уақыт оза ғана барып ұғасың, көкірек көзіңмен көріп, танысың. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи тұлғасы да басын ақша бұлттар шалған заңғар биік шыңға, алып тауға ұқсайды. Елбасының тарих тұғырындағы асқар таудай болмыс-бітімін танып, ұғыну үшін де үлкен өре, терең білім керек.

2006 жылы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде ректор болып жүргенімде «Тұңғыш Президент үлгісіндегі имиджеология негіздері» деген тақырыпта семинар ұйымдастырылды. Сол жиынның қорытындысында саясаткерлер, экономистер, педагог-психологтар, политологтар филологтар және журналистер мен заңгерлердің Нұрсұлтан Назарбаев талантының әр қырын ашып көрсеткен мақалалары топталып, кітап түрінде басылып шыққан болатын. Арада бір жыл өткенде осы кітаптың тұсаукесері Астана қаласында өтті. Оған ҚР Білім және ғылым министрі Ж. Түймебаев, Сенат және Мәжіліс депутаттары, білім беру саласының қызметкерлері мен студент жастар қатысып, теңдессіз еңбекке жоғары баға берген болатын.

Қазіргі таңда «Тұңғыш Президент үлгісіндегі имиджеология негіздері» кітабы Елбасының өзі оқып, білім алған Қарағанды мемлекеттік техникалық университетіндегі студент жастарды патриотизмге тәрбиелеу ісінде басты құралға айналды. Аталған кітаптың материалдары патриоттық рухта тәрбиелеу шараларында, куратор сағаттарында, конференцияларда, «дөңгелек үстелдерде» кеңінен пайдаланылып жүр. Ең бастысы, Елбасының барлық адами болмысын, оның әр жерде айтқан ұтымды әзілдері мен адам баласын өзіне үйіре білетін бауырмалдығы, кісіні бір көргеннен танып, достаса білетін ерекше қасиеттері әр қырынан толыққанды ашылған кітап студент жастар арасында зор сұранысқа ие болды. Міне, осының бәрін ескере келе, аталған еңбектің екінші және үшінші томдарын жарыққа шығардық. Бұл кітапта Елбасымыздың

мерейтойы қарсаңында «Казахстанская правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат баласына тиесілі ішкі жан-әлемін, адамгершілік қасиеттерін жан-жақты ашып көрсеткен авторлардың да, Тұңғыш Президентпен түрлі оқиғалар барысында аралас-құралас болу бақытына ие болған адамдардың да мақалалары топтастырылды. Бұл мақалалар жастарды Елбасының адами болмысы үлгісінде, тұлғалық қасиеттері тұрғысында отансүйгіштік рухта тәрбиелеу ісінде таптырмас құрал болары сөзсіз. «Тұңғыш Президент үлгісіндегі имиджелогия негіздері» кітабындағы бұл мақалалар топтамасы оқиғаларының қызықтылығымен, тілінің шұрайлылығымен оқырман қауымды баурап алады деген сенімдеміз.

СЕМСЕРДЕН СОҚА СОҚҚАН САЯСАТКЕР

Егемен Қазақстан, 9 сәуір 2010 | [Замана www.egemen.kz/](http://Замана.egemen.kz/)

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының Қазақстанға сапары Елбасымыздың бүкіл әлемдегі ядролық қауіпсіздікке қосқан ұлы үлесін келісті көрсетіп берді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының Қазақстанға сапарын еліміз жұртшылығы зор ықыласпен қарсы алды. Ашығын айтайық, қазір Қазақстанға аузымен құс тістеген небір кәнігі жүйрік саясатшылар мен мемлекет басшыларының ат басын бұруы ешкімді таңырқата қоймайды. Ал әлемдегі басты ұйым жетекшісінің сапармен келуі, келгенде де алғашқы қадамын бұрынғы Семей атом полигонына жасағаны қарапайым халықты былай қойғанда, зиялы қауымның өзін таң қалдырғаны анық. Бүкіл әлем халқының қайғы-мұңы мен қасіретін жете білетін Пан Ги Мун келесі күні Мемлекет басшысымен болған кездесуде бұл қадамын былайша түсіндірді:

“Мен кеше Семейде болдым. Ол өңірге жасаған сапарым мен үшін баға жетпес тәжірибе. Семей полигонындағы сынақтар барысында зардап шеккен миллиондаған адамдардың қасіреті мен ондағы экологиялық ахуалдың қиындықтарын суреттеуге тіл жетпейді. Тіпті, оны елестетудің өзі аса ауыр. Егер Сіздің көрегендігіңіз бен басшылығыңыз болмаса, кім білсін, қазір де миллиондаған адамдар сол қасіретті бастан өткеріп жатқан болар ма еді? Мен Сізге Семей ядролық сынақ алаңын жапқан және Қазақстан аумағында барлық ядролық инфрақұрылымды жойған ұлттың басшысы ретінде шексіз ризашылығымды айтқым келеді”.



“Хабар” телеарнасынан көрсетілген бейнерепортаждан Пан Ги Мун мырзаның кездесу кезіндегі Қазақстан Президентіне білдірген лебізі мен

тілектерін тізіп шығып, жай қарағанның өзінде бүкіл әлемнің осы кезде қаржы дағдарысынан, Жер шарының әр түкпірінде жүріп жатқан қақтығыстардан гөрі ядролық қарудың тоқтаусыз өсіп бара жатуына, атом қаруына ие елдердің қатары жүгендеусіз көбейе түскеніне алаңдаушылықтың басым екенін түсінуге болар еді.

– Қазір Сіз жаһандық ядролық қаруға қарсылық саммитіне барғалы отырған сәтте, – деді БҰҰ Бас хатшысы, – ядролық қарусыздандыру туралы айтуға, оны терең талқылап, басқа мемлекет басшыларына пікір айтуға Сіздің барлығынан жоғары моральдық құқығыңыз, күшіңіз бар, сондықтан да даусыңыз жарқын шығуы тиіс деп санаймын. Әрине, Сіздің бұл саммитте қаралатын мәселелер жөнінде өз пікіріңіз, өз ұстанымыңыз бар. Мен де БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде өз ойымды ортаға саламын. Дегенмен, біз сөздеріміз бен ұстанымдарымызды үйлестіріп алып, біріге сөйлесек, ойлағандағыдан да үлкен табысқа қол жеткізе алар едік.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап бейбіт саясат ұстанып, әлемге ядролық полигонды жабушы және атом қаруынан өз еркімен бас тартушы мемлекет ретінде танылғаны белгілі. Дербес даму жолына түскен жас мемлекет ретінде Қазақстанға әлемде төртінші орын алатын атом арсеналын ұстап тұрудың өзі қаншама күшке түсетіні белгілі еді. Алайда, бұл тұрғыда Қазақстанға қаржылай да, басқашалай да көмек көрсеткісі келетін талай елдер табылған болатын. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев атом қаруын оңды-солды сілтеп, дүниені тітіркендірушіліктен гөрі бейбіт саясатты таңдады. Ең алдымен 40 жылдай атом жарылыстарынан зәрезап болған халқының тыныштығын, ұрпағының ертеңін, елінің қауіпсіздігін ойлады. Атом қаруынан бас тарту ғана емес, оны таратпау жолында, тажал қаруынан ада аймақтар құру жолында күресуші мемлекет болудың маңызын Нұрсұлтан Назарбаев жете түсінді. Содан бері ядролық қаруды ауыздықтау жолындағы қаншама қазақстандық бастама көтерілді. Бас хатшы өзі жақсы білетін бұл жайды да айрықша атап өтті.

“Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қарулардан ада болу қажеттігін әлемге жар салып айтушы рөліне жер бетінде Сізден лайық адам жоқ. Себебі, кезінде Сіздің халқыңыз сондай сынақтардың құрбаны болған. Тиісінше, Сіз бар қиындықтарды жеңіп, бұл мәселелер жөнінде жаһандық деңгейдегі маңызды шешім қабылдау сәті туғанда батыл түрде ядролық сынақтарды тоқтатып, сынақ алаңын жауып, ядролық қарудан біржола бас тарттыңыз. Сіз және Сіздің еліңіз Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамасын көтеріп, оны іс жүзінде жүзеге асырдыңыз. Бұл жөнінде тек құжат қабылдап қана қоймай, оның тап-тұйнақтай орындалуын қамтамасыз еттіңіз. Сондықтан да Сіздің бұл мәселе жөнінде батыра айтып, қатаң мәлімдеме жасауға тағы да бәрінен артық моральдық та, саяси да құқығыңыз бар. Сіздің Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамаңызбен солтүстік жарты шарда ондай аумақ тұңғыш рет құрылғанын да зор ризашылықпен айта аламын”.

Адам саналы ғана емес, санаулы да ғұмырдың иесі болғандықтан, оның өмірі басты байлық, зор әлеует саналады. Ал Қазақстан халқын қолдан жасалған атом қырғынына ұшыратқандар не зауал көріпті? Қаншама адамның жүрек қиналысы мен көз жасы үшін Қазақстаннан басқа бұрынғы Одақтың қай мемлекеті не төлепті? Жатса-тұрса ойынан халқының жай-күйі кетпейтін Елбасының алғашқы жарлықтарының бірі Семей полигонын жабуға арналғанын ескерсек, мұның өзі Нұрсұлтан Әбішұлының сана-сезімінде ат жалын тартып мінгеннен-ақ қалыптасқанына көз жете түседі. Әлемдегі басқа саясаткерлер мен мемлекет басшылары осындай жолмен жүрсе, дүние жүзін дүрліктірген басты мәселе шешімін тауып, адамзат баласының ой-ниеті жасампаз басқа мәселелерге ауар еді.

Бұл туралы ойын Семейдегі бұрынғы ядролық полигонның ортасында тұрып БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун былайша жеткізген еді:

“Мен қазір ядролық сынақ алаңының нөлдік нүктесінде, дәл сынақ жасалған жерден небәрі екі шақырым жерде тұрмын. Мұнда 450 атом бомбасы сыналды. Сондықтан да мен осынау нөлдік нүктені өз көзіммен көріп, бір кезде барша ядролық сынақтардың бастауы болған жердің өзінде тұрып күллі адамзат баласына “біздің жер бетінде ядролық қарусыз әлем құратын кезіміз келді” деп жар салғым келді... Жер, өзендер мен көлдер түгел уланған, ұрпақтар қатерлі ісік ауруларынан және туа бітті дерттерден әлі күнге дейін зардап шегуде. Қазақстан Президентінің осынау сынақ алаңын жауып қана қоймай, тұтас өңірде ядролық қарудан ада аймақ құрғанына зор қолдауымды білдіремін. Оның бұл қадамы біздің ядролық қарусыз әлемді құру ісіміздің ең берік іргетасы іспетті. Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алып, оның жолымен жүруі тиіс. Мен БҰҰ-ының Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әлем елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын”.

Қазақстан Президентін семсерден соқа соққан саясаткер ретінде қарастыру әбден негізді.



БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун:

Ядролық қарусыздандыру туралы айтуға, оны терең талқылап, басқа мемлекет басшыларына пікір айтуға Сіздің барлығынан жоғары моральдық

кұқығыңыз, күшіңіз бар, сондықтан да даусыңыз жарқын шығуы тиіс деп санаймын.

Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қарулардан ада болу қажеттігін әлемге жар салып айтушы рөліне жер бетінде Сізден лайық адам жоқ.

Қазақстан Президентінің осынау сынақ алаңын жауып қана қоймай, тұтас өңірде ядролық қарудан ада аймақ құрғанына зор қолдауымды білдіремін. Оның бұл қадамы біздің ядролық қарусыз әлемді құру ісіміздің ең берік іргетасы іспетті. Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алып, оның жолымен жүруі тиіс. Мен БҰҰ-ының Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әлем елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын.

(Қазақстан Республикасына сапары кезінде сөйлеген сөздерінен).

ЖЕҢІСТІ ЖОЛДЫҢ ЖЕМІСТІ ЖАЛҒАСЫ

АҚШ пен Ресей президенттері стратегиялық шабуылдау қаруларын қысқарту туралы жаңа келісімге қол қойды

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунмен кездесуінде Прага қаласында АҚШ және Ресей президенттерінің стратегиялық шабуылдау қаруларын қысқарту туралы жаңа келісімге қол қойғалы отырған қадамын барынша құптайтынын мәлімдеген болатын. Енді, міне, екі ядролық алпауыт мемлекет өз қаруларын қысқарту жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізіп, жаһандық ядролық қауіпсіздікті нығайта түсу ісінде үлкен саяси ерік-жігер танытты. Бұл Қазақстан секілді ядролық қарусыз әлем құруға барлық күш-жігерін жұмсап келе жатқан ел үшін де зор табыс саналатыны күмәнсіз. Демек, Нұрсұлтан Назарбаев бастап берген жеңісті жол жемісті жалғасын тапты. Құтты болсын!

Сонымен, кеше Чехияның астанасы – Прага қаласында АҚШ президенті Барак Обама мен Ресей президенті Дмитрий Медведев стратегиялық шабуылдау қарулары (СШҚ) туралы жаңа АҚШ-Ресей келісіміне қол қойды. СШҚ-3 деген атауға ие болған жаңа келісім 1991 жылы АҚШ пен КСРО арасында қол қойылып, 2009 жылдың 5 желтоқсанында мерзімі біткен стратегиялық шабуылдау қаруларын қысқарту туралы ескі келісімді алмастыратын болады.

Жаңа келісімге сәйкес, АҚШ және Ресей тараптары алдағы 7 жыл бедерінде стратегиялық ұшырғыштар – құрлықаралық баллистикалық зымырандарын, сүңгуір қайықтардағы баллистикалық зымырандарын, сондай-ақ ауыр стратегиялық бомбалаушы ұшақтарын 700 бірлікке қысқартуға міндеттеме алады. Оқтұмсықтар ұшырғыштар саны әр жақтыкін есептегенде 800 бірліктен аспауы тиіс. Оқтұмсықтардың ең көп ортақ саны 1550 бірлік деп айқындалған.

Құжат екі ел заң шығарушы органдарының ратификациялауына жатады және ратификациялау грамоталарымен алмасу сәтінен бастап, күшіне енеді. Құжаттың күшінде болу мерзімі – 10 жыл.

МАҚСАТ – ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН ТОЛЫҚ БАС ТАРТУ

The New York Times



Қазақстанға сапармен келген БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Семей өңірінде болған кезінде және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуінде 1991 жылы Семей сынақ полигонын жабуы Қазақстан басшысы тарапынан батыл шешім болғанын, мұның бүгінде бүкіл әлем елдері үлгі алатын үдеріс болуы тиістігін айта келіп, ядролық қаруға ие барлық мемлекеттерді Қазақстанның жолымен жүруге шақырғаны белгілі.

Ал Елбасы өзінің 2 сәуір күні Ресейдің “Известия” газетіне шыққан мақаласында ядролық таратпау қазіргі заманғы императив болуы шарт екенін атап көрсеткені тағы мәлім. Осы орайда өткен дүйсенбіде АҚШ президенті Барак Обаманың америкалық ядролық доктринаны өзгертіп, ядролық қару қолдануға ықтимал жағдайларды айтарлықтай азайтатынын айтқан мәлімдемесі де көкейкестілігімен ерекшеленеді.

Обама өзінің бағытын түпкі мақсаты ядролық қарудан толық бас тартуға, сондай-ақ мемлекеттерді ядролық шамшылдықтан арылтуға ынталандыратын жағдайлар жасауға жұмсалатын күш-жігердің бір бөлшегі ретінде сипаттады. Мысалы, жаңа доктрина жаңа ядролық қару жасауды толық тоқтатуды болжайды: бұл шешім АҚШ-тың қазіргі Қорғаныс министрінің алғашқы көзқарасына қарама-қайшы келетінін айта кеткен жөн. Обаманың стратегиясы қадір-қасиеттен айырылған мемлекеттер мен террорлық ұйымдар Ресей мен Қытай сияқты дәстүрлі державалардан қауіптірек бола түсіп отырған жағдайда ядролық доктринаны жаңа дәуірге бейімдеуге талпыныс болып табылады.

Жаңа доктрина көп жағдайда АҚШ “қырғи-қабақ соғыстың” алғашқы күндерінен бастап ядролық доктринаға саналы түрде қосылған

амбиваленттілігін аластауды көздейді. Құрама Штаттар тұңғыш рет ядролық қаруды Ядролық қаруды таратпау туралы шартты (ЯҚТШ) сақтайтын ядролық емес мемлекеттерге қолданбауға нақты міндеттеме алу ниетінде. Бұл ұстаным тіпті ондай мемлекеттер Құрама Штаттарға қарсы биологиялық немесе химиялық қару қолданған, сондай-ақ адамды сал ететін хаккерлік шабуылды жүзеге асырған жағдайда да күшінде қалмақ. Ақ үй тарапынан түсіндірілгеніндей, биологиялық шабуылға ядролық соққымен жауап беру мәселесіне егер биоқару жетілдірілетін болса қайта оралуға болады.

Обаманың доктринасы АҚШ-тың басты қаймықтырушы әлеуетін әлсіретпеді ұсынатын консерваторлар тарапынан, сонымен бір мезгілде, Америка ядролық қаруды ешқашан бірінші болып қолданбайды дейтін үзілді-кесілді мәлімдемесінен үміттенетін либералдар тарапынан қарсылық тудыратыны анық. Доктринаның жариялануы қарулануды қысқартуға бағытталған тоғыз жылдық кезеңді қамтитын, үлкен күш-жігерді қажет еткен ядролық дипломатияның увертюрасы болады: 8 сәуірде, яғни кеше Обама Ресеймен келісімге қол қойса, алдағы аптада Вашингтонда ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммит өткізеді.



Жаңа доктрина үшін таяу маңдағы экзамен Иранмен қарым-қатынас болатын секілді. Сұхбатында Обама былай деп мәлімдеді: “Тегеран өзінің қазіргі саясаты жағдайында ядролық қару жасау әлеуетіне ие болатынын және де санкциялардың бірде-бір пакеті Иранды автоматты түрде бағытын ауыстыруға мәжбүрлей алмайтынын мойындауымыз керек”.

Доктрина АҚШ-қа қарсы ядролық соққыларды ірке тұруды өзінің одақтастары немесе әріптестері арқылы жүзеге асыру – ядролық қарудың басты рөлі екенін көлденең тартатын болады. Алайда Обама қарулануға бақылау жасауды жақтаушылардың ой-пайымдарын қайтарып тастады. Сөйтіп, ірке тұруды ядролық қарудың бірден-бір функциясы деп жариялаған жоқ.

Аз-кемі жоқ 50 әлемдік көшбасшы бас қосатын ядролық қауіпсіздік жөніндегі саммитте Обама 4 жылда әлемдегі барлық ядролық материалдарды сақтауды қауіпсіз ететін нақты шаралар туралы коммюникеге қол жеткізуге үміттенеді.



КЕМЕЛДІЛІК КӨРІНІСІ

Нина Дюлгерова,
*Варна еркін университетінің профессоры, экономика
ғылымдарының докторы.*

София, Болгария. 2010 жылғы 6 сәуір.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығы лаңкестікпен күрес және жаһандық әрі өңірлік үдерістерді геоэнергетикалық қайта құрылымдау белгісімен өтуде. Халықаралық аренадағы күштер орналасуының серпінді өзгерісінде Қазақстан біртіндеп жетекші мемлекеттердің бірі ретінде орнығып келеді. Бұл ел ұсынған ақылды идеялар сәйкес іс-шаралармен ұштасып, еуропалық, еуразиялық және әлемдік проблемаларды шешу кезіндегі Қазақстанның сарабал саясатымен үндестік табуда. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Известия” газетінде жарияланған “Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік” деген мақаласы бұл тұрғыдағы кезекті дәлел болып табылады.

Мақала адамзат үшін маңызды болып табылатын бірқатар оқиғалардың – Екінші жаһандық соғыс аяқталуының 65 жылдығы, 2010 жылғы 6 сәуірде жария етілген жаңа америкалық ядролық доктрина, 8 сәуірде Прагада қол қойылуы жоспарланған Ресей мен АҚШ арасындағы Стратегиялық шабуыл қарулары туралы жаңа шарттың, сондай-ақ алдағы кезде Вашингтонда болатын ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттің қарсаңында жарияланды.

Соңғы жаһандық алапаттың тарихи жылдығы мұндай апат ендігі жерде қайталанбайды деген үмітпен байланыстырылады. Мұнан кейінгі жоспарланған оқиғалар бұл үміт сындарлы халықаралық үнқатысуды және ынтымақтастықты сақтауға, радикалдық іс-әрекеттерден бас тартуға бағдарланған жеткілікті дәлелдерге, дипломатиялық келіссөздер мен саяси құжаттарға негізделетінін көрсетіп береді.

Қазақстан Президентінің мақаласында келтірілген идеялар мен дәлелдер америкалық ядролық доктринаның негізгі қағидаттарымен үндес шыққан. Екі құжатта да ядролық таралуға жол бермеу жөніндегі ұстаным берілген, бұл ретте Н.Назарбаев мақаласында ол қазіргі дәуірдің өзегі ретінде ұсынылған. Америкалық ядролық доктринамен басқа салыстырулар жүргізбесек те, қос құжатта да осынау күрделі проблеманы шешу үдерісі жөнінде түрлі екіпін түсіріле отырып, ядролық қауіпсіздікті сақтау қажеттігі атап көрсетіледі.

“Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік” мақаласында айтылған тұғырнама проблеманы айқын да нақты анықтайды. Алайда, бұдан да гөрі маңыздысы Н.Назарбаевтың басқа да бағдарламалық құжаттары секілді мұнда стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін, ал нақты жағдайда – ядролық қарусыз дүние құру үшін айқын ұсыныстар

айтылған. Әскери мақсаттарда бөлшектенетін материалдар өндірісіне тыйым салу туралы шартты жедел қабылдау жөніндегі ұсыныс, әлемде қордаланған екі мың тоннадан артық бөлшектенетін материалдарды ескергенде, өзекті де ойлы болып табылады. Қазақстанда Ядролық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық оқу орталығын құру ұсынысы талқыланып отырған проблеманы сындарлы да ұзақ мерзімді тұрғыда шешу ниетінің дәлелі болып табылады.

Ядролық сынақтарға толық тыйым салу жолындағы елеулі қадам Ядролық сынақтарға баршаны қамтитындай тыйым салу туралы шарттың әзірлік комиссиясымен Халықаралық мониторинг жүйесі және жергілікті орындардағы инспекция әдісін дамыту мәселелері бойынша өзара ықпалдастық болып табылады. Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми ядролық мемлекеттерді осы шартты ратификациялауға шақыруы кездейсоқ емес, өйткені, ядролық қауіпсіздікті саяси шешімдер жолымен ғана еңсеруге болады.

Қазақстан Президентінің тұғырнамасында көптеген өткір проблемалар мен сындарлы ұсыныстар келтірілген. Алайда, осынау бағдарламалық құжаттың өзіндік өзегі болып табылатын негізгі идеясы – ядролық қарудан ада өңірлік аймақтардың оң тәжірибесін пайдалану қажеттігі. Мұны Н.Назарбаев ядролық қарусыз аймақтардың халықаралық құқықтық мәртебесі туралы мәселені дереу талқылаумен байланыстырады.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзекті проблемаларды дұрыс анықтау және оларды дер кезінде және дұрыс жолмен еңсеру Қазақстанды өңірлік және жаһандық үдерістердің байыпты факторы ретінде орнықтыру болып табылатынын тағы да бір рет дәлелдеп отыр.



БЕЙБІТ ҚЫЗМЕТІ

Қайрат Кәдіржанов,
Ұлттық ядролық орталықтың бас директоры

Курчатов

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев “Известия” газетінде жарияланған мақаласында: “Қазақстан бейбіт бағыттағы атомға барлық елдердің тепе-тең қолжетімділігі қағидатының сенімді жақтаушысы болған және болып қалады. Сондықтан Қазақстан Ресеймен бірге Ангарскіде Уранды байыту жөнінен халықаралық орталық құруға атсалысатын болады, сол үшін де бізге МАГАТЭ аясында Ядролық отынның халықаралық банкіні құру идеясы мейлінше жақын және түсінікті”, деп жазған болатын. Еліміздің Ұлттық ядролық орталығының ғалымдары мен мамандары Елбасының бұл идеясын толығымен қолдап, Қазақстан Ядролық отынның халықаралық банкіні орналастыру үшін ең дұрыс нұсқа деп санайды. Қазақстанда тұрақты және болжауға болатын саяси режим

орныққан, республикада ядролық қару жоқ және оны жасамайды. Ядролық индустрия нысандары МАГАТЭ бақылауы үшін толықтай ашық. Республиканың әлеует құрылымдары сырт күштердің ядролық отынды ұрлау мақсатымен банкке шабуыл немесе лаңкестік әрекетін жүзеге асыруына тосқауыл қоятын жауынгерлік әзірлікте.

Курчатов қаласындағы орталығымыздың мүмкіндіктерімен осында болған БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун жете танысты. Атомды бейбіт мақсатта пайдаланатын жағдайымызды көрген мәртебелі мейманның қырық жыл бойы қырғын келтірген полигон орталығының Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында бейбіт мақсатқа қызмет етіп отырғанына көз жеткізіп, елімізді, Елбасымызды жаппай қырып-жою қаруын бейбіт технологияға айналдырған мемлекет, басшы ретінде жете танып, атом қаруына ие барша елдерді осы жолмен жүруге шақырды.

Күні кеше Прага қаласынан жақсы хабар келіп жетті, Ресей мен АҚШ басшылары стратегиялық шабуыл қаруларын шектеу туралы жаңа шартқа қол қойыпты. Қазақстан басшысының бір үміті ақталып отыр, ендігі жерде қалғандары да ақталып, атом энергиясы тек қана бейбіт мақсатқа қызмет ететін уақытқа да жететін болармыз.



АДАМЗАТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ

Жеңіс Жотабаев,

Ұлттық ядролық орталықтың бас ғылыми қызметкері,

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

физика-математика ғылымдарының докторы,

профессор.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың “Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік” атты мақаласы дер кезінде жарияланды. Онда айтылған ойлар мен ұсыныстар Вашингтонда болатын Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысушылардың назарында боларына сенім мол. Өйткені, Ресей мен АҚШ-тың жаңа шартқа қол қоюы айрықша маңызды болғанымен, атом қаруына ие басқа елдердің де бар екендігін ұмытуға болмайды. Ядролық қаруды таратпау және оны біртіндеп қысқарта беру Президент мақаласының басты өзегі. Сондықтан да бұл талап баршаға ортақ болуы керек.

Бейбіт ядролық бағдарламаларды дамыту егемен мемлекеттердің ажырағысыз құқығы ретінде олардың жан-жақты дамуының маңызды тезисі болып табылады. Мұндай мүмкіндік ядролық қару мен ядролық арсеналға ие елдердің ғана құзырында болмауы тиіс. Бұл тұрғыда Қазақстанның атом энергиясын тек қана бейбіт мақсатта пайдаланып, экономика мен халықтың әл-ауқатын арттыру қызметіне қоюына біздің Ұлттық ядролық орталық өз үлесін қоса береді.

БАТЫЛ БАЙЛАМДЫ БАЙЫПТАҒАН

Қанзада ӘБІЛҒАЗИЕВА,
*Арал аудандық мәдениет және
тілдерді дамыту бөлімінің бастығы.*

2010 жылғы 2 сәуірдегі “Известия” газетінде жарияланған Елбасының “Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік” атты мақаласын оқи отырып, қазіргі кездегі біздің еліміздегі аса құрметпен бағалайтын ұғым – ол елдің тыныштығы екенін түсіндім.

Осы орайда уақыт ядролық қаруды таратпауды – қазіргі заманғы императивтік бағытты, яғни ХХІ ғасырда бейбіт өмір сүруді қалайды. Мораторийден ядролық сынақтарға толық тыйым салуға дейін Қазақстан қаншама ядролық сынақтан өткенін ойласақ, Қазақстан халқы үшін атом қаруының ауыздықталуы өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің бүкіл халықаралық қоғамдастықтың, оның ішінде ядролық қауіпсіздік жөніндегі сәуір саммитіне қатысушылардың назарын бірнеше қағидаттық жәйттерге тағы да аударатындығы айтылған. Осыған орай біздің қазақ халқы дүние жүзінде бейбітшіліктің орнатылуын қалайды. Ядролық энергия тек қана бейбіт мақсаттарға пайдаланылса деймін.

Елбасының ядролық қарусыз әлемнің жалпыға ортақ декларациясын қабылдау туралы мәселесі дұрыс шешім деп ойлаймын.

Елімізде атом энергиясының бейбіт мақсаттарға жұмсалудың, ядролық қаруды таратпауды қолдаймын.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Алып ауқымды әлем және ядролық қауіпсіздік” атты мақаласына байланысты аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты клубтар мен кітапхана қызметкерлері халық арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізетін болады.



ЖАН ЖАДЫРАТАР ЖАСЫН СӨЗ

Махмуд Қасымбеков,
ҚР Президенті Канцеляриясының меңгерушісі

Егемен Қазақстан, 19 наурыз 2010



Қай-қайсымыздың да өзіміз көптен бері жақсы білеміз-ау дейтін жандарды кейде ойламаған жерден жаңа бір қырынан ашып жататынымыз бар ғой. Бұған әдетте олардың оқыста айтатын уытты сөздері, шуақты әзілдері мен қалжың-қағытпалары да себеп болады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев туралы да осыны айтуға болар еді. Алайда, күнделікті ресми қарым-қатынастың қарбаласында ол кісінің де ең алдымен өзіміз сияқты адам екенін көңілден таса қалдыратын сияқтымыз. Әйтпесе, адамға тән нәрсенің бәрі оған да жат емес. Сәтімен айтылған әзіл-қалжыңға ол да жаны жадырай күледі. Астарлы әзіл-қалжыңды өзі де жасындай жарқылдатып айтады. Сондайда ішкі жан дүниесі де жарқырап ашыла түсетіндей көрінеді бізге.

Осыны ескерген мен Президенттің өмірінде кездескен эпизодтардан шағын топтама әзірлеп едім. Олардың бірқатарын Мемлекет басшысының қызметіне қатысты кітаптар мен мақалалардан жинадым. Қайсыбірін жұмыс барысында өз аузынан естідім. Енді біреулерін бейресми жағдайда жанында болып, сондай сәттерді көзімен көргендер айтып берді.

Сәбиге берілген сәлем

2005 жылы елімізде өткен кезекті Президент сайлауының қарсаңында белгілі ақсақал жазушымыз Әзілхан Нұршайықов “Егемен Қазақстан” газетінде “Сайлау алдындағы сөз” деп аталатын тамаша мақаласын жариялады. Бұл майдангер қаламгердің халқымызды ынтымақ-бірлікке шақырған үндеуі іспетті, ерекше бір жылы жазылған дүние еді. Зер салған жанға шебер қаламгер сонда Нұрсұлтан Әбішұлының білімділігін, табан астында тауып кететін танытатын әдемі деректер келтіреді.



“...Осы жақында Президент Маңғыстау облысына барғанда мынадай қызық оқиға болыпты. Облыстың басшы қызметкерлерімен Президент кездесу өткізеді. Кездесу аяқтала бере бір әйел қол көтеріп сөз алады да, былай дейді:

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз Украинада оқыдыңыз, украиндықтарды жақсы көресіз. Украинша ән де шырқап жібереді екенсіз. Ал мен украин қызымын. Үлкен семьям бар. Осы Ақтау қаласының тұрғынымын. Өзім украин қызы болсам да, қазақша бесбармақ пісіре аламын. Сізді семьямның атынан біздің үйге кіріп, бесбармақ жеуге шақырамын.

Оған Нұрекең ықыластана күліп жауап қатады.

– Мен қазақтар мен украиндықтарды ғана емес, барлық ұлтты жақсы көремін. Сіздің бесбармақ пісіре білетініңіз көңіліме ұнап тұр. Сонда сіздің үйдің бесбармағы қанша уақытта дайын болады?

– Тура төрт сағатта, – дейді әйел қуақылана сөйлеп.

Сол сәтте залдан тағы бір азамат қол көтереді.

– Ардақты Нұреке, менің атым Сайын Назарбекұлы. Осы елдің азаматымын. Сізді Семейде Абай мен Шәкәрім кесенесін көтерген кезде көріп, сәлем бергенмін. Одан кейін Оңтүстік Қазақстан облысында Домалақ Ана кесенесін көтергенде де сәлем бергенмін. “Мың “сіз-бізден”, бір “шыж-быж артық” дегендей, мен сізге жүз рет сәлем бергеннен, бір рет үйге шақырып, дәм татырғанды артық көріп тұрмын. Ал сіз украин қыздарының алақанын көп сипадыңыз ғой. Сондықтан бұл кісінің көңілін қалдырғыңыз келмей тұр. Бірақ бұл ханымның шаруасы ұзаққа созылады екен. Төрт сағат! (Бұл сөзге отырған жұрт ду күлді). Ал біздің ет жарты сағатта әзір болады, Нұреке!

Осылай деп ол Президентке бас иеді.

Бұл шығыста Абай мен Шәкәрім күмбездерін көтерген, Оңтүстікте Домалақ Ана кесенесін салған атақты сәулетші әрі ақын Сайын

Назарбекұлы болатын. Нұрекең оны бірден танып, бас иеді. Содан соң екі шақырушыға кезек қарап алып, жымия күліп, былай дейді:

– Мен қиын жағдайда қалдым-ау, бауырларым. Қайсыларыңыздың үйіңізге барсам екен? Бәріміздің де қызмет уақытымыз өлшеулі ғой. Президенттің де сағат, минуты санаулы. – Осылай дейді де ол украин ханымға қарай қайта бұрылады. – Менің уақыт деген бастығым тамағы тез пісетін үйге барыңыз деп сыбырлап тұр. Егер сізден рұқсат болса, өкпелемесеңіз, мен Сайын мырзаның үйіне кіріп шығайын.

Әйел: “Амал не?” дегендей, екі алақанын жайып, басын изейді. Президент сөзін қайта жалғайды.

– Қазақта мынадай бір салт бар. Ауылға алыстан келген құрметті қонақ сәлемдесу үшін әр үйге кіріп шығады. Шығарда бір үйге қамшысын, бір үйге белбеуін тастап кетеді екен. Онысы: ертең – осы үйге келіп түстенемін, бүрсігүні бұл үйден қонақасы жеймін деген ишарасы болса керек. Сол сияқты мен “қамшым” сіздің үйде қалды деп есептеп, келер жолы үйіңізге кіріп дәм татайын. Осыған келісесіз бе? – деп қонақжай әйелге қолын ұсынады. Әйел қуанғаннан Президенттің қолынан сүймекші болады.

– Жоқ, – деп Президент қолын тартып алады. – Әйел еркектің қолынан сүймейді. Сіздің қолыңызды мен сүйемін.

Осылай деп Президент жұмысшы әйелдің қолына ернін тигізеді.

Президент үйіне келгеннен кейін Сайын екі жасар немересі Досанды көтеріп келіп, Нұрекеңе сәлем бергізеді. Бала жатырқамай, Президентті құшақтай алады. Президент сәбиді құшағына алып бетінен сүйеді.

– Аты кім бұл батырдың? – деп сұрайды содан кейін.

– Аты Досан, Нұреке, – дейді Сайын.

– Қай Досан? – деп Президент басын көтеріп алады. – 1870-1873 жылдардағы патша саясатына қарсы Маңғыстау шаруаларының көтерілісін бастаған батыр Досан емес пе?

– Дәл солай, Нұреке. Бұл сол батыр Досанның ұрпағы – бала Досан.

– Досанды патша өкіметі ол кезде Александровск аталған қазіргі Форт Шевченкода азаптап өлтірді емес пе?

– Тура айтасыз, Нұраға.

– Онда бұл бала маған емес, мен бұл батырға сәлем беруім керек! – деп Президент баланы қайтадан қолына алып, көкірегіне қысады.

Кез келген жанның жүрегін елжірететін әдемі-ақ әңгіме емес пе! Бұл оқиғаға қосымша түсінік беріп жатудың өзі артық секілді.

“Жақсыны, жаманды да көрді басым”.

Қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиев Елбасын жыл сайын Жаңа жыл мейрамымен құттықтап тұруды ұмытпайды. “Жүйрікке қалудан да озу оңай”, деп Қадыр Мырза Әлі ағамыз айтпақшы, Тұмағаң, әрине, құттықтауын өлеңмен жолдайды. 2008 жылдың қарсаңында да осылай болды. Өлең Тұмағаңның өзінің пейілі мен жүрегіндей өте жылы екен.

“Нұрсұлтан бауырыма. Жаңа жылдық жыр” деп аталатын сол өлеңнің төрт шумағы мынадай еді.

Өстің ғой тұнықтарда ат суғарып,
Өзіңді аялаумен өтсін халық.
Ылайық сенің биік мәртебеңе
Жаңа жыл жаңа бақыт жетсін алып.
Жақсыны, жаманды да көрді басың,
Іздеген батырымсың шөл жуасын.
Өзіңнің аман жүрген әр күңіңе
Мынау бір жалпақ жатқан ел қуансын.
Келеді алға тартып алтын арба,
Сәт сайын қарқын қосып қарқындарға.
Сен барсың, асыл інім, жан бауырым,
Нұрсұлтаным дейтұғын халқың барда.
Тапсам деп қазағымның қалай бабын,
Жайнадың, жазғы таңдай арайландың.
...Жаңа жыл кірген кезде өз үйіңе,
Бізді де бірге кірді деп ойлағын.

Сәлеммен, Тұманбай бауырың. 22.XII.2007

Хатты сол күнгі поштамен бірге Нұрсұлтан Әбішұлына бердік. Бір-екі сағаттан кейін Президенттен қайтқан поштаны қарап отырсам, арасынан Елбасының Тұмағана жолдаған жауабы ұшырасты. Ол хатты оқып қана қоймай, ақынның құттықтауына екі шумақ өлеңмен жауап қайтаруды жөн көріпті. Мемлекеттік елтаңбамыз басылған өзінің қызметтік ресми, сарғыш, мөртаңбалы парағына қара сиямен былай деп жазыпты.

Қазағымның тапсам деп қалай бабын,
Мен жүрмін тәуелсіз ел ойлап қамын.
Сен жырлай бер қазақтың бақ, ырысын,
Жылдан жылға аман боп, Тұманбайым!
Жақсыны, жаманды да көрді басым,
Сондықтан асымаймын, тасымаймын.
Тұманбайлар ісімді қолдап жүрсе,
Бастай берем халқымды, жасымаймын.

Хатының соңына “Ақын емес – Н.Назарбаев” деп қолын қойыпты.

Әрине, мұны мінсіз өлең деу жөн бола да қоймас. Ақын емеспін деп қол қойғаны да содан ғой. Бірақ, ең бастысы, “екі ауыз өлең шығармайтын қазақ болмайды” деген халықтық қағиданы ұстанып, Нұрсұлтан Әбішұлы өзін толғандырған ақынның өлеңіне өлеңмен жауап бере білген. Бұл екі шумақтан азамат жанының шуағы мен нұры есіп тұр. Байыптай қарасақ, осының өзі елдік дәстүрдің ерен бір көрінісі ғой.

Хатты сол күні-ақ Алматыда тұратын ақынның мекен-жайына жөнелттік. Хат барған соң, Тұмағаң Президент кеңсесіне телефон соғып, Елбасының ізетіне өзінің қатты риза болғанын білдіріп, рахметін жеткізді. Жүрегі нәзік жан ғой, тебіреністен табан астында туған тағы да бірер

шумақ өлеңін телефон арқылы маған жаздыртып, Нұрсұлтан Әбішұлына табыстауды сұрады. Әрине, ардақты ағамыздың ол өтінішін қуана орындадық.

Жалпы, Нұрсұлтан Әбішұлының бойында шығармашылыққа бейімділіктің сонау жас кезінен-ақ бар екенін айта кету керек. Осы орайда қалың көпшілікке көп таныс емес мына бір жайтты еске ала кетсем бе деймін.

Сағыныштан туған “Шұбарат”

“Егемен Қазақстан” газетінің редакциясы 2009 жылдың аяғында өзінің 90 жылдық мерейтойының құрметіне “Егеменқазақстандықтар” деген атпен тамаша кітап шығарып, келушілерге таратты. Соның бірі маған да бұйырды. Ал кітапты тамаша дейтінім: онда осы басылымның тарихы, аталған газетте әр жылдары қызмет істеген қаламгерлер мен ұжымда қалыптасқан игі дәстүрлер жөнінде қызықты да маңызды деректер және жан толқытарлық шуақты дүниелер жарық көріпті.

Солардың арасынан осы газетте жиырма жыл қызмет істеген Уахап Қыдырхан есімді журналистің мына бір естелігі де менің назарымды ерекше аударды. Бұл өзі шағын ғана әрі ана тілімізде шешен тілмен, төгілдіре жазылған мақала екен.

1973 жылы газеттің бір топ журналистері ірі өндіріс орындарының тыныс-тіршілігімен танысу үшін Қарағанды қаласына келеді. Теміртауда болғанда оларға қонақасы беріліп, дастарқанды қалалық партия комитетінің сол кездегі екінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаев жүргізеді. Мұны автордың өзі: “Жас патриоттың парасаты, тапқырлығы таңғалдырды. Ешкімнен сөз сұрамайтын журналистерді сезіммен селт еткізіп, ойлармен орап-шымқап тастады” деп жазады.

Ең қызығы, журналист сонда Нұрсұлтан Әбішұлы қонақтарға орындап берген “Шұбарат” деген әннің сөзін жазып алады. Оның әні мен сөзін Елбасымыз өзі жазыпты. Сол әннің өлеңі мынау екен:

Алатау – туған жерім, елім менің,
Сағындым арасынан ескен желін.
Арқада ардақталып жүрсем-дағы,
Ер жігіт ұмытар ма өскен жерін.
Шұбарат Алатаудың етегінде,
Шамалған тұрады екен жетегінде.
Арқадан асыл жарды тапсам-дағы
Туған жер, сенен алыс кетермін бе!
Бай да өтер, би де өтер, батыр да өтер,
Басында панасы жоқ пақыр да өтер.
Бұл өмір қарап тұрсаң тұрағы жоқ,
Жел сокса бір-ақ күнде ұшып кетер.

Бұл жас жігіттің туған жерге деген перзенттік сағынышынан, сезім толқынысынан туған жыр мен ән екені анық. Халқымыз Нұрсұлтан Әбішұлының ән айтуды, тыңдауды ұнататын әрі ақынжанды азамат екенін жақсы біледі. Жұртымыз “Елім менің”, “Жерім менің”, “Үшқоңыр”,

“Сарыарқа” сияқты әндерін тыңдап жүр. Оның Әнұранымыздың мәтініне енгізген толықтыруларынан да ақындық жүрек, азаматтық тілек айқын аңғарылып тұр.

“Талант иесі қашанда жан-жақты келеді” – деп халық жайдан-жай айтпайды ғой. Енді, міне, өлеңге деген бейімділік Нұрсұлтан Әбішұлына сонау жас кезінен-ақ тән екені өмірде де өнегелі өз ізін салып келеді.

Осындай жақсы журналистердің гүлден нәр жинаған арадай тынымсыз еңбегіне қалайша риза болмассың?

“Сол үшін де мен сіздерде қонақта отырған жоқпын ба?”

Бүгінгі Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кезінде еліміздің Сыртқы істер министрі және Премьер-Министрі лауазымдарын атқара жүріп, Елбасымыздың қатысуымен өтетін талай-талай мемлекетаралық кездесулер мен келіссөздердің куәсі болды. 2007 жылы жарық көрген “Нұр мен көлеңке” деп аталатын кітабында ол осы орайда Елбасымыздың тапқырлығы мен әзілқойлығына қатысты мынадай бір қызықты жайттарды еске ала кетеді. Соның бірі Президентіміздің АҚШ-қа іссапары кезінде болған екен.

“Кенет Америка президенті Н.Назарбаевтан: “Сіздердің астанаңызда қанша адам тұрады?” – деп сұрады. Жауабын алған соң ол Қазақстанның барлық тұрғындарының жайына көшті. Бұл кезде Д.Чейни мен К.Райс әңгімені естімегендей, түскі ас мәзіретін қарауға кірісіп кетті. Ашығынан қойылған бұл сұраққа да жауап алған соң Дж. Буш қалжыңдап: “Сіздер өздеріңіздің кең далаңызды игере бастайтын қытайлардан қорықпайсыздар ма?” деді. Н.Назарбаевтың жауабы шұғыл болды: “Міне, сол үшін мен сіздерде қонақта отырған жоқпын ба?”. Залдың іші қалың күлкіге көмілді де қалды”.

Айтушының айтуы келіссе, ақиқаттың өзі алмастың қырындай жарқырап кетпей ме!

“Уайымдамай-ақ қойыңыз...”

Сондай-ақ Елбасымыздың НАТО-ның Бас хатшысы Джордж Робертсонға айтқан мына бір қалжыңы да ешкімді енжар қалдырмас деп ойлаймыз. Ол Нұрсұлтан Әбішұлымен сұхбат барысында өзінің үлкен отбасындағы ер азаматтардың барлығы полицей болғанын, жалғыз өзі ғана өмірдің басқа соқпағына түсіп кеткендіктен, бүгінде өзін “бір отар ақ қойдың ішіндегі қара тоқты” боп жүргендей сезінетінін айтып қалса керек.

“Біздің Президенттің жауабы көп күттірген жоқ: “Уайымдамай-ақ қойыңыз, есесіне Сіз күллі әлемнің жандаралы болдыңыз”. Британдықтардың көпшілігі тәрізді Робертсон да әзілді жақсы түсінеді, сондықтан болар, ол жанындағыларды еріксіз еліктірген ұзақ күлкісін көпке дейін тыя алмады”, – деп жазады Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Қазір, өкінішке қарай, жақсы кітаптардың өзі де шағын ғана таралыммен жарық көреді ғой. Бұл тамаша кітап әзірге барлық оқырмандардың қолына тие қоймаған болар. Сондықтан осы екі эпизодты сол кітаптан алып ұсынып отырмыз. Әсерің толық болуы үшін, әрине, кітаптың өзін толық оқып шыққанға не жетсін!

Ер мінезді Ельцин

Сөздің ретіне қарай Нұрсұлтан Әбішұлы өзі етене аралас-құралас болған мемлекет басшыларының өмірінен қызықты бір жәйттерді де еске алып отыратыны бар. Солардың бірі – Ресей Федерациясының тұңғыш Президенті болған, түр-тұлғасы қаншама ірі болса, жаратылысы да соншалықты кең әрі кесек мінездің иесі Борис Николаевич Ельцин марқұм еді.

Нұрсұлтан Әбішұлы іргелес мемлекеттің басшысы әрі сонау кеңестік кезеңнен өзара таныс-біліс азамат ретінде Борис Николаевичпен әрдайым жақсы қарым-қатынаста болды. Қызмет бабымен де жиі кездесіп жүрді. Екі елдің арасындағы сан-қилы түйіндерді бірлесе отырып шешіп отырды.

Нұрсұлтан Әбішұлы Борис Николаевич құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де онымен байланысын үзген жоқ. Мәскеуге жолы түскенде жолығып, телефон арқылы да хабарласып тұрды. Нұрсұлтан Әбішұлы 2005 жылдың соңында Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауында жеңіске жеткен кезде, ол да Ақорда сарайында өткен ұлықтау рәсіміне қатысып, Қазақстанның тәуелсіздік тұсындағы табыстарын өз көзімен көріп кетті.

Нұрсұлтан Әбішұлы әдетте күле отырып әңгімелейтін осы Борис Ельцинге қатысты мына бір әңгімені ол Ресей Президентіне жақын жүрген кісілердің бірінің аузынан естісе керек. Бәлкім, еркөңіл Борис Николаевичтің өзі айтып берген болар. Ал Нұрсұлтан Әбішұлының аузынан біздің естігеніміз мынау еді:

– Борис Николаевич король басқаратын елдердің біріне іссапармен барыпты, – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы. Екеуі үстел басында емен-жарқын әңгімелесіп отырады. Бірақ, байқайды, дастарқан мәзірінде шарап бар да, арақ жоқ. Бұл Борис Николаевичке аса ұнай қоймайды.

Ол корольге қарап, емеуірін танытқан болады. Ал ол: “Мен ештеңе істей алмаймын, Ельцин мырза. Бізде алдын ала бекітілген хаттамалық тәртіптің аясынан шығуға болмайды!” – деп, бұған онша мән бермесе керек. Онымен де қоймай, ақталғысы келген сыңаймен: “Мәселен, осы резиденцияға жақын жерде бір қоғамдық көліктің аялдамасы бар. Оның орны сол жер емес екенін мен жақсы білемін, бірақ оны өз бетімше орнынан жылжыта алмаймын. Себебі, ол үшін алдымен қала тұрғындарының келісімі керек, сосын қала басшылығының шешімі керек” – дегенді айтып, әңгімені шамалы ұзартыңқырап алады.

Осы кезде шыдамы таусыла бастаған Борис Николаевич өзіне ілесіп жүрген нөкерлеріне бұрылып: “Әй, осы сендер мені қайда алып келгенсіңдер өзі?! Мыналарыңның ештеңені шеше алатын түрі жоқ қой. Мұндай “дәрменсіз” жанмен кездесудің қаншалықты қажеті бар еді!..”, – деп әзілдей “ренжіпті” деседі. Астарлы әңгіменің салмағы да сезіліп жатыр ғой.

Әзіл-шыны аралас осы әңгімені естіген кезде бәріміз де еріксіз езу тартқанбыз. “Жақсы адамның артынан сөз ереді” дейді ғой халқымыз. Ешкімнен де, ештеңеден де ыға қоймайтын ер мінезді Ельцин марқұмның

алып тұлғасына расы да жетерлік, қоспасы да жоқ емес шығар-ау, бірақ осындай әңгімелер жарасып та тұрушы еді өзі. Мәскеулік КВН сайысына қатысушылар оның дауысы мен іс-әрекеттерін айнытпай салған кезде де әзілкештердің әжуасына мыңқ етпейтін еді ғой сабазың!

Нұрсұлтан Әбішұлының жанында болған азаматтардың бірінің айтуына қарағанда, Борис Николаевич пен біздің Елбасымыздың арасындағы мынадай бір сөз қағысуы сонау 90-шы жылдардың басында – тәуелсіздігіміздің таңғы шағында болыпты.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, осы Теңізді Ресейге берсеңші?.. – депті ол бірде әңгіме үстінде өзімсіне әрі بازیна арта сөйлеп.

Нұрсұлтан Әбішұлы мұны алғашында қалжыңы шығар деп қабылдаған. Сөйтсе, жоқ, Борис Николаевичтің ойында “тамырды басып көру” ниеті де бар сияқты.

– Онда сіздер де бізге Орынбор қаласын облысымен қоса бере қойыңыздар? – дейді Президентіміз жалма-жан.

Ельцин шоршып түседі:

– Е, немене, Қазақстанның Ресейге жер дауы бар ма еді?

– Жоқ, Борис Николаевич. Жәй, Орынбор революциядан кейінгі Қазақстанның алғашқы астанасы болған қала ғой...

Осыдан кейін бір-бірінің қуақылығына, тауып, орнымен айтылған әзілдеріне риза болған екі дос қарқылдап тұрып, мәз бола күліскен екен. Бұл әдепті әзілдің елшілік те, көршілік те қасиеті бар екеніне таптырмас мысал емес пе?

Борис Николаевич марқұммен кезінде мынадай да бір сөз шарпысуы болыпты. Екі ел үшін кезінде Каспийдің орталығындағы шекара шебін айқындау оңайға түспеген. Әрине, мұндайда ешкімді кінәлаудың жөні жоқ. Қай елдің басшысы да жеме-жемге келгенде өз мемлекеті мен халқының мүддесін ойлайды. Сол үшін тартысады.

Обалы не керек, жағдайды жан-жақты түсіндіріп, бұлтартпас уәждерді алға тартқан кезде Борис Николаевич сөзге құлақ асып, әділдік жағына ойысып, икемге келе бастайды екен. Бірақ артынан оңаша қалғанда, министрлері Борис Николаевичті шешімінен айнытып қойып жүріпті. Содан барып онсыз да күрделі мәселенің түйінін таркату одан сайын ұзарып, созыла түседі.

Келіссөз куәгерлерінің айтуынша, Нұрсұлтан Әбішұлы осы жолы да тұйықтан жол тауып кетеді.

– Борис Николаевич, – дейді Нұрсұлтан Әбішұлы, – біз осы неге өз министрлеріміз бен көмекшілеріміздің айтқанына көне беруіміз керек? Олардың міндеті ұсыныс беру ғана емес пе? Ақырғы шешімді мына біздер – президенттер қабылдауымыз керек қой!..

Бұл сөздер Ельциннің намысына тиіп кетсе керек, мол денесімен көмекшілеріне еңсеріле бұрыла қарап:

– Әй, сөзді қойыңдар! Әкеліңдер шешімді! – деп алдындағы үстелді жуан жұдырығымен бір қойып қалыпты.

Ал бұл келісімнің тарихи маңызы неде еді?

Шекара мәселесінің басы ашылмайынша, Каспий теңізінің қазақстандық аймағына шетелдік алпауыт инвесторлар аяғын аттап та баспас екен.

Жалпы, Борис Николаевич біздің Елбасымызды өзінің досы деп есептейтін әрі мұны реті келгенде ұдайы айтып та жүретін. Сонымен бірге оның өзінің досқа тән достық қызметін аямағанын да бағалауға тиіспіз.

Сөз орайында мұны да айта кетейік, сондай-ақ Ресей басшысы болған Владимир Путиннің де Нұрсұлтан Әбішұлын өзінің досы санайтынын, тіпті, үйренерім көп ұстазым деп айтқанын да баршамыз көре отырып, естідік. Құдай қосқан көршіміздің қазіргі Президенті Дмитрий Медведевтің Астананың 10 жылдығына келгенде Елбасымыздың атына жүрек тебіренерлік жылы сөздер арнағаны да әлі есімізде. Сондай-ақ Испания королі Хуан Карлос, Франция Президенті Н.Саркози, Италия Премьер-министрі С.Берлускони, тағы басқа да бірқатар шетел басшылары Нұрсұлтан Әбішұлын өздерінің сенімді досы, ерек әріптесі, сыралғы жолдасы санайды.

Ал мемлекет басшыларының арасындағы шынайы достықтың жөні қашанда бөлек. Себебі, ол достықтың шапағаты елбасылары арқылы тұтас елге, толайым халыққа тарап жатады. Мұның өзі экономикалық және мәдени байланыстардың нығаюына оң әсер етеді. Шекара, Байқоңыр, Каспий, қорғаныс сияқты, тағы басқа сан-алуан күрделі мәселелердің көбінің біздің еліміз үшін сәтімен шешіліп жатуының арғы жағында мемлекет басшыларының арасындағы бірін-бірі қадірлей білетін адал достық қарым-қатынастың да аз рөл атқармағанын айтуымыз керек. Достықтың шекарасы жүректерден басталып, көңілдерге ұласып жататыны қандай ғанибет.

“Сіздің татарларыңыз емес, біздің татарларымыз”

Мына бір жаймашуақ сөз қақтығысы Н.Ә.Назарбаевтың Татарстанға барған сапары кезінде болыпты.

Кездесулердің бірінде жайдары әрі қонақжай үй иесі – туысқан Татарстанның Президенті Минтемир Шаймиев біздің Елбасымыздан:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, Қазақстандағы біздің татарларымыздың жағдайы қалай? – деп аңдаусыз сұрап қалыпты.

– Минтимер Шарипович, кешіріңіз, ол сіздің татарларыңыз емес, біздің татарларымыз. Оған сіздің қандай “шатағыңыз” бар? – депті Нұрсұлтан Әбішұлы жалма-жан.

– Дұрыс айтасыз, Нұрсұлтан Әбішұлы, расында да олар – сіздің татарларыңыз. Ондағы татарлар расында да туып-өскен Қазақстанын өз Отаны санайды, – депті сонда ақсақал ағамыз келістіре айтқан сөзге келіскенін білдіріп. Тауып айтылған жауап, тапқыр сөз жартыны бүтіндеп, бүтінді бекемдеп жібереді ғой.

Сапармұрат пен Күн туралы

Іргелес көршіміз Түркіменстанның астанасы Ашғабад қаласы осы елдің тұңғыш Президенті Сапармұрат Ниязов марқұмның тұсында қатты өзгеріп, жайнап кеткені белгілі. Қаладағы жұртшылықтың назарын ерекше

аударатын сәулет құрылыстарының бірі – оның зәулім үйлері мен жүздеген су бұрқақтарының ортасына, биіктігі 70 метрлік тұғырдың үстіне орнатылған Түркіменбашының биіктігі 14 метрлік алтынмен апталған алып мүсіні еді. Монумент құрылымының бір ерекшелігі – Түркіменбашының мүсіні ұдайы Күннің жылжу бағыты бойынша қозғалып, айналып тұрады екен.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Түркіменстанға барған сапарында өз әріптесімен бірге қаланы аралап жүріп, осы мүсінді көрген кезде:

– Сапар, мына жерде сен Күнмен бірге қозғалып тұрған жоқсың, осы жарық көзінің өзі сенің саусағың нұсқаған бағытпен жылжып тұр ғой деймін, – депті астарлы әзілдей сөйлеп.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, сіз ғой Қазақстанға көп жақсылық жасадыңыз, тамаша астана салдыңыз. Халқыңыз неге сізге ескерткіш қоймайды? – депті Сапармұрат Ниязов та сөз қарымтасына.

Нұрсұлтан Әбішұлы оның бұл әзіліне:

– Баяғыда бір атақты Рим императоры айтқандай, біздерден кейінгі ұрпақ: “Бұл ескерткіш кімдікі?” деместен: “Оған неге ескерткіш қойылмаған?” дегеніне не жетсін!.. – деп жауап беріпті.

Достық рәуіште айтылған бұл әзілді Сапармұрат Атайұлы марқұмның сол кезде қалай қабылдағанын мен білмеймін. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы өз елімізде жеке басын айырықша дәріптеуге ұдайы қарсы болып келе жатқанын көріп жүрмін. Мәселен, елді мекендерге, көшелер мен мектептерге есімін беруге келісімін бермей келе жатқандығы туралы бұдан бұрынырақ бір мақаламда жаздым да. Жұртшылықтан түскен ұсыныс хаттардың бәріне де Нұрсұлтан Әбішұлының тікелей тапсыруымен осындай жауап беруге мәжбүрміз. Тек биыл ашылатын халықаралық университетке ғана есімін беруге келісімін берді. Оның өзінде де Мемлекет басшысының атымен аталса, университет бүгінгі заман талабына сай келетін жоғары оқу орнына тезірек айналар ма еді деген оймен ғана келісті.

Осы орайда, Нұрсұлтан Әбішұлының бір үлкен мәжіліс кезінде, тіпті: “Кабинеттерге менің үлкен портретімді іліп қоюға үзілді-кесілді қарсымын. Егер сол адам мені жақсы көреді екен, ендеше, портретті үйіне апарып іліп қойсын”, – деп ашуланғаны бар.

... Қаласа, тіпті жатын бөлмесіне де ілуіне болады, – деді сосын сөзіне ащы мысқыл араластыра.

Сөз түсінетіндерге осының өзі де жеткілікті болса керек.

“Соншама америкалықтарды қайдан алмақпын?”

Нұрсұлтан Әбішұлы еліміздегі демократияны дамыту мәселесін ұдайы назарда ұстап отырады ғой. Байыптап қарар болсақ, еліміз тәуелсіздік тұсында бұл салада үлкен ілгерілеушілікке қол жеткізді. Рас, кейбір тәуелсіз басылымдар еліміздегі демократияның деңгейіне көңілтолмаушылық білдіріп жатады. Бірақ, тәуелсіз басылымдардың жарық көріп, олардың беттерінде, басқаны былай қойғанда, сол көңілтолмаушылықты айта алудың өзі де нақ сол демократиялық үрдістің басты белгісі екендігін “ұмыта қалатындары” өкінішті-ақ.

Мәселе мынада. Кеше ғана бірнеше ондаған жылдарға созылған тоталитарлық режимнің құрсауынан шыққан елде демократияны бетімен жіберудің қаншалықты ауыр зардаптарға ұшыратуы мүмкін екенін Елбасымыз жақсы түсінеді. Оған қайсыбір алыс-жақын шет елдердің бұрынғы және бертінгі тарихында кездескен қасірет мысалдары аз емес. Президент елде демократия толық үстемдік алуы үшін ең алдымен берік әлеуметтік база жасалуы керек деп санайды. Тұрмыс жағдайы түзеліп, меншік иесіне айналып үлгермеген және еркіндіктің қадір-қасиетін терең сезінуге саяси ой-санасы әлі пісіп-жетілмеген халықтың демократияның сенімді тірегі бола алатыны да күмәнді.

Қазақта: “Аш адамнан ақыл сұрама”, деген мәтел бар. Осы ауырлау болса да рас айтылған сөз өзі.

Оның үстіне, Президентіміздің “алдымен экономика, сосын саясат” деген ұстанымының дұрыс болып шыққандығын уақыттың өзі де дәлелдеп отыр. Демократияның делбесін басында бос жіберіп алған қайсыбір елдер жұмыс істеудің орнына саясаттың көкпарына түсіп, соның зардабынан бүгінге дейін шыға алмай отырған да жайы бар.

Осы орайда, зер салған жанға Нұрсұлтан Әбішұлының демократия ұғымына байланысты әр кездері айтқан ой-пікірлері қызықты-ақ.

“Демократия – әлемнің өркениетті елдерінің таңдауы, яғни біздің де таңдауымыз”. “Демократия жарлықпен орнатылмайды”. “Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және ұлтаралық келісім”. “Әркім өз сөзіне және іс-әрекетіне жауап беруі тиіс. Олай болмағанда, демократияның өзегі – бостандық бейберекетсіздікке айналмақ”, “Біз енді демократия мектебінен өтіп жүрген ғана ел емеспіз, біз енді тоталитарлық қоғамнан кеше ғана шыққан мемлекетте демократияның қалай қалыптасатындығын өзгелерге көрсетіп те берген елміз”, т.б. Бұл ойларды Президенттің “Мектеп” баспасынан 2006 жылы жарық көрген “Ой бөлістім халқыммен” деп аталатын кітабынан алып отырмыз. Әрине, Елбасымыздың осы кітаптағы демократия туралы өзге ойлары да өте құнды екені сөзсіз.

Президент 2008 жылы Рейтер агенттігінің журналисіне берген сұхбатында: “Мен де Америкадағыдай демократияны жасағым-ақ келеді, бірақ мен Қазақстанда соншама америкалықтарды қайдан алмақпын?” – деп жауап бергені бар.

Ойлап қарасақ, Нұрсұлтан Әбішұлының әзілдей айтылған осы пікірінің төркінінде әзіл болса да терең айтылған шындық жатқанын аңғару қиын емес.

Қарсы жарнама да – жарнама

Елбасымыз 2006 жылдың күзінде Ұлыбританияға сапар жасаған кез дау-шармен аты шыққан сайқымазақ Саша Барон Коэн түсірген атышулы фильмсымақтың “даңқы дүрілдеп” тұрған тұс еді. Сол іссапарға Президентімізбен бірге бір топ Қазақстан журналистері де ере барған.

Бұған дейін Британия сыншылары Коэннің шығармашылығын бірауыздан түкке алғысыз, “әжетханалық әзіл” деп бағалаған болатын.

Намысты қорлайтын материалдары бар деп, Ресей оны прокатқа да шығарған жоқ. Қазақстанда Коэннің “өнері” кейбір саясаткерлер мен дипломаттарды ғана қызықтырғаны болмаса, өзгелерге ала-құла ғана әсер қалдырды. Патриоттық сезімнің жетегіне ерген қазақстандық белгілі бір азамат, тіпті, Коэнді шығармашылық “жекпе-жекке” де шақырмақ болды. Бірақ мұның өзі отқа май құйғандай болып шығып, сайқымазақтың есімін одан әрмен танымал етуге ғана ықпал етті.

Ал Нұрсұлтан Әбішұлы Лондонда бұл мәселенің сипатын басқа арнаға бұрып жіберді. Оның ызаланып, сабасынан шығуын күткендердің үміті ақтала қоймады. Баспасөз конференциясы өткізіліп жатқан кезде залдан аты шулы фильм туралы сұрақ қойылған сәтте ол езуіне күлкі үйіріп, жымыды да:

– Мүмкін, журналист Борат Сағдиев осында қатысып отырған шығар? Менің онымен сөйлескім-ақ келіп еді... Фильмді көргеннен кейін Коэн мырзаның Қазақстанда ешқашан да болмағаны белгілі болып қалды. Таспаның өзі кедей румын деревнясында түсіріліпті. Қазақтардың рөлін кембағал сығандар ойнаған. Ал жергілікті мас тұрғындарды америкалық студенттер ойнапты...

Сөйтіп, фильмде аты ғана аталғаны болмаса, мұның Қазақстанға қандай қатысы бар деген ойды Елбасымыз айқын аңғартыпты. Залға жиналғандардың жүздерін жылы шуақ билейді. Ал Елбасымыздың жанындағы Ұлыбританияның Премьер-министрі Тони Блэр күлкіден өзін әрең ұстап тұрыпты.

– Қарсы жарнаманың өзі де – жарнама, – деп жалғастырады өз сөзін Нұрсұлтан Әбішұлы. – Фильм шын мәнінде шындықты бұрмалап көрсетсе де, ол біздің елімізге пайдасын тигізіп те жатыр. Мен осында қатысып отырғандардың бәрін нақты жағдайдың қандай екенін өз көздерімен көріп қайту үшін Қазақстанға келуге шақырамын.

Ал Тони Блэрдің күлетіндей жөні бар екен. Ол осы баспасөз конференциясында “Борат” тақырыбының қозғалып қалуы мүмкін екенін біліп, бұған қонағым ренжіп қалмас па екен деп мазасызданыпты. Сөйтсе, Қазақстан Президентінің оған ренжімек тұрмақ, осы қолайсыз саналған жайттың өзін елінің пайдасына бұрып жібергенін көргенде, риза болыпты.

Мен бүгін оқырман назарына көпшіліктің алдында сөз сөйлегенде, жұртшылықпен кездесулер өткізіп, іссапарларда болған кезде Нұрсұлтан Әбішұлының аузынан шыққан осындай әңгімелер мен әзіл-қалжыңдардың, тосын ойлардың бірпарасын ғана ұсынып отырмын. Амандық болса, алдағы уақытта қалғандары да хатқа түсе жатар.



ТАҢДАУ

Махмұт Қасымбеков,
*Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің
бастығы*

Егемен Қазақстан, 20 сәуір 2010 ж

Қазақстан тәуелсіздігінің таңсәрі шағында тағайындалған президенттік институты мемлекетті басқарудың жаңа құрылымының негізін қалыптастыруға мүмкіндік жасады және экономикадағы өтпелі кезеңді еңсеруге, республиканың саяси жүйесін реформалауға қажетті жағдайларды қамтамасыз етті. Сонымен бірге, президенттік институтының қалыптасуы өте-мөте күрделі ахуалда жүзеге асырылды. Драмалық кернеуі күшті сол бір күндерді Қазақстан Республикасы Президенті Кеңесінің бастығы Махмұт Базарқұлұлы Қасымбеков былайша еске алады.



1990 жылғы 24 сәуірде Қазақстанда президенттік институт құрылып, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің мәжілісінде Нұрсұлтан Назарбаев ел Президенті болып сайланды. Одан кейінгі кезең Президент лауазымын енгізу тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің қалыптасуына шешуші ықпал жасап, КСРО ыдыраған соң мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз еткен аса маңызды оқиға болғанын көрсетті.

Қазақстандағы президенттік институттың бастауы кеңес қоғамы мен мемлекетінің барлық саласын қамтыған КСРО-дағы аса терең дағдарыс кезеңіне сәйкес келді. Ол экономика саласында аса өткір байқалды. Кеңес экономикасы құрылымдарының диспропорциясынан айқын көрінген дәстүрлі экономикалық байланыстардың үзілуі, жоспарлы экономиканың іріп-шіруі тұрғындардың өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуіне, әлеуметтік шиеленістің өршуіне алып келді.

Құдайға шүкір, біздің жастарымызға тауар және азық-түлік тапшылығы белең алған елде тұру бұйырған жоқ. Бір Ресей журналисінің атап көрсеткеніндей, ол кезде “ештеңе болған жоқ – тек коммунистік идеология ғана ернеуінен асып-төгіліп жатты”.

1990 жылдың көктемінде Алматыда өркениеттің көптеген игіліктерінің соңынан тіпті... ақ сабын да жоғалып кеткені есіме түсіп отыр. Сол жылдың жазында етек жайған темекі тапшылығын да көпшілік ұмыта қоймаса керек. Мәселен, “Медеу” темекісінің бір қорабын өте жоғары бағаға, онда да тек Горький мен Пушкин көшелерінің қиылысында, турасын айтқанда, гүлді кең көйлек киген алыпсатарлардың етегінің астынан ғана сатып ала алатынсың. Сұйық “қатты валютаны”, яғни арақты беймезгіл уақытта үш есе қымбат бағасына мейрамханалардан немесе таксистерден не болмаса Алматының шеткі жақтарындағы бір қабатты стихиялық заңсыз сауда орындарынан – Кіші станицаның, Татарканың, Тастақтың қараңғы түпкірлерінен ғана сатып алуға болатын. Өздерінің ұзақ ғұмырларында көпті көрген ардагерлер тіпті соғыс кезінде де бой көрсетпеген осындай қарапайым азық-түліктің жоқтығына ашық кейістік білдіріп жатты. Бұған кеңес рублинің құнсыздануын, сондай-ақ іс жүзінде экспропорционалды және халыққа қарсы болып шыққан әрі соңы өкінішке ұрындырған “павловтық” ақша реформасын қосыңыз. Осылайша большевиктер өз билігінің соңында неден бастаса соған – азық-түлік салымы мен кәртішке жүйесіне қайтып келді.

Онсыз да күрделі әлеуметтік-экономикалық ахуал бүкіл Кеңес Одағы аумағы бойынша жылдам тұтанған этносаралық жанжалдар өртімен тереңдей түсті. Оның үстіне одақтық орталық пен кезінде қуаты тас жарған КОКП бейнесіндегі билік не нәрсені де дұрыс жағына қарай өзгертуге қабілетсіздік танытып, өзінің әлсіздігін мойындаған сияқты-тын.

Сондықтан орталықтың миңгірлеген, қарама-қайшы саясаты, оның КСРО-дағы экономикалық және саяси реформаларды жүргізудегі ашық қателіктері Нұрсұлтан Назарбаевты сол жылдардағы стратегиялық күн тәртібін нақты айқындауға итермелегеніне: компартиямен ара жікті ажырату, мемлекеттік басқарудың жаңа формаларын іздеу мен Қазақстан егемендігін одақтық орталыққа қатысты нығайту болғанына таңқалатын ештеңе жоқ.

АЙЫРЫҚТА

1989 жылдың маусымында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығына сайланған Нұрсұлтан Назарбаев алғашқы уақыттарда кезінде өзіне жаһандық әлем құрылысын өзгерту миссиясын алған партия әлі де болса өзі де өзгертуге қабілетті деген ұстанымға шынайы сенімінен ауытқыған жоқтын. Мұны таза адами тұрғыдан түсінуге де болатын еді. Өйткені, ол көптеген кеңес адамдары сияқты коммунистік партия шинелінен шыққантын.

Оның 1989 жылдың 18 тамызында өткен қалалық және аудандық партия комитеттері бірінші хатшыларының республикалық кеңесінде сөйлеген сөзі өз партияластарына үндеу сияқты әсер қалдырған еді:

“Партияға қоғамды өзінің соңынан ертуге моральдық құқығы болуы үшін алға қойған міндеттерді шешуде тым болмаса бір қадам оның алдында жүруі тиіс.



Біз көп жағдайда бір жерді таптап тұрамыз, шұғыл даму үстіндегі қоғамдық өмірдің жарқын мысалына айналған үдерістерден қалыс жүреміз. Бірінші кезекте бұл партия комитеттері жұмысының демократияландыру мен жариялылық, олардың демократиялық централизм шеңберіндегі өз бетінше қызмет істей алуы, сынға ашықтығы мәселелеріне қатысты.

Консервативтіліктің тамырын іздеп, оралымсыздықтардың, қандай да бір партия қызметкерлерінің жаңа талаптарға баяу реакциясының себептерін сараптай бастасаң-ақ жылдар бойы партия ортасында айтқанға көнгіш, айдағанға жүргіш, орындаушылық қабілеттен жұрдай, жоғарыдан түсетін кез келген тапсырманы қашанда жинақы, дәл, бірақ босаң орындауға әзір адамдар қалыптасқанына көз жеткізесің. Мұндай адам-автомат әкімшіл-әміршіл жүйенің нағыз орындаушы идеалы болды.

Бәз біреулер бүгінде ондай адамдарды ешқандай партия комитеттерінде кездестірмейсің, олар баяғыда-ақ жоғалған деп қарсылық білдірулері мүмкін. Шын мәнінде, қайта құру жылдарында кадрлар құрамын тереңнен “қайта сілкілеп”, тоқырау кезеңін жанына жақын көргендерден арылуға қол жеткізілді. Алайда, адамдар кеткенімен, дәстүрлер қалатыны белгілі”.

Осыдан кейінгі 10 айда Нұрсұлтан Әбішұлы бір ғана иландыру, үгіттеу үдерістерімен шектеліп қалмай, партиялық және мемлекеттік, шаруашылық органдарды бөлуге бағытталған, сөйтіп, нақты билікті Кеңестерге, ішкіпартиялық өмірді демократияландыруға, өктемшіл-әміршіл тәсілдерді аластауға, республика партия ұйымдарының өз бетінше жұмыс істеуін жоғарылатуға бағытталған белсенді ұйымдастырушылық

жұмыстарды бастап кеткені қазір күні кешегідей есімде. Партия комитеттерінің жетекшілерін баламалы негізде құпия және тікелей дауыс беру арқылы сайлау тетігі кеңінен қолданылды. Екі және одан да көп үміткерден 141 қалалық және аудандық комитеттер хатшылары, оның ішінде 59 бірінші хатшы сайланды. Сондай-ақ баламалы негізде Гурьев, Қарағанды, Көкшетау және Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары сайланды. Нәтижесінде облыстық комитеттер 70 пайызға, қалалық және аудандық комитеттер 80 пайызға жаңарды. 1985 жылмен салыстырғанда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі номенклатуралық лауазымдар 2/3-ке, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері 50 пайызға қысқарды.

“Номенклатуралық механизмді демонтаждау жөніндегі жұмыстар сөзсіз жалғастырылуы тиіс, – деп мәлімдеді Нұрсұлтан Әбішұлы 1990 жылдың 8 маусымында өткен Қазақстан Компартиясы XVII съезінің мінберінен. – Бұл қандайда бір диктатты, үміткерді тықпалау, кадрларды орналастыруда әкімшілендіру дегенді еш білдірмейді... Аппарат қажет, бірақ ол жаңарған, өз қызметін жан-жақты орындауға қабілетті аппарат болуы тиіс”.

Алайда, КОКП-ның ыдырау үдерістері оны сауықтыруға деген барлық әрекеттердің алдын орап отырды.

Оралымсыздықтар, кей тұстарда партаппараттың реакцияшылдығы Нұрсұлтан Әбішұлының көптеген жаңашылдық ойлары мен бастамаларын түсінбеушіліктерге, қабылдамауларға ұшыратып қана қоймай, тіпті кейбір жағдайларда дұшпандық көзқарас туындатты. Консервативтік лагерьдегілердің келесі бір бөлігі көптеген жергілікті басшылардың бейнесінде оны сөз жүзінде қолдағанымен, іс жүзінде ескіліктің пұшпағына жармасып, демократиялық өзгерістер мен нарыққа өтуді барынша тежеп бақты. Нарықтық экономикаға саналы түрде қарсы шығушылардың қатарына биліктегі реформалар жүргізуге қабілетсіз көптеген дилетанттар келіп қосылды.

“Ештеңені өзгертпендер. Бізге қалған ғұмырымызды тыныш өткізуге мүмкіндік беріңдер. Содан кейін не істесендер, соны істеңдер!” – өкінішке қарай, бізден кейін топан су қаптаса да бәрібір деген ұстаным сол кездегі көптеген басшы адамдарға тән еді.



1991 жылдың 30 мамырында КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы М.Горбачевтің қатысуымен өткен Қазақстан республикалық активінің жиналысында Нұрсұлтан Назарбаев іс жүзінде соңғы диагноз қойды десек болады: “Бүгінде “таза” социализм дегенді жандары қалмай жақтаушылар халықтың өмірін жақсартуға тіпті де бас ауыртпайды. Идеологиялық догмалармен қаруланған олар өздерінің жеке биліктері, өз артықшылықтарын сақтап қалу үшін күресуде.

Мемлекет басшысы ретінде Сіз, Михаил Сергеевич, мұны көрмеуіңіз мүмкін емес. Бүгін нақты таңдау жасаудың уақыты келді. Қай жаққа жүру керек екенін Сіз айқындап бердіңіз: жаңғырулар арқылы жүру, ал экономикада – рынокқа бағыт алу. Енді екінші қадам жасау – осы қозғалысқа кедергілерді еңсеруге қарай ұмтылу қажет секілді”.

Және ең басты кедергі партияның өзі болып қалып отыр. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлының сол жерде айтқан келесі сөзі көрегендік болып шықты:

“Билікті басып алудың кез келген әрекеті, оның үстіне әскер мен құқық қорғау органдарын пайдалану арқылы жасалған әрекет зорлық-зомбылықтың жаңаша сипат алуынан басқа ештеңе бермейді және ешқандай тұрақтылыққа да алып келмейді. Керісінше, мұндай жағдайда, құдай сақтасын, әрине, бізде жаппай толқулар етек алады – тұрғындар тарапынан саяси күрестің ең шетін формалары, саяси плюрализм тәжірибесін толықтай аластау көрініс береді. Ал бұл қорытындысында мемлекеттік басқарудың қазіргі жүйесі жойылып, кең ауқымды репрессиялар басталады, еліміздің әлемдік қоғамдастық санасындағы оң образы түпкілікті қиратылады дегенді білдіреді”.

Араға бар-жоғы 2,5 ай салып, Н.Назарбаевтың ең жаман деген күдігі шындыққа айналды. 1991 жылдың 19-21 тамызында елімізде тарихқа “тамыз бүлігі” деген атпен кірген, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) деген биліктің барлығын толықтай өз қолына алатыны туралы жариялаған оқиғалар етек алды. КОКП басындағылардың реакциялық бөлігі ұйымдастырған мемлекеттік төңкерістің бұл әрекеті Коммунистік партияны түбегейлі масқаралап, КСРО-ның ыдырауын тездетті. Осылайша КОКП тарихы мен кеңестік алып державаның тарихына нүкте қойылды.

Нұрсұлтан Назарбаев сол кезде Қазақстан халқына шұғыл үндеу жариялап, сөз сөйледі. Онда ол бүлікшілердің іс-әрекеттерін шешімді түрде айыптап, өзінің реформалар мен демократия бағытынан айнымайтынын қуаттады. Осымен бір мезгілде өзінің КОКП қатарынан шығатынын мәлімдеді.

Бұл кейіннен болған жәйттер еді. Ал оған дейін Нұрсұлтан Әбішұлы үшін мыналар басы ашық мәселелер еді: мемлекеттік басқарудың қағидатты жаңа құрылымдарын құру қажет, республикада болашаққа серпінділікті қамтамасыз ете алатын жас басшылар мен атқарушы кадрлар шоғырын қалыптастыру керек.

Және мұндай құрылым іс жүзінде тәуелсіздіктің бастаушысы, оның негізгі құрылғысы ретінде көрінген президенттік институт болды.

ҚАРСЫ ТҰРУ

КСРО-да президенттік институты 1990 жылдың наурызында КСРО президенті лауазымына Михаил Горбачевтің сайлануымен пайда болғаны белгілі. Мұндай институттар Қазақ КСР-ін қоса алғанда одақтас республикаларда да құрыла бастады.

Нұрсұлтан Назарбаев үшін бұл егемендікке жасалған алғашқы маңызды қадам, сонымен қатар, КОКП-ның пайдасыз да мағынасыз ықпалынан алшақтаудың ыңғайлы мүмкіндігі болды. Оның Президенттік кеңесті – құрамына Жоғарғы Кеңес Төрағасы Е.Асанбаев, Премьер-Министр Ұ.Қараманов, депутаттар С.Дрожжин, И.Жаңғоразов, С.Сартаев, босатылған негізде М.Жолдасбеков пен Д.Сембаев кірген Мемлекет басшысы жанындағы алқалы саяси-консультативтік орган құру ісіне үлкен энтузиазммен кіріскені сондықтан. Бұл органның тиімділігіне бағаны Президент біршама кейінірек берді. Осы аралықта іс жүзінде Президенттік биліктің іске қабілетті құрылымдары жоқ кезде Президенттік кеңес мемлекеттік құрылыс, демократиялық және нарықтық реформалар жүргізу бойынша сараптамалық-талдамалық қызмет көрсету мен ұсыныстар жасауда айтарлықтай бағалы қызмет атқарды.

Басшылығына Н.Әбіқаев, оның бірінші орынбасарлығына В.Ни тағайындалған, бөлімдер меңгерушілері Қ.Сүлейменов, Ғ.Шалахметов, М.Бабушкин, Т.Сауранбеков, Г.Бердюгин және басқалар болған Мемлекет басшысының Кеңесі (кейіннен Президент пен Министрлер Кабинетінің Аппараты, бүгінде Президент Әкімшілігі) құрылысы да сондай “нөлдік сатыда” тұрды.

Ол кезде аппарат құрамында қазіргі кезде, мәселен, Хаттама және Президенттің баспасөз қызметі сияқты функцияларды орындайтын құрылымдар болған жоқ. Иә, ондай құрылымдар сол шақта соншалықты қажет те емес еді әрі олар өздерінің “жобалық қуатына” бірден шыққан жоқ: бұл үшін жылдар қажет болды. Сондықтан Президенттің қызметін ұйымдастырушылық-хаттамалық және ақпараттық қамтамасыз ету жұмыстарын мен жетекшілік ететін жалпы сектор қызметкерлері атқарды. Мәселе “темір шымылдыңтың” құлауы жағдайында жұмыстың ескі әдісі мен тәсілінен шешімді түрде кету қажет болса, саяси менеджменттің жаңа эстетикасы туған топыраққа әлі сіңіріле қоймаған еді: оған біз ауыр, ұяң да баяу жолмен келдік. Оның үстіне, кеңестік жүйенің негізін құрайтын, тіпті жердің өзін тіреп тұр деп елестетілетін мемлекеттік билік пен басқарудың КОКП сияқты басты механизмінен бас тарта салу, бұл қалай дегендей, көптеген адамдардың санасына сыймады...

Жалпылай алғанда, жұмыстың шеті мен шегі көрінбейтін. Бұған қоса, Президент жаңа басқару құрылымдарын жасақтау барысында жан-жағынан жаппай кимелеген түпкілікті қарсылықтарға тап болды. Бірінші кезекте, әрине, тұяқ серпу үстіндегі КОКП тарапынан. Бұл арада 1990 жылдың сәуірі мен 1991 жылдың тамызы аралығында республиканың билік

олимпінде екі аппарат қатар жұмыс істегенін қаперге сала кету қажет: Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің аппараты мен Қазақ КСР Президентінің аппараты. Бұл жерде күрес ымырасыз сипат алды.

Сол кезеңдегі өткір проблемалардың алдыңғы қатарында кадрлар тапшылығы тұрды. Бір жағынан, президенттіктің идеясын бөлісетін, халықтың жағдайын білетін және олармен жұмыс істей алатын білікті қызметкерлер мүлдем жетіспеді. Екінші жағынан, көптеген кәсіби мамандар мұндай жұмысқа келгісі келмеді. Мұның да бірқатар себептері бар еді. Оны Егор Гайдар туралы естелігінде Анатолий Чубайс былай деп көрсетті: “Сол шақтарда “ақылды адамдар билікке келмеді” – өйткені, шешілмеген проблемалар шаш етекпен болғаны өз алдына, адамдар пайдасыз горбачевтік көпірме сөзге әбден ықылық ата тойып біткен болатын”.

Сондықтан, кадрларды күндіз шырақ алып іздеуге тура келді. Президент Аппаратының қызметкері ретінде мен осы проблемамен бетпе-бет қалып отырдым. Күндердің бір күнінде мен өзім басқаратын секторға Алматы облыстық партия комитетінде істейтін, өзім мықты кәсіби маман ретінде білетін тәжірибелі аппаратшы және тамаша сөз зергерін жұмысқа шақыруға шешім қабылдадым. Қандай да бір қызметкерге “құда түскен” жағдайда этикет әуелі оның бастығының келісімін алғанды жөн санайды. Ойымда еш нәрсе жоқ, сол кездегі Алматы обкомының хатшысымен байланысқа шығып, мен де солай жасадым. Менің өтінішіме қайтарған оның жауабы есімнен тандыра жаздады.

“Немене, сендер әлі өздеріңнің “президенттік” ойындарыңды ойнап болған жоқсындар ма?.. Сен маған хабарласып отырған бірінші адам емессің, Президенттің жігіттері маған телефон шалып, біресе ананы, біресе мынаны сұрайды. Оқасы жоқ, жақында біз сендерді қуып таратамыз. Ал құнды қызметкерлерімізді сендерге бермейміз”, – болды оның айтқандары.

Бұл кісіні мен бұрыннан танушы едім. Сондықтан да болар, одан мұндай жауап есту шын мәнінде өзегімді өртеді. Сөйтіп, біздің ескіден келе жатқан өзара құрметімізге сызат түсті.

Сөйтіп, мен Президент Аппараты басшысының бірінші орынбасары Владимир Ниге қайырылдым. Менің аргументтерімді тыңдап алған Владимир Васильевич пышақпен кескендей етіп былай деді: “Бұл жерде қандай әңгіме болуы мүмкін? Өзіңізге пайдасы тиеді-ау дегендердің барлығын ала беріңіз”.

Егер осындай кадрлар үшін таластағы қалжыңға бергісіз “көкпар” (батыста мұны “ақылды бастар үшін күрес” деп атайды) Президент командасына, еш артық айтқандық емес, әрбір сауатты маман мен әрбір білікті қызметкердің келуіне септігін тигізді. Қосарланған саяси билік жағдайындағы мұндай күрес бүкіл кеңес қоғамына тән еді. Ал мұндай драманың сюжеті күн өткен сайын барынша өткір сипат ала түсті.

Мұндай жағдайлар туралы сол кездері Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Жалпы бөлімінің меңгерушісі болған Владимир Шепель былай деп еске алады: “1990-1991 жылдары, Қазақ КСР Президенті

сайланғаннан кейін, сырт қарағанда ОК және Президент аппараттары арасында қандай да бір келіспеушіліктер болмаған сияқты көрінеді. Бірақ мәселеге тереңірек қарасаң, көптеген партия функционерлері “бір үзім нандарын”, яғни билік өкілеттіктерінің бір бөлігін алып қойғанымен келісе алмады. Мысалы, ОК Аппаратының бөлім меңгерушісі немесе сектор меңгерушісі өздерін мәртебелері бойынша Президент Аппаратындағы сондай қызметкерлерден жоғары санады. Осыдан келіп менмендік пен тәкаппарлық оқиғалары орын алды. Сондықтан олар біздерге де басшылық жасауға ұмтылып, оларын Президент Аппаратында да коммунистер жұмыс істейді, демек, барлығы партиялық тәртіпке бағынуы тиіс деген ұстаныммен түсіндіргілері келді”.

Лауазымдық міндеттеріме сәйкес мұндай жәйттерді менің Президенттік кеңес мәжілістерін дайындау барысында өз басымнан талай мәрте өткізуіме тура келді. Сол мәжілістерге шақырусыз келетін ОК-ның екінші хатшысы В.Ануфриевтің тура Президенттің қарсысындағы орынтаққа келіп жайғасатыны күні кешегідей есімде.

Одақтас республикалар компартиялары Орталық комитеттерінің екінші хатшылығына тағайындалған адамға қатысты кеңестік қоғамда ежелден мынадай көзқарас қалыптасқан болатын: олардың негізгі миссиялары – Бірінші хатшыға көмектесу емес, Орталықтың “құлағы және көзі” ретінде олардың іс-әрекеттерін бақылау.

Президенттік кеңестің алғашқы мәжілістерінің біріне В.Ануфриев те келген болатын. Президент Аппаратының басшысы Н.Әбіқаев оған көп мағыналы көзқараспен қабақ көтерді. Содан соң маған суық қарап, тура мына сөздерді айтқандай болды: “Неге залда бөтен адамдар отыр?”. Мен Ануфриевтің жанына жақындап барып, ренжітіп алмауға тырысқан бәсең дауыспен:

– Кешіріңіз, Владислав Григорьевич, сіз Президенттік кеңестің мүшесі емессіз. Өкінішке қарай, сіз шақырылғандар тізімінде жоқсыз, – дедім.

Осыны күтіп отырғандай-ақ ол дауыс көтерудің дәрекі түріне көшті:

– Жігітім, бұл жерде маған жөн сілтейтіндей сен кімсің?!

Мен өзімнің аты-жөнімді, қызметімді айтып, нақты жауап қайтардым.

Сол сәтте ол Әбіқаевқа сол сұрақпен қайта қайырылды:

– Бұл кім өзі?

Салқынқанды Нұртай Әбіқайұлы оның сұрағын жауапсыз қалдырып, өткір көзімен бір қарап-ақ сабасына түсірді.

Тіпті осындай “кет дегенде, ит те кетеді” деген тұрғыдағы көзқарастарға қарамастан, ол Президенттік кеңестің мәжілістеріне келуін тоңмойындықпен жалғастырып қана қоймай, Президенттің сөздеріне қыстырыла кетіп, сөзін бөлу сияқты қадамдарға да барды.

Әрине, егер президенттік институтына қатысты осындай обструкционистік оқиғалар бірді-екілі ғана кездесе, олар туралы әңгіме қозғаудың өзі артық болар еді. Шын мәнінде, “табанды лениншілдер”

өздерінің бөлінбес үстемдіктерін әуелі Халық депутаттарының съезінде жоғалтқанымен, есе қайтару идеологиясымен қаруланып, алған беттерінен қайтқылары келмеді.

1990 жыл бойы КОКП ОК-ның жекелеген хатшылары бүкіл Одақтан іріктеліп шақырылған партияның облыстық комитеттері хатшылары, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілері және өзге де шешуші бөлім қызметкерлері деңгейінде ондаған семинарлар, кеңестер мен кездесулер ұйымдастырды. Олар үндеуінің басты арқауы: “Окоптарда отырғанымыз жетеді! Біздің де күніміз туады. Президенттік құрылымдарға тойтарыс беруге дайындалыңдар...” болды. Басқосуға қатысушылардың ең өткірлері осы ұстанымды мақұлдап, қолдау көрсетудің белгісі ретінде пікірталастарда өздерінің оппоненттеріне улы тілдерін безеп: “Президенттік ойындарын ойнап болсын. Содан кейін біз оларға көкесін танытамыз!” деп қайталаудан жалыққан жоқ.

Орын алып отырған оқиғаларды сезіну және осындай тұтасқан консерватизмнің себептерін анықтау мақсатында біз сенім көрсетуге тұрады-ау деген адамдармен көп әңгімелестік. Өкінішке қарай, көп жағдайда олардың жақтырмайтын сипаттағы және ашық жеккөрушілік тұрғысындағы үнқатуларына тап келіп отырдық: “Бәріне сендер және сен сияқтылар кінәлі! Сендер Коммунистік партияны, Кеңес Одағын құлатқыларың келеді! Балтық жағалауы ірге аулақтады, Кавказ кетіп барады... Сендер бізді немен қалдырғыларың келеді?”. Әдетте, қоғамды саяси қайта құруға жоғалтатындары барлар – белгілі бір деңгейде саяси капитал жинақтап үлгеріп, мансап баспалдағымен одан әрі көтерілуден үмітті және қомақты зейнетақыға қол жеткізіп, кәріліктерін баяғыдан ұнатып, белгілеп қойған бір өңірлерде қарсы алуды армандаған орта және аға жастағы партия, кеңес және шаруашылық қызметкерлері қарсыласып баққанын. Оның үстіне Орталықтағы шефтер мен корифейлер мына жәйттерге сараңдық танытқан жоқ: В.Лениннің уақытынан бері большевиктер партиясы өз мүшелеріне ықпал ету технологияларында алдына адам салмас шеберлер болатын. Тұрмыс-тіршілік тұрғысынан карағанда, оларды да түсінуге болады: КСРО-да “ойын ережесінің” қандай да бір елесі бар еді, ал мұнда үйреншікті барлық дәстүрлер өшіріліп, сізге жаңа құрылыста және олардың ойларынша, елді белгісіз болашаққа алып баратын Президенттің басшылығымен өмірді қайта бастау ұсынылады... Бірақ мәселе сонда, ұлы державаны Назарбаев талқандаған жоқ қой! Осындай карама-қайшылықтардың салдарынан біз бірқатар ескі достарымыз бен әріптестерімізді жоғалттық. Бұрынғы қарым-қатынастарымыз салқын тартып, жолдарымыз екі жаққа айырылды. Айтпақшы, бұл елімізге және сол сияқты біздің әрқайсымызға өз таңдауымызды жасайтын кез еді. Мен жаңа дәуірге өткен тарихымызда ата-бабаларым мен отандастарымның көптеген буындарының қолы жетпеген нәрсе – өз тағдырымды таңдау құқын бергені үшін ризамын.

Бір таңқаларлығы, енді қалыптаса бастаған президенттік институттың келесі бір күтпеген идеологиялық қарсыласы Жоғарғы Кеңес

болды. Қайта құрулар толқынында “Барлық билік Кеңестерге” ұранымен екінші тыныстары ашылған Жоғарғы Кеңес басшылығындағы Халық депутаттарының кеңесі бір қарағанда Президенттің табиғи одақтасы болуы тиіс еді. Бірақ олай болған жоқ.

Сол кезеңде қалыптасқан саяси ахуалға түсініктеме берген белгілі қырғыз саясатшысы және қоғамтанушысы, Қырғызстанның Қазақстандағы бұрынғы елшісі Жұмағұл Сааданбеков өзінің “Нұрсұлтан Назарбаев. Көшбасшылық заңдылықтары” кітабында былай деп жазды: “Жоғарғы Кеңестің бірпартиялы диктатура режиміне генетикалық жақындығы оны президенттік билікке, демократиялық реформаларға оппозицияны ұйымдастырудың базасы мен формасы етті. Дағдарыстың адуынды толқындарында жүзу Жоғарғы Кеңестің мемлекеттік билік пен қоғамды жұмылдыруға қабілетсіз екенін көрсетті. Жаңа демократиялық институттар құрып, солар арқылы демократияландырудың қақпасын ашудың орнына, Парламенттің өзі билік үшін күрестің кескілескен аренасына айналды...”.

Биліктің барлығын өзінің қолына шоғырландырғанымен, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс өрши түсіп отырған жағдайда одан шығудың жолын көрсете алмағаны өз алдына, елдің нарықтық экономикаға өтуін қамтамасыз ете алмаған Кеңестер жүйесі іс жүзінде Қазақстанды одан әрі дамыту жолында тежегішке айналды.

Осының салдарынан “республикада биліктің екі полярлық орталығы, яғни қосөкіметтік пайда болды. Оның біреуі жергілікті жерлердегі кеңестік мекемелердің барлық вертикалдарымен бірге Жоғарғы Кеңес (ескі кадрлардың баратын орнына айналған) маңына шоғырланса, екіншісі Президенттің (мұнда демократиялық және нарықтық жаңарулардың жақтастары топтасты) төңірегіне шоғырланды”, – деп жалғастырады Ж.Сааданбеков.

Дәл осы кезеңде көп жағдайда Қазақстандағы саяси өмірдің одан арғы мазмұнын айқындаған Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы қарсы тұрушылықтың негізгі желісі көрініс берді. Президенттік-парламенттік қарсы тұрушылықтың апофеозы Жоғарғы Кеңестің мемлекеттік институт ретіндегі жойылуымен аяқталған 1993-1995 жылдардағы парламенттік екі дағдарыс болғаны белгілі.

“ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІММЕН”

Президенттік институттың құрылуы идеологиялық қана емес, тіпті этносаралық жарылу шегіндегі кескілескен күрес жағдайында жүрді.

Шындығында, қазақтардың “этнократикалық мемлекет” құру жолында “этностық тазалауға” түпкілікті кірісуге дайындалуы туралы өсек-аяң, осыған сәйкес көрініс берген жергілікті емес ұлттар өкілдерінің қаупі мен үрейі Парламент алаңын ғана емес, бүкіл ел аумағын қамтыды. Ал жекелеген облыстық партия комитетінің хатшылары мен ірі өндірістік бірлестіктердің директорлары, әсіресе, республиканың солтүстік өңірлерінде ашық бопсаға көшкен жергілікті көсемсымақтар туған

Отанымызды бөлшектеуге кетәрі емес ниет танытқандықтан, республиканы жоғалтып алудың шын қаупі қылаң берді.

2009 жылдың 4 тамызында Воронеждің “Коммуна” газетінде Л.Суркованың Қостанай облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы, бүгінде Мәскеуде тұратын (оның аты-жөнін әдейі атамай отырмын, оқырман бұған түсіністікпен қарайды ғой деп ойлаймын) воронеждік жерлесіне арнаған мақаласы шықты. “Ол Горбачевтің көзіне ұнамайтын нәрселерін шұқи көрсетіп, Н.Назарбаевпен таласа алатын, сонымен бір мезгілде, өз пікірінде қалатын”, делінеді мақалада. Журналиспен әңгімесінде оның сұхбаттасы сыпайыгершілік танытқан сыңай білдірсе, ал журналист саяси әдептіліктен болар, кейбір мәселелердің тігісін жатқыза жазған секілді. Өйткені, мақала кейіпкері және онымен ынтымақтастықта болғандар сол кезеңдерде Н.Назарбаевпен жәй таласып қана қоймай, оған ашық қарсы шықты және соған сәйкес іс-қимыл танытты. Несін айтамыз, апанында мазаланған аю секілді мінез танытқандар сол тұста баршылық еді.

Оның үстіне, бүкіл Кеңес Одағын қамтыған сыртқа тебушілік үрдісі жағдайларында адамдарды сепаратистік және ирредентистік партизандыққа итермелеген арандатушы-суфлерлер де жеткілікті болатын. Нұрсұлтан Әбішұлы М.Горбачевтің қатысуымен өткен жоғарыда аталған республикалық кеңесте жарылып-бөлінуді аңсайтындарға бағыттап және жалпыға естірте қатаң ескерту жасады:

“Бәзбіреулерге тұтас өңірлердегі жоғары деңгейлі ширығу қалпын қолдау өте тиімді, біреулер саналы түрде немесе, жұмсартып айтқанда, өзінің алысты болжай алмайтындығы салдарынан осы үдерістерді қыздыра түседі. Бұған мысалды көптеп келтіруге болады: осы арада Закавказьедегі азамат соғысынан бастап Ресейдің кейбір облыстарындағы шовинистік, тіпті монархистік көңіл-күй ауанының күшейе түсіп отырғанын айтсақ та жеткілікті ғой деп ойлаймын. Михаил Сергеевич, бізді шетелдердегі “пайғамбарлардың” әдепсіз кеңестерін қуана қабылдайтын кейбір интеллигенция өкілдерінің жел тигізбей, қамқорлықпен аялайтын ұлыдержавалық шовинизм өскіндері алаңдатады. Егер өз Отаныңды орнықтыруға деген ұмтылысыңды өзге халықтарға деген қамқорлығың мен олардың проблемалары көлегейлейтін болса, онда, мәселен, өзіңді зиялымын деп осы сөздің жоғары, толық мағынасында қалайша есептей аласың! Ал елімізде кең таралыммен тараған шулы трактаттың авторы бүкіл әлемге белорустар мен украиндар өздерінің орыс екенін жорта ұмытып кеткен секілді, қазақтың жері олардың жері емес сияқты деп ұялмай жария етті емес пе? Бұл өмірді тек сталиндік лагерьлердің тікенек сымдарының сыртынан ғана көрген адам Қазақстанның шынайы өмірі мен тарихы туралы не білуі мүмкін? Ең жақсы сезімдермен ойнап, бір халықты бір халыққа айдап салу, кем дегенде, адамгершілікке жатпайтын қылық қой деп ойлаймын”.

Өзімнің жеке байқағандарыма қатысты айтсам, сол кезеңдердегі онсыз да күрделі жағдайларға кейбір жергілікті халық өкілдері де өткірлік

пен драматизм қоса түсті. Осындай эпизодтарға тән жағдайлардың бірі біздің ана тіліміздің құқын танудың бастапқы кезеңіне қатысты болды. 1989 жылы қабылданған “Қазақ КСР-індегі тілдер туралы” Заңмен қаруланған біз мемлекеттік басқару органдарында нақты қостілділік пен мемлекеттік тілді іс жүргізу және құжат айналымына енгізуге үлкен патриоттық рухани жігермен кірістік. Әрине, оны өзімізден – Президент Аппараты мен Министрлер Кабинетінен бастадық. Бірақ бұл жұмыстар сол кездің өзінде де ұқыпсыз жүргізілді және бүгінде, тәуелсіздіктің 20 жылдық қарсаңында да, алға қойған міндеттерге – яғни, Конституция мен заңнамаларымызда көрсетілгеніндей, тиісті стандарттар мен кондициясына жете алған жоқ.

...Бірде, 1990 жылдың күзінде менің әріптесім, беделді және тәжірибелі қызметкер жергілікті партия-шаруашылық активі мен жұртшылық өкілдеріне Президент Аппараты алған қойған және шешіп жатқан ағымдағы міндеттер туралы айтып, түсіндіру үшін аудандардың біріне шыққан болатын. Қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту қажеттігі туралы әңгіме бастағаны сол екен, қол шапалақтап, ысқырып, оны келеке, күлкі еткен. Олар шешенге мансапқұмар-авантюрист ретінде қараған, яғни отырғандардың көздерінен: “Бізге мынау жазған не айтып тұр?” дегендей біржақты таңқалыс айтпай аңғарылған.

Бірақ, барлық қиындықтарға қарамастан, нақ сол 1990 -1991 жылдары еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев іс жүзінде Қазақстанның институттық негіздерін қалыптастырып, болашақ егемендігіміздің іргетасын қалады.

1990 жылдың 25 қазанында “Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы” декларация қабылданды.

Декларация елдің толық мемлекеттік тәуелсіздігі жолындағы мемлекеттік-құқықтық жүйесін одан әрі дамытуды қамтамасыз еткен жас мемлекеттің алғашқы негіз қалаушы заңнамалық актісі болды. Оның үстіне, құжат мемлекеттік билікті заңнамалық, атқарушылық және сот жүйелеріне бөлу қағидатын бекітті. Осы орайда Жоғарғы Кеңес заң шығарушы биліктің айрықша артықшылығын алса, Президент Мемлекет басшысы ретінде – бұйрықты-атқарушылық билікке, Жоғарғы Сот сот билігіне ие болды.

Қазақстан Президентінің сол кезде жұмыс істеген мемлекеттік басқару құрылымдарындағы реформаға бағытталған келесі қадамы да заңды еді. Осыған байланысты 1990 жылдың 20 қарашасында Қазақстан Президенті “Қазақ КСР-індегі мемлекеттік билік құрылымдарын жетілдіру мен басқару және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заң) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заңға қол қойды. Жаңа заңға сәйкес Вице-президент, Премьер-Министр және мемлекеттік кеңесшілер лауазымдары енгізіліп, Министрлер Кеңесі таратылды және Министрлер Кабинеті құрылды; Президент жанынан консультативті-кеңесші орган – Республика Кеңесі пайда болды. Сондай-ақ мемлекеттік биліктің жергілікті органдары

қайта құрылып, олар Халық депутаттарының кеңесі деп аталды. Олардың өкілеттіктері айтарлықтай кеңейтілді.

1991 жылдың 29 тамызында Семей ядролық полигонының жабылуы, 1991 жылдың 2 қазанында ғарышқа қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ұшуы мен 1991 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан Президентінің алғаш рет өткізілген бүкілхалықтық сайлауы тәуелсіздік жолындағы өзіндік бір белес болды.

Сол сайлауда абсолютті көпшілік дауыспен Нұрсұлтан Назарбаев ел Президенті болып сайланғаны белгілі. Ал 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізді.

1991 жылдың 10 желтоқсанындағы өзінің инаугурациялық сөзінде Нұрсұлтан Әбішұлы жас мемлекеттің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттер ауқымын нақты айқындап берді.



Шын мәнінде бұл алдағы 20 жылда елімізді дамытудың шешуші бағыттарын белгілеген стратегиялық бағдарламаға айналды. Осының

арқасында бүгінде тәуелсіз Қазақстанды бүкіл әлем танып және құрметтеп отыр.

“Бүгін, екі дәуір шегінде қоғам үшін дағдарысты жағдайларда уақыт факторы аса зор маңызға ие болады. Бұрынғы федерация республикаларындағы өрши түсіп отырған қысымды ахуал, таяу айларда біз бетпе-бет келетін проблемалардың өткірлігі ырғалып-жырғалуға уақыт қалдырмай, жылдам, шешімді және нақты іс-қимыл танытуға мәжбүрлейді.

Қазір әркімге дерлік түсінікті жәйт – тарих бізге өндірістік қатынастарда түбегейлі өзгерістерден басқа таңдау қалдырған жоқ. Бірақ нарықтық экономикаға бет бұрудың орасан күрделі екендігі де баршаға белгілі болса керек. Осы орайда жүзеге асырылып жатқан шаралар бүгінде анық жеткіліксіз. Олардың кейбіреулері шектеулі, келесі біреулері жартыкеш, үшіншілері ескі әміршіл-әкімшіл жүйе қалдықтарының бүлігімен, консервативті күштердің жасырын және айқын тежеулерімен бетпе-бет қалып отыр. Бізге әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін түбегейлі жедел шаралар қабылдау қажет, өйткені, қазіргі кезде дағдарыс өзінің сындарлы шегіне жақындап келеді.



Біздерге бірінші кезекте қандай шараларды қолға алу қажет? Саясатта – бұл билікті нақты бөлумен байланысты қадамдар, яғни атқарушы органдарды басқарудың тиімді жүйесін құруға мүмкіндік беретін вертикалды президенттік құрылым қалыптастыру. Бұл – республика Жоғарғы Кеңесін кәсіби парламентке объективті трансформациялау. Бұл – депутаттар корпусы мен желбуаз жергілікті Кеңестер аппараттарын айтарлықтай қысқарту қажеттігімен байланысты туындап отырған жәйт. Бұл экстремизм мен ұлттық алауыздық ұстанатын партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу, республиканың аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған сепаратизммен қатар, саяси плюрализмге қолдау. Бұл – құқық тәртібін нығайту мен заңдылықты сақтау жөніндегі шешімді іс-әрекеттер. Бұл – мемлекеттік саясаттың негіз қалаушы қағидаты ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы, барлық қазақстандықтардың тең құқылығы негізінде ұлтаралық келісімді сақтау.

Біздің әрқайсымыз өтпелі кезеңнің қиындықтарын – бағаның өсуін, инфляцияны, тапшылықты, өмір деңгейінің төмендеуін өзіміз арқылы сезінудеміз. Айналамыздағы өмір соншалықты жайлы емес. Сайлауалды кездесулерім барысында айтқандарымдай, мен өмір жақсылыққа қарай тез

өзгереді деп уәде бере алмаймын және бергім де келмейді. Және де егер мен бұл туралы айтпасам, алдарыңызда шындықтан қашқақтағаным болар еді. Тістеніп, ертеңгі күнге деген сеніммен осылардың бәрінен өтуіміз керек”.

Алдымызда өмір үшін ауыр күрес, өндірістің құлдырауымен, адам шошырлық жұмыссыздықпен, жаппай тапшылықпен, гиперинфляциямен жапсарласа жүрген дағдарыспен арпалыс, ащы көңіл қалулар мен жарқын жеңістер тұр еді. Мұның барлығы алда болатын.



Ал әзірше Нұрсұлтан Назарбаевқа гүлдермен көмкерілген өмір өрісіне жетуге ерте болатын, өйткені, Қазақстан халқы мен оның көшбасшысына еркін де егемен ұлт ретіндегі әлі де тек өздерінің алғашқы, сондықтан аса қиын, бірақ соншалықты тілекті қадамдарын жасау тұр еді...



ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫ

Ғарифолла Есім,
академик, сенатор.

Егемен Қазақстан, 14 мамыр 2010 ж.

Заман деген атадан балаға мирас болып келе жатқан халқымыздың байырғы сөзі. Ол бүгінде ғылыми дискурске түсіп, жиі қолданылатын ұғымға айналған. Ертеде Қазақ ордасы ту тіккенде, сол дәуірдің ұраншысы Асанқайғы билік басындағыларға қарата айтқан екен: “Қилы-қилы заман болады, Судағы ақ шортан қарағай басын шалады”, – деп. Жыраудың айтқаны дәл келді. Қазақ халқы судағы шортанның қарағай басын шалғанын әлденеше рет басынан өткерді. Оның бәрі өткен тарих десек, біздің өзіміз-ақ жыраудың айтқанындай, социализм деген әлемнен егеменді елге айналып, ата-бабамыздың түсіне енбеген өркениет, мәдениет өрісіне еніп отырмыз.



Сондықтан болса керек, заманына қарай адамы деген пікір қалыптасқан. Бұл, әрине, адам және заман дегенге сыйымды түсінік. Бірақ, хакім Абай бұл түсінікке жаңалық енгізген, ол “Әркімді заман сүйремек”, – деп қалыптасқан түсінікпен келісе отырып, “Заманды қай жан билемек?” – деп сұрақ қойған. Сонда адам және заман деген формулаға сай, әркімді заман сүйремек дегенмен келісіп, заманына қарай адамы дегенді қабылдаймыз, мұнымыз шындыққа сыйымды, бірақ “Заманды қай жан билемек?” деген мәселеге келсек, сөз Тұлға және Заман туралы болмақ. Абайдың қазақ жұртына үнемі айтып өткен: “Берекеңді қашырма, ел тыныш болса, жақсы сол” деген өсиеті бар. Ел тыныш болуы үшін ол: “Көп шуылдақ не табар, билемесе бір Кемел” – деп ой түйген. Абайдың Кемел деп отырғаны, біздің лексикадағы Тұлға деген ұғым.

Абай өз дәуірінде Тұлға туралы мүмкіндік ретінде айтты, ол жағдайда көшбасшылық қасиеттері бар адамның саяси тұлға ретінде

кемелденуіне әлеуметтік-саяси кеңістік жоқ еді. Қазақ елін сырт күш губерния-губернияларға бөлшектегендіктен, ол біртұтас ел болудан қалған заман-тұғын. Бүгінде Қазақ елі – біртұтас мемлекет, енді Кемел адамға, Тұлғаға қажеттілік бар. Бағымызға орай сондай тұлға бар, ол – Қазақ елінің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.



Тұлға деп халықтың бойындағы қуатты ізгілікті мақсатқа бағыттап, оның жетекшісі әрі орындаушысы қызметін атқаратын Елбасын айтамыз. Ол үшін қажетті жағдай, Елбасының халыққа және халықтың Елбасына сенімі болуы керек. Себебі, билік басына келу билікке ие болу деген сөз емес, ол билікке ие болудың мүмкіндігі ғана. Билікке ие болу осал шаруа емес. Адамзат тарихында көптеген ел басшыларының билікке келгендерімен, сол билікке ие болу мүмкіндігіне жете алмай, жолда қалғандары қаншама. Мұндай тәжірибені қазіргі замандағы алыс-жақын елдерде болып жатқан оқиғалардан көріп отырмыз.

1991 жылы тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Елбасының алдында халқымыздың бұрынғы тарихында болып көрмеген, тәжірибемізде шешімі ізделмеген екі үлкен мәселе тұрды. Біріншісі, мемлекеттік меншікке негізделген социалистік халық шаруашылығынан кейін жеке меншікке негізделген нарық және нарықтық қатынастарға өту мәселесі. Бұған көпшілік халықтың кәсіби де, психологиялық та білімі, даярлығы жоқ еді. Кезінде Қазан төңкерісінен кейін қираған халық шаруашылығын көтеру үшін большевизм көсемдері НЭП саясатын (Жаңа экономикалық саясат) жүргізген еді. Сол кезде Ресей аймағындағы халықтың тұрмысы, ұсақ және орта шаруашылық жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай күрт өсіп шыға келді. Ал Қазақ елінде 90-шы жылдың басында сол жаңа экономикалық саясатқа мазмұны жағынан ұқсас саясат жүргізілгенімен, халық тұрмысы, ұсақ және орта бизнес ойдағыдай, аяғынан қаз тұрып кете алмады, оның себебі неліктен десеңіз, НЭП саясаты кезінде ұсақ және орта шаруашылықты жүргізе алатын, соған дағдыланған дәстүрлі кәсіби істермен әбден айналысып, пісіп-жетілген адамдар бар болатын. Оларға тек еркіндік керек еді. Сондықтан олар нарықтық қатынастарды бірден үйіріп алып кетті. Ал жетпіс жылдай социалистік меншік негізіне дағдыланған еңбекші қауым нарық қатынастарына бірден ене алмай, тосыла берді, оған сай кәсіби біліктіліктері, икемділіктері жеткіліксіз болып шықты. Бұл

социализмнің саяси мағынада күн тәртібінен түсіп жойылғанымен, оның әлі де сақталған зардаптары болатын. Сол кезде халықтың ішінде өткен социализмді көксеушілік психологиясы белең алғанын да айтпасақ болмайды. Міне, осындай өтпелі кезеңде Елбасының алдында жаңа тәуелсіз елдің экономикалық, мәдени, саяси өмірін қандай арнаға түсіру керек деген үлкен мәселе тұрды.

Екінші мәселе, халықтың дені тәуелсіздікке, яғни егеменді, еркін ел болып өмір сүруге де даярлығы әрі дағдылары жоқ еді. Сондықтан кейбір ағайын тәуелсіздік идеясын қоя салып, социализмнің тоталитарлық жүйесін көксегенді әдетке айналдырды. Міне, осындай жағдайда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бірден-бір дұрыс бағыт ұстанды. Ол халық қуатын ең алдымен экономикаға, яғни елдің тұрмысын көтеруге арнады. Бұл егеменді елдің тарихындағы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған жаңа экономикалық саясат еді. Халық бұл саясатты қабыл алды. Сөйтіп, күнкөріс қамына, яғни нарық және нарықтық қатынастарға бірте-бірте еніп, адамдар асырап-сақтаушы мемлекет емес, өздерінің бойындағы қуаты, жігері, кәсіби білімі екенін түсініп, нарыққа сай жаңа психологиялық әдет, дағдылар қалыптаса бастады. Социализм кезінде мемлекет асырап-сақтаушы ұжымға айналған еді, ал нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттің қызметі мүлдем өзгерді. Мемлекет асырап-сақтаушы емес, ол адамдардың нарықтық қатынастардағы іс, әрекет, қимыл, тәжірибе және т.б. қарекеттеріне мүмкіндік және жағдай жасаушы институтқа айналды. Мемлекет халыққа мейлінше мүмкіндік жасай отырып, халықтың шығармашылығына сүйенуі қажет болды. Президент ұстанған, ең алдымен – экономика, содан кейін – саясат деген сөздің мәнісі осында болатын. Әрине, мұндай жағдай біршама уақытты қажет етті. Қалыптасқан әдет, дағды, дәстүрлердің өзгеріп, нарықтық қатынастарға сай бейімделуі осал шаруа еместі. Бұл кезде Елбасының еліміздің бейімделуіне сай аса қажетті заңнамалық бастамаларының орны ерекше болды. Осындай аса күрделі экономикалық саясатты жүргізу үшін, сөзсіз, қажетті билік формасы президенттік институт болатын. Егер де сол кездегі кейбір саясатшылардың айтқанымен, билікті парламенттік жүйеде негіздегенде, біз сәтсіз әлеуметтік тәжірибеге душар болар едік. Бір ғана мысал. 1995 жылы наурызда Парламентті таратып (Қазақстанның Конституциялық соты 1994 жылғы парламенттік сайлау нәтижелерін заңсыз деп мойындады), екінші парламенттік сайлау болғанға дейінгі аралықта Президент өз жарлығымен аса қажетті ондаған заңдарды шығарды. Егер сол заңдарды Парламентке салып, ұзақ дискурсқа түсірсек, елдің экономикалық жағдайы, оны қорғау мәселесі, яғни азаматтар құқығын қорғау мәселелері дер кезінде тәжірибеге енбей, қоғамда айтулы алаңдаушылық орын алған болар еді. Президенттік басқару негізінде мәселелер шұғыл түрде және көбінесе тиімді шешіліп отырды. Мұндай тәжірибенің дұрыстығын біз күн өткен сайын айқын көріп отырмыз. Заң шығарушылық қызметті Президент өз жауапкершілігіне алғанда, сол кездегі оппозициялық және де өздерін демократиялық үрдісте деп санайтын азаматтар тарапынан не қилы сындар айтылды. Олар бұл

авторитаризм, тіпті одан да асқан нәрсе деген сөздерге барды. Алайда, қай істі болмасын уақыт өз елегіне салып, ол тәжірибеде анықталмақ. Бүгінде Елбасының бұл қадамдарының дұрыс болғанына жұртшылықтың көзі анық жетіп отыр. Халықтың экономикалық әл-қуаты жетіліп, көтерілгеннен кейін 2007 жылы Конституцияға өзгерістер енгізілу қажеттілігі туды. Сөйтіп, еліміздің өміріне, қоғам өміріне жаңа саяси күш – партиялардың енуі заңдастырылды. Экономикадан саяси жаңғыртуға көшу мүмкіндігі туған жағдайда, оны іске асыру мақсатында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Парламентке 18 мамырда “Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң жобасын ұсынды, оны депутаттар талқылап, қабылдады, ол заңды 21 мамырда Президент мақұлдап қол қойып бекітті.

Сөйтіп, қоғам өмірінде жаңа кезең басталды. Бұл Заңда Президент, Парламент, Үкімет, жергілікті басқару органдары, мәслихат және партия туралы жаңа толықтырулар жасалды. Бұл мәселелер қоғамда айтылып, талқыланып, талас-пікірлер болып жүр еді, енді құқықтық негізге ие болды. Бұл қоғам өмірінде айшықты бетбұрыс жасады. Заманның өскелең талабына сай саяси жаңғырту осылай жүрді. Осы жерде баса айтатын мәселе – Конституцияға жасаған түзетулер мен толықтырулардың тікелей қоғам ісіне қатыстылығы.

Қоғам ісі Ел, Халық деген түсініктермен нақтыланады. Қоғамның қуаты халықта, қоғам болу да оңай шаруа емес, мемлекеті болып, бірақ қоғамы қалыптаспаған да елдер бар. Қоғам қоғам болуы үшін, оның елдік санасы болуы табиғи жағдай. Бұл тарихи жағдай Астана төрінде “Қазақ елі” монументінде нақтылы шешімін тапқан. Елдік сана – қоғамның бірлік қуатының өлшемі. Осындай мемлекеттің субстанциясы, яғни қоғамға қатысты Президентіміз батыл саяси қадамдар жасап, өзінің реформаторлық кемеңгерлігін танытты.

Тұлға әр ұрпаққа ұстаз болмақ, сондықтан Тұлғаны құрметтеу – әрбір адамның өзін, туған жерін, елін, бүгінгі өмірі мен ертеңгі болашағын құрметтеу. Осы мағынада “Қазақ елі” монументі кешеніндегі Тұңғыш Президенттің барельефінің бейнеленуі де нақтылы тарихи шындықтың көрінісі.

Сонымен бірге айтарым, тұлға дегеніміз кешеден бүгінге, бүгіннен болашаққа жететін хат. Ол ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі. Тұлға халықтың тарихи жады, есі. Ол болмаса тарих жоқ. Ол заманнан заманға ауысатын халқымыздың азбас-тозбас құндылығы. Міне, “Қазақ елі” монументінің қадір-қасиетін осы тұрғыда түсінген абзал.

Тұлғалар болғанда халық өзінің кім екенін, қайдан бастау алатынын және болашағын болжай алмақ. Тұлғаларын ұмытқан халық ел болмай, халық болмай, тобырға айналмақ. Мысалы, әлемге белгілі Латын Америкасында “майя өркениеті” деген бар. Бірақ, бүгінгі майя тайпасының халқы ата-бабасының өркениетінен бейхабар. Ғажап майя өркениетін жасаған тұлғаларын, олармен қоса төл тарихын ұмытқан.

Сол майя өркениетімен уақыт жағынан шамалас, IX-X ғасырларда өмір сүрген Қорқыт баба. Оның “Қайда барсаң Қорқыттың көрі” деген философиясын халық он бір ғасыр бойы ұмытпаған, жадында сақтаған. Ұрпақтан-ұрпаққа құндылық ретінде жеткізіп отырған, сондықтан ғана дана Қорқыт тұлғасы ұмытылмаған, сабақтастық үзілмеген, қазақ халқы – міне, осындай мыңдаған жылдың тарихын да, тарихи тұлғаларын да ұмытпаған халық. Сонда кім дана, Қорқыт ата ма, әлде оны он бір ғасыр бойы жадында сақтаған қазақ халқы ма? Ел данасы – ел есінде, мұндай тарихи жады сақталған халықты керемет деуден басқа сөз жоқ.

Қазақ халқы өз басынан нендей оқиғаларды өткермеді. Табиғатынан төзімді халық бәріне шыдады, бүгінде Қазақ елі болып ренессанстық дәуірін басынан кешіріп, еңселі ел болды.

Қазақ елінің үш бақыты бар. Бірінші бақыты – ата-бабасынан мұра болып қалған кең байтақ, бай атамекені – қазақ даласы. Бұл ұғымға атамекеніміздің жер асты, жер үсті табиғи қазына-байлығы, мыңдаған жылғы тарихы, жыры, дүниетанымы, қайғы-қасіреті, қуанышы, мемлекеті, қалалары, т.б. сыяды.

Екінші бақыты – әлемдік деңгейдегі ойшылы – Абайы. Хакім Абай.

Үшінші бақыты – социализмнен Тәуелсіздікке 1991 жылға аман-есен жеткізіп, өткен он сегіз жылдың ішінде елді өркениетті елдер қатарына қосып, кезінде тарыдай шашылып кеткен қазақтарды ата жұртына жинап, керемет сәулетті жаңа қала Астана салып, елдің шекарасын мәңгілікке құқықтық негізде бекітіп, тақыр жерге тау тұрғызғандай теңдесі жоқ ерлік, яғни мемлекет құрып, әлем жұрты аңтарылып дағдарысқа түскенде, дағдарыстан шығудың кілтін ұсынған, шын мәнінде әлемдік деңгейдегі саяси тұлға, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев!



Бейбіт өмірдің қадірі – әлемдік мәселе. Оны түсіну үшін саяси басшының жаны ізгі болуы керек. Ізгілік аспаннан даяр түсетін қасиет емес, ол – адамның жаратылысымен бірге өсіп-өнетін феномен. Ізгілік жан жылуы, ол адамды келе-келе жомарттыққа, одан көрегендікке, яғни көшбасшылыққа бастамақ. Тарихта ізгілік жолын мақсат еткен саяси тұлға, ел басшысы сирек құбылыс. Қолында әлем бойынша төртінші деңгейдегі ядролық қару тұрып, одан өз еркімен бас тартуы – саяси басшының тек көрегендігі ғана емес, оның жаны ізгі екендігінің айқын көрінісі болатын.

Ақыры, осы ізгілік философиясы Қазақ елінің әлемге атақ-даңқын шығарудың ең дұрыс жолы болып шықты.

Мұны шетелдік саяси сарапшылар “қазақстандық жол” деп атаған еді. Бейбіт өмірді қадірлеу саясаты дегеннің мәнісі осы. Вашингтонда АҚШ Президенті Барак Обама өткізген саммитте, Жеңістің 65 жылдығына орай Мәскеуде Ресей Президенті Дмитрий Медведев өткізген парадта Елбасының ерекше құрметке ие болуы да осы бейбіт өмірді қадірлеу философиясынан туындаған жағдай болатын. Бейбіт өмір сүру адамзаттың асыл арманы. Өкінішке орай, сол арманның кейбір аймақтарда күлі көкке ұшып тұр. Кейбір ел басшылары ядролық қаруға ие болуға жанталасуда, қайсыбіреулері сол ядролық қарумен өзгелерді өзіне қаратып, қажет болса қорқытып ұстамақшы. Бұл адамзаттың ақыл-санасы, дүниетанымы толысқан ХХІ ғасырға тән еместігін Президент саммиттегі сөзінде күллі әлемге жария етті. Онда Елбасы халықаралық қоғамдастыққа маңызды төрт ұсыныс енгізді.

Біріншіден, біздің еліміз уранның ірі өндірушісі ретінде әрі жоғары байытылған уранды төмен байытылған формасына қайта өңдеу мүмкіндігіне ие бола отырып, бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға өз үлесін қосу ниетінде.

Екіншіден, біз ядролық қарусыз аймақтар үшін, қатысушы елдердің қауіпсіздігіне теріс кепілдіктерді қоса алғанда, халықаралық-құқықтық нормалар қабылдау қажет деп санаймыз.

Үшіншіден, біз Әскери мақсатта бөлшектенетін материалдарды өндіруге тыйым салу туралы шартты жедел қабылдау қажеттігіне сенімдіміз.

Төртіншіден, біз Ядролық сынақтарға баршаны қамтитын тыйым салу туралы шарттың іс-әрекетке кірісуі тәуелді болатын барлық мемлекеттерді оны ратификациялауға шақырамыз және Президент Барак Обаманың аталған шартты Сенаттың бекітуіне ұсыну шешімін құптаймыз дей келе, мұның өтеуіне “Қауіпсіздік Кеңесі қуаттайтын, бүкіл “Ядролық клубтан” оларға ядролық қаруды қолданбау және шабуыл жағдайында қорғау кепілін алуы тиіс. Бұл үдеріске біріккісі келмейтін елдерге қатысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі санкциялар мен мәжбүрлеуге дейінгі шешуші шаралар қолдануы тиіс”, – деп ойын тұжырымдады.

Елбасы ядролық қарудан бас тартуды күн тәртібіне қойып отыр. Мұндай ынта әдетте жеке адамдардан шығатын, ал бұл жерде жаңадан мемлекеттік құрып жатқан елдің Президентінен мұндай қарекеттің болуы әлем жұртшылығы үшін тосын оқиға болып отыр.

Жанталаса қарулану ешқашан да жақсылыққа бастамайтын саясат. Алайда, амал қанша, бүгінгі әлем шындығы – жанталаса қарулануға тіреліп тұр. Саяси ойыншылар, басқа да өктемдікті жақтаушы күштер үшін дүниенің бейбіт болуынан текетірес болғаны қолайлы. Өкінішті, бірақ басқа амалдардың шешімдері тым күрделі болып тұр. Күні кеше дүние негізінен екіге жарылып, капиталистік және социалистік лагерьлер қарама-қайшылығы сол кездегі заман мазмұнын айқындаса, бүгінде социалистік

лагерь күйрегенімен әлемде өзге проблемалар туындады, оның айтулысы – лаңкестік әрекеттер. Бұл ұлттық шаралардан өтіп, әлемге кеңінен жайылып бара жатқан қауіпті дерт. Президент Нұрсұлтан Назарбаев саммиттегі сөзінде ядролық қарудың сол лаңкестер қолына түсіп қалу қаупінен сақтандырды. Ядролық клуб мүшелерінің бір-бірін біліп, әрекеттерін айқындап отыруы қажеттілік. Міне, осындай жағдайда бейбіт өмір қадірі сақталынбақ.

Саяси тұлға ретінде Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік қауымдастыққа үнемі жаңаша ойлау үлгісін ұсынумен келеді. Соның алғашқысы – 1991 жылдың 29 тамызында өз жарлығымен ядролық қарудан бас тартуы. Бұл күн біздің елдің ұсынуы бойынша БҰҰ-ның шешімімен ядролық қарусыздану күні болып анықталды. Бұл қадамның әлемдік мәнісі бүгінде мейлінше айқындалып, өзге ядролық қаруы бар немесе оған ұмтылған елдерге үлгі болып отыр. Ядролық қару ізгі ниеттегі адамдарға терең ой салды. Ағылшын қоғам қайраткері, ғалым, философы Бертран Рассел былай деп еді: “Мен сіздердің алдарыңызда ағылшын да, еуропалық та емес, Батыс демократиясының өкілі де емес, бұдан әрі өмір сүруіне қатер төнген адамзат ұрпағының өкілі ретінде сөйлеп тұрмын. Бүкіл әлем қайшылықтарға толы: дүниеде арабтар мен еврейлер, үнділер мен пәкстандықтар, Африкада ақ нәсілдер мен негрлер, қала берді, коммунизм мен антикоммунизм арасындағы алапат тартыстар жүріп жатыр. Әрбір саяси саналы адам қазіргі жағдайда, мүмкіндік болғанша, осы қарама-қарсы күштердің бір жағына шығып кетпек, тамаша биологиялық тарихы бар жан иесінің өкілі ретінде іс-әрекет жасап, өзінің жойылып кетпеуіне күш жұмсау керек. Жер бетіндегі барша халыққа біркелкі қауіп-қатер төніп тұр (астын сызған автор – F.E.). Тек соны түсіну қажет. Сол үшін бәріміз бірігіп, тізе қосып, күш жұмсап, апаттан аман сақтаудың жолын іздестіргеніміз жөн”.

1955 жылы Лондонда қабылданған Рассел-Эйнштейн манифесінің қарарында мынандай сөздер жазылған еді: “Келешекте әлемдік соғыста ядролық қарудың міндетті түрде қолданылатынына және бұл қарудың адамзат өміріне қауіп тудыратынына байланысты, біз барлық елдің басшылары мемлекеттер арасында-ғы дау-дамайлар әлемдік соғыс ашу жолымен шешілмейтіндігін түсініп, мәлімдеме жасаулары керек деп ақыл айтамыз. Барлық талас туғызатын мәселелерді шешудің бейбіт амалын табуларын талап етеміз”.

Бертран Рассел, Альберт Эйнштейн сияқты ғалымдар адамзатқа төнген қауіпті гуманитарлық мәселе негізінде қарастырса, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бұл істе батыл саяси шешімге барған әлемдегі жалғыз Тұлға.

Елбасының жаңаша ойлау үлгілері, оның әлемдік қаржы дағдарысына қатысты жазған мақалаларынан айқын көрініс тапты.

Бірінші мақала “Дағдарыстан шығу кілті” деген атпен “Российская газетада” (02.02.2009) жарық көрді. Бұл мақалада қалыптасқан дәстүрлі, күні өткен түсініктерге талдау жасалып, мүлдем тың ұсыныстар айтылды.

Ол туралы мен арнайы екі мақала жазғанмын (Акме-қоғам – “Нұқ кемесі”. “Егемен Қазақстан” газеті. 27.02.2009; Акме-қоғам болмысы. “Егемен Қазақстан” газеті. 18.03.2009).

Елбасының екінші мақаласы – “Бесінші жол” “Известия” газетінде (22.09.2009) жарияланды. Бұл мақаладағы тылған ойларға, ұсыныстарға әлемдік қауымдастық үн қатуда, бұл үрдіс әлі де бола бермек (“Бесінші жол” – елдік рух философиясы. “Егемен Қазақстан” газеті. 21.10.2009).

Енді, міне, “ЕҚЫҰ тағдыры және перспективалары” деген мақаласы “Известия” газетінде (29.01.2010) жарық көрді. Мұндағы идеялар Вашингтонда өткен саммитте өз өрістерін тапты.

Бұл мақалаларды мұқият оқыған адам қазіргі әлем және Қазақ елі туралы жүйелі ойлар желісіне тап болады. Қазіргі заманды түсіну үшін автор алғашқы мақаласында мүлдем жаңа өлшем қажет деп еді. Расы сол, қоғам, мемлекет, нарық, демократия деген келелі ұғымдарға жаңа көзқарас қажет. Оларды осы мақалалардан табуға болады, сондықтан отандық қоғамдық, гуманитарлық білім салаларына, “Адам және қоғам” атты мектеп оқулықтарына осы жаңа көзқарастарды енгізіп, көпшілік зердесіне ұсынатын қажеттіліктің барлығын айтқым келеді.



Заман өтер, сол кезде Елбасы кім болды, оның төңірегі, замандастары кімдер болды, олар не айтты екен дегенде, осы айтылып отырған сөздерді де теріп алып, келер ұрпақ талқыға, дискурске салар, ойланар, мүмкін қалайша коммунистік режім болған қоғамнан қысқа арада тәуелсіз Қазақ елінің өсіп-шыққаны, оның көшбасшысының әлемдік саясатқа белсенді араласқанына таң қалар. Ұрпақтардың не айтарын дөп басып білу қиын шаруа, бірақ біздің ғасырлар тоғысында, құндылықтар алмасу заманында өмір сүргеніміз оларды ойландыраар. Қайсысы заман сөзі, қайсысы мәңгілікке қатысты сөздер, оны да келер ұрпақ өз санасына салар. Осы тұрғыда ойлансақ, Елбасының “Қазақстан-2030” Бағдарламасы тарих, Қазақ елі үшін аса маңызды, құнды құжат. Мәселе не туралы дегенде

айтарым, Нарық өрісіне, Тәуелсіздік кеңістігіне енген ұрпақ, міне, құдай қаласа, жиырма жасқа толмақ. Бұл ұрпақтың алғашқы легі студенттер қатарына өтті, отбасын құрып үлгергендері де бар. Елбасының “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауында 2010 жылға дейінгі Қазақ елінің іске асатын мүмкіндіктері дегенде, соны орындаушы осы ұрпақ, себебі ол 2020 жылы “орда бұзатын” отыз жасқа толмақ, 2030 жылы “қамал алатын” қырық жасқа жетіп, ел тізгінін өз қолдарына алмақ. Қазақ елі – социализмді көрмеген, жаны, рухы жараланбаған, біз көрген қиыншылықтардың бірін басынан өткермеген ұрпақтың қолына өтпек. Бұл қуанышты жағдай. Бұл кездегі өркениеттік, демократиялық үрдістер де өзгешелеу бола бастамақ. Біздің қазіргі қайрат-жігеріміз, еңбегіміз сол заманға даярлықтар жасау, бір сөзбен айтқанда – ұрпақ қамы. Бұл дерексіз ұғым емес, сол ұрпақтың өкілдері әр отбасында бүгінде бізбен бірге ғұмыр кешуде. Олар бізден, аға, ата ұрпақтан нелер алып, нелерді мансұқ етулері мүмкін. Бүгінде бұл мәселе туралы дәл айту қиын. Қазақ айтады “не ексең, соны орасың” – деп, ендігі он жылда жастар бойында нендей қасиеттер болмақ дегенде айтарым, оны көргің келсе, балабақшадағы тәрбиеленіп жатқан, отбасында өсіп келе жатқан бүлдіршіндерге назар сал. Осы тұста Елбасы сарабалдығының бірі – “Балапан” бағдарламасын қабылдауы. “Балапан” бағдарламасы ұрпақтар сабақтастығының өзегі екенін естен шығармаған жөн. Ұрпақтар сабақтастығын сақтайтын осы немере-ұрпақ.

Тарих, тарихи сана көп жағдайда ұрпақтар алмасуымен өлшеніп қана қоймайды, ол ұрпақтардың сабақтастығының өзекті арнасы болмақ. Бүгінде, қазіргі егеменді Қазақ елінде үш ұрпақтың өкілдері бас қосып, бірге ғұмыр кешуде. Олар ХХ ғасыр жүгін арқалаған, социализмді көзімен ғана көрмей, оның да жүгін арқалаған аға ұрпақ, тәрбие, білім, ғылым, өмірлік тәжірибесі өткен ғасырда қалыптасып үлгерген орта буын және ғасырлар тоғысында Тәуелсіздік және Нарық заманында өмірге келіп, тәрбие, білімді жаңа дәуірде алған, желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақ.

Айтпағым, өмір осы жастардікі. Хакім Абай “жастарға жаппас жала жоқ”, – деп, жастар туралы жеңіл-желпі сөз айтудан сақтандырған. Жастар бойында өмірге деген құштарлық бар, мен оны даналық деймін, бірақ ол әлі сабырға түсіп, арнасын таппаған даналық, ол үшін өмір сүру тәжірибесі, ұрпақтар сабақтастығы керек. Бүгінгі егемендік болмыстың өзі керемет өнеге. Бұл заман қазақтың бұрын-соңды болып көрмеген Алтын ғасыры, оны біз, аға ұрпақ анық білеміз, енді оны жас ұрпақ жанымен сезінгені керек.

Ұрпақтар сабақтастығы дегенде, есіме Иван Сергеевич Тургеневтің “Әкелер мен балалар” деген романы түсіп отыр. Онда әкелер мен балалар арасынан ұрпақтар қақтығысын анықтап, соны әлеуметтік мәселе етіп көрсетіп еді, ол біздің қазақ қоғамына еніп, тәрбие ісінде кері әсер еткенін айтуым керек.

Қазақ тұрмысында әкелер мен балалар арасында ымыраға келмейтін қайшылықтар болмаған. Әрине, түсінбестіктер болған, ол шешімін тауып

отырған. Қазақта балаға әке баға жетпес құндылық. Әке сөзі – орындалатын, көп талас тудырмайтын жай. Бала әкеге сыншы емес, аралары тым жақын. Ал ата мен немере арасы өзге өлшемді қажет етеді, себебі арада кемі 40 жыл, әрісі 50 жыл. Махмұт Қашқари “Түрік сөздігінде”: “Қырық жылда бай кедей болады, кедей бай болады”, – дейді. Қазақ “Елу жылда ел жаңа”, – дейді. Міне, ол ата мен немере арасы. Осы уақытта заман өзгереді, құндылықтар ауысады, саясат өзгереді, адамның күнкөріс тәсілі әрі тәртібі өзгереді, сол кезде бай кедей, кедей бай болмақ, елу жылда ел жаңа болмақ. Мұның бәрі Елбасы қабылдаған “Қазақстан-2030” Бағдарламасына қатысты туған ойлар.

Алдымызда тәуелсіздіктің жиырма жылдық мерейтойы тұр. Бұл айтулы оқиға болмақ. Арман болған шындықтың өзіне жиырма жыл толмақ. Бұл, әділін айтқанда, тәуелсіздігімізге сын болған жылдар еді. Тәубе, сол сыннан ел болып, халық болып өтіп келеміз. Бұл істе, әрине, көшбасшы тұлғаның орны ерекше. Түркия елінде бір іссапармен болғанымда, ондағы ағайындар Елбасына сүйіспеншілігін білдіріп:

– Тұлға деген халықтың қуатын, ерік-жігерін, болашаққа ұмтылысын іске асыра алатын көшбасшы, ондай адам сіздерде бар, ол сіздердің тұңғыш Президенттеріңіз Нұрсұлтан Назарбаев, – деп еді.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы қай елде, қай жерде болмасын, естіген сөздерім осындай мазмұнды әрі мағыналы. Басқадай болуы да мүмкін емес, себебі жиырма жылға толғалы отырған тәуелсіздігіміздің, яғни Қазақ елінің тарихы мен Елбасының саяси қызметінің тарихы бір. Қазақ елінің жүріп өткен тарихының қай беттерін ашсаңыз да, одан Президенттің тұлғасын көресіз. Біз, қазақ халқы және қазақстандықтар, 1991 жылдан бастап жеңіл тұрмыс кешкеніміз жоқ. Бүгінде сол қиыншылықтар-дың дені ұмыт бола бастады. Ауыр күндер, ауыр жылдарды әрбір отбасы басынан кешірді, мен де көптің бірі болып оларды өз басымнан өткерген, сол замандағы қоғамдық өмірге өзімше араласқан жанның бірімін. Қазіргі самайлары қылаң тартқандардың бәрі осындай әлеуметтік тәжірибеден өтті. Алайда қазақтарды қиыншылықтар жеңе алмады, керісінше, қазақтар қиыншылықта шыңдалды, оны еңсеруді үйренді, осы істе халық өз көшбасшысы Елбасымен әманда бірге болды. Осы елдің болашағы қалай болар екен деген сырт көз болатыны белгілі. Социализм өзі кеткенімен, ауыр дертін қалдырды. Кезіндегі біртұтас кеңестік халық шаруашылығы күйреді, орталықтан басқару және игілікті бөліп беріп отыру жүйесі келмеске кетті. Қолында барларын арқалап, біршама жұрт өзге елдерге үдере көшті. Кеңестік идеология шешудің орнына, әбден ушықтырған ұлт мәселесі қалды. Желөкпе әлдекімдер ұлт мәселесін саудаға салып, елімізде “саяси театр” ашуға әрекеттенді, бірақ одан түк шықпады. Осы тұста Президент екі саяси тарихи шешімге келді, оларды сарабалдықпен сезіне біліп, іске оңтайлы асырғанын бүгінгі шындық дәлелдеп отыр.

Біріншісі, ұлт мәселесін шешуде, әлемде жоқ үлгі – халық Ассамблеясын құрды. Ұлттық сезім – нәзік әрі кінәмшіл. Әділеттілік

бұзылған елде, ол бірден алға шыға келеді. Дер кезінде аңғарып, соған сай іс-шара жүргізілмесе, ол тобырлық психология арнасына түсіп кете бермек. Ондай жағдайлар адамзат тарихында талай орын алған, бүгінде кейбір әлем аймақтарында бұл мәселе ушығып тұрғанын естіп, көріп, біліп, оқып отырмыз. Ақпараттық қоғам жағдайында мұндай мәселелер мүлдем шиеленісіп, әлдекімдердің саяси ойын алаңына айналып шыға келуі таңғаларлық іс емес. Осындай қоғамда болатын ахуалды сарабалдықпен сезінген Елбасы, ешбір елде болмаған қоғамдық институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, этносаралық қатынастарды жетілдіруде жемісті істерге толы іс бастады.

1991 жылғы Қазақ елінде Тәуелсіздіктің жариялануы ұлт мәселесінің саяси шешімі болатын. Егемен ел атану, оны әлем елдері мойындауы, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы ұлт мәселесінің түпкілікті шешімі еді. Енді ұлт мәселесі өзінің бұрынғы мән-мазмұнын жойды, ол өзге сапаға көшті. Қазақ халқы ұлттық дәуірінен елдік дәуіріне өтті, сөйтіп Қазақ елі атанды, өзге ұлттардың өкілдері де егемен елдің азаматтары ретінде бізбен бірге мемлекет құру ісіне кіріскені де шындық. Ендеше, Қазақ елінің азаматтары өзге этнос өкілдерімен қалай, қандай деңгейде бірге өмір сүруі керек еді, оның шешімі табылды, “бір ел – бір тағдыр” негізінде бірге этносаралық өмір сүру тәжірибесін әрі мәдениетін қалыптастырдық. Бұл этносаралық келісім “Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы” Заңда құқықтық негізге ие болды. Бұл тұжырым “Тәуелсіздік орнығуының ең қиын жылдарында халықтың кемелдігі мен елдің Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қайраткерлігі нәтижесінде Қазақстанда этносаралық жанжал мен қоғамның бөлінуіне жол берілген жоқ”, – деп Қазақстанның ел бірлігі доктринасында орынды баяндалған.

Екіншісі – елдің солтүстік аймағын нығайтудағы Астана салу идеясы. Астана – жаңа Қазақстанның символы. Ол туралы Астананың он жылдық мерекесінде Ресейдің Президенті Дмитрий Медведев былай деген еді:

“Астана қаласының тарихы біздің екі елдің тағдырымен тығыз байланысты екендігі жасырын емес. Ал қаланың болашағы ең ауқымды жобалар мен ең шабытты мақсаттарға ұмтылған. Бұл ұмтылыстардан біз көптеген ұқсас жолдар мен жаңа біріккен міндеттерді көреміз.

Осы жерде көз алдымызда елдің жаңа келбеті қалыптасып, оның жаңаша тарихы жазылуда. Астана өз мерекесін жоғары экономикалық даму қарқыны мен жетілген әлеуметтік саясатын көрсете отырып, тамаша жетістіктерімен қарсы алуда.

Осындай жоғары көрсеткіштердің артында Қазақстан халқының және әрине, оның лидері, Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың зор еңбегі тұрғаны сөзсіз. Ол кісінің бұл қалаға жай еңбегін ғана емес, жанын салғанын бәріміз білеміз. Бүгінде, турасын айту керек, Астана – оның өз туған баласы, оның үлкен жетістігі және күмәнсіз мақтанышы”.

Ресей Президентінің сөзі, есіме Филипп Македонский мен Александр Македонский арасындағы әңгімені түсіріп отыр. Баласының әлемге көз салып, ересен билікке құмартқанын сезген әкесі Александрға:

– Ең алдымен Афина туралы ойла. Афина ел емес, қала емес, ол Идея. Егер Афинаны алсаң, дүниені билегенің, – деген екен.

Расында Александр Македонскийдің атағын әлемге Афина шығарды, себебі ол әке өсиетін орындап, Афинаны идея деп қабылдады.

Астанасыз бүгінде Қазақ елін, оның болашағын айту мүмкін емес. Астана – Қазақ елінің ұлттық идеясы! Астана Қазақ елінің экономикалық, әлеуметтік, рухани, демографиялық мәселелерін күрт әрі сапалы дәрежеге жеткізе өзгертті. Астана миллиондаған қазақтардың арманына айналды. Бұл қалада жаңа қазақстандықтар қалыптасып өсіп келеді. Он жыл ішінде бұл өңірге жарты миллионнан аса адам көшіп келіп, қоныс теуіп, жаңа азаматтық, туыстық негізде бауырлас халық қалыптасты. Қала жастар қаласы, демек ол болашақ туралы таусылмас жыр. Мыңдаған жастар осы қалада бақытын тауып, армандарына жетіп жатқанын кім жоққа шығармақ?

Ал Астана арқылы еліміздің солтүстік іргесі мәңгілікке нығайды десем, ол да заман шындығы. Еліміздің астықты алтын аймағына көз тігушілік, бүгінде саяси ойынның күн тәртібінен түскені баршамызға аян.

Қазақ әр төбенің өз биігі бар дейді. Әділ сөз. Сөз айтудың да биігі бар, оны халық парасаттылық деп дәл айтқан. Парасаттылық өмір сүру тәжірибесінен шықпақ. Психологтар айтады, көсем адам көпшілік сөзімен жүрмейді, ол көпшіліктің көңілін өзіне бұрғызады деп. Осы психологиялық мінездеме Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа әбден келеді. Мысалы, қазіргі әрқилы сөз болып жатқан Кеден одағы туралы әңгіме. Бұл нарықтың өсіп-өніп, сапаның жетілуіне, елдің ширауына, ашық бәсекеге түсе білу қабілетін жетілдіру үшін жасалып отырған – алаң. Саяси жағынан мінсіз, ал оның мәселесі осы мүмкіндікті іске асыру технологиясында, ол үкіметтің жауапты қызметкерінің сапалы түрде іске асыра алу қабілеттілігінде. Мүмкіндікті шындыққа асыру осал шаруа емес, қоғамдағы күдіктің мәнісі осында. Сондықтан, Тұлғаны қадірлеу, құрметтеу тек сөз емес, істі қажет етпек. Тұлға ұсынған сара бағытты жүргізе білу – Елбасына деген нағыз құрмет.

Қазақстан Республикасы – жаңғырған Ренессанстық мемлекет, оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев – Ренессанстық Тұлға. Ренессанс заманы алыптарды туғызатыны рас болса, сондай айрықша тұлға – Президент Нұрсұлтан Назарбаев. Ол деген сөз халық бойындағы асыл мұраттардың өркениеттердің тоғысу дәуірінде, информациялық қоғам заманында тарихи тұлғаға қажеттіліктен туған құбылыс. Сондықтан да бүгінгі егеменді Қазақстанның жағдайы нағыз Ренессанс заманы.

Ендігі жерде Қазақ елінің осы Ренессанс заманына, оның Болашағына сенім керек. Ондай сенім бар, ол – Қазақ елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі сенетін туған халқы және халқының өзіне деген сенімі.



“ТЫНЫШТЫҚТЫ АЛТЫНҒА ДА САТЫП АЛА АЛМАЙСЫҢ”

Сағынбек Тұрсынов,
*Парламент Мәжілісінің депутаты,
Төтенше және өкілетті елші.*

Егемен Қазақстан, 15 мамыр 2010 ж., <http://www.egemen.kz/>

Тағдыр біздің ұрпаққа ғасырлар тоғысында, түрлі қоғамдық өзгерістерді бастан кешуді, кеңестік жүйеде өмір сүріп, одан кейін жеке, дербес мемлекетіміздің іргетасын қалауды, оның алғаш өмірге келген сәтінен бүгінге дейінгі өткен жолын біте қайнасып бірге жүріп өтуді бұйырыпты. Біз соңғы жиырма жылда еліміз үшін ғасырға бергісіз тарихи оқиғаларды бастан өткердік деп айтып жүрміз. Иә, ол рас. Мұның бәрі тарих, мұның бәрі келер ұрпаққа мұра.

Әркімнің де өмірінде сірә да естен кетпейтін елеулі сәттері болады. Менің өмірімдегі сондай сәулелі сәттердің біразы Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты.

“Жақсының өзінен бұрын аты жетеді” деген ғой дана халқымыз. Сол айтқандай, мен Нұрсұлтан Әбішұлын көрмей тұрып, оның атына сырттай қанық едім. Қарағанды облысының Ульянов ауданындағы “Көктал” совхозына жаңа ғана директор болып тағайындалған кезім еді. 1979 жылдың аяғы, 1980 жылдың басы. Көрші совхоздардың үш бөлімшесінен құрылған он екі де бір нұсқасы жоқ жаңа шаруашылық не үй, не отыратын қызмет орны, не мектеп, не балабақша, не қызметкерлер тұратын үй, не дәрігерлік пункт жоқ, тіпті кадр да жасақталмаған шаруашылық екен. Ол кезде партия айтты бітті деп, жіберген жеріне бара беретін заман ғой. Содан аудан басшылары да “Сен жассың, осы совхозға басшылыққа қойылдың, енді барлығын өзің шешуің керек” деген сыңай танытты. Содан ойпыр-ай, мына қиындықтардан қалай шықсақ екен деп дел-сал болып жүрген сәтте, “Жыртық үйдің құдайы бар” демекші, “Қарағанды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды”, – деп ел дүр ете қалды. Себебі, елге өзінен бұрын аты жеткен Нұрсұлтан Әбішұлы жалыны мол, қуаты зор, жас бола тұра аса парасатты, асқан іскер басшы деген халықтың бағасы ел құлағын елендетіп тұрған кез болатын. Нұрсұлтан Әбішұлы жаңа қызметіне келе сала облыс бойынша көптеген, бәлен жылдан шешімін тосып жүрген мәселелердің бәрін шеше бастаған.

Мен бірден өзім басқарып жүрген шаруашылығымның жағдайын айтып, көмек сұрайын, әйтпесе мына қыстың үскірік аязынан және жаңа құрылған совхоздың толып жатқан қиындықтарынан абыроймен шығу оңайға түспейтініне әбден көзім жетіп, Н.Ә.Назарбаевтың қабылдауына баруға бел будым.

Содан бір ыңғайы келіп, облыстық партия комитетінің ауылшаруашылық хатшысы В.Г.Ануфриевке осы өтінішімді айтып едім, ол кісі бірден “Не үшін барасың? Бәрін өзіміз шешеміз, көмектесеміз”, – деп ауданның басшыларына тапсырма бере бастады. “Нұрсұлтан Әбішұлына кіріп шығайын және жаңа шаруашылыққа көмек сұрайын”, – деп едім, “Өзім айтам ол кісіге, келесі жылы кірерсің” деп, азар да безер болды. Содан В.Г.Ануфриев менің мәселемнің біразына тікелей көңіл аударып, аудан басшылары да көмектесіп, жолым оңынан бола бастады.

Сол кезде облыс бойынша шаруашылық пен өндіріс қана емес, кадр мәселесі де Нұрекеннің қолында болды. Қарағанды қаласында ол уақытта қазақтардың үлес салмағы бар болғаны жеті пайыз төңірегінде ғана еді де, облыстағы қазақтың саны он екі-ақ пайыз болатын. Ал басшылық жұмыстардағы қазақтар саусақпен санарлық. Сонау Соломенцевтердің заманынан бастап сол аз басшылардың өзін тұқыртып, ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап, олардың еңсесін езіп тастаған-ды. Нұрсұлтан Әбішұлы басқа ұлт өкілдерін қолдай отырып, қазақтың да ақылды, іскер, білімді жігіттерін біртіндеп үлкен қызметтерге араластыра бастады. Бүгінде олардың басым бөлігі мемлекетіміздің нығаюы мен еліміздің болашағы жолында тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүр.

Кеңес Одағы құлап, мемлекетіміз тәуелсіздігін алуға бет бұрған сәт. Сол кезде мен Талдықорған облысының басшысы едім. “Жас отаудың жоғы көп” демекші, 90-шы жылдар біз үшін аумалы-төкпелі, барымыздан жоғымыз көп, қиын-қыстау кез еді. Халық тұтынатын тауарлар жоқтың қасы. Тіптен, сабын да жоқ, кір жуатын ұнтақ та жоқ, қант та жоқ, өсімдік майы және халық тұтынатын тауарлар тапшы. Енді осы тығырықтан шығу қажет болды. Елбасымен ақылдасып, Жаркент және Алакөлде екі еркін экономикалық аймақ құрдық. Облыстың Қытай елімен шекарада тұрғанын пайдаланып, олардан қант алып, оны Ресейге, Нижний Новгород пен Омбыға жіберіп, олардан халыққа қажетті тауарлар алып, әрекет ете бастадық. Түскен пайданы бюджеттен тыс қорға шоғырландырып, сол арқылы облыстағы жағдайлары төмен отбасыларына, мүгедектерге, зейнеткерлерге, тіптен студенттерге жәрдем бере бастадық. Міне, осындай тығырықтан шығу жолын іздеген кезімізде Елбасымыздан үлкен қолдау таптық.

Талдықорған облысы көп ұлтты аймақ. Сондықтан да ол жердегі ел тыныштығын сақтау, ұлтаралық келіспеушілікті болдырмау басты мақсатымыз еді. Осы мәселені дұрыс жолға қою үшін 1990 жылы жергілікті халықтар достастығы форумын құрдық. Сол форумның екі жылдығын атап өткелі жатқанымызда аяқ астынан Елбасы облысымызға келе қалды. Жоспарланбаған жағдай еді. Елбасынан сол жиынға қатысуын

өтіндім. Мереке басталып кетті, халық жиналып қалған еді. Әр ұлт өз өнерлерін көрсетіп, ұлттық дастарқандарын жайып, ортақ мереке жасап жатқан. Бұл еліміздегі көп ұлттың басын біріктіруге, достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған бастама еді. Жиналған жұрт күтпеген жерден Елбасын көріп, бір жағынан таңданып, мәре-сәре болды да қалды. “Президент те келіпті ғой!” деді де Нұрсұлтан Әбішұлын көтеріп ала жөнелгені бар емес пе?!

Тарихта белгілі бір тұлғалардың есімімен тығыз байланысты, бір елдің, бір мемлекеттің, тіпті адамзаттың дамуының тағдырын шешкен оқиғалар аз емес. Сол сияқты аумалы-төкпелі заманда елімізді Нұрсұлтан Назарбаевтай басшы басқармағанда Қазақстан қандай болар еді? Жиырма жыл бойы ел ынтымағы сақталып, барлық ұлттардың бір үйдің баласындай сүттей ұйып отырғанының өзі зор жетістік. Қарабақ, Украина, Грузия, Қырғызстандағы қанды оқиғаларға қарап отырып, еліміздегі сан ұлт өкілдерінің осы тыныштығына тәубе дейміз. Сондай-ақ еліміздің ЕҚЫҰ-ға мүше болуы және мүше болып қана қоймай төрағалық етуінің өзі – үлкен тарихи оқиға. Оған қоса Біріккен Ұлттар Ұйымына, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, ЕурАзия экономикалық ынтымақтастық ұйымына, Түркісой сияқты ұйымдарға мүше болар ма едік? Егер Нұрсұлтан Назарбаев әлем бойынша ең алдыңғы қатарлы қуаты бар ядролық қарудан бас тартпағанда жағдай қалай болар еді? Қазақстан дәл бүгінгідей тыныштық пен дамудың аралына айнала алар ма еді?..

Мен бірнеше шет мемлекеттерде Қазақстанның Төтенше және өкілетті елшісі болып 12 жылдан астам қызмет атқардым. Сондықтан да көптеген елдердің президенттері бас қосқан жиындарда Елбасының қасында болуға тура келді. Бүгінгідей Қазақстанды әлем таныған кез емес, сонау 90-шы жылдардың өзінде ірі басқосуларда президенттер легінің алдында көбінесе Қытайдың, АҚШ-тың, Ресейдің және Қазақстанның президенттері келе жататын. Нұрсұлтан Әбішұлы алпауыт державалардың президенттерін аузына қаратып, түрлі әзіл-қалжыңын айтып күлдіріп, ұтқыр ойларымен тәнті етіп келе жатқанына талай рет куә болдық. Сонда сырттан қарап тұрған біздердің жүрегімізге қуаныш ұялап, қазақ екенімізге, Қазақстан мемлекетіміз, осындай Елбасымыз бар екеніне қалайша мақтанып, масаттанбасқа?! Бүгінде еліміз әлем картасында ойып тұрып орын алған, өркениетті мемлекет, мәдениеті бай, интеллектуалдық әлеуеті жоғары адамдардың Отаны екенін әлем мойындады. Бұл жетістіктерге Елбасының жеке басының қосқан үлесінің зор екенін біреу жоққа шығара ала ма? Әрине, жоқ.

Осы жерде мен Нұрсұлтан Әбішұлының шет мемлекеттерге сапары кезінде шет елдіктердің оны қалай құрметтейтіндігіне куә болған біраз оқиғаларды еске алғым келіп отыр. Австрияда елші болып жүргенімде Португалияда ЕҚЫҰ-ның үлкен басқосуы өтіп, оған көптеген елдің президенттері жиналды. Мен ЕҚЫҰ-да да елшілік қызмет атқаратынымын. Бұл 1996 жылдың желтоқсаны болатын. Осы басқосуға орай еліміздің имиджін көтеру мақсатында өзге елдердің елшілерімен, басқа да тиісті

органдарымен айтарлықтай шаруа атқаруға тура келді. Әрине, сол кездің өзінде Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі артып, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы да шетелдерде айтарлықтай танымалдылыққа жетіп қалған еді. Міне, осындай іс-шаралардың нәтижесінде Қазақстан басшысы бірінші күнгі отырыстың екінші жартысын бастан-аяқ өзі жүргізіп, алғашқылар қатарында үзіліске дейін сөз сөйледі. Бұл біріншіден, еліміз үшін, екіншіден, біздер үшін де үлкен абырой болды.

2000 жылдың ақпанында ЕҚЫҰ-ның кезекті жиынына қатысу үшін Венаға Н.Ә.Назарбаев келеді деген елден хабар алып, елшіліктің қызу дайындалып жатқан кезі еді. Қызмет телефоным шыр ете түсті де арғы жақтан: “Қазір сізді Елбасымен жалғаймыз,” – деді. “Мына жақта жігіттердің біреулері жиынға барыңыз, біреулері бармаңыз дейді. Сен қалай ойлайсың, Сағынбек?” – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Мен: “Сіз келсеңіз, бұл жақтағылар Сізді ғана емес, бүкіл Қазақстанды мойындап, тәнті болар еді. Өйткені, Қазақстанның саяси және экономикалық реформалардағы қол жеткен жетістігі туралы Сізден артық ешкім айтып бере алмайды. Келгеніңіз өте дұрыс болар еді. Бұлар Сіз келеді деп қатты дайындалып жатыр”, – дедім. Шыны керек, сол кезде ЕҚЫҰ-ның кейбір қызметкерлерінің Қазақстанға кейбір мәселелер бойынша сын айтып жүрген кезі еді. Түймедейді түйедей етіп, бұқаралық ақпарат құралдары бетінде бұл жәйт жаппай жазылып жатқан болатын. Бірақ, бұл сын ЕҚЫҰ-ның емес, осы ұйымның жекелеген адамдарының ғана пікірі болатын.

Сөйтіп, құрамында сол кездегі Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы М.Тәжин, Сыртқы істер министрі Е.Ыдырысов, Орталық сайлау комиссиясының төрайымы З.Балиева, тағы да бірнеше жауапты мемлекет қызметкерлері бар, Елбасымыз бастаған делегация Венаға келе қалды. Осы жерде беделді Ұйым Қазақстанды сынады-ау деген алып-қашпа пікірлер де болғанын жасырмаймын. Алайда, біздің Президентіміз бұл пікірді жоққа шығарып, бәрін өз орнына қойып, барлық аудиторияны өзіне бірден баурап алған еді.

Осы халықаралық жиыннан кейін Нұрсұлтан Әбішұлының Австрия президентімен, канцлерімен жеке кездесулері болды. Олардың біздің Елбасына құрмет көрсеткені соншалық, өз мемлекетінің ең жоғарғы орденімен марапаттап, Елбасымызды 2000 жылдыққа арналған мың жылда бір-ақ рет болатын мерейтойлық “Вена балына” шақырды. Ол дәстүрлі мерекеде Еуроодақ басшылары сұранып, қол жеткізе алмаған Австрия президентінің лоджасында Қазақстан Президенті ғана үлкен құрметпен отырғанда, көкірегімізді кернеген қуаныш соншалық, төбеміз көкке жеткендей болдық. Қай уақытта Қазақ елі осындай құрметке жетіп еді?!

Қазақстан Президентінің бұл сапары осы халықаралық ұйымға Төраға болып, қазіргідей халықаралық абыройлы болуымызға жол ашып берді. Мұндай баққа тек тәубе дегеннен басқа не айтуға болады? Осының бәрі ұзағынан болғай.

Шет елде қызмет бабымен жүргенде байқағаным, Нұрсұлтан Әбішұлының өте бір ерекше қабілеті мен қасиеті қай елдің болмасын

басшыларын аузына қаратып, өзіне баурап алатындығы дер едім. “Ханның басында мың адамның ақылы бар” дегендей, Елбасымыз өзінің білімділігімен, тектілігімен, ұшқыр ойымен, әзіл-қалжыңымен небір жоғары деңгейдегі басшыларды аузына қаратып, мойындататынына көзім жетіп жүрді. Нағыз елдің қамын ойлаған саясаткер үшін бұл таптырмайтын ұтымды қасиет екенінде дау жоқ. Осылайша ол өзін ғана емес, бүкіл Қазақ елін әлемге мойындатты.

Шет елдерде тағы бір байқағаным: көптеген шет мемлекеттер басшылары Президентімізге құрметпен қарайтыны, салиқалы саясаткер ретінде жоғары бағалайтыны, жақын араласқысы, кездескісі келетіндігі. Осыған бір ғана нақты мысал келтірейін. Нұрсұлтан Әбіш-ұлының Хорватияға сапары әзірленіп жатқан болатын. Сол тұста осы ел президенті С.Месич Қазақстан Президентінің өз елінде қанша болатынын сұрады. Хаттама бойынша екі-үш күн екенін айттым. “Қалып, демалуға уақыты болар ма екен?” – деп өтінді ол. Сапар аяқталған соң Елбасымыз Хорватия президенті С.Месич мырзаның өтінішін құп алды. Хорватия басшысы Нұрсұлтан Әбішұлына үлкен құрмет, қошемет көрсетті. Қазақстан Президентінің жатқан жеріне өзі барып, “ғалстуксыз” кездесу ұйымдастыруды ұйғарды. Осы әңгіме шыққан кезде көрші Словения мемлекетінің Президенті В.Кучанның көмекшісі телефон шалды, “Ертең Назарбаев пен Месич “ғалстуксыз” кездесу өткізеді екен, біздің Президенттің де Сіздің Президентіңізбен бірге болғысы келетін тілегі бар”, – деді. Міне, сөйтіп Еуропадағы екі ел – Хорватия мен Словенияның президенттері уақыттарын бөліп, біздің еліміздің басшысымен жылы жүзді кездесу өткізгені бар еді. Чехия, Болгария президенттері де сапар барысында оңаша, бейресми кездесулер ұйымдастыруға ықылас танытты. Бұл, әрине, Қазақстанның Елбасын Орта Азия аумағы, тіпті бұрынғы Кеңестер Одағы мемлекеттері басшылары ішінде ерекше саясаткер деп есептеп, жақынырақ танысқысы, біліскісі келгенінің белгісі еді.

2002 жылдың аяғында Чехияда да бірнеше мемлекеттер президенттерінің басқосуы өтті. Ол кезде Чехия мемлекеті де біздің Венгриядағы елшілікке қарайтын. Осы басқосуға Қазақстан Президенті келетін болғандықтан, сапарды жоғары деңгейде өткізу үшін Прагаға келдім. Осы сапарда Нұрсұлтан Әбішұлының АҚШ Президенті Бушпен жеке кездесуі өтті. Алпауыт АҚШ елінің Президентінің уақыты өте есептеулі болса да Қазақстан Президентімен кездесуге мүмкіндік табуының өзі үлкен абырой. Және де айтылған жеке кездесуден кейін алқалы отырыста көптеген елдердің президенттері ішінен суырылып шығып, біздің Елбасымыз ең ірі держава АҚШ Президентінің қасында шүйіркелесіп, бірінші қатарда бірге отыруы көңілімізді әбден толтырған еді. Бұған қайтіп қуанбассың, қалайша риза болмассың?!

Жалпы тарихта соғыс, қақтығыстың бәрі жер мен дін мәселесінен өрбиді. Алтайдан Атырауға созылып жатқан дархан даламыздың тұтастығын сақтау үшін ең алдымен оның шекара сызығын анықтау аса маңызды. Осы жерде Тұңғыш Президентіміздің ешбір кикілжің, қырғи-

кабақсыз Қытай, Ресей, Өзбекстан, Түркіменстан елімен бейбіт келісімге келіп, шекарамызды делимитациялауы таңқаларлық, бұрын-соңды болмаған, зор қуанышқа бөлейтін жағдай. Бұл еліміздің тәуелсіздігін баянды етіп, көршілес мемле-кеттермен бейбіт қарым-қатынас орнатуымыздың негізгі кілтiне айналды.

Бүгінде Елбасымыздың тәуелсіздігімізді нығайта түсіп, оны сыншыл сырт көздерге де мойындата отырып, ТМД шеңберінде саяси, экономикалық реформалардан алдыңғы қатарға шығу саясатына өзіміз ғана емес, бүкіл әлем жүгінеді десек, артық айтқандық болмас. Елбасының батыл ойы, тегеурінді қадамы арқылы Қазақстан көптеген халықаралық шаралардың бастамашысы, бірнеше беделді ұйымның іргетасын қалаушысы бола білуде.



“Ел бірлігі – ынтымақта” демекші, бірлікте болып, шаңырағымызды шайқалтпау, сырт көзге күлкі болмау біздің ұлы мақсатымыз екенінде күмән жоқ деп ойлаймын. Көпті көріп, көңіліне түйген, мадақ сөзге өте сараң, сарабдал, сақа саясаткер Бәйкен Әшімов ақсақал: “Тыныштықты алтынға да сатып ала алмайсың” деген еді бір отырыста. Сол ақылгөй ақсақалымыздың осы сөзі артындағы ұрпағының әркез есінде жүруге тиісті. Күні кешегі көрші Қырғыз еліндегі қантөгіс жағдай тәртіп пен тыныштықтан артық бақыт жоқ екенін көрсетіп берді емес пе? “Ерегескен ел болмас, етектен кесіп, жең болмас” дегендей, тұтастығымыз бен ынтымағымызды сақтап, әр азамат өзін үлкен шаңырақтың бір-бір уығы деп есептеп, Қазақстан атты үйіміздің түтіні түзу, іргесі берік болуына атсалысып, бір тілекте, бір ниетте болуын, аруақты еліміздің абыройы артып, өркендей беруін тілеуден басқа қандай арман болуы мүмкін?!



ЗАМАНА СЫНЫ

Уалихан Қалижан
Парламент Мәжілісінің депутаты

Егемен Қазақстан, 17 сәуір 2010 ж.

Бағзы замандардағы ұлтымыздың тарихи ескерткіштеріне кіретін Орхон-Енисей жазбаларында, соның ішінде Күлтегін ескерткішінде тасқа қашалып бедерленген, болашақ ұрпаққа ұлағат та, аманат та боларлық гибрат сөз бар: “Халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын ел ұзақ жасайды”.

Замана сыны – ауыр сын. Тәуелсіз Қазақстанның 18 жылдық биігінен сол ғасырға бергісіз уақытқа тарихи шолу жасап, өлшей қалсақ, ғасырлар бойы бабаларымыз армандаған асыл мұраттардың орындалғанын екшеп, санаға салмақ болатын ірі оқиғалардың қаншалықты ауыр, қаншалықты жауапты болғанын сезіну де, байқау да қиын емес.

Нұрсұлтан Назарбаев кешегі кеңестік жүйеден келіп, жаңа заманға сай санаға сілкініс әкеліп, замана көшіне ілесіп қана қоймай, сол ұлы көштің бастаушысына айналды. Ал осы тарихи сұраныс пен тарихи сананың өлшемі қандай?

Н.Ә.Назарбаев билікке келгеннен бері үзбей саясат аласапыранында келе жатқан қаламгер ретінде, көп нәрсе көңілге де, жадыға да тоқылғанын айтар едім. Сондықтан да қазақты бүгінгі биігіне көтерген, барша қазақстандықтар өздерінің болашағын байланыстырып отырған тұлға Нұрсұлтан Назарбаев деп айта аламын. Неге?

Кеңестер Одағының құрамында болған Қазақстанның мемлекеттік атрибуттары болғанымен, мемлекеттік статусы болған жоқ. Бірақ Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құруға негіз жасала бастады. Мұны ешкім жоққа шығармайды.

Керей мен Жәнібек хан мемлекет құру арманына жете алмады. Жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы қазақты күйретіп кетті. Қазақтың басы қосылмады. Аяғы Ресейден пана іздеуге, соның боданы болуға мәжбүр етті. Әйтеуір, халық, ұлт болып қалуға мүмкіндік алды.

Кеңес өкіметі кезінде бүгінгі Қазақстан мемлекетінің алғышарттары жасалды. “Тар жол, тайғақ кешуден” өтті. “Мың өліп, мың тірілді”. Н.Ә.Назарбаев айтқандай, “Қазақтың бүкіл тарихы бірігу тарихы болды”.

Егемендік, тәуелсіздік қана бабалар арманын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Осылай “Есім ханның ескі жолы”, “Қасым ханның қасқа жолы” деген ұғымдарға “Нұрсұлтанның нұрлы жолы” деген қастерлі сөз қосты. Демек, халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын биік дәрежеге жеттік.

Бұл күнде Тәуелсіздік қиналыссыз келді дегендей пікір айтушылар бар. Қоғамның, алпауыт КСРО-ның шаңырағы ортасына күйреп түсетіндей

халге қалай жеткенін сарабдал сарапшылар жазып та, айтып та жүр. Ол ұлттық сананың өсуі мен ұлттық патриотизмнің рухани сұраныспен астасуында жатыр. Сондықтан да Балтық бойы елдерінің Кеңестер Одағының құрамынан шығуы, 1986 жылғы желтоқсандағы қазақ жастарының көтерілісі, бәрі-бәрі мемлекетті басқару жүйесіндегі бітеу жараға айналған кеселдің жарылуына әкелді. Сондықтан да тәуелсіздік туы қазақ мемлекетін құруға ғана емес, қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретінде қалыптасуына жол ашты.

...Қазақстан тәуелсіз ел атанысымен Түркия еліміздің егемендігін бірден танып, Н.Ә.Назарбаевты ресми сапармен Түркияға шақырды.

...Есенбұғы бабамыз атындағы Түркия әуежайында мындаған қазақ, мындаған түрік теңселіп тұрды. Н.Ә.Назарбаевтың алдына протоколды бұзып, сол кездегі Түркия Президенті Тұрғыт Өзал әуежайға өзі шықты. Оның “бауырым, кардашым” деп Нұрсұлтан Назарбаевты қапсыра құшақтап, мұсылман дәстүрімен үш рет кеуде соғыстырып, амандасқаны әлі көз алдымда тұр. Ал Түркия қазақтары “Абылай, Абылай хан”, “Нұрсұлтан”, “Ақсарбас” деп бес ісек қойды тіземен басып, құрбандық шалып еді. Сонда Назарбаев “Мен Абылай хан емеспін” деді.

Үндемей де қалуға боларды. Онда өзіне берілген, сол кезеңде асыра айтылған саяси бағамен келіскен боп шығар еді. Дәл осы сәтте ол әлем қазақтары алдында да жауапты екенін сезінген болатын. Сондықтан да Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы құрылды, оның төрағасы да өзі. Сөйтіп, он сегіз жыл ішінде атақонысына 1 миллион қазақ қайта оралды.

Грекияның бұрынғы премьер-министрі, генерал, марқұм Иоаннис Метаксас: “...Бейбіт күндегі Ататүріктің идеялары оның ақыл-парасатының күшті екенін дәлелдей түсті”, деп еді. Мүмкін, әлемнің ірі саясаткерлерінің дәл бүгін Назарбаевты сол Ататүріктің қатарына қосып, бағалауының бір сыры осында жатқан да болар. Шынында да, 18 жылдың ішінде Н.Ә.Назарбаев ірі экономикалық, саяси реформалар жасады. Абылай бабасының арманын жүзеге асырды. Қазақстан ядролық мемлекет болудан бас тартты. Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан секілді мемлекеттермен шекараны делимитация және демаркация жасап, ол сол мемлекеттердің парламенттерінде ратификациядан өтіп, заңмен бекітілді. Осылай әлем картасында тұңғыш рет “Қазақстан Республикасы” деген мемлекет пайда болды. Заңды түрде дербес Конституциясы, Әнұраны, Елтаңбасы, Туы бар, өз тағдырын өзі шеше алатын Қазақ елі Назарбаевтың тұсында дамып, өрістеп келе жатқаны тарихи шындық. Оны ешкім жоққа шығара да, сан-саққа жүгірте де алмайды.

Түркияның ірі саясаткерлерінің бірі Намық Кемел Зейбек: “Қазақстан ең алғаш тәуелсіздігін алғанда біз Қазақстан үшін Түркия үлгі боларлық мемлекет болады дедік, ал 17 жыл өткен соң біз Түркия үшін Қазақстан үлгі боларлық мемлекетке айналды деп мойындауға мәжбүрміз”, деуі Қазақстанның әлемнің геосаяси картасында ойып алып отырған орнын айғақтайды.

Ағылшын тілінде шығатын “Пакистан Обсервер” газетінде Исламабад саяси талдау институтының сарапшысы Мұхаммед Мунир “Нұрсұлтан Назарбаев – көреген көшбасшы” атты мақаласында былай дейді: “Көреген көшбасшылар өз мемлекеттерінің тағдырын өзгерту қабілетіне ие тұлғалар қатарына жатады. Олардың ерекшелігі – көпшілікке айқын емес үрдістерді байқап қана қоймай, оны басқалардың да көруіне себепкер болуында жатыр” (“Егемен Қазақстан”, 31.12.2009).

“XX ғасырдағы ең беделді 100 адамды” 2000 жылы айғақтаған “Таймс” газеті АҚШ-тың бұрынғы Президенті Рузвельтті атаған. Ол: “Мен өз елімді бір үйдің адамдарындай көруді қалаймын және олардың әрқайсысының бақыты бір-бірімен тығыз байланыста екенін түйсіну ерекше қуаныш әкеледі”, деген еді. Ал Назарбаевты Рузвельттің қатарына қоюшы саясаткерлер Елбасының бүгінгі ұлттық бірлік аясында атқарып отырған жұмыстарына сол Рузвельт армандаған мәселені шешкендігін мойындағандықтан барған болар.



Бұл күнде кіші БҰҰ деп аталып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясының негізін қалаушы – Назарбаев. Заңмен реттеуді ұсынған да – Назарбаев. Қазақстанда тұратын 100-ден астам этностар өкілдерінің тілі, мәдениеті дамып отырса, өз театрлары болса, ол сол ұлттық татулықтың белгісі емес пе? Оның үстіне Қазақстанда тұратын аз ұлттардың 9 өкілі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты болып отыр.

Қытай Халық Республикасы экономикалық реформаларының атасы Дэн Сяопин: “Халықтың ішінде ойлы адамдар көп болса, солғұрлым жақсы. Бізге ойлы, іске ұйтқы боларлық адамдар шоғыры керек. Олар іздене де, жаңаға бастай да алады. Мұндай адамдарсыз кедейшіліктен де, артта қалушылықтан да құтыла алмаймыз. Тіпті әлем қалыптастырған алдыңғы қатарлы елдерге ілігу ғана емес, қуып жетудің өзі қиын болмақ”, деген-ді.

Нұрсұлтан Назарбаев билікке келген күннен бастап көзі қарақты, нарықтық экономиканы игерген, не оны түсінетін жаңа басшылар даярлауға кірісті. Жоқтан бар болмайтыны сияқты, бар кадрларды іріктеді, тәрбиеледі, биліктің әр тармағына қызметке қойды. Ал қызметті алып жүру

ол адамдардың әрқайсысына сын болды. Олардың бірі беліне байлаған шоқпарды көтере алмай саясаттан да, елден де кетті.

Еліміз үшін, еліміздегі реформалар үшін Сингапур үлгі болғанын Елбасы да, саясаткерлер де айтып жүр. Сол елдің тығырықтан шығып, өркендеуін қамтамасыз еткен ірі тұлға Ли Куан Ю екені белгілі. Ол: “Өмір – үйренуден тұрады”, дейді және шағын аралды 30 жыл ішінде экономикасы берік мемлекетке айналдырды.



Журналист болып жүрген кезімде Сингапурде Ли Куан Ю мырзамен Президент Н.Ә.Назарбаев арасында болған әңгімені жазып алып едім. Енді сол әңгімеден үзіндіге назар аударалық.

Н.Ә. Назарбаев: Қалай ойлайсыз, болашақта бұл аймақта Қытай қандай рөл атқарады?

Ли Куан Ю: Қытай енді бір 30 жылда алдына жан салмайтын мемлекет болады. Қазір 120-130 миллион қытайлық Шығыс жағалауында қара жұмыс істейді. Бірақ олар Қытайға доллар тоғытып жатыр. Басқа аймақтардағы қытайлықтарды есептеңіз. Әрине, Қытайға оңай емес. АҚШ Қытаймен сауда жасағысы келмейді. Олар Жапониямен жұмыс істегенді тәуір көреді. Дегенмен, тауар үшін сауда алаңы керек. Ол қайда: көп халқы бар Қытайда. Қытайдың ішкі резервтері баршылық. Жоғарыда айтқанымдай, сыртта жүрген қытайлықтардың бәрі Қытай экономикасына жұмыс істейтінін ұмытпау керек. Мәселен, Горбачев бизнестің өз заңы бар екенін түсінбей-ақ кетті, экономика үшін ырғақтылық қажет. Ресей шетте жүрген 20 миллионнан астам орысты өз экономикасына тартқанда әлдеқашан дағдарыстан шыққан болар еді.

Н.Ә. Назарбаев: Сіз Ватанава екеуіңіз АҚШ Президенті Клинтонға бұл аймақтан кетпеу жөнінде хат жазған жоқ па едіңіз?

Ли Куан Ю: Рас. Ондай хат жазғанбыз. Ондай болмаған жағдайда Қытайдан оқыс мінез күтуге болады.

Н.Ә. Назарбаев: Қандай?

Ли Куан Ю: Бізге күшті АҚШ, күшті Қытай керек...

Н.Ә. Назарбаев: АҚШ Сингапур өз жетістігі үшін бізге қарыздар, соны өтесін деп жатқан сынайы бар. Бұған не дейсіз?

Ли Куан Ю: Америка Құрама Штаттарының көмегінсіз, инвестицияларынсыз біз мұндай деңгейге тез көтеріле алмайтын едік. АҚШ-тың корпорациялары ірі қаржы жұмсады. Мәселен, Жапония бізге өзінің озық технологиясын бермеді. Сондықтан да жастарымызды АҚШ-қа оқуға жібердік, қажетті мамандар даярладық, халқымыз түгел ағылшын тілін меңгерген. Технологияға ие болу – прогрестің өзі. Сондықтан да АҚШ-тан қашудың қажеті жоқ, пайдалана білу керек...

Иә, бұл әңгіме осыдан он жылдан астам бұрын жазып алынып еді. Сол әңгіменің жалғасын бүгінгі Қазақстан саясатынан нақты көруге болады. Бізге мықты АҚШ, мықты Қытай ғана емес, мықты Ресей де қажет. Сондықтан да Н.Ә.Назарбаев осы үш империялық дәрежедегі мемлекеттермен стратегиялық әріптестікке қол жеткізіп, ол ресми құжаттармен бекітілді, осылай инвестициялардың ағылуына жол ашты.

Қазір Қазақстанда 8 мыңға жуық шетелдік компания жұмыс істейді және олардың 270-і дүние жүзіндегі әйгілі 500 ірі компанияға тиесілі. Сондықтан да Елбасының тапсырмасына сәйкес шетелдік инвесторларды әртараптандыру һәм технологиялық даму саясатына араластыру ойдағыдай жүргізілді. Ол 4 басым бағытты қамтыды. Олар:

- инфрақұрылымдарды дамытуға арналған жобалар;
- шикізатты тереңдеп өңдеу;
- жоғары технологиялық саланы дамыту;
- технологиялық тұрғыдан даму мәселесін шешу.

Тәуелсіз ел болған Қазақстан жеке мемлекет бола ала ма, алмай ма деген сауал кезінде шетелдік инвесторларды да, мемлекет басшыларын да ойландырған әрі толғандырған еді. Сондықтан да жаңа мемлекетке инвестиция салуда Қазақстан біршама жеңілдіктер жасауға мәжбүр болды. Контрактілер құпиялығы сақталды. Ал енді ше? Енді Қазақстан аяғынан нық тұрды. Назарбаев ТМД елдерінің ғана емес, әлем саясаткерлерін таңғалдырған көптеген идеялардың генераторына айналды. Бір ғана “Дағдарыстан шығу кілті” атты мақаласының өзі не тұрады. Оны банк пен экономика саласының ірі өкілдері, Нобель сыйлығының бір топ лауреаттары мойындап қана қоймай, әлемдік валюта жүйесін реттеудің тың ұсынысы ретінде қабылдады.

Өткен жылдың соңында Астанада Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің 22-ші пленарлық мәжілісі болып өтті. Сонда Н.Ә.Назарбаев: “Біз өз еліміз үшін ең бір күрделі кезеңде сіздерге өзіміздің бағалы байлықтарымызды игеруді сіздер үшін тартымды жағдайда бердік. Енді біз сіздердің Қазақстаннан тапқан пайдаларыңыздың бір бөлігін оны одан әрі өркендету ісіне жұмсауды талап етуге құқылымыз”, деп мәлімдеді.

Жақында Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен арнайы кеңес өткізілді. Елбасы Үкімет есебін тындап, елең етерлік тың ұсыныстар айтты. Мәселен, ілеспе газ мемлекет меншігі

екенін, шетел компанияларына салынатын салық та жаңа заманауи сұраныстарға орай шешілуі тиіс екенін қадап айтты.

“Біз өзіміздің дамуымызда бұрын оңтүстік-шығыс “жолбарыстарының” тәжірибесіне сүйендік, солардан үйрендік. Мен осындай саясат жүргіздім. Біз мұны дұрыс жасадық. Енді біз Финляндиядан үйренуіміз керек. Бұл, біріншіден, білім берудің жоғары стандарттары, екіншіден, ғылыми ізденістерге қаржы бөлуде бәсекелестің басымдығы, үшіншіден, болашақтың ұлттық инфрақұрылымы, төртіншіден, мемлекеттің, ғылымның және бизнестің күшін ортақ мақсатқа біріктіру. Қысқаша айтсақ, бұл осы төрт тұғырдан тұрады”.

Міне, асықпай, аптықпай жүргізілген саясаттың арқасында Елбасы шетел инвестициясының бір бөлігін инфрақұрылымдарды қалыптастыруға, жоғары сұраныстағы жұмысшы мамандықтарын жергілікті ұлт есебінен жасақтауға байланысты келелі де келісті міндеттер қойды.

Шетел инвестициясының нәтижесінде дағдарысқа қарсы бөлінген шығындарды есептегенде, Қазақстанның Ұлттық қоры мен алтын-валюта резерві 52 миллиард долларды құрап отыр. Бұл халыққа, мемлекетке қажетті қомақты қаражат. Сондықтан да Қазақстан жаһандық экономикалық дағдарыстан аман-есен шығып, өркендеудің жаңа белесіне бет алды. Мәселен, жалпы құны 3 миллиард доллардан асатын 170-тен астам жаңа өндірістік, инфрақұрылымдық іргелі жобалар жүзеге асырылды. Іргелі инвестициялық жобалар бойынша Қытаймен, Оңтүстік Кореямен, Түркия және Беларусь мемлекеттерімен келісім-шартқа қол қойылды.

Үстіміздегі жылдан бастап Н.Ә.Назарбаев ұсынған Кеден одағы жұмыс істеп келеді. Ресей-Беларусь-Қазақстан мемлекеттері арасында тауар айналымы кеден салығынсыз жүзеге асырылады. Халық тұтынатын тауарлардың бақылауда болатын үлкен тізімі жасалды. Ол әлеуметтік тұрақтылыққа бағытталып отыр. Бұл халық аса көп тұтынатын белгілі бір тауарларға баға өспейді деген сөз.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаев миға “шабуыл” жасаудан жалыққан емес. Әлем өркениеті қалыптастырған жақсы тәжірибелерді Қазақстан мемлекеті мен ұлттық менталитеті тұрғысынан шендестіре отырып, үнемі тың ізденістер мен ұсыныстар айтады. Сайып келгенде, бұл Қазақстанның әлемдік дағдарысқа қарамай-ақ 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық бағдарламасын жасақтауға мүмкіндік бергенін атап өткен ләзім.

Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдаулары да өміршең, кезең-кезеңмен атқарылатын асқаралы міндеттермен ұштасып жатады. Қазақстан халқына биылғы Жолдауында Н.Ә.Назарбаев ел өмірінің тамыршысындай, халық күткен мәселелерге батыл ұстанымдармен келді. Бұл да көреген саясаткердің ел мен жер, халық пен қоғам арасындағы біртұтастық концепциясының орныққанының дәлелі.

“Жаңа онжылдық – Жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауы Елбасының “Не істеу

керек?” деген сауалға жауап тапқанының айғағы болды. Енді Қазақстан алдағы 10 жылда тұсаулы аттай тыпырламайды, енді Қазақстан әлем өркениетіне қарай көсіле шабады. Мәре айқын, ол ұлттың құндылығы – Тәуелсіз Қазақстан, мемлекет және оның азаматтарының ортақ мақсаты біріккен, экономикалық өрлеу – халықтық іске айналатын, өңірлік және халықаралық интеграцияны дамытып, төрт құбыласы тең Отанымыздың ашық та айқын қоғамын құру.

Осының бәрі алдын болжайтын, соңын ойлайтын ірі саясаткердің қадамдары екенін Елбасының жақтастары да, қарсыластары да мойындауы керек қой деп ойлаймын.

Н.Ә.Назарбаев үш тіл саясатын ұсынды. Осыны әсіре қызыл кейбір ағайындар әлі де түсіне алмай, қазақ тіліне әлдеқандай бір қауіп төнгендей қарастыруда. Үш тілді білу алға бірден үш адым аттау екенін түсіну қажет. Мұны халыққа ұғындыру жағы жетіспейтін сыңайлы. Бүкіл Сингапур ағылшынша сөйлей алса да, қытай тілі сол биік дәрежесінде тұр ғой.

Елбасы “Болашақ” бағдарламасын ашты. Әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында мемлекеттік қаржымен мыңдаған қыз-жігіт білім алуда. Ертең олар жаңарған Қазақстанның жасарған, әлемдік додаға төтеп бере алатын экономикасын, сан тарам реформасын жүзеге асыратын болады. Өйткені, Н.Ә.Назарбаев жастар саясатын ешқашан қалт жіберген емес. Жастар форумдарына қатысып, жас ұрпақтың алдына толғақты мәселелерді қойып, өзінің жастарға сенетінін мәлімдеп жүр.

Елбасы өзі де үйренуден жалықпайды және соңынан жастарды ілесуге шақырады. Әрі Қазақстанды өркениетті 50 елдің қатарына қосу міндеті айғақталды. Міне, бір кездесудің сабақтарын осыдан да айқын көруге болмай ма?

Францияның басшысы Шарль де Голль генерал ғана емес, елінің ұлы державаға айналуын қамтамасыз еткен ірі саяси тұлға. Ол өз елін Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты бес өкілінің бірі болу дәрежесіне жеткізді. Алжир мәселесін оңтайлы шешті. Ал Назарбаев ше? Назарбаев ешқашан жеке мемлекет болып көрмеген, дербес саясатын жүргізбеген, кешегі Ресейдің “соқырішегі” болған елді аз жылда аяғынан тұрғызып, экономикасы дамыған елге айналдырды. “Әуелі экономика, сонан соң саясат”, деді. Қазір Қазақстанда саяси реформалар да жүзеге асырылды. 13 саяси партия жұмыс істейді. Оған сан алуан қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдарды қосыңыз. Әрі “Сайлау туралы”, “Саяси партиялар туралы”, “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы” заңдар қабылданды. Сөз және ождан бостандығына қол жеткізілді. Он сегіз жылдың ішінде, Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып, ЕҚЫҰ-ға жетекшілік ету мәртебесін иемденді. Бұл өз-өзінен келген абырой да, құрмет те емес, ол Президент тарапынан тынбай жүргізілген еңбек пен сындарлы саясаттың жемісі.

– Қазақстан үшін ЕҚЫҰ-ға төрағалықтың маңызына қатысты біздің кейбір сыншыларымыз бен түңілушілерімізге жауап беріп, мынаны айтқым келеді: менің терең сенімім бойынша ЕҚЫҰ-дағы төрағалық біздің халқымыздың шын мәніндегі жұлдызды сағаты, Қазақстан тарихындағы

кезеңдік оқиға болып табылады, ол ең сәтті деген жағдайда 55 жылдан кейін қайталануы мүмкін, – деді Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалықты қабылдап алуының Венадағы ресми тұсаукесеріне қатысушы мемлекеттерге арнаған Үндеуінде.

Иә, мұндай ірі саяси оқиға дәл 55 жылдан кейін қайталанбауы да мүмкін ғой. Сондықтан да бұл Қазақстанды, қазақ халқын әлем мойындаған ерекше тағдырлы сәт деп бағалаған жөн.

Малайзия да Қазақстан реформасы үшін үлгі болған мемлекеттің бірі. Әлем лидерлерінің ішінде халқының ұлтаны деген саясаткер легіне ілінген Дато Сері Мұхаметтің 9 жарғысы бар:

1. Бәріне ортақ тағдырлас бірегей малай ұлтын қалыптастыру.
2. Психологиялық жағынан үйлесімді, еркін әрі дамыған, әр адамның өзінің қол жеткен табысына мақтаныш сезімімен қарай алатын қоғам құру. Болашақтағы қиындықтарды жеңе алатын дені сау ұлт тәрбиелеу.
3. Экономикасы мықты әрі икемді, өнімі бәсекеге түсе алатындай өркендеген қоғам құру.
4. Қоғам қажеттеріне орай демократиялық үдерістерге икемделе алатын және елдерге бағдар болатын өркениетті қоғам құру.
5. Жоғары моральды этностық қоғам құру жүзеге асырылсын. Оның азаматтары өзге дінді және рухани сұранысты құрметтейтін, әлемдік этностық стандарттарға сай болсын.
6. Өңі мен түсі, діні әртүрлі малайзиялықтар (астын сызған біз – У.Қ.) қоғамы еркін және жетілген, әрқайсысы бір-бірінің дәстүрін, мәдениетін, салт-санасын қастерлейтін болсын, бірақ олардың санасына бір ұлт екендігі (астын сызған біз – У.Қ.) қалыптастырылсын.
7. Алыстағы болашаққа көз тігетін, ғылым мен технология жетістіктерін өзі пайдаланып қана қоймай, оның әлемдік дамуына өз үлесін қосатын жаңашыл қоғам құруға жұмылдыру.
8. Әр адамның санасына отбасына деген адалдық пен мәдениеттілікті, ізгілікті қалыптастыру қоғамға қажетті мақсат болып табылады.
9. Экономикалық бөлінісі әділ, ұлттың байлығы мен табыстары бәріне ортақ. Даму мен прогресс жемістері тең бөлінетін қоғам құру.

Осы тоғыз міндетті сараптап, жүрек елегінен өткізген жағдайда біз Қазақстан саясатындағы малайлық үлгілердің алғышарттарын бірден байқаймыз. Қазақстан “Еуропаға жол” бағдарламасын қабылдады. Ол бәсекеге түсе алатын өнім өндіруді жүзеге асыру, діни түсінікке қол жеткізу. Бұл ретте Астанада дәстүрлі әлем діндерінің 3 дүркін съезі өткенін қаперге алыңыз, саламатты, сауатты ұрпақ тәрбиелеу және ұлттық бірлік пен тұрақтылық психологиясын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды да санадан шығармаңыз. Міне, осы мысалдардың бәрі шын мәнінде, оппозиция мойындаса да, мойындамаса да, Назарбаевтың ұлттық лидерге әлдеқашан айналып кеткенін дәлелдейді. Халық солай деп біледі, халық солай деп қабылдайды. Ал “халық айтса қалт айтпайды” ұлағаты өмірмен дәлелденген.

Н.Ә.Назарбаев кекшіл емес. Ол біраз азаматтардың биік лауазым алуына қамқорлық жасады. Оппозициядамыз деп жүрген саясаткерлердің дені Н.Ә.Назарбаевтың шекпенінен шыққандар. Мұндай кеңдіктің үлгісі бұрын болды ма, болмады ма білмеймін.

...“Алатауға сыймай бара жатқан жоқпыз, қимай бара жатырмыз” деп Сарыарқа төсіне Қазақстанның бас қаласын ауыстырған Елбасы Алматы әуежайында абыз тауға бас иіп, ұшаққа отырған. Әркімнің көңілі әр түрлі: Ақмола Алматыдай болар ма екен? Алда не күтіп тұр?..

Н.Ә. Назарбаев әлем астаналарымен терезесі тең, сәулеті де, дәулеті де жоғары Қазақстанның жаңа Астанасының сәулетшісі де, ұйымдастырушысы да болды.

“Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамашылдығымен, қажыр-қайратымен, беделімен, бақылауымен салынып жатқан қала. Мұны жалғыз біз ғана емес, алыс-жақын елдердің басшылары – президенттер, корольдер, парламент мүшелері, премьерлер, Астана феномені қызықтырған зерттеушілер, сарапшылар айтып жүрген, тұрақталған тұжырым. Олардың көпшілігі Астана қаласының құрылысын дүние жүзіндегі елеулі оқиғаға балап, сол қаланың бас сәулетшісі – Қазақстан Президенті дегенді салмақпен айтқанына біздер, астаналықтар, қазақстандықтар бірнеше рет куә болдық, дейді сенатор, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Қ.Сұлтанов өзінің “Егемен Қазақстан” газетінде жарияланған “Президент және Астана” атты мақаласында.

Ірі саясаткер ірі ойшыл да, ірі көсем де болуға тиіс. Әр ел басшысының харизмалы болуы оның беделі мен абыройын асқақтатады.

Н.Ә.Назарбаевтың жылы жүзі, жұртты бірден өзіне баурап алатын қасиеті, сөзден өрмек тоқитын шешендігі, кісілігі мен талғампаздығы, психологиялық байқампаздығы, айналып келгенде, елінің, халқының жалпы түркі әлемінің көк туына айналуына ықпал етті.

“Ұлық болсаң кішік бол”, дейді қазақ мақалы. Елбасымыз осы қағидатты ұстанады. Сондықтан да кезінде қос палаталы Парламент депутаттары Халық Қаһарманы атағын беру, кейін Астананы Елбасы атына ауыстыру туралы ұсыныс білдіргенде де оған үзілді-кесілді қарсы шықты. 70 жылдық мерейтойын атап өтуге тыйым салды. Халқы үшін жасаған қызметін тарих қана екшейтінін, тарих қана бағалайтынын Елбасы жақсы біледі.



...Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Атырау өлкесіне кезекті сапарларының бірі еді. Ресми кездесулер біткен. Енді аз-кем демалу қажет. Нүрекең кешке дейін дастархан басына жиналып алып, өзін жан-жақтан мақтайтын дастархан жиынын жақтырмайды. Сондықтан да белсенді демалысты ұнатады. Не гольф ойнайды, не тау шаңғысымен құлдилаиды, не атқа мініп құйғытады, не бассейнде жүзеді, реті келсе балық сүзеді. Қалай болғанда да бір жерге шегеленіп отырғанды қаламайды.



Кәрі Каспийге келген соң, қалай теңізге шықпасқа?! Қармақ лақтырса да, ау құрса да болады. Бірақ теңіз ақшулан көбік атып, толқындар ойнап, кеме шайқалақтайды.

Балықшы ауданы әкімінің бірінші орынбасары, бүгінде сенатор Қайрат Ищанов балықшылардың қайығына мініп, тор тартпақ. Елбасыға кемеде қалуды ұсынды.

– Немене, балыққа келіп, кемеде отырам ба? – деп қайыққа Нүрекең секіріп түсті.

Бұл сәт жазуға ғана оңай. Қайрат Қыдырбайұлының көзі атыздай болып, тынысы тарылғаны рас еді. Оны лезде Нүрекең қайта сабасына түсірді.

– Атам қазақ “Кемедегінің жаны бір” деген. Кел, тартайық.

Енді бір сәт екі-үш метрдің аржақ-бержағындағы балық бауыры жарқ етіп көрініп еді. Расында, тайыншадай қортпа (белуга) екен.

– Нұрсұлтан Әбішұлы, бұл енді Сіздің балық. Не істесек екен? – деп Қайрат Нүрекеңе қарады.

– Не істейміз? Ен тағып, қайтадан теңізге жібереміз.

Қайрат дәл осылай болатынын білгендей еді. Алдын ала сырға жасатқызған. Онда “Бұл белуга Қазақстанның жеке меншігі”, енді бірі “Бұл белуга Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке меншігі”, деп жазылғанды.



Тоқетер сөзді Н.Ә.Назарбаевтың өзі айтты. Сөз тапқыштығы да жарасымды.

– Бұрын қазақ ат мінгізетін еді, енді атыраулық қазақтар белуга мінгізетін болыпты. Әрине, бұл балық Қазақстанның жеке меншігі.

Сырға тағылған қортпа тордан босатылды. Ол жарқ етіп қанаттарын жайып, Каспий ананың бауырына сүнгіді...

Елбасының әлемдегі ең алып держава – Америка Құрама Штаттарына әр кездегі сапарлары есімде. Ең алғашқы сапары мен күні кеше аяқталған сапарын салыстырып көрер болсақ, замана сыны шыңдаған саясатшының ұлы тұлғасын көретініміз анық. Бұл жолғы сапар Қазақстан атты елдің абыройын асқақтатса, Елбасының мерейін тасытты. АҚШ Президенті Қазақстан басшысының екі елдің стратегиялық байланыстары, оларды дамытудың болашағы туралы айтқандарын айрықша пейілықыласпен тыңдады. Нұрсұлтан Әбішұлының Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммиттегі ұсыныстарына бүкіл әлем құлақ түрді. Елбасы осындай жауапты сапардың үстінде, айрықша маңызды кездесулер арасында қырғыз халқының тағдырына қатысты да алаңдаушылығын ұмыт қалдырмай, бұл мәселені АҚШ, Ресей президенттерімен бірлесе талқылапты. Егер өмірдің өзі түрлі белестерден, алға ұмтылдыратын межелерден тұрады десек, биылғы Америка сапары, Қазақстан Президентінің тікелей қатысуымен онда қабылданған шешімдер Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты әлемдік деңгейдегі саясатшы дейтін биік белеске көтергендігі сөзсіз.

Елбасы былай деп еді: “...Маған, әсіресе, 1999 жылғы Президент сайлауы қатты әсер қалдырды. Сол айларда терең ойланып жүрдім... Сайлауға бір аптадай ғана уақыт қалғанда туған ауылыма барғаным есте. Насихат жүргізуге емес, ата-баба аруағына тағзым етуге, әке-шешеме құран оқытуға, қалың елмен жүздесіп, ақсақалдардың батасын алуға барғанмын.

...Кім болса да өмірдің қатал заңына бағынады. Бағынбаса Қарасайдай, Өтегендей, Сұраншыдай, Саурықтай батыр бабаларым, Сүйекемдей, Жәкемдей ақын бабаларым бағынбас еді. Бағынбаса дүниені дүрілдетіп кеше ғана өткен, қалың қазақты бір кемсендетіп кеткен Нұрғиса ағам бағынбас еді... Соны түсінгендіктен де маңдайыма жазған ғұмырдың әр күнін, әр сағатын еліме, жеріме арнағым келеді”.

Иә, Президенттің әр минөті, әр сағаты, әр күні бағзы замандардан бері тағдырға есесі кеткен халқына қызмет етуге арналып келеді.

Әлем саясаткерлерінің арасында ерекше болмысымен оқшаулана көрінетін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақтың, қазақстандықтардың тағдырын бүкіл әлем қызыға қарайтындай жағдайға жеткізіп келеді деуге болады.

Солай бола берсін!



АТА ЗАҢ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Арықбай Ағыбаев,
заң ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры.

Егемен Қазақстан, 9 маусым 2010 ж.



Нұрсұлтан Назарбаев Президент болып сайланып, елімізді басқарған уақыт – тарихи оқиғаларға толы кезең. Бұл кезеңде еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігі жарияланған құжаттар, Қазақстанның мемлекет екендігін көрсеткен Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері қабылданып, тәуелсіз ел ретінде әлемнің шет мемлекеттерімен қарым-қатынас орнаттық.

Тәуелсіздік алғалы бергі 18 жылдың ішінде Қазақстанды әлемнің барлық елдері таныды. Мемлекетіміз Біріккен Ұлттар Ұйымынан бастап көптеген беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

Осы кезеңде Қазақстанның экономикасы, мәдениеті, саяси жүйесі нығайды, демократия мен заңдылық, құқық тәртібі жетілді. Осы тәуелсіздік алған аз уақыттың ішінде елімізде 1993 және 1995 жылдары екі Конституция қабылданды. Әрбір мемлекет үшін жазылған заңдардың бастысы саналатын Конституцияда мынадай үш түрлі мәселе бекітіледі: 1. Мемлекеттік-қоғамдық құрылыс; 2. Адамның және азаматтың құқықтық мәртебесі; 3. Мемлекеттік органдардың қызметтік жүйесі. Конституция мемлекеттің негізгі заңы деп аталуының себебі осында.

Құқықтық жүйедегі барлық заңдар осы Конституцияға сәйкес қабылданбаса, бұл сәйкессіздік қоғамның дамуына кедергі келтіреді. Тәуелсіз мемлекет ретіндегі Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Алғашқы Конституция болғандықтан оны талқылау кезіндегі халықтың ынта-жігері ерекше болды. Солай болсадағы құжатта кеткен кемшіліктер қолдана бастағаннан-ақ көзге түсті. Онда ескі қоғамның ережелері орын алып, олар кеңестік демократиялық қағидаларға негізделгендіктен, біздің жаңа қоғамымыздың өмір талабына жауап бере алмады. Алғашқы Конституцияда адамның құқықтары, бостандықтары, оларды жүзеге асыру қағидалары, атқару билігін жүзеге асыру нысандары, басқару саласындағы демократиялық институттардың қызметі жете көрсетілмеген болып шықты.



1990 жылғы 25 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы декларацияда айтылған биліктің үш саласы: басқару, сот билігі, заң шығару биліктерінің атқаратын рөлдері бұл Конституцияда нақтыланбай қалды. Осылайша, 1993 жылғы Конституция өмір талабына сай келмегендіктен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жаңа Конституция қабылдау керектігі жөнінде ұсыныс жасады. Мемлекет басшысы бұл құжаттың барынша кең талқылануына мүмкіндік туғызды. 1995 жылғы Конституцияның жобасын талқылауға 3 миллион 345 мың адам атсалысып, пікірін білдірді. Қазақстан халқының үштен бірін білдіретін олар жобаға 1100 түзету енгізді. Тоқсан сегіз баптың елу бесі елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұрын болмаған жаңа бөлімдер, баптар пайда болды.

Конституция 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданды. Оған сайлаушылардың 90 пайызы қатысып, олардың 81 пайызы Конституцияны жақтап дауыс берді. Жаңа Конституция сондықтан халық пікірінің, ойының, олардың мүддесінің заңдық көрінісі болды. Сөйтіп Қазақстан халқы Елбасымен бірге негізгі заңды жасады. Жаңа Конституцияның авторы деп біз ел Президенті мен бүкіл халықты айтуымызға әбден болады.



Ата Заң еліміз экономикасының, әлеуметтік-саяси жүйесінің дамуын жеделдетті, халықтың саяси белсенділігін арттырды. Заң шығарушы, атқарушы органдардың құзыретін, жұмыс істеу тетігін, өзара іс-қимылын, бірлігін заң тұрғысынан айқындап берді. Азаматтар, ұйымдар құқыққа ғана емес, сонымен бірге Конституцияда көрсетілген жауапкершілікке де ие болды. Мемлекеттің тілі, жер мәселесі, азаматтық алудың жолдары, Парламенттің қос палаталық жүйесі белгіленіп, Президенттің құзыреті, сот төрелігінің қызметі, Конституциялық Кеңестің өкілеттілігі сияқты күрделі мәселелердің барлығы 1995 жылғы Конституцияда шешімін тапты.

Конституцияның қабылдануы нәтижесінде экономикалық даму, саяси реформалардың жеделдігі арта түсті. Халықтың саяси белсенділігі, біліктілігі өсті. Олардың қоғам өміріне араласуы заңдық сипатқа ие болды. Конституцияны қабылдағаннан кейін демократиялық реформаларды жүзеге асыру нәтижесіне сәйкес Конституцияға екі рет – 1998 жылы және 2007 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. 1998 жылы енгізілген өзгертуге байланысты еліміздің сот жүйесінде істерді қарау алқа билердің қатысуымен жүзеге асады деген мәселе енгізілді. Яғни сот жүйесі бүкіл демократиялық елдердің жүргізетін сот талабына сәйкестендірілді. 2007 жылы енгізілген өзгертулерде де бірталай жаңалықтар болды. Парламенттің өкілеттілігі кеңейтілді. Депутаттар саны көбейді. Мәселен, қазіргі қолданып жүрген Конституция бойынша Парламент депутаттарының саны 154-ке жетті. Мәжіліс тарайтын болса, заң шығару қызметін Сенат атқаратын болды. Депутаттарды сайлау бұрынғы мөжаритарлық жүйенің орнына пропорционалдық жүйе бойынша жүзеге асырылатын болды. Яғни, жеңген партия Парламенттен көп дауыс алады. Қазақстан халқы Ассамблеясынан тоғыз депутат Парламентке сайланатын болады. Кейінгі Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты сот кадрларын іріктеп алу Жоғарғы Сот Кеңесінің құзырына берілді. Тұтқындауға санкция беру прокуратурадан алынып, сотқа берілді. Міне, осындай демократиялық үрдістер жүргізілді. Елбасымыз айтқандай, ендігі қолға алатын нәрсе, біздің Парламент кем дегенде екі партиядан тұруы керек. Болашақта Парламентімізде кем дегенде екі саяси партияның дауысты көп алған, белгіленген өкілдері депутат болып сайланады.

Биліктің барлық тармақтары Конституцияға сай қызмет атқаруда. Мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодекстер қабылданып, олар мемлекеттік құрылыстың өркендеуіне жұмыс

істеп жатыр. Мемлекеттік тілге айналған қазақ тілінің қолданыс аясы кеңейіп келеді.

Егер Ата Заң еліміздің бүкіл өмірін реттеп, дамуына жол ашса, мұның өзі оның қабылдануына бастамашы болып, жан-жақты талқылануына негіз қалаған Елбасының конституциялық заңдылықты орнықтырудағы айрықша рөлін танытады.



НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: “АЛДЫМЕН — ЭКОНОМИКА...”

Кенжеғали Сағадиев,
академик.

Егемен Қазақстан, 18 мамыр 2010ж. / Замана //www.egemen.kz/

Күрделі оқиғалар бастауы

Елімізде президенттік басқару жүйесінің енгеніне 20 жыл толды. Егемендігіміздің де 20 жылдығы көп алыста емес. Алдыңғысы да, соңғысы да қазақ тарихында бұрын болмаған, тек осы аталмыш мерзімде біздің өмірімізде тұңғыш бастауын алған оқиғалар. Президенттің басшылығымен егемен ел, дербес мемлекет ретінде, міне, тұтас бір ғасырдың бестен бір бөлігін жүріп өттік.

Бестен бірі десек те тарихи тебіреністерімен, бейнет-зейнетімен, түбірлі өзгеріс, күрделі реформаларымен бұл бір ғасырға пара-пар жол. Рухы күшті, өзегі таза, орасан күйзелістер мен қиындықтарда өзін-өзі сақтай білетін қазақ деген ұлт бар екенін танытқан жол. Дербестік тұлпарына мініп, өркениет жолына шығып, оның көкжиегіне басқалармен қатар жетемін деген асыл арманына ұмтылған Қазақстан деген ел бар екенін көрсеткен жол. Тәуелсіздік туын берік ұстап, қиыннан жол тауып, халқының көшін бастайтын Дара Тұлғасының, Дарабозының да бар екенін бүкіл әлемге паш еткен жол.

Осы жол өте күрделі оқиғалармен басталып еді. Өткен ғасырдың соңында заманында бүкіл дүние жүзін тітіренткен Кеңес Одағы көп жылға созылған тиімсіз, орашолақ басшылық пен саясаттың салдарынан күйзеліске тірелді. Терең ойластырылмаған, жеңіл-желпі, ұрандатып жүргізілген саяси-экономикалық реформалар дұрыс нәтиже бермеді. Бір кезде империя халықтарын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Одақтың басқару жүйесі барған сайын әлсіреп, ақырында күйреді. Нәтижесінде Кеңес Одағы ыдырап, құрамындағы республикалар дербестік туын көтерді.

Сол кезде егемендікке қол жеткізген Қазақстанның келбеті әлі күнге дейін менің көз алдымда. Басқалармен экономикалық байланыс үзілгеннен кейін ел ішіндегі көптеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатқан, дүкендерде тауар жоқ, қаңырап бос тұр, өзіңе тән ақшаң жоқ, басқалар қолданудан бас тартқаннан кейін ресейлік ескі рубль Қазақстанға вагон-вагонымен, тіпті эшелондап келіп жатты. Бірақ оған сатып алатын тауар жоқ. Табыс көзі кілт азайып, еңбекақы, зейнетақы төленбей, әлеуметтік сала күйзеліске ұшырады. Бұл ел тұрмысының сол тұстағы қиындығы еді.

Ал саяси немесе стратегиялық дамудың дұрыс жолдарын табу, егемен елдің, дербес мемлекеттің заман талабына сай келбетін қалыптастыратын шараларын жасап, оларды жүргізу одан да қиын болатын. Социалистік тоталитарлық жүйені артқа тастадық, оның тиімсіздігіне көзіміз жетті, ал егемен елдің саяси ұстанымы қандай болуы керек? Бұрын біз қолданған әкімшілік экономика жүйесі әлемдік бәсекеде ұтылды, жарамсыздығын көрсетті, ал өзі тиімді, өзі жаңа экономика жүйесі қандай болуы керек, оның шешуші тетіктері қандай? Қайткен күнде Қазақстан дербес ел ретінде әлем кеңістігінде өз орнын таба алады? Саяси және экономикалық қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады? Әлеуметтік саланы халық тұрмысын жақсарту мақсатында қалай қалыптастырып, қайта құрып немесе жаңғырту керек?

Міне, осындай батпандай ауыр сұрақтар, оған тиісті жауап іздеу егемендіктің алғашқы күндерінде-ақ біздің алдымызда тұрды. Сол кездегі арбасқан алақұйын заманның тезі, уақыттың өзі туғызған сұрақтар, өктем талаптар. Бұрын біздің тарихи санамызда қойылмаған, шешімін де іздемеген сұрақтар. Бүкіл халықтың парасат деңгейінің сынаққа түскен өте бір күрделі тарихи кезең еді ол.

Ел болып бағыт-бағдарымызды болжауға кірістік. Осындай уақытта қай елде болса да замана жүгін түсіне біліп, оны көтере алатын, тәуекелі мол азаматқа, дара тұлғаға сұраныс ерекше болатыны тарихтан белгілі. Оларға тән терең ой, кемел ақыл, биік рух, қайрат пен қабілет осындай тарихи сынақтың дұрыс жауабын тауып, елін өрге сүйретуге арнағаны әлем елдерінің тарихында бар. Ұлттық мемлекеттің негізін қалаған Ұлыбританияда – Оливер Кромвель, Германияда – Бисмарк, өз елдерін тығырықтан шығарып, жаңа жолға сала алған АҚШ-та – Франклин Делано Рузвельт, Францияда – Шарль де Голль, Қытайда – Дэн Сяопин, Үндістанда – Джавахарлал Неру, Түркияда – Мұстафа Кемал Ататүрік, небәрі бір-екі-ақ ұрпақ мерзімінде титықтап, көш соңында қалған елдерін әлем мемлекеттерінің алдыңғы сапына қоса білген Сингапурде – Ли Куан Ю, Малайзияда Махатхир Мохаммад осындай өз заманының талабына сай келіп, елдерінің жаңа жолының көшін бастаған тұлғалар.

Қазақстанның аталмыш күрделі кезінде көшін бастау тарихи міндеті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еншісіне тиді. Егемен еліміздің тізгінін ұстауды тарих осы азаматымыздың иығына артты. Міне осыдан бастап оның салиқалы саясатының куәсі болып келе жатырмыз. Қоғамымыздың барлық салаларында күрделі реформалар жүріп жатыр. Саяси, әлеуметтік, қауіпсіздікті нығайту, құқық қорғау, тағы басқа салаларға да арналған реформалар. Олар оң нәтижесін де беруде. Мен өзім экономист болғаннан кейін экономикадағы, қоғам, мемлекет үшін осы іргелі саладағы реформаларға толығырақ тоқтауды жөн көрдім.

Даму жолын таңдау

Егемендіктің алғашқы күндерінен-ақ осы саланың жаңа, тиімді үлгісін, даму жолын таңдау мәселесі тұрды. Әрине, нарық экономикасы

үлгісін таңдадық. Оған жетелеген алды төрт ғасыр, соңы екі ғасыр осы нарық жолымен жүрген батыс елдерінің бай тәжірибесі және оның мол тиімділігі. Оның үстіне әлемдік социалистік жүйе ыдырап, дербес дами бастаған отызға жуық мемлекеттер – біздің бұрынғы әріптестеріміз де осы нарық жолымен жүреміз деген шешімдерін қабылдап жатты. Осымен қатар Бүкіләлемдік Банк, Халықаралық валюта қоры, бірнеше ірі батыс мемлекеттері біздерді социалистік жүйеден тезірек бөліп әкету мақсатында арнайы бағдарлама жасап (Вашингтон консенсусы), оның талаптарын орындауға біздерді күндіз-түні үгіттеп жатты.

Сөйтіп, нарық жолын таңдадық. Бірақ ол бізге оңайға түскен жоқ. Өйткені, бұл біздерге белгісіз, ғасырлар бойы бұрын жүріп өткен жолымызда кездеспеген, тарихи санамызда қалмаған шаруашылық жүйесі. Оның үстіне капитализмнен социализмге өткен заман ізі бар, ал керісінше, социализмнен капиталистік нарық жүйесіне біздерден бұрын жол салған ешбір мемлекет жоқ. Және де осы нарықтық экономиканың қыр-сырын, небір шешуші бағыттары мен тетіктерін білетін мамандарымыз жоқ. Нарық жүйесін жамандап, оған тас лақтырғанымыз болмаса, оны кеңес заманында үйреткен де, үйренгеніміз де жоқ. Тағы бір қиындық біз, сол кезеңдегі ұрпақ, кеңестер бесігінен өсіп-өнген, Компартия идеологиясымен берік шыңдалған ұрпақ едік. Бұрынғыны артқа тастап, барлық қалыптасқан сенім-нанымды басқа жаққа бұру да оңайға түскен жоқ. Жаңа жолға түсуге қарсылар ол кезде бар-ақ болатын.

Міне, осы кезде “Мен, халқым, осы нарық жолын таңдадым, бұл сапарда қиыншылық көп болады, төзуге тура келеді. Ал нәтижесінде біз тиімді экономикалық жүйе жасаймыз, соның негізінде тұрмысты жақсартып, өркениетті елдердің қатарына қосыламыз. Мен сіздерді осы жолмен жүруге шақырамын”, деген Президенттің жалынды сөздерін естідік. Бұл Президенттің ой-толғанысы мен таным талқысынан күш алған тебіренісі еді. Сол кездегі орасан сілкіністерден туған тебіренісі еді. Осындай алдағы қауіп-қатерге тәуекелі мол тебіреніс біздерді, қазақ қоғамын, нарық жолына шығарды. Отан тарихында бұл – орны өшпес оқиға.

Осы нарық жолын бастауда тағы бір жолайрыққа тірелдік: қалай, осы жолмен шұғыл жүреміз бе, әлде нарық әлеміне біртіндеп кіреміз бе? Сол кезде әлем елдерінде болып жатқан пікірталастар менің әлі есімде. Біреулер “нарыққа жету үшін алдындағы ордан бір-ақ секіріп өту керек” десе, екіншілері “судан өту үшін оның түбіне табаныңды тіреп, байқап өту керек” деген пікірлер айтып еді. “Сендер, қазақтар, мына Чехия, Словакия, Венгрия, тағы басқа Шығыс Еуропа елдеріндей нарық жолымен жедел жүре алмайсыңдар, өйткені, олар осыдан жарты ғасыр бұрын осы жолмен жүрген, оның сүреңі сақталған, оны жедел табуға болады, ал сендерде ондай жағдай жоқ. Нарыққа шұғыл кірісе бастаған поляктар да сендерге үлгі бола алмайды, өйткені, олардың әлем елдерінде ағайындары көп, олар көмекке келеді, ал сендерге өз күштеріңе ғана сенуге тура келеді” деген

пікірлер де айтылды. Айтылып қана қойған жоқ, осы пікірлер реформаға қарсылардың ұранына айналып еді.

Реформаларды тез, шұғыл түрде жасауға тағы да Президенттің тәуекелі керек болды. Негізсіз, көзсіз тәуекел емес. Күш-қайратына, өз таңдауының дұрыстығына сенген тәуекел. Жедел реформалардың қиындығы да болды. Ол туралы әңгіме кейінірек. Ал енді олардың оң нәтижесін бүгін көріп отырмыз. Барлық тетіктерін берік жасауға жарты, тіпті бір ғасыр кететін нарық жүйесін біздер бір ғана ұрпақтың ғұмырындай мерзімде құруға қол жеткіздік. Бүгінгі таңда әлем елдері Қазақстанды жан-жақты дамыған, басқалармен терезесі тең нарық экономикасының елі деп біледі, олармен қарым-қатынас та осы тұрғыдан қалыптасып, тиімділігін көбейтуде. Ең бастысы, тезірек тығырықтан шығып, ел тұрмысын табанды түрде жақсарту мүмкіндігіне жол ашылды. Әсіресе, сонау 90-шы жылдары кедейшілік пен жоқшылыққа белшесінен батып отырған халықты айғайы болса да айқассыз, дауы болса да жарылыссыз, әлеуметтік тыныштық пен үйлесімдігін сақтай отырып, экономикалық күйзелістен тез арада алып шығу ерлікке тән іс-әрекет. Кейбір бұрынғы әріптес-көршілеріміз осындай батыл қадамдарға бара алмады. Тіпті Ресейдің өзі жол басында кібіртіктеді, ал аталас көршілеріміз болса әлі күнге дейін нарық жолына түбегейлі шыға алмай отыр. Сондықтан Президент жасаған сол кездегі тәуекел, жолайрықтағы батыл шешімдер біздің тарихымызда жоғары орында тұрары сөзсіз. “Саяси басшының баршаға керек үлкен бір қасиеті – алдын болжай білу және алға қойған мақсатын орындау ісінде табандылық көрсету” деген екен Аристотель. Реформалардың алғашқы сатысында да, кейінгі жалғасында да осы саладағы мақсатын орындауда Президент тарапынан көрсетіліп отырған табандылықты атап айтпауға болмайды.



Реформалар үйлесімділігі

Егемендік алған елдің реформалары тек экономика саласымен шектелмейді. Олардың тағы бір өзекті саласы – саяси реформалар, елімізде басталған демократиялық үрдістер. Біз ашық қоғам құрып, демократия жолын таңдаған елміз. Осыған сәйкес конституциялық реформа, демократия шеңберін үлкейтетін әртүрлі басқа да саяси реформалар жүріп жатыр. Қоғамымыздағы кейбір саяси топтар демократиялық реформаларды бұдан да жедел жүргізуді талап етті, әлі де талап етуде. Оларға жауап

ретінде Президент, “алдымен – экономика, сосын – саясат” деген өзінің тиянақты тұжырымын айтты. Міне, осының негізінде біз экономиканы жеделдете дамытып келе жатырмыз.

Алдымен – экономика, сосын – саясат – бұл Қазақстанның Президент ұсынған даму жолы. Басқалармен салыстырғанда, әрине, бұл жолдың өзімізге тән ерекшелігі бар және ол негізсіз емес. Батыс елдерінің, тіпті осы жолға түскен Шығыс Еуропа елдерінің тәжірибесіне қарасақ, саяси демократия үрдісін тек осыған мүмкіндік жасайтын экономика саласында керек жағдай болғанда ғана жақсы дамытуға болады. Демократиялық елдердің тұрақтылығы неде, демократиялық қоғамның тұрақты дамуының негізі неде? Басқаша айтқанда нарық заманында өз қоғамының тұрақты болуына кім мүдделі? Оған мүдделі – орта тап. Яғни, өз кәсібі бар, өзін-өзі экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ете алатын, сондықтан да осы жағдайынан айырылып қалу қаупі бар қоғамдағы әртүрлі қозғалыстарды, сілкіністерді қолдамайтын топтар. Негізінен олар шағын және орта кәсіпкерлікпен шұғылданатындар. Егер жалақылары жоғары болса, бұл топқа ірі компаниялардың менеджерлерін, дәрігерлерді, инженерлерді, зиялы қауымның кейбір айтарлықтай табысы бар өкілдерін жатқызуға болады.

Шетел тәжірибесіне сүйенсек, тұрақтылықты сақтай білетін және оған мүдделі орта таптың өкілдері қоғамдағы жалпы халық санының 50-60 пайызын құрауы керек. Бай шетел тәжірибелері тұрақтылықтың тағы бір түйінін байқатады. Яғни, орташа жылдық табысы адам басына шаққанда ең кемі 3000 доллар болған елдерде басқаларға қарағанда қоғамдағы тұрақтылық көбірек сақталған. Осы саланың мамандары “демократияның сынақ көтеретін деңгейі” (критический уровень демократии) деген көрсеткіштің де демократияны дамыту үшін маңызды екенін айтады. Қоғам шайқалмай, небір үлкен әлеуметтік күйзеліс пен жарылыстарға ұрынбай, тұрақты даму үшін аталмыш көрсеткіштің деңгейі 6000 доллардан кем болмауы керек.

Енді осы жоғарыда айтылған тұрғыдан Қазақстандағы реформалардың басындағы өз жағдайымызға көз жіберейік. Сол кезде елді кедейшілік жайлаған еді. Шағын және орта кәсіп иелерінің біртіндеп қана қалыптаса бастаған кезі. Ауылда да, қалада да етегін кең жайған жұмыссыздық. Өз жалақысы күн көрісіне жетпей жүрген инженерлер, дәрігерлер, басқа топтардың өкілдері. Адам басына шаққанда 3000 доллар емес, одан он есе аз жылдық табыс. Осындай жағдайда, Президент айтқандай, “демократиялық даму тікелей кедейшілікке апарар жол екен” деп халық қорытынды шығаруы әбден мүмкін еді. Міне, осыны терең түсінген Назарбаевтың “алдымен – экономика, сосын – саясат” даму жолы дүниеге келді.

Егемендік жылдары осы саясатты берік ұстап, экономикада ауқымды реформалар жүргізіп, оның тиімділігін өсіріп, соның негізінде баянды әлеуметтік саясат жүргізуге, ел тұрмысын сатылап жақсарту мүмкіндігіне қол жеткізіп келеміз. Соңғы жылдары өзіміздегі ішкі жалпы өнім адам

басына шаққанда 7000 долларға жетіп, жоғарыда көрсетілген “демократияның сынақ көтеретін деңгейі” көрсеткішінен асып кетті. Енді бес жылдан кейін әр адамның орташа табысы 9000 доллардан асып, әлем елдерінің бел ортасынан орын алуға мүмкіндіктер бар. Соңғы он жылда қазақстандықтардың орташа табысы бес есе, орташа жалақы алты есе, жалақының ең аз деңгейі жиырма бес есе өсті. Осының бәрі Президент жүргізіп отырған “алдымен – экономика” саясатының нәтижесі, оның Қазақстан қоғамының ерекшелігі мен хал-ахуалын ескере отырып алынған саяси шешімінің дұрыстығының куәсі. Әрине, бұдан ел тұрмысында бүгін кемшілік жоқ, барлық топтар үшін тиісті жағдайлар жасалған деген пікір тумайды. Кейбір шаруашылық және әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбекақысы төмен. Мысалы, мұғалімдердің, дәрігерлердің, ғылыми қызметкерлердің жалақысы республика көлеміндегі еңбекақы деңгейінің 60 пайызын ғана құрайды. Күн тәртібінде осындай қайшылықтан арылу мәселесі тұр.

Осы күндері Қырғызстанда болып жатқан күйзелістер барша әлем назарында. Реформалардың алғашқы жылдарында саяси демократияны жедел жүргізген, озық демократияның үлгісі деп осы елді барынша мақтап-мадақтаған халықаралық ұйымдар мен сарапшылар болып еді. Бірақ олар қырғыз қоғамында экономиканың дамымағанын, оның халқының өте кедей тұратынын, осы елде орасан жұмыссыздық орын алғанын ескермеді. Осындай жағдай қырғыз мемлекеті басшыларын да ойландырмады, олар да демократия деген жайдақ ұранның ықпалында болды. Нәтижесінде жылдар өтіп жатты, ел тұрмысы түзелмеді, халықтың төзімі таусылды. Қырғыз ағайындардың соңғы 5-6 жылда басынан бір емес, екі рет кешіп отырған орасан күйзелісі, қан төгілуге дейін барған оқиғалар жоғарыда айтылған жан-жақты терең ойластырылмаған саясаттан, экономиканы дамытып, халықтың тұрмысын жақсартуға тиісті көңіл бөлінбегендіктен туып отыр.

Экономика мен саяси демократияның даму сатыларының бір-бірімен дұрыс үйлесімін таппағандықтан қоғамда болған үлкенді-кішілі күйзелістер, тіпті жарылыстар Қырғыз елінен басқа мемлекеттерде де болғаны тарихтан белгілі. Мысалы, Латын Америкасының біршама елдері осындай күйзелістерді 19-шы ғасыр мен 20-шы ғасырдың ортасына дейін өздерінің басынан өткізді. 20-шы ғасырдың екінші жартысында Чилиде Сальвадор Альенде бастаған солшылдар тобы жеңіп, елін жаңа жолмен жүргізе бастады. Бірақ олар жеңіліп, әскери хунта елге басшылыққа келді. Аталмыш елдегі төңкеріске АҚШ-тың, дәлірек айтсақ, сондағы ТТТ сияқты трансұлттық компаниялардың ықпалы болды, сонымен қатар Альенде саясатын осы елдің бұқара халқы табанды қолдамағанының себебі осы саясаттың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан әлсіздігі мен кешеуілдегенінен еді. Сондықтан саясат пен экономика даму үрдістерін бастаған кезде олардың қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін үйлесімін табу әрқашанда маңызды. Біздің айтқымыз келгені: Қазақстан Президенті осы үйлесімді таба білді.

Төл теңгенің тегеуріні



Президенттің экономикалық реформаларды жедел жүргізуінің басты шарттарының бірі дер кезінде төл теңгемізді жасап, оны айналымға енгізу болды. Төл теңге тек қана тәуелсіздіктің, егемен елдіктің айғақ нышаны емес, төл ақша – әрбір экономиканың қан тамыры. Онсыз экономикада керекті айналыс та, ал оның салаларының арасында тиянақты байланыс та жоқ. Қазір үлкен де, кіші де, баршамыз осы төл теңгеміз ықылым заманнан бері қалтамызда жүргендей сезінеміз. Ал ол қалай дүниеге келді, төл теңгеміз болу үшін Президентке қандай батыл шараларға баруға тура келді дегенді көп ойлай да, бағалай да бермейміз. Ақиқатына келсек, бұл тәуелсіздігімізді жариялағаннан кейінгі оны бекіту жолындағы екінші күрделі де батыл қадам болды. Батыл деп айтатыным, сол мезгілде Ресейдің рубль аймағынан, осы елдің экономикалық кеңістігінен шығу қиынның қиыны болатын. Өйткені, бізден шығарылған бұйымдардың жетпіс пайызынан артығы, ал бізге керек бұйым – заттардың, құрал-жабдықтардың сексен пайызы негізінен сол Ресейден алынып, не соған жіберілетін. Ал осы байланысты реттейтін Ресей ақшасы рубль болатын. Ресей бізді өз рубль аймағында, өз ықпалында қалдыруға тырысып-ақ бақты. Осындай Ресеймен кіндігіміз қатты қосақталған байланысты үзіп, төл ақшамызды енгізу үшін батыл да кезек күттірмейтін шешім қабылдау керек еді. Осы шешім Президент тарапынан жасалды. Теңге құпия түрде Лондонда жасалып, көп ұзамай егемен елдің экономикалық айналысына енді.



Соңынан Президенттің тікелей басшылығымен Ұлттық қор құрылып, инфляцияға қарсы арнайы бағдарламалар жасалынып, Қазақ елі өзінің төл ақшасының құны мен беделін сақтай алды. Кеше әлемде болған қаржы дағдарысы бізге жеткенде, еліміздегі кейбір үлкен банктер күйзеліс

кешкенде халқымыздың теңгеге деген сенімін жоғалтпағанын анық байқадық. Ақша жүйесі, оның экономика тиімділігіне әсері өзін қатты ойландыратынын Президенттің “Дағдарыстан шығу кілті” деген әлем сарапшыларының назарын бірден өзіне аударған еңбегінен де көруге болады. “Әлемдік экономикадағы дағдарысты жеңудің үш жолы немесе бағыты бар”, дейді Назарбаев. Біріншісі – техникалық-технологиялық инновациялық үрдісті жеделдету, екіншісі – валюта-қаржылық күрделі инновациялар жасау, үшіншісі – саяси-әлеуметтік инновациялар жасау. Олардың ішінде, Президент пікірінше, жаһандық дағдарыстан шығу үшін валюта-қаржылық инновацияның маңызы өте зор. Осы тұжырым аталмыш еңбекте жан-жақты талқыланып, дәлелденген. Олардың бастыларын айтатын болсақ, біріншіден, әлемдік дағдарыс осы валюта-қаржы саласынан басталды; екіншіден, әлем деңгейінде тауар мен қызмет көрсету көлемі мен олардың айналымын қамтамасыз ететін валюта көлемінің арасында алшақтық басталды және ол жылдан жылға үлкеюде, өсуде. Мысалы, 1994 жылы барша әлемдегі айналыстағы ақша көлемі 70 трлн. долларды құраса, 2005 жылы ол 450 трлн.-ға дейін, ал 2007 жылы Базельдегі Халықаралық есептесу банкінің хабары бойынша, 530 трлн. долларды құраған. Яғни, 1994-2007 жж. 460 трлн. долларға шаққанда қосымша ақшалар шығарылған. Осындай 13 жыл ішінде (1995-2008 жж.) әлемдегі ішкі жалпы өнім 31,7 трлн. доллардан 41,797 трлн. долларға немесе небәрі 10 трлн. долларға ғана өскен. Нәтижесінде, тек тауар айналымын қамтамасыз ету үшін ғана емес, ақша сұраныстан орасан көп шығарылып, ақшадан ақша жасау жалдаптық жүйесі қалыптасты. Үшіншіден, әлемдік валюта – долларды шығару тек Америка Құрама Штаттарының қолында, валюта эмиссиясын жасаған кезде өз мүдделері болмаса, басқа елдердің жағдайларын көп ескере бермейді. Төртіншіден, 1944 жылы дүниежүзілік соғыстың соңында құрылған әлемдік валюта-қаржы жүйесі ескірді, қазіргі заман талабына сай келмейді. Сондықтан да жалпы әлем экономикасы, жекелеген мемлекеттер де қаржы дағдарысына жиі ұшырайды. Міне, осындай себептермен, деп тұжырымдайды Нұрсұлтан Назарбаев, әлем деңгейінде жаңа резервтік валюта жасайтын кезең келді. Мен мұны әлемдік деңгейдегі ұтқыр пікір дер едім. Көп елдердің басшыларының назарын аударған пікір. Франция Президенті Саркозидің, Германия Канцлері Меркельдің, Ресей Президенті Медведевтің, Қытай басшысы Ху Цзиньтаоның осы саладағы ұсыныстарымен үндес пікір. Біздің басшымыздың кәсіби дайындығының жоғары екендігінің, әлем экономикасында болып жатқан құбылыстарды әр уақытта өз назарында ұстайтынының, соның арқасында айтылған пікірінің осы саланың және дағдарыстың себептерін терең түсінгенінен туғандығының айқын айғағы. Президент ұсынысы әлі күн тәртібінен түскен жоқ, әлемдік қаржы архитектурасын жасауға қатысқан халықаралық ұйымдар, жекелеген сарапшылар Қазақстан Президентінің пікіріне қайта-қайта оралуда. Президент еліміздегі реформалар хикаясын “Қазақстан жолы” атты көлемді еңбегінде айшықтады. Бұл өзі ел ішінде жан-жақты

талқыланып және баршамыз бастан кешкен оқиғалар. Сондықтан қысқаша ғана экономика саласында жүріп жатқан реформаларға тоқталсақ, біріншіден, олар ұзақ мерзімді көздеген, стратегиялық маңызы бар реформалар, екіншіден, әрқайсысы тың тақырыпқа, экономика деңгейін, жалпы ел өркениетін жаңа сатыға көтеруге арналған ауқымды бағдарламалар, үшіншіден, әлемнің қазіргі, әсіресе болашақ даму бағыт-бағдарламаларымен үндес келген, Қазақ елін әлемдік қауымдастықтың алдыңғы қатарындағы елдерге барынша жақындатуды, оларға үйлесімдікті арттыруға арналған реформалар.



Үлкен стратегияның айқындалуы

Олардың кейбіреулері толығымен, кейбіреулері жартылай орындалды, жаңадан басталып жатқандары да бар. Дегенмен, біз жоғарыда атаған үш ізгі мақсатты әрқайсысының көздегені тарихи шындық. Ең алғашқы жарияланған “Қазақстан-2030” Стратегиялық бағдарламасы алдағы ұзақ сапарда ел жүретін саяси-әлеуметтік жолдар туралы, осы сапарда өтетін өткелдер, алатын асулар туралы Елбасының ойын, арманын жария етті. Өте алысты көздеген стратегиялық құжаттар әлем елдерінде көп емес. Қытай, Малайзия елдерінің осындай стратегиялық жоба жасау тәжірибелері бар. “Қазақстан-2030” осындай әлем елдерінде сирек кездесетін стратегиялық жобаларға жатады. Ұзақ жолда қоғамның әр саласында қол жеткізетін тиянақты көрсеткіштері болмаса да бұл Стратегия елде нарықтық экономика жүйесі мен демократиялық қоғам құрылатынын жария етті. Жақында осы Стратегияның алғашқы он жылдығында қойылған мақсаттарының орындалғанын Үкімет хабарлады. Келесі бір ел үшін ерекше маңызы бар “2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттің индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы” еді. Қазақстанда өндірісті әртараптандыруға, әсіресе өңдеу салаларының жедел дамуына арналған бағдарлама. Инновацияларды экономиканың шешуші салаларына енгізуді көздеген бағдарлама. Қазақстан экономикасын индустриялық сатыға көтеруге жасалған жоба. Экономикадағы шикізат секторының, әсіресе мұнай секторын жедел дамыту салдарынан туған сыңаржақтықтан арылу үшін жасалған бағдарлама. Осы Стратегияның Қазақ елі үшін маңызы зор екеніне ешкім күмән келтірмейді.

Оны іске асыру барысында елде біршама даму институттары құрылды, оларға бюджеттен мол қаржы бөлінді. Осы істі басқару мақсатымен “Қазына”, “Самұрық” холдингтері де құрылды. Өкінішке қарай басталғанына 6 жыл өткеніне қарамастан аталмыш Стратегия дұрыс

нәтиже бермеді. Өндіріс әртараптандырылмай, экономикадағы сыңаржақтық әлі күнге дейін орын алып келеді. Президент атап көрсеткендей, біздегі еңбек өнімділігі батыс пен шығыс дамыған елдерімен салыстырғанда еселеп төмен, инновациялық даму да өте баяу. Әрине, Стратегияның дұрыс орындалмағандығы даму институттарының, оларды басқарған холдингтер, министрліктер мен жалпы Үкіметтің осындай үлкен іске дұрыстап жұмылмағандығынан, осыған қатысы барлардың жауапкершілігінің жетіспегендігінен болды. Сонымен қатар 2002-2007 жылдар шамасында елімізде сыр берген “голланд ауруының” да кеселі болды. Мен мұны бірінші рет айтып отырған жоқпын, біз де, басқалар да Қазақстанға осы дерттің теріс ықпалы бар екенін айтып жүргенбіз. Аталмыш жылдары әлемдегі нарық бағасы біз сыртқа шығаратын шикізатқа, әсіресе мұнайға тынбай өсті. Оның үстіне біз өндіретін шикізат та (мұнай, металл) көбейіп, оларды басқаларға сату табысты еселеп арттырды. Бюджетке түсім жылдан жылға көбейіп, әлеуметтік саланың сұранысын экономиканың тиімділік деңгейімен санаспай-ақ орындай беруге мүмкіндік пайда болды. Міне, осындай жағдайда экономиканың өңдеуші салаларын дамыту назардан тыс қалмағанымен, оған дұрыс көңіл бөлінбеді. Осы сияқты экономиканың шешуші салаларына басқа табыс көздері мол болғандықтан немқұрайлы қарауды “голланд ауруы” дейді. Бұл шикізаты бар, одан табысы көп бізден басқа да елдерде болған. Экономика дамуын аса сақтықпен жасаған елдер мұндай дертке шалдыққан жоқ. Экономиканың әртараптандырылмағанын, сыңаржақтығын, тиімділігі төмендігін біз әлемдік дағдарыс кезінде ерекше сездік. Әлем елдерінде біздер сататын шикізатқа сұраныс және оның бағасы күрт төмендегенде табыс көзі азайып, Ұлттық қордың едәуір бөлігіне қол салуға тура келді. Осы жағдайларды өзінің кезекті Жолдауында халыққа айтып, Президент индустриялық-инновациялық дамудың жаңа бағдарламасын ұсынды. Жақында Елбасы бекіткен “Қазақстан-2020”, 2009-2014 жылдарға арналған екпінді индустриялық-инновациялық даму, 2020 жылға дейінгі бизнестің Жол картасы, Индустрияландыру картасы осы Президент ұсынған онжылдық даму стратегиясының негізгі бағыттары. Аталмыш стратегиялық бағдарлама өзінің тиянақтылығын байқатады. Онда көзделген мерзімде, әсіресе алдымыздағы бес жылда, екпінді дамитын өндіріс салалары, жаңа кәсіпорындардың, игеретін технологиялардың түр-түсі анықталған. Оларды орындау үшін керек инвестициялар көзі, мемлекет тарапынан қолдау шаралары да сарапталып, бекітілген. Стратегияның тағы бір ерекшелігі ел өңірлерінде болашақта экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру. Осының негізінде өңірлерде шағын және орта бизнестің дамуына ерекше көңіл бөлінеді. Осы саладағы кәсіпкерлерге “2020 бизнес жол картасы” арқылы мемлекет тарапынан қомақты қолдау шаралары анықталған. Бұрынғы бағдарламаларға қарағанда алдымыздағы 10 жылдық даму стратегиясының тағы да бірнеше ерекшелігі бар, оларды аталмыш стратегияның артықшылығы десек те болады. Оның бірінші басымдылығы

– елімізде шығатын шикізаттарды тереңірек өңдеуді қалыптастыру. Мысалы, бокситтен тек алюминий алып қоймай, одан өндіріске немесе тұтыну салаларына керекті дайын заттар шығару, мысты өңдеп кабель, басқа да бұйымдар шығару, азық-түлікті терең өңдеу арқылы Қазақстан халқының ішетін тамағының 80 пайызын өз елімізде шығару, тағы тағылар. Осындай тиянақтылығымен аталмыш стратегия оны орындаудың мүмкіндігін арттырып отыр. Онда болашақ салынатын кәсіпорындарға, игерілетін жаңа технология, техника жүйелеріне алдын ала кадрлар дайындау шаралары да бекітілген. Тағы бір ерекшелік – өндірісті дамытудың, инновацияларды игерудің басты мақсаты әр шаруашылық саласында еңбек өнімділігін қарқынды түрде өсіру. Олай болмаған жағдайда әртүрлі жобалардан бас тарту талап етілуде.

Дамудың жаңа кезеңі

Қорыта айтсақ, алдымыздағы онжылдық ел шаруашылығын индустриялық деңгейге көтеретін өте бір маңызды кезең болғалы тұр. Осы стратегия Елбасының тікелей басшылығымен жасалды. Одан біздер стратегиялық болжау мүмкіндігіміздің өскенін, күрделі проблемаларды шешу барысында ұтымды тәжірибелер жиналғанын байқаймыз.

Қазіргі стратегиямыздан әлем елдерінде бұрын болмаған үлкен дағдарысқа байланысты мемлекет пен нарықтың ара қатынасы туралы қалыптасқан тұжырымның өзгере бастағаны да байқалады. Батыс елдері осыған дейін нарық экономикасы тетіктерін негізгі дамыту күштері деп санап, мемлекетке осы саланың тек “түнгі күзетшісі” міндетін ғана бөліп беріп келді. Ал әлемдегі экономика-қаржы дағдарысына тірелгенде күйзеліске ұшыраған шаруашылық салаларына, банктерге, компанияларға көмекке келетін мемлекеттен басқа ешкім табылмады. Либералдық экономика қоғамның тұрақты дамуын барлық уақытта қамтамасыз ете алмайтыны әлем елдеріне белгілі бола бастады. Сондықтан да нарық қатынастарын дамыта отырып, мемлекеттік реттеу шараларын да қолдану керек. Бұл тек қалыптасқан пікір ғана емес, әлем елдерінде әртүрлі деңгейде қазір қолданылып жатқан, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан реттеу шаралары.

Қазақстанда да осындай деректі шаралар жүргізіле бастады. Стратегиялық жоспарлау, оны экономиканы басқару жүйесіне енгізу тетіктері туралы Елбасының арнайы Жарлығы қабылданды. Алдымыздағы стратегиялық даму жолымыз тиянақты деуіміз осы ұзақ мерзімге жасалған жоспарларымыздан туып отыр. Индустриялық-инновациялық даму ісі, оны ұйымдастыру, қолдау, бақылау бұрынғыдан да көбірек мемлекетке жүктеліп отыр. Осындай бізде болып жатқан өзгерістер әлем елдерінде экономика саласында мемлекеттің ролін көтеру шараларымен үндес. Бұл да Президенттің әлем елдерінде болып жатқан өзгерістерді өз назарында ұстап отырғандығының, оларды терең түсінгендігінің айқын көрінісі.

Жалпы Қазақстандағы реформалар әлем елдерінде болып жатқан аталмыш саладағы реформалармен, оның озық үлгілерімен сабақтас.

Шетел сарапшылары Назарбаев реформаларын екінші жаһан соғысында ойраны шыққан Германияны аяғынан тұрғызған Людвиг Эрхардтың реформаларымен салыстырады. Оның “баршаға жақсы тұрмыс” (благополучие для всех) атақты даму тұжырымдамасымен Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген “алдымен – экономика” саясатындағы бір-біріне ұқсастық, сабақтастық, үндестік бар екенін атап айтады. Сарапшылар біздегі экономикалық даму Малайзия еліндегі реформаларға да үндес екенін көрсетеді. Малайзияның “2020-көзқарас” бағдарламасы, мемлекет пен жекеменшік секторының осы елді дамытуға үйлесімді атсалысуы әлемдегі жақсы дамыған елдердің қатарына қосудың бірден-бір себебі еді. Қазір Малайзия қоғамның постиндустриялық сатысын аттап өтіп, бірден инновациялық сатыға жету қамында. Аталмыш елдегідей мемлекет пен жеке сектордың тығыз әріптестігі, байланысы, алысты көздеген стратегиялық жоспарлар, заманауи ақпараттық технологиялар қалыптасып, даму үстінде. Президент жасампаз басшы ретінде әлем елдерінде көрген озық үлгілерін өз елінің шаруашылық немесе басқару жүйесіне енгізуге ерекше көңіл бөлуде. Корпоративті басқару жүйесін жақсарту мақсатымен Сингапурдегі холдингтер тәжірибесін, Оңтүстік Кореядағы ірі компаниялардың жұмыс тәжірибесін, ислам банктерінің кәсіпкерлерге несие беру озық үлгісін, Қытайдағы арнаулы экономикалық аймақтар құру жобасын біздің өмірімізге де енгізіп қолдануды алғаш ұсынған Елбасы болатын.

Әлемдегі экономиканың тиімділік деңгейіне, әлем өркениетінің басқалар жеткен көкжиегіне жету жолында Елбасының Қазақстан халқына әр жылдағы арнаулы жолдауларының маңызы өте зор. “Бәсекелестігі жоғары Қазақстан үшін, бәсекелестігі жоғары экономика, бәсекелестігі жоғары ұлт үшін” деген Елбасының Жолдауы қазір біздің ұлттық идеологиямыз іспеттес. Әлем елдері қазіргі заманда, әсіресе болашақта ортақ бәсекелестік кеңістікте өмір сүреді. Кімнің халқы, шаруашылық жүйесі бәсекеге дайын болса, келешек соныкі. Сондықтан да адами тұрғыдан, дүниені танып-пайымдаудан, өскелең ұрпақтың білімі мен біліктілігі жағынан, экономиканың тиімділігімен бәсекелестікті арттыру бұл әрбір елдің, оның ішінде Қазақ елінің де түпкілікті мақсаты. Аталмыш Жолдау халықты осындай ізгі мақсаттарға жетуге шақырып отыр.

Қазақ елін әлемнің ең алдыңғы қатардағы 50 мемлекетінің санатына қосу туралы келесі Жолдауында ұсынған Президент жобасының да маңызы өте зор. Ғасырлар бойы әлем елдерінің көшінің соңында келе жатқан Қазақ елі үшін сол елдердің алдыңғы тобына қосылу асқақ арман. Біздің тарихымызда осындай өр міндет, биік мақсат бірінші рет қойылып отыр. Оны тек айтып қана қоймай, мақсатқа жету үшін жүрер жол, алатын асулар Елбасы Жолдауында жан-жақты сипатталған. Бұл бастаманың да рухани әсері күшті, қоғамымыздың қай саласын алсақ та істеген ісімізді, көтерілген биігімізді осы елу озық елдердің деңгейлерімен салыстыра бастадық. Дәл бүгін әлем дағдарысының салқын әсеріне байланысты ілгерілеуіміз сәл бәсеңдеген болар, бірақ елу озық елдердің санатына

қосылу Қазақ елінің болашақта жүретін сара жолы екенінде ешкімнің күмәні жоқ.



Өткен жылы Әл-Фараби атындағы ұлттық университет студенттерімен кездесуінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанда зайырлы ұрпақ, зайырлы ұлт қалыптастырудың жолын, жобасын ұсынды. Бұл да қазақ қоғамының алдына тұңғыш рет қойылып отырған тарихи міндет. Зайырлы ұлт білімі мен біліктілігі жоғары, заманауи техника мен технологияларды толық меңгерген, қоғамды дамытудың ең озық үлгілері мен әлем тәжірибесін игере білген һәм жасампаз ұлт. Сондықтан да ол әлем деңгейіндегі қатаң бәсекеге дайын, заманының өктем талабын түсініп қана қоймай, соған сәйкес іс-қимыл жасай алатын ұлт. Міне, осындай ұрпақты өсіру Президент арманы. Және де оны орындау мақсатымен білім, ғылым, денсаулық сақтау, мәдениет, тәрбие, рухани даму салаларында көлемді іс-қимылдар, бағдарламалар жүргізіліп, көзделіп отыр.

Жоғарыда көтерілген мәселелер біздің қоғамға тарихи өте бір жауапты міндеттер жүктеуімен қатар оны орындау үшін осы қоғамның, қазақ мемлекетінің әлі де есейіп, жетілуі, кемелденуі, жасампаздық әлеуетінің әлі де арта беруін талап етеді. Әр қоғамның даму қарқыны, оның өсу деңгейі басшысы бастаған, халқы қостаған ішкі және сыртқы саясатына байланысты.

Президенттік басқару тиімділігі

Біздің егемен елдің тарихында президенттік басқару жүйесі Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тікелей байланысты. Президент және ол құрған мемлекеттік жүйе тәуелсіздік жылдары еліміздің тұрақты және жаңару, жаңғыру жолымен жүруін қамтамасыз етті, оған керекті жағдайды жасады, әлі де жасау үстінде.

Енді осы мүмкіндіктерге тоқталып көрейік. Жалпы алғанда олар баршамызға белгілі, дегенмен, оларды атасақ, мақсатымыз Президент басқарған билік жүйесінің кәсіби деңгейінің жоғары екендігін көрсету ғана емес, осы мүмкіндіктерді алдағы уақытта барынша тиімді пайдаланып әлеуметтік-экономикалық даму қарқынымызды бұдан да жақсы өсіруіміз керектігін ескерту.

Бірінші мүмкіндік тәуелсіздіктің басында-ақ экономикамыздың болашақ жүйесін бұлтартпай тапқанымыздан басталды. Президент Қазақстан халқына нарық үлгісін ұсынып, осы жолмен жүруге шақырғанын мақала басында айттық. Міне, содан бері басқаға алданбай, осы нарық жолымен, оның тетіктері мен тәлімдерін игере, бойымызға сіңіре ілгері жүріп келе жатырмыз. Және де осы саладағы әлем елдеріндегі озық тәжірибе мен үлгілерді өз шаруашылық жүйемізде пайдалануға да талпыныстамыз. Сөйтіп, экономикада тұрақты дамудың іргесі қаланды, негізі салынды. Нәтижесінде әлем елдерімен тереземіз тең мемлекет ретінде дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірдік, осы тұрғыдан олармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туды. Қазір елімізге шет елдерден инвестициялардың келіп жатқаны, әлемдегі ірі компаниялардың біздерде кәсіпорындар ашып, экономикалық қатынасты дамытуға ынталы болуы да бізде құрылған нарық жүйесінің беделі мен мүмкіндігінің арқасы.

Болашақ жолын бірден тауып, осы бағытынан айрылмай, ұзақ даму әлем елдерінің, әсіресе егемендік туын алғаш көтерген елдердің бәрінде бола бермейді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1,5 ғасырдың ішінде Латын Америкасы елдері өздерінің экономикалық жүйесін үш рет өзгерткені белгілі. Осындай өзгерістерді кезінде Қытай Халық Республикасы, Малайзия, Индонезия, кейбір басқа да мемлекеттер өз бастарынан өткізді. Көршілеріміз де жүрер жолын баяу бастағанын көрдік. Бізде бір бағытта тұрақты даму мүмкіндігі болды. Мұны біз президенттік басқару жүйесінің ұлттық дамудың шешуші факторына айналғандығының айқын дәлелі дейміз.

Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының өз елінің ұлттық мүддесін қорғап, өз елі үшін тиімді екеніне ешкім күмән келтірмейді. 130-дан артық елдермен сауда қатынасы орнаған, көптеген елдерден миллиардтаған инвестиция құйылып жатыр, әртүрлі халықаралық экономика саласындағы ұйымдардың Қазақстан беделді мүшесі.

Президенттің әлемдегі дағдарыс кезіндегі Қытайға, Ресейге, араб елдеріне, Кореяға сапары осы бір қиын кезеңде елімізге қажет инвестициялар әкелді. Оның АҚШ-қа, Францияға, Ресейге, Италияға сапары осы елдермен қарым-қатынасты стратегиялық әріптестік дәрежесіне көтерді. Яғни, осы елдермен экономикалық байланысты жан-жақты дамытып, олардың жаңа техника, жаңа технология жасайтын кәсіпорындарымен әріптестік байланысты күшейтті. Барған жерінен туған елінің ұлттық мүддесіне жарайтын тәжірибе, озық үлгі, басқа да жаңалықтарды әкелу Президент дәстүріне айналды. Президент арқылы әлемдегі ең беделді мемлекеттердің, ұйымдардың, қауымдастықтардың Қазақстан үшін есігі айқара ашылды. Мұны біз, қайталап айтсақ, Елбасының өз еліне, оның тұрақты дамуына жасаған мол мүмкіндігі дейміз.

Осындай ел, қоғам даму үшін ең керек мүмкіндіктердің – еліміз тандаған сара жолдың анықтығын, өз жерімізге ешкім ала көзімен қарамай, шекарамыз беріктігін, қоғамда тыныштық, түсіністік, бірлік барлығын,

Қазақ елінің қауіпсіздігінің мықты екенін, оның әлем елдерінде жаулары жоқ екенін, әлемдегі ең ірі мемлекеттермен стратегиялық қарым-қатынаста екенімізді біздер, қазақстандықтар, білеміз бе? Иә, білеміз. Олар үшін Президентті құрметтейміз, қадірлейміз. Ол да дұрыс болар, әсіресе Елбасы өз өмірінің ең маңызды белесіне шығу қарсаңында. Ілияс ақын айтқандай, “өз ұлын, өз ерлерін мақтамаса, осы жұрт қайдан табар кемеңгерді”. Ол ел құрметіне барынша лайық тарихи тұлға.

Сонымен қатар, әңгіме тек мұнда емес, әңгіме Қазақстанның дамуы үшін осы жасалған зор мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдалана білуде. Осы жағынан қоғамда олқылықтар бар. Тіпті кішігірім мәселелердің өзін шешу үшін Президенттен нұсқау күту дәстүрге айналған. Үкімет, министрліктер, әкімшіліктер тарапынан жауапкершілікті өз міндетіне алып, белсенді жұмыс істеу жетіспейді. Кейбір жауапты істерде, бағдарламаларды орындауда көзбояушылық бар. Қолдағы мүмкіндіктерді толық пайдаланбау біздің алға жүруімізді бәсеңдетеді. Шаруашылықтың көптеген салаларынан біздер белсенділіктің аздығын, жауапкершіліктің төмендігін көріп отырмыз. Осыған байланысты бүгінгі таңда маңызы зор бір-екі мәселеге тоқталғанды жөн көрдік.

Президенттің халыққа жолдауларында ауыл экономикасын жетілдіру, ауыл шаруашылығын ірілендіру мәселелері бір емес, бірнеше рет көтерілді. Реформалардың басында ауыл экономикасын жекешелендіру үрдісі нарық экономикасына көшудің негізгі талаптарының бірі еді. Әлемде осындай тәжірибе бар. Көптеген елдерде жеке шаруалар, фермерлер мал өсіріп, егін егіп, пайдасын көріп және де өз елін азық-түлікпен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, барлық елдерде де ауылдағы шаруашылық жүйесі дәл осындай үлгімен қалыптасты десек, ол жаңсақ пікір. Мысалы, Израиль еліндегі кибуцилер жеке фермерлер шаруашылығы емес, ол өндірістік кооперативке, кеңес тілімен айтсақ, ұжымшарларға ұқсайды. Жұмыстары тиімді, бау-бақша өнімдерімен бүкіл Еуропаның “оңтүстік жылыжай” міндетін атқарып отыр. Бұрынғы кеңес республикалары колхоз-совхоздарын таратып жібергенде, оларды таратпай сақтап қалған Белоруссия еді. Олар да бүгін Еуропа елдері мен Ресейдің сүт фермасының міндетін атқарып отыр.



Біздер шаруа қожалықтарын құрдық. Бірақ олар осы егемендік жылдары өздерінің өміршең екенін дәлелдей алмай келе жатыр. Ұзақ

жылдар елімізде мал басы, әсіресе асыл тұқымды мал басы айтарлықтай өспеуде. Жер құнарлылығы төмендеп, гектарға шаққанда егін түсімі де өспеді. Еңбек өнімділігі өте төмен. Президент атап көрсеткендей, біздің ауылдағы әрбір шаруа орта есеппен жылына 3000 доллар табыс табады екен, ал батыс елдерінің осындай жылдық табысы 50-70 мың доллар, яғни 15 есе көп.



Ауыл экономикасын көтеру үшін мемлекет көптеген қаржы жұмсауда. Оны көтеру үшін үш жылдық арнайы бағдарлама қабылданған еді. Ауылдағы елді мекендерді қалпына келтіру бағдарламасы алынған-ды. Ауылдық жерлерде мектеп, емхана немесе дәрігерлік көмек беретін орындар салуда, сол сияқты оларды ауыз сумен қамтамасыз ететін қатынас жолдарын жөндейтін арнаулы жобалар жасалып, оларға миллиардтаған қаржы бөлінді. Егін салу, мал өсіруге мемлекет тарапынан жәрдем әр жылда беріледі. Осындай көлемді шаралар ауыл экономикасын құлдыраудан шығарды.

Дегенмен, осы саланың тиімділігі әлі заман талабына сай емес, ауыл өнімдерінің бәсекелік дәрежесі төмен. Ауыл экономикасын ұйымдас-тыру саласында олқылық бар, біз дәстүрлі қалыптасқан шаруашылық менталитетімен дұрыс үйлесімді басқару жүйесін әлі таппаған сияқтымыз.

Кеден одағының келелі міндеттері

Күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі Ресеймен, Белоруссиямен бірігіп, Кеден одағын жасау. Әлемде ондай тәжірибе бар.

Еуропа, Азия, Америка елдерінде 11 кеден одағы жұмыс істеуде. Бүгінгі интеграциялаудың ең озық үлгісі Еуропа одағы кезінде кеден одағы болып, одан өткен. Кеден одағының негізгі міндеті экономикалық ықпалдастықты дамыту, одақ мүшелерінің арасында еркін саудаға және үшінші елдермен тең дәрежеде сауда саясатын жүргізуге қолайлы жағдай жасау. Осы тұрғыдан экономикалық, әсіресе геосаясат үшін мұндай одақтың маңызы зор.

Дегенмен, Қазақстанның аталмыш елдермен Кеден одағын құруы біздер үшін өте бір жауапты шешім болғалы тұр. Егемендік алып, нарық жолына түскенімізден кейінгі экономика саласындағы ең күрделі өзгеріс, дәлірек айтсақ, бетбұрыс осы одаққа кірумен байланысты болып тұр. Ресми мәліметтерде құрылып жатқан одақтың кейбір ережелері жарияланды. Олардың саяси астарына үңілсек, егемендік тұсында экономика саласында ел болып қол жеткен дербес биліктің кейбір тетіктерін басқаға, кеден одағын басқаратын ұжымға беруге тура келеді екен. Біреулер мұны кеденді реттеу туралы кейбір техникалық міндеттерді республикадан алып, аталмыш ұжымға беру ғана дейді. Өз басым бұл техникалық міндеттер емес, экономикадағы егемендігімізді басқалармен бөлісу дер едім. Өйткені, кеден – әр елдің басқа елдермен сауда-саттығын, оның тиімді-тиімсіздігін анықтайтын, экономиканың өте бір маңызды саласы. Сондықтан оны реттеу экономикадағы егемендікпен тікелей байланысып жатады.

Кеден одағында шешім қабылдау рәсімі бойынша Ресейдің дауысы 57 пайыз, Қазақстан мен Белоруссияның әрқайсысының дауысы 21,5 пайыз деп белгіленген. Ол да көптеген сұрақтар туғызады. Егемендікті пайызбен өлшеуге бола ма? Осындай жағдайда мәселені шешу тізгіні тек қана Ресейдің қолында бола бермей ме? Бір-бірімен терезесі тең мемлекеттер одақ құрып жатса, мәселе қараларда әрқайсысы бір-бір дауысқа ие болып, шешімді консенсус, яғни бір ауыздан келісім арқылы неге қабылдамасқа. Осы сұрақтар дұрыс шешімін табуы керек, өйткені үш ғасыр бойы билігі өзінде емес, басқада болған, армандаған тәуелсіздігіне жақында ғана қолы жеткен қазақ халқының осы билікті басқалармен бөлісеміз дегенге сезімі нәзік, құлағы түрулі, күдігі мол. Әлемдегі кеден одақтарының тәжірибесіне қарасақ, оларда әр мемлекеттің үлесін пайызға шақпай, мәселені консенсус арқылы шешу тәртібі қолданған.

1969 жылдан бес Оңтүстік Африка (ОАР, Ботсвана, Свазеленд, Лесото, Намибия) елдерінің Кеден одағы жұмыс істейді. Оны министрлер кеңесі басқарады. Шешім тек консенсус арқылы қабылданады.

Оңтүстік Америкада төрт мемлекет (Аргентина, Бразилия, Парагвай және Уругвай) ортақ рынокта жұмыс істейді. Басты мақсаттарының бірі осы елдердің арасында еркін сауданы ұйымдастыру. Ортақ рынокты басқаратын әр мемлекеттің өкілдерінен тұратын Кеңес, ол шешімдерін консенсус арқылы қабылдап, жүргізеді. Осы елдердің интеграцияны дамыту мақсатында құрылған ортақ парламент комитеті де бар.

Еркін сауданы дамыту мақсатымен құрылған Парсы шығанағындағы араб елдерінің Ынтымақтастық кеңесінің, Орталық Африка елдерінің кедендік және экономикалық одағының (ТЭСҚА), Орталық Америка елдерінің интеграциялық одағының (СЦАИ), Батыс Африка елдерінің экономикалық қауымдастығының (ЭКОВАС), Кариб бассейні елдерінің (КАРИКОМ) еркін сауда жүргізу жұмысы мен тәжірибесіне қарасақ та осы консенсустық тәртіпті қолдайтындарын көреміз. Сондықтан біздер де кеден одағына кіргенде мәселе шешерде оның мүшелеріне теңдікті сақтау мақсатында жоғарыда көрсетілген консенсус қағидатын қолдағанмыз дұрыс.

Қазақстанның бірлескен кеден одағын құрамыз деген мемлекеттермен экономикалық байланыстарын әлі де терең үйлестіру қажеттігі бар. Үш елдің арасында экономиканың көлемі, дамып отырған салалары және даму деңгейлері жағынан айырмашылықтары бар. Осы салада олигарх, монополистердің де ықпалы үлкен. Мысалы, біздің елден Ресейге ет өнімдерінің сатылмай отырған себебі, біздердегі ветеринария саласындағы кемшіліктермен қатар осы Ресей олигархтарының да теріс ықпалы. Аталмыш үш мемлекетте де бар монополизм, коррупция, көлеңкелі экономика кеден одағы жұмысына теріс әсерін тигізбей ме, осындай келеңсіз жағдайлармен күресу шаралары белгіленген бе?

Қазақстан алдағы он жылда ел экономикасын индустриялы деңгейге көтереміз деген жоба жасап отыр. Оның бірінші бес жылының екпінді индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жасалып, жүргізіле бастады. Жаңа технологиялар негізінде ондаған, тіпті жүздеген кәсіпорындар салу көзделіп отыр. Оларға керек техника және технологиялар тегісімен шет елдерден, негізінен батыс елдерінен сатып алынады. Кеден одағының осыған әсері қандай болады? Өйткені, біртұтас кедендік тарифтің 92 пайызы Ресейдегі тариф бағамына негізделген. Осыған байланысты біздегі тариф бағамы орта есеппен 10,6 пайызға өсті деп ресми мекемелер айтып отыр. Осы жағдай индустрияландыру бағдарламасын қымбаттатып, біздегі өндірістің жаңару, әртараптандыру шеңберін азайтпай ма?

Кеден одағы – бәсекелестік алаңы. Бәсекеге даяр бізден шығарған тауар ғана Ресей мен Белоруссия нарық кеңістігіне жете алады, ал дәл бүгінгі жағдайымызға көз жіберсек, олардан келетін тауарлар көп те, оларға барып бәсекелестікті жеңетін біздің тауарлар еселеп аз. Сондықтан Кеден одағын құру, бұл – дамуымыздың бәсекелікке сай белесінде қойылуы дұрыс мәселе сияқты.

Тауарлар өндіріп, басқа елдерге сату, олардан тауар әкелу де миллиондаған кәсіпкерлердің ісі. Өз саласында олар басқа мемлекеттегі әріптестерімен қарым-қатынастың тиімділігін не тиімсіздігін жақсы біледі. Бүгінгі таңда олардың тарапынан қойылып отырған сұрақтар өте көп. Дер кезінде осы одақ, оның ережелері, талаптары туралы кәсіпкерлермен тиянақты жұмыс жүргізілмеген. Сондықтан кеден одағын құру туралы

саяси шешіммен қатар оның тітіктерін кәсіпкерлермен, олардың қауымдастықтарымен бірлесіп отырып жасау дұрыс болар.

Кеден одағына кіру Қазақстандағы экономикалық саясаттың жаңа, тың бағыты. Ресей өз ғалымдарын жұмылдырып, тиісті зерттеулер жасады. Әрине өздерінің ұлттық мүддесі тұрғысынан. Оны біз жоққа шығармаймыз. Дегенмен, Қазақстанның да ұлттық мүддесін көздеген осындай зерттеулер жасау керек еді, бірақ әлі олар басталған жоқ.

Қорыта айтсақ, кеден туралы басқалармен одақтасу керек, мына жаһандану заманында әріптес мемлекеттермен ортақ экономикалық кеңістік те керек. Олардың толыққанды жұмысы әрбір одақ құрамына кірген елге тиімді болса ғана баянды жүреді. Сондықтан да кеден одағы туралы мәселелерді терең, жан-жақты ойластырып, дұрыс шешімін тапқанымызда айтылған талаптарға сай болады.

Нарық экономикасы елдегі шаруашылықтың әрбір саласының бір деңгейде дамитын жүйесі емес. Оның алға шығып, артта да қалып жатқан салалары болады. Біреулері осы салаға сұраныс болғандықтан не болмағандықтан, енді біреулері – оған дұрыс көңіл бөлінбегендіктен. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер біздегі нарық әлемінің ұзақ жолының бүгінгі соқпақтары. Олардан біздің экономика алған жолын өзгертпейді. Елбасының “халқым, мен нарық жолын таңдадым” деген жалынды ұраны әлі де алға жетектейді.

Алдымызда Қазақ елінің әлемдегі тұрақты орнын анықтайтын онжылдық тұр. Барлық әлем елдері осы жылдары жақсы орынға жету үшін бәсекеге түсуде. Ол жайбарақаттықты көтермейтін, екпінді дамуды, өнімді еңбекті, жасампаздықты талап ететін бәсеке. Президент бағдарламалары біздерді осыған шақырады. Президент реформалары әлем бәсекелігінде біздер жеңіске жетіп, абыройлы орынға ие болу үшін жан-жақты мүмкіндіктер туғызды. Елбасымызға, халқымызға амандық, болашақ іс-қимылға сәттілік тілейік.



ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ТҰЛҒА

Абай Тасболатов,
Республикалық ұлан қолбасшысы
, генерал-лейтенант.

Егемен Қазақстан, 27 сәуір 2010 ж. / Замана <http://www.egemen.kz>

Қазақ елінің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит сапарынан әлемдік қоғамдастық алдындағы зор беделі одан әрі асқақтап оралғанын қуанышпен қабылдадық. Әлемнің беделді мемлекеттерінің басшылары ядролық қауіпсіздікке қол жеткізу мәселесін талқыға салған сол бір кездесуде біздің Елбасымыз баршаның назарын аударды. Басқа елдердің басшылары оның әрбір сөзін ұйып тыңдап, айтқанына құлақ асты, ақиқатты мойындады.

Бұған дейін тәуелсіз Қазақстан әлемге ғаламшардағы тыныштық пен қауіпсіздік жолында ұлан-ғайыр ядролық әлеуетінен бас тартқан бейбітшіл мемлекет ретінде танылып үлгерген еді. Ядролық қарусыздану, ядролық лаңкестіктің алдын алу мәселелері талқыланған саммитте де Қазақстанның осы бағыттағы игі істері лайықты бағаланды.



Елбасымызға саммиттің бірінші сессиясында сөз берер кезде 47 елдің басшылары алдында АҚШ Президенті Барак Обаманың Қазақстанды ядролық қарусыздану жөніндегі әлемдегі көшбасшы ел атап, Нұрсұлтан Назарбаевтың осы саладағы және мемлекет басқарудағы қызметін жоғары бағалағанын көріп, көңіліміз өсті. Өйткені, әлемдік держава – Құрама Штаттар Қазақ елінің тәуелсіздік алған сәтінен бастап ядролық әлеуетін қалай пайдаланарына үлкен мән берген болатын.

Бұл туралы Нұрсұлтан Назарбаев “Ғасырлар тоғысында” кітабында 1991 жылы Құрама Штаттардың Мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкермен болған әңгімелерін еске алуы арқылы біле аламыз. Сол кезде-ақ біздің Елбасымыз әлем елдері, оның ішінде АҚШ тарапынан Қазақстанға деген

қауіпсіздік кепілдігін алмай тұрып, ядролық қарудан бас тартпайтындығы туралы айтқан сөзінен танбады. Кейіннен осы Дж.Бейкер өз естеліктерінде қазақ көшбасшысының берік ұстанымын жоғары бағалаған еді.



1992 жылы мамырда Қазақстан Президенті АҚШ-қа алғашқы ресми сапары кезінде ұзақ келіссөздер нәтижесінде Америка жағының біз туралы қарапайым ядросыз мәртебені місе тұтады деген үмітін жоққа шығарды. Сөйтіп, АҚШ тарапынан Қазақстанға қауіпсіздік кепілдігін беретін құжаттарға қол жеткізілді. Кейін де бірнеше рет біздің Елбасымызға әлемдік державалар алдында өз пікірін, жас мемлекеттің мүддесін қорғауға тура келді. 1991 жылы Н.Назарбаевтың Америка телевизиясына берген сұхбатында: “Біз ең күшті деген мемлекеттердің өзіне еліміздің территориясындағы ядролық қаруды бақылауға алуға жол бермейміз”, дегені секілді, тәуекелге бел буып, биік мінберлерден батыл пікірлер айтты. Президентіміздің салиқалы саясаты арқасында ғана ядролық мемлекеттер Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен егемендігіне қауіпсіздік кепілдігін берді.

Осылайша, барлық ресми кепілдіктерге қол жеткізген соң ғана, 1993 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі “Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылу туралы” қаулы қабылдады. 1994 жылғы 5 желтоқсанда Будапешт қаласында АҚШ, Ресей, Ұлыбритания басшыларымен бірге, Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстанның Ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылуына байланысты қауіпсіздік кепілдіктері туралы меморандумға қол қойды. Сондай-ақ, Отанымыз ТМД елдері ішінде алғашқы болып, Стратегиялық қарулануды азайту келісіміне қосылды. Ал 1995 жылдың 26 мамырында елдегі ядролық қару мәселесіне соңғы нүкте қойылды. Бұл күні Елбасымыз барша отандастарымызға Қазақстан территориясындағы ядролық қарудың соңғы қалдығы жойылғанын хабарлады.

Елбасымыздың ұлан-ғайыр ядролық әлеуеттен бас тартуы – оны өз халқымыздың ғана емес, әлемдік қоғамдастықтың да құрметіне бөледі, біздің жас мемлекетімізге халықаралық аренада жоғары бедел әкелді. Қазақстан бейбітшілік сүйгіш ел, жаһандық қауіпсіздікті нығайтудағы сенімді әріптес ретінде танылды.

“Біз, Қазақстан халқы, ядролық бұғаудан еркіндіктің арқасында босадық. Тәуелсіздікке қол жеткізген соң бірден бейбіт жолға түстік. XX

ғасыр аяғында, өз еркімізбен ядролық қарудан бас тарту арқылы біз ХХІ ғасырдың қандай болуы қажеттігін көрсеттік”, – деп жазды Елбасы өзінің “Бейбітшілік кіндігі” деген кітабында.

2007 жылғы қыркүйекте Қазақстан басшысы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 62-сессиясында әлем жұртшылығының назарын өзіне аударды. Халықаралық қауіпсіздік жүйесі мәселелерін қозғаған Елбасымыз әлемнің ядролық державаларын атомдық арсеналынан бас тартқан Қазақстаннан үлгі алуға шақырды. Қазақ елі басшысының бұл ұсынысы бейбітшілікті қолдаушы ұйымдардың, барша қоғамдастықтың ризашылығын туғызды. Ядролық қарусыздану саласындағы игі істерімен танымал біздің Елбасымыздың тағы бір идеясы жүзеге асқан еді. Оның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 29 тамызды Әлемдік жаппай қыратын қарумен күрес күні деп бекітті.



Міне, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемде ядролық қарумен күрес ісіне қосқан үлесі өлшеусіз екендігі күн өткен сайын айқындала түседі. Оның басшылығымен қолымыз жеткен ядросыз мәртебемізді әлемнің көптеген елдері қолдады. Вашингтонда өткен жаһандық саммитке қатысқан ірі тұлғалардың барлығы Қазақстанның ядролық қарусыздану мен оны таратпау үдерісіндегі көшбасшы бағытын баса айтты. Олар біздің Елбасымызды ядролық қарусыздану ісінде үлгі болатын тұғырлы тұлға деп бағалады.

Саммит соңында мемлекеттік басқару, қауіпсіз әлем құру жолындағы орасан зор еңбегі үшін біздің Президентіміз Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығына ие болғанда төбеміз көкке жеткендей болды. Бұл – елінің ардақты ұлы Елбасымыздың ұлан-ғайыр еңбегіне әлем тарапынан берілген үлкен баға. Біз, әскери қызметшілер, ядролық қарудың адамзат үшін зор қасірет екенін жақсы түсінеміз, сондықтан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қауіпсіздікке сіңірген еңбегін жоғары бағалап, оның барлық бастамаларын қолдаймыз.



ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ СЕНІМІ – ЕРЕКШЕ БАҚЫТ, ОНЫ АҚТАУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫМЫЗ

Серік Біләлов,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Егемен Қазақстан, 30 сәуір 2010 ж.

Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты барша қазақстандықтармен бірге Қызылжар өңірінің тұрғындары да айрықша қадірлеп, мақтан тұтады. Туған Отанымыз – Қазақстанның даңқын асырған Елбасымызға деген халықтың шынайы сүйіспеншілігі, ыстық ықыласы баршаға мәлім. Президентіміздің ел ішіндегі абырой-беделі де, әлемдегі мәртебе-мерейі де уақыт өткен сайын ұдайы арта түсуде.



Бүгінгі аға ұрпақ және біз – орта буын өкілдері Нұрсұлтан Әбішұлының үлкен саясат алаңына жұлдызы ерекше жарқырап шыққанын жақсы білеміз. Елбасымыз еліміздің әлі азаттық алмаған, коммунистік жүйеге бағынышты болған кезінің өзінде-ақ Кеңес Одағына кеңінен танымал саяси қайраткер ретінде ерекшеленгені жадымызда. Ал Кеңес Одағы ыдырап, барлық одақтас республикалар өз тәуелсіздігін жариялаған тұста Қазақстанның бірінші басшысы болып Нұрсұлтан Назарбаевтың

калуы еліміздің көп этносты халқының өзін ежелден ынтымақ-бірлікке шақырып келе жатқан күмәнсіз көшбасшысының төңірегіне мықтап топтасуына ұйытқы болып, ертеңгі күніне ерекше сенім берген аса маңызды фактор болғандығы даусыз. Бұрынғы Одақ тараған соң одан бөлініп шыққан көптеген елдерде бұрқ ете түскен, қантөгісті ұлтаралық жанжалдар мен азаматтық қақтығыстардан біздің Қазақстанымыздың аман болуының бір негізгі себебі де осында екендігі ақиқат. “Береке басы – бірлікте” деген халық даналығын сан мәрте есімізге салып, еліміздегі тыныштықты көздің қарашығындай сақтауға үндеген Елбасымыздың көп ұзамай Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудағы басты мақсаты да осы еді.

“Әуелі – экономика, сосын – саясат” деген берік ұстанымынан айнамай, ең алдымен, экономикалық реформаларды жүзеге асырып, нарықтық қатынастарға жол ашып, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға баса мән берген, сонымен қатар қоғамымызды біртіндеп демократияландыру шараларын да дәйектілікпен қолға алған Президентіміздің даналығын арада өткен уақыт, бүгінгі өмір шындығы айғақтап берді. Кең байтақ қазақ даласына ажал уын шашқан Семей полигонын біржола жауып, әлемдік ядролық қауіпсіздікке зор үлес қосып, теңдессіз өнеге көрсеткен, әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездерін өткізуге бастамашылық еткен, ел экономикасын өркендетіп, халықтың өмір сапасын ұдайы жақсартуға қол жеткізіп, демократиялық өзгерістер бағытынан таймай келе жатқан жас мемлекетіміздің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасында алғашқы болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағалығына сайлануы – Елбасымыздың көрегендік саясатының жемісі. Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ-та биыл өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит мінберінен сөз сөйлеп, “Шығыс-Батыс” институтының Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығымен марапатталуы – Елбасымыздың да, еліміздің де мерейін тасытқан тарихи оқиға. Президентіміздің көршілес, туыстас Қырғызстандағы адамдар қаны төгілген мемлекеттік төңкерістің аяғы азамат соғысына ұласып кетпеуі үшін тікелей келіссөздер жүргізіп, туыстас елдің басына төнген қауіптің алдын ала білгендігі де ЕҚЫҰ-ны басқарып отырған Қазақстанымыз үшін үлкен абырой болды. Елбасымызға осы араағайындық көмегі үшін шексіз алғыстарын жолдаған қырғыз халқы өкілдерінің арасында Қызылжарға қоныс аударып, бейбіт те берекелі тірлік кешіп жатқан бауырлас ағайындардың “Манас- Петропавл” қырғыз мәдени орталығының басшылары да бар.

Елбасымыздың келешекті болжай білетін көрегендігіне кейінгі әлемдік қаржы дағдарысы көзімізді тағы бір жеткізгені кәміл. Әлі есімізде, Президентіміз 2001 жылы Ұлттық қорды құрмақ ниетін жариялағанда еліміздегі кейбір оппозициялық партиялардың өкілдері: “Мұнай мен шикізатты сатудан түскен табысты Қазақстандағы әр отбасыға тең мөлшерде бөліп беру керек”, деп ашық қарсылық білдіргенді. Бірақ, Нұрсұлтан Әбішұлы жұрт алдында, әсіресе, Президент және Парламент сайлаулары қарсаңында саяси ұпай жинауды мақсат тұтқан

сынампаздардың сынаржақ пікіріне салмақты уәж келтіріп: “Алдымызда әлі талай сын кезеңдер болады. Бұл қаржы сондай қилы заманда еліміздің экономикасын қиындықтардан құтқарып, халқымыздың жағдайын жақсартуға, тәуелсіздігімізді сақтап қалуға жұмсалатын болады”, деп кесіп айтқан еді. Ұлы Абайдың “Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел?!” деген ғұламалық сөзін ғибрат тұтатын халқымыз болса өзінің Тұңғыш Президентіне деген сеніміне ешқашан селкеу түсірмей, әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқаны мәлім. Ал ең басты төреші – уақыт десек, ол Елбасы ұстанымының дұрыстығына еш күмән қалдырмай, толық дәлелдеп берді. Ұлттық қордан бөлінген мол қаржының арқасында ғана әлемдік қаржы дағдарысынан зардап шеккен еліміздің банк жүйесіндегі жағдай түзеліп, тоқтап қалған тұрғын үйлердің құрылысына қайтадан жан бітіп, мыңдаған үлескерлердің мұқтаждықтары шешілді, ауыл шаруашылығына қуатты қолдау көрсетілді, “Жол картасы” бағдарламасы бойынша ауылдар мен қалалардағы көптеген әлеуметтік нысандар жаңартылып, жолдар жөнделді. Президентіміздің биылғы “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” Жолдауына сәйкес еліміз жедел индустриялық-инновациялық даму жолына түсіп, асқаралы да айқын міндеттерді алға қойып отыр.

Елбасымыздың ерен еңбегімен, дана басшылығымен еңселенген елімізбен бірге біздің Қызылжар өңірі де жылдан-жылға көркейіп, өсіп-өрлеу үстінде. Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларын облысымыздың барша тұрғындары аса зор ынта-ықыласпен, ертеңгі күнге деген нық сеніммен қабыл алып, жасампаздық істерге жұмыла атсалысып келеді. Президентіміздің дәйекті де дана саясатының, орасан зор мемлекеттік қолдаудың, бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарған ынтымақ-бірліктің арқасында өңір экономикасын өркендетіп, әлеуметтік-мәдени саланы дамытуда айтарлықтай жетістіктерге ие болдық. Нұрсұлтан Әбішұлы Солтүстік Қазақстан облысына жасаған жұмыс бабындағы сапарлары барысында өңіріміздегі оң өзгерістерге көз жеткізіп, әділ баға берумен қатар, жаңа міндеттер, нақты тапсырмалар жүктеп, жасампаздық істерге жігерлендіре түседі.

Осындай шынайы қамқорлықтың нәтижесінде облысымыз бүгінде қуатты дамыған, ірі аграрлық-индустриялық өңірлердің біріне айналды. Өткен жылы қызылжарлық диқандар бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, дәнді дақылдардан 6,4 миллион тонна өнім жинады. Гектар берекесі 16,6 центнерді құрады. Бұл цифрлардың сыртында маңдайтермен атқарылған ұлан-ғайыр жұмыс тұр: қазір тоқсаныншы жылдардағы экономикалық құлдырау кезінде иесіз, күтімсіз қалып, жусан басып кеткен мыңдаған гектар егістік алқаптар жаңа да жанашыр қожайындарын тауып, қайтадан айналымға енгізіліп, өнім бере бастады. Көктемгі жер өңдеу, тұқым себуден бастап өскіндерге күтім жасау, егін жинау жұмыстары, негізінен, өнімділігі жоғары әрі еш ысырапқа жол бермейтін жаңа техникалардың көмегімен сапалы атқарылады. Баяғыдай емес, орақ науқанына сырттан ешқандай көмек

шақыртылмай, егін ору, астық тасу сияқты қауырт шаруалардың бәрі облыстың өз күшімен тындырылады. Дикандарымыз қазір нарық талабын түсініп, майлы дақылдар егістігі көлемін де жылдан-жылға ұлғайтуда.

Өңірімізде егіншілікпен қатар мал шаруашылығын өркендетуге, оның өнімдерін ұқсату ісін дамытуға да баса назар аударылып, айтарлықтай бетбұрыс жасалып отыр. Қызылжар ауданындағы Қазақстанның Еңбек Ері Геннадий Иванович Зенченко басқаратын “Зенченко және К” командиттік серіктестігінде қанатқақты жоба жүзеге асырылып, Канададан әкелінген 800 бас сиырға арналған сүт кешені іске қосылды. Өткен жылы мұндағы әр сиырдан 7 мың литрдей сүт сауылды. Бұл кешенді Қызылжарға жұмыс сапары барысында Елбасы аралап көріп, тың бастаманың табысты іске асырылғанына ризашылығын білдірген болатын. Осындай озық сүт кешенінің құрылысын Тайынша ауданындағы “Тайынша-Астық” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі де қолға алып, аяқтап қалды. Осы аудандағы биоотын өндіретін “Биохим” өндірістік кешенін Президентіміз 2006 жылдың күзінде өз қолымен ашып, оны “Дала ғажайыбы” деп атаған еді. Еліміздегі алғашқы кластерлік өндірістердің бірі болып табылатын осы кәсіпорынның келешегінен күтетін үмітіміз зор. Оның жанынан салынып жатқан ет комбинатының құрылысы биылғы жазда аяқталуға тиісті.

Бұрынғы Кеңес Одағының қорғаныс өнеркәсібінің Петропавл қаласында орналасқан ірі зауыттары тоқсаныншы жылдардың басында тапсырыс күрт азайтылғандықтан, жабылуға шақ қалып, мыңдаған еңбеккерлері қысқартуға ілінген еді. “Орнында бар оңалар” демекші, қазір олардың да жағдайлары түзелді. Жас мемлекетіміздің жан-жақты қолдауымен қарудың орнына бейбіт өнімдер шығаруға қайта бейімделген бұл кәсіпорындар да тірелген тығырықтан шығып, өндірістерін жылдан-жылға кеңейтіп, айтарлықтай табыстарға жетуде. Олардың ішінде, әсіресе, “ЗИКСТО” акционерлік қоғамы жаңашылдық танытып, өткен жылы “Қазақстан темір жолы” ұлттық компаниясы үшін алғаш рет 250 вагон жасап шығарды. Бұл тапсырыс көлемі биыл екі еседен артық ұлғайтылып, 600 вагон болып белгіленді. Зауыт үстіміздегі жылы еліміздегі мол сұранысты ескеріп, астық тасымалдайтын жабық вагон-хопперлер шығаруды да қолға алды. Ал “Киров атындағы зауыт” акционерлік қоғамы шетелдік серіктестерімен бірлесіп, сандық теледидар жабдықтарын жасауға кірісті.

Кейінгі жылдары Елбасымыздың тікелей тапсырмасына сәйкес мемлекеттік тапсырыстарды орындауда қазақстандық үлесті көбейтуге бағытталған ұтымды шаралар отандық өндірістерімізді көтеруге оңтайлы мүмкіндік туғызғанын жергілікті кәсіпорындардың басшыларының бәрі де сүйінішпен айтады. Өңіріміздің өнеркәсіп саласының одан әрі өркендеуіне Президентіміз еліміз бойынша жариялаған жедел индустриялық-инновациялық даму бесжылдығы үлкен ықпалын тигізетініне сеніміміз зор. Биылғы жылдың өзінде облысымызда бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылмақшы.

Елбасымыздың Қазақстанның солтүстік қақпасы саналатын Қызылжар өңіріндегі саяси тұрақтылықты нығайту, демографиялық жағдайды жақсарту, мемлекеттік тіліміздің қолданыс аясын кеңейту, ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді өркендету мәселелеріне де ұдайы көңіл бөліп, үзбей қамқорлық жасап келе жатқанын қызылжарлықтар жақсы біледі. 1997 жылы Көкшетау және Солтүстік Қазақстан облыстарының біріктірілуі осы игі мақсаттан туындаған түбегейлі шешім болғандығы бүгінде еш талас тудырмайды. Соның нәтижесінде өңір тұрғындарының ұлттық құрамындағы қазағымыздың үлесі едәуір көбейіп, отыз пайыздан асты, мұның өзі төл мәдениетіміз бен өнеріміздің, ана тіліміздің, ата салт-дәстүрлеріміздің өрісін әлдеқайда кеңейтіп, елдік рухымызды көтеруге қолайлы жағдай туғызды. Әсіресе, Петропавл қаласына Көкшетаудан ұлттық кадрлардың үлкен бір тобы қызмет бабымен көшіп келіп, олардың жауапты лауазымдарға орналастырылуы облыстың барлық салаларына жаңа қан жүгіртіп, тың леп бергені аян.

Президентіміздің туған өңіріміздің тарихында тұңғыш рет облыстың бірінші басшыларын жергілікті ұлттан тағайындай бастағандығы да кеңес билігі кезінде қордаланып қалған, аса көкейкесті мәселелерімізді созбаққа салмай, жеделдете шешуге жәрдемін тигізді. Айталық, Петропавл қаласында еліміз тәуелсіздік алғанға дейін жалғыз-ақ қазақ мектеп-интернаты жұмыс істеген болса, қазір балаларды мемлекеттік тілімізде оқытатын орта білім мекемелерінің саны алтыға жетті. Бұған қоса, бос орындар бар орыс мектептерінің жандарынан қазақ сыныптары мен шағын орталықтарды жаппай ашқыза бастадық. Осындай шаралардың нәтижесінде қазіргі таңда облыстағы қазақ балаларының 57 пайызы өз ана тілдерінде білім алып жүр. Ал бұдан жиырма жыл бұрын бұл көрсеткіш небары 30 пайызды құраған еді.

Құрылғанына биыл он жыл толған Сәбит Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театры да өңіріміздегі ұлттық өнерімізді жаңа биікке көтеріп, тіліміз бен ділімізді, асыл адамгершілік құндылықтарымызды дәріптейтін қасиетті қарашаңырағымызға айналды. Бұл өнер ордасының салтанатты ашылу рәсіміне ұлы жазушының 100 жылдық мерейтойына арнайы келген Президентіміз қатысып, көк лентасын қиғанын театр ұжымы орынды мақтаныш тұтады.



Қызылжардың ескі де тар мешітіне діни мейрамдарда сыймай, қынжылыс білдіріп жүрген жергілікті мұсылман қауымының көптен бергі

арманы – жаңа ғибадатхананың ашылуына Нұрсұлтан Әбішұлы тікелей жәрдем беріп, діндар жамағаттың жүрекжарды алғысына бөленгенін де айта кеткен жөн.

Осыдан бес жылдай бұрын ашылып, қаламыздың қақ ортасында көк күмбезі күнге шағылысқан кең де сәулетті орталық мешітіміз бүгінде имандылық ордасына айналып, төңірекке ізгі нұрын шашып тұр. Оның маңдайшасында: “Қызылжар орталық мешіті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев және Сауд Арабиясы Корольдігінің тақ мұрагері ханзада Сұлтан бен Абдель Азиз бөлген каражатқа салынды. Қараша. 2005 жыл” деген жазу бар.



2008 жылғы 21 тамызда Қызылжарда бүкіл еліміздің тарихындағы айтулы мәдени оқиға болды. Осы күні Нұрсұлтан Әбішұлы облысымызға қызмет бабындағы сапармен келіп, өзінің тікелей тапсырмасымен республикалық “Мәдени мұра” бағдарламасы бойынша қыруар қаржы бөлгізіп, қалпына келтірткен “Абылайдың ақ үйі” мұражай кешенін ашып, жиналған жұртшылық алдында тебірене сөз сөйледі. “Біз бүгінде өз тәуелсіздігіміздің арқасында көптеген батырларымыз бен тарихта аты қалған тұлғаларға арнап ескерткіштер салып келеміз. Солардың ішіндегі бірегейі, әрине, Абылай хан резиденциясы екені даусыз. Қызылжардың тамаша жерінде орналасқан мұражай кешені тұрғындардың көзайымына айналары сөзсіз”, деді Елбасымыз. Қазір Абылайдың ақ үйі тек қызылжарлықтар ғана емес, республикамыздың барлық аймақтарынан, сондай-ақ таяу және алыс шетелдерден ағылып келіп жататын қадірлі қонақтар да іздеп барып, тағзым ететін киелі орын саналады.

Елбасымыз белгілеген квота бойынша өңір тұрғындарының санын ұлғайту мақсатында шетелдерден ата-жұртқа оралған ағайындарды көбірек қабылдап, жайлы қоныстарға орналастыруға барынша күш салудамыз. Алайда, табиғаты көркем, жері шұрайлы болғанымен, қысы ұзақ та суық өлкемізді жерсінген бауырлар саны көңілдегідей емес. Соған орай оралмандарды қабылдаудың өңірлік бағдарламасын жасап, оларға қажетті тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен салуды қолға алдық. Мұндай баспанаға ие болған отандастарымыз квота бойынша алған қаржыларын басқа мұқтаждықтарына жұмсайды. Облыс орталығына жақын жерде алыстан келген ағайындарға арналған жаңа Бәйтерек ауылы бой көтерді.

Мұнда Президентіміз бекіткен “Нұрлы көш” бағдарламасы бойынша биылғы жылы 140 тұрғын үй салып, ата-мекенге бет бұрған отандастар игілігіне бермекпіз. Осы ретте биылдан бастап, біздің тұрғындар сирек қоныстанған солтүстік өңірге шетелдерден көшіп келетін ағайындарға Президент квотасы бойынша төленетін көтермеақы мөлшері екі есе ұлғайтылғандығы өте орынды шешім екендігін айта кеткен абзал. Көшінің басын Қызылжарға бұратын оралмандар қатары енді қалыңдай түсер деген үміттеміз.

Өз басым, Елбасымыздың таңдауы маған түсіп, зор сенім артып, облыс әкімдігіне тағайындағанын өмірімдегі жұлдызым ең биік жарқырай жанған, бақытты сәтім деп санаймын. 2007 жылғы күзде мені осы қызметке қабылдарда Нұрсұлтан Әбішұлы:

– Қызылжар өңірінен шыққан азаматтардың ішінен сені бірінші рет өз облысыңның әкімі етіп тағайындағалы отырмын. Туған жеріңе сенің жаның ашымаса, кімнің жаны ашиды? Осыны ұмытпа! – деген еді. Президентіміздің осы аманатын күнбе-күнгі қызметімде еш жадымнан шығармай, туып-өскен өңірімнің, барша жерлестерімнің ең өзекті проблемаларын бірінші кезекте шешуге бар күш-жігерімді салып келемін. Әрине, атқарған істерімнің бағасын облыс тұрғындарының өздері берері хақ.

Түйіндей айтқанда, ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандап-аңсаған тәуелсіз мемлекетімізді өз қолымен құрып, дүние жүзіне кеңінен танытқан ұлтымыздың көшбасшысы – Тұңғыш Президентіміздің сеніміне ие болу – ерекше бақыт, ал оны ақтап, қазіргі тарихи кезеңде Елбасымыз мойнымызға жүктеген аса жауапты міндеттерді бұлжытпай жүзеге асыру – қасиетті парызымыз және азаматтығымызға серт деп білемін.



ОЛ ЕЛДІҢ АТЫ — ҚАЗАҚСТАН, ОЛ ЕРДІҢ АТЫ — НҰРСҰЛТАН

Сауытбек Абдрахманов

*“Егемен Қазақстан” республикалық газеті”
ашық акционерлік қоғамын қоғамның президенті*

Егемен Қазақстан, 16 сәуір 2010 ж.



“Euronews” арнасын қарап отырмыз. Вашингтондағы саммит. Қорытынды шығарылар шақ. Саммитке қатысушылардың естелік суретке түсетін сәті. Міне, ел басшылары бірінен кейін бірі келіп жатыр. Үш қатарлы табалдырыққа бірінен кейін бірі көтеріліп жатыр. Жоғарғы қатар толды. Елбасымыз көрінбейді. Ортаңғы қатар толды. Елбасымыз көрінбейді. “Аңшының кешіккеніне сүйін” дегендей күйдеміз. Онда Президентімізге тиген орын бірінші қатардан болғаны. Дұрыс қой, ядролық қарудан әлемде алғаш бас тартқан, тажал полигонын тарихта тұңғыш рет жапқан елдің басшысына дәл осындай саммитте орынның бірінші қатардан берілуі жөн-ақ қой, дейміз ішімізден. Ал мемлекеттер басшылары хаттама бойынша белгіленген орындарына толық жайғасып болған кездегі көргеніміз күткендегімізден де асып түсті.

Нұрсұлтан Назарбаевқа орын бірінші қатардан ғана емес, қатардың қақ ортасынан, саммит өткізген елдің басшысы Барак Обаманың дәл жанынан, оң жағынан тиген екен. Әлемдегі ең қуатты ел басшысының Қазақстан Президентіне ерекше ықыласын біз бүгін газеттің бірінші бетіне жариялаған суреттен өздеріңіз де көріп отырсыздар. Ал мына суретті, жөн-жосығы, жолы жөнінен бірінші бетке орналастырылуға тиісті болса да, көлемін барынша үлкейтіп беру, сөйтіп сол сәттің еліміз шежіресінен ойып тұрып алар орнын айшықтай түсу үшін біз жедеғабыл жазып жатқан мына мақаламен қоса жеке жариялауға бекіндік.

Есімізде сақтайық: бұл оқиға 2010 жылы 14 сәуірде, Вашингтонда өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммит кезінде болды. Есте ұстайық: бұл күн – Қазақ елінің арғы-бергі тарихындағы ең керемет күндердің бірі, Нұрсұлтан Назарбаевтың бүкіл әлем көшбасшылары жиынының дәл алдында, қақ ортасында тұрған сол сәті – қазақтың қазақ болғалы көрген құрмет-қошеметінің ең үлкені, мемлекетіміз шежіресіндегі ең шұғылалы шақтардың бірі.

Мұндай толқынысты сәтті біз осыдан екі жарым жылдай бұрын да бастан кешкенбіз. 2007 жылғы 30 қарашада, Мадрид қаласында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері кеңесінің жалпы отырысында Қазақстан Республикасы Ұйымның 2010 жылғы төрағасы болып сайланған. Мадридке жіберген журналисіміз сол шешімнің қабылданғанын телефонмен хабарлағанда Астанада түн ортасы ауып қалған еді. “Қалайда нөмірге материал жазыңыз, газетке таңға жақын қол қойсақ та, халықтан сүйінші сұрауымыз керек”, деп тілшіміздің қонақ үйге жетуін, мақаланы теруін, оның электронды поштамен келуін, мұндағы азаматтардың дайындап беруін күтіп отырып, түн ішінде бақыт туралы ойға батқанбыз. “Энциклопедиялық сөздіктер адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым деп түсіндіретін, негізінде адамның өмірі мағыналы және нәтижелі болған кездегі ризашылық сезімінің қалыптасуы жатады деп саналатын бұл категория көп мағыналы. Махаббат қуанышы, бала-шағаның қызығы, табысқа қол жеткізу, алға қойған мақсаттың орындалуы... бұлардың бәрі де бақыттың белгілері. Осылар бір басыңнан түгелдей табылып жатса жақсы. Түгелдей табылмаса ше? Өмірде не болмайды? Басыңа не түспейді? Тағдырдың алдан не тосарын жалғыз Жаратқан Иеміз ғана біледі. Асылы, бір басыңның бақытын еліңнің бақытымен байланыстыра, біртұтас қарай алсаң ғана кемел кісілікке беттей білген боласың. Ең баянды бақыт – еліңнің бақыты. Ең биік мәртебе де, ең мәнді, ең мәңгі мәртебе де – мемлекетіңнің мәртебесі. Американдық демократиясының атасы Т.Джефферсон “Тәуелсіздік декларациясында” мемлекет бақытқа ұмтылуға тиіс екенін айтқан. Осы тұрғыдан қарағанда 2007 жылғы 30 қараша Қазақ елінің баянды бақытқа жету жолындағы басты белестердің бірі болып саналарына біз кәміл сенеміз. Ол күні Қазақстан Барысы серпінді секіріс жасады. Ол күні Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына мүше 56 мемлекет бірауыздан Қазақстан кандидатурасын қолдап, елімізге Еуропа төрін ұсынды. Ол күні ЕҚЫҰ тарихында тұңғыш рет азиялық мемлекет, тұңғыш рет ТМД мемлекеті, тұңғыш рет халқының негізгі бөлігі мұсылман дінін ұстанатын мемлекет, тұңғыш рет түркі тілдес ұлт ұйыстырып отырған мемлекет әлемдік аренадағы осындай биік тұғырға көтерілді. Ол күні кешегі кеңестік кеңістіктен шыққан мемлекеттердің еуропалық үлгі-қалыптарға да сай келетін демократия құруға шындап кіріскендігі, сол жолда толымды табыстарға қол жеткізгендігі алғаш рет ресми мойындалды, құжат түрінде танылды. Ол күні Қазақ елі жаңа

сапалық белеске ауысты – біздің мемлекетіміз ендігі жерде әлемдік саясаттың бұрынғыдай сырттай бақылаушысы, қазіргідей қатысушысы қалпынан сол саясатты қалыптастырушы, айқындаушы мемлекеттердің қатарына қосылды. Ол күні Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихынан ойып тұрып орын алатын тұлғалар тобынан табылатыны айдай әлемге айқын танылды – айналасы 16 жылдың ішінде қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, қоғамды бір формациядан екінші формацияға ауыстыру, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтардан есеңгірей жаздаған халықты тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып өту, елдің еңсесін көтеру, аяғынан тік тұрғызу, алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, сан түрлі себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойында дүниежүзілік өркениеттен шеттетіліп қалған елді жер-жаһанға таныту тек шынайы реформатордың, ұлттың ұлы перзентінің ғана қолынан келеді”, деп толғанғанбыз сол тұста.

Алдыңғы күні теледидар алдындағы тебіренісіміз де бөлекше еді.

Бұл күнге де жеттік.

Қалай жеттік?

Осыдан тоғыз жыл бұрын, 2001 жылғы 28 тамызда Президенттің Алматыдағы резиденциясында Нұрсұлтан Назарбаевтың “Бейбітшілік кіндігі” кітабының тұсаукесері өткізілді. Кітап авторы сөз сөйледі. Сөзін ұлы физик Альберт Эйнштейннің: “Үшінші дүниежүзілік соғыста адамзаттың қандай қару қолданатынын мен білмеймін, менің білетінім – төртінші дүниежүзілік соғыста адамдардың қолдарына тас ұстап соғысатыны”, деп айтқанына сілтеме жасаудан бастады. Елбасымыз адамзаттың үшінші мыңжылдыққа жаңарған санамен, жаһандағы жан біткенді жайпап өте алатын апат қатерінің алдында өз елінің, өз жерінің ғана емес, бүкіл жұмыр Жердің тағдыры үшін жауапкершілікті сезіне алатындай санамен қадам басуы қажеттігін айтты. “Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамып кеткені сондайлық, баз бір мемлекет мұздай қаруланып шықса-ақ қауіпсіз бола қалады екен, әлемді бағындыра алады екен деген ұғым – балаң ұғым. Ең бастысы – мемлекеттер мен халықтар арасында сенім болуы, ең бастысы – ядролық қару түптің түбінде бүкіл планетаны жойып тынатынын түсіну”, деді Назарбаев. Президент Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы қандайлық қиын шешім болғанын, бұл үшін елдің өзінің ішінде де сан рет сынға алынғанын, мұндайлық қуатты қалқанды қолдан беріп қою елдің қауіпсіздігін ойламау деген сыңайда ауыр айыптар да тағылғанын ашық айтты. Сол тұста Президент Әкімшілігінде қызмет атқарғандықтан ядролық қарудың көлемі жағынан төртінші арсеналына ие болу республикамызды әлемдік астам державалар санатына сүйреп шығады деп санаған, “Құдіретті Қазақстан ядролық қаруы жоқ, біздің қамқорлығымызға мұқтаж көптеген елдерді паналатудың орталығына автоматты түрде айналады. Бізбен келіссөз жүргізу үшін ядролық қаруы бар елдердің мемлекет қайраткерлері кезекке тұрады...” дегендей қанатты қиялға ерік берген қайраткерлер арамыздан табылғанын өзіміз де жақсы

білеміз. Біле тұрсақ та, тұсаукесер рәсімі кезінде ресейлік академик Р.Н.Сагдеевпен осы тақырыпқа бір ауыз сөйлесіп қалғанбыз, сонда ол кісінің аузынан Қазақстан Президентіне бұл тұрғыда бірқатар мұсылман елдері тарапынан қысым да болғанын естігенбіз. Жоғарыда аталған еңбегінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан кезінде ядролық қарудан оны ұстап тұруға шамасы жетпейтіндіктен, оны қолдана алмайтындықтан, өз арсеналын толықтыруға мүмкіндігі жоқтықтан бас тартыпты-мыс деген жел сөздердің жөнсіздігін, мұның өзі ел халқының ерік-жігерін танытатын, ел басшылығының мемлекеттің қауіпсіздігін алыстан ойлап барып жасаған қадамы екенін қолмен қойғандай дәлелдеп шыққан еді. Енді арада талай жыл өткен тұста сол кездегі шешім жалғыз ғана дұрыс шешім болғанын, мемлекет ретінде құрылмай жатып әлем сахнасына ядролық қарумен шыға келген елді талайлар іштен ірітіп, сырттан сетінетуге тырысарын, мұның аяғы тәй-тәй басқан тәуелсіздікке төнер анық қатер екенін бәріміз де көріп-біліп отырмыз.

Мақалада былай делінетін: “Бүкіл әлем тарихы – соғыс тарихы, қарулану шежіресі. Мыңдаған жылдар бойы адамдар адамдарды қырып-жоюдың жаңа жолдарын ойлап табу үшін жанталасты, мемлекеттер жойқын қару-жарақты көбейткен үстіне көбейтуге ұмтылды. Мыңдаған жылдар бойы халиф, хан, патша, король, император, генсек атаулының бәрі өз елінің бес қаруы бойында болуын, жат жұрттықтарды жаппай қырып-жоюға дайын тұруын көздеді. Тек бір ел ғана жаңа қаруға ұмтылу былай тұрсын, қолына келіп түсіп тұрған аса алапат қарудан өз еркімен бас тартты. Тек бір ер ғана айрықша айбын болатын қатерлі қарудың өңешіне өз қолымен құм құйды.

Ол елдің аты – Қазақстан. Ол ердің аты – Нұрсұлтан”.

Арада тоғыз жыл өтер-өтпесте Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық бірінші саммит ұйымдастырылды. Ол саммиттің бірінші сессиясында сөз Нұрсұлтан Назарбаевқа – адамзат тарихында ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш елдің басшысына берілді.

Сәл шегініс жасайық. Осы оқиғадан дәл бір апта бұрын әлемдегі ең беделді ұйымның жетекшісі – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мун Қазақстанға келді. Алдымен Семей полигонының орнын көрді. Ажал апанының аузында тұрып, тебірене сөз сөйледі. Мәлімдеме жасады. “Қазақстан Президентінің осынау сынақ алаңын жауып қана қоймай, тұтас өңірде ядролық қарудан ада аймақ құрғанына зор қолдау білдіремін. Оның бұл қадамы біздің ядролық қарусыз әлемді құру ісіміздің ең берік іргетасы іспетті. Барлық елдердің басшылары Нұрсұлтан Назарбаевтан үлгі алып, оның жолымен жүруі тиіс. Мен БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде ядролық сынақ алаңының қақ жүрегінде тұрып, барлық әлем елдерін Қазақстаннан үлгі алуға шақырамын”, деді мәлімдемесінде. Сол түні борандатып Астанаға жетті. Елбасымызбен кездесу кезінде қайтадан ақтарылып кетті.

“Мен кеше Семейде болдым. Ол өңірге жасаған сапарым мен үшін баға жетпес тәжірибе. Семей полигонындағы сынақтар барысында зардап

шеккен миллиондаған адамдардың қасіреті мен ондағы экологиялық ахуалдың қиындықтарын суреттеуге тіл жетпейді. Тіпті оны елестетудің өзі аса ауыр. Егер Сіздің көрегендігіңіз бен басшылығыңыз болмаса, кім білсін, қазір де миллиондаған адам сол қасіретті бастан өткеріп жатқан болар ма еді? Мен Сізге Семей ядролық сынақ алаңын жапқан және Қазақстан аумағында барлық ядролық инфрақұрылымды жойған ұлттың басшысы ретінде шексіз ризалығымды айтқым келеді”, деп бір қайырды. “Ядролық қарусыздану туралы айтуға, оны терең талқылап, басқа мемлекет басшыларына пікір айтуға Сіздің барлығынан жоғары моральдық құқығыңыз, күшіңіз бар, сондықтан да даусыңыз жарқын шығуы тиіс деп санаймын”, деп бір қайырды. “Ядролық сынақтарды тоқтатып, ядролық қарулардан ада болу қажеттігін әлемге жар салып айтушы рөліне Жер бетінде Сізден лайық адам жоқ”, деп бір қайырды. Ақыр аяғында: “Әрине, Сіздің бұл саммитте қаралатын мәселелер жөнінде өз пікіріңіз, өз ұстанымыңыз бар. Мен де БҰҰ-ның Бас хатшысы ретінде өз ойымды ортаға саламын. Дегенмен, біз сөздеріміз бен ұстанымдарымызды үйлестіріп алып, біріге сөйлесек, ойлағандағыдан да үлкен табысқа қол жеткізе алар едік”, деп барып тоқтады. Қазақстан Президентінен демеу, қолдау күтті. Өзінің миссиясын жүзеге асыруға көмектесетін жорық жолдасындай сенім артты. Біз бұл сөздерге түсініктеме жасамай-ақ қояйық. Сонымен, саммит басталды.



Саммит алдында Барак Обама Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесті. 45 минут бойы сөйлесті. Мұндай жиындарда елдер басшыларының он минуттік, кейде тіпті бес минуттік, таза хаттамалық сипаттағы, кездесуден гөрі жүздесуге көбірек жақындайтын, ниеттестікті қуаттаудан аспайтын рәсімдері кәдуілгі жағдай. Талай елдер басшыларына тіпті ондай рәсімдерге де мүмкіндік табылмай жатады. Делегациялардың көптігі сондай, АҚШ Президентінің мемлекеттер басшыларын атақты Конгресс орталықта тек қарсы алып, құрмет көрсетуінің өзі бір сағаттан астам уақытқа созылғанын біздің газет алдыңғы күні ғана жазған. Саммиттің түске дейінгі бірінші сессиясында, алдыңғылардың қатарында Нұрсұлтан Назарбаевқа сөз берілгенін де жазғанбыз, Елбасымыздың сөзін жариялағанбыз. Қазақстан басшысы өз сөзінде халықаралық қоғамдастыққа бірқатар қағидаттық маңызды шараларды алға тартты. Өз

елінің аумағында Халықаралық ядролық отын банкін орналастыруға әзір екенін мәлімдеді. Ядролық қарусыз аймақтар үшін халықаралық-құқықтық нормалар қажет деп санайтынын айтты. Әскери мақсатта бөлшектенетін материалдарды өндіруге тыйым салу туралы шартты жедел қабылдауды ұсынды. Ядролық сынақтарға баршаны қамтитын тыйым салу туралы шарттың іс-әрекетке кірісуін тездетуге шақырды. Сонымен бірге Назарбаев әрбір мемлекеттің бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға және пайдалануға деген заңды да ажырағысыз құқығына қолдау білдіретінін ашық жеткізді. Мұның өзі бүкіл әлемдегі барланған уран қорының ширек бөлігі орналасқан Қазақстан үшін өте маңызды. Назарбаев ядролық қаруға ие болып алған елдер мен ядролық шамшылдыққа салынатын елдердің қарым-қатынасына байланысты да маңызды ұсыныс жасады. “Мұның өтеуіне олар Қауіпсіздік Кеңесі қуаттайтын, бүкіл “Ядролық клубтан” оларға ядролық қаруды қолданбау және шабуыл жағдайында қорғау кепілін алуы тиіс. Бұл үдеріске біріккісі келмейтін елдерге қатысты БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі санкциялар мен мәжбүрлеуге дейінгі шешуші шаралар қолдануы тиіс”, деді Қазақстан басшысы. Расында да, адам ойын, ғылым ізденісін тоқтату оңай емес. “Сендер ондай ойларыңды қойыңдар, ядролық қару жасаймын деп жүрмеңдер” дей салатын жер бұл емес. Олардың бәрі бірдей көршілеріне ядролық бомбаны тастап кеп жіберейін деп желігіп жүргендер емес. Олардың арасында көршілеріміз сондай бомба жасап, тастап кеп жібере ме деп жаны шығып жүргендері де аз емес. Сондықтан қазір ядролық қаруы жоқ елдердің бәріне оны жасаудан бас тартудың өтеуі ретінде қауіпсіздік кепілі берілуге тиіс.

Елбасымыздың сыртқы саясаттағы сарабалдығының келісті көріністеріне талай куә болып жүрміз. Ресми сапарлардың біразына қатысып, репортаждар жазған жайымыз да бар. Соның өзінде де Президентіміздің Америка Құрама Штаттарына осы жолғы сапары, жаһандық саммитке қатысуы, оның аясында әлемнің көптеген іргелі мемлекеттерінің басшыларымен кездесуі айрықша сәтті болды деп санаймыз. Қазақстан басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық жиында сөйлеген сөзі бүкіл әлемнің белді бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударды деудің еш артықтығы жоқ. “Нью-Йорк Таймс”, “Уолл Стрит Джорнэл”, “Вашингтон Пост”, “Рейтер”, “Ассошиэйтед Пресс”, “Ажанс Франс Пресс”, “Чикаго Трибюн”, “Форин Полиси”, “Хилл”, “Политико”, “Хаффингтон Пост” секілді басылымдар мен ақпараттық агенттіктер шетінен жазып жатты. Біздің өтінішіміз бойынша бірқатар материалдардың орысшаға аудармасын жедел жасап, кеше түстен кейін-ақ редакцияға жеткізіп берген азаматтарға разылығымызды білдіре отырып, солардың кейбірін сөйлетіп көрмекпіз.

“Нұрсұлтан Назарбаев – өзгелер теңесуге тиісті Көшбасшы. Вашингтондағы саммит онсыз өтпес еді” – “Ажанс Франс Пресс” ақпараттық агенттігінің 12 сәуірдегі мақаласына тап осындай тақырып қойылыпты: “Вашингтон советтік ядролық арсеналдың өзіне тиесілі бөлігінен бас тартқан Қазақстанға, Барак Обаманың сөзімен айтқанда,

бүкіл әлем үшін түпкілікті мақсат – толық ядролық қарусыздану болып табылатын істен ұтысқа шыққан ел ретінде құрмет көрсетті. Вашингтон көшелерінде Жаһандық саммит күндерінде ілініп қойылған плакаттарда Нұрсұлтан Назарбаев өзінің алып ауқымды мемлекеті совет заманында ядролық сынақтардан 1,5 миллион адам зардап шеккендіктен қолда қалған ядролық арсеналдан бас тартқанын түсіндіреді. Ақ үйдің кеңесшісі Майк Макфол Обама Назарбаевты “ядролық қауіпсіздік мәселесінде “тенесуге ұмтылуға тұратын” көшбасшылардың бірі деп сипаттағанын, Вашингтондағы саммит “оның қатысуынсыз” өтпес еді” дегенін мәлімдеді”. “Foreign Policy” журналы 11 сәуірдегі нөмірінде Барак Обаманың саммит алдында Нұрсұлтан Назарбаевпен кездескеніне екпін түсіре айтқан. “Хилл” газеті 13 сәуірдегі “Қазақстанның шапағатты шағы” атты мақаласында: “Орталық Азиядағы бұл мемлекет Вашингтонда дүйсенбіде басталған ядролық қауіпсіздік жөніндегі екі күнгі саммитке қатысушы 47 мемлекеттің ішіндегі ең көрнектілерінің бірі болып табылады”, деп жазған. “Политико” газеті 13 сәуірде БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның “1991 жылы Президент Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жауып, Қазақстанды ядролық қарудан ада ету арқылы ерекше көшбасшылығын көрсетті. Мұның өзі стратегиялық қадам, тәуелсіздіктің шындап жария етілуі еді. Бүгінде бұл полигон қарусыздану мен болашаққа үміттің символына айналды”, деген сөзін келтіреді. “Вашингтон Пост” 13 сәуірде Нұрсұлтан Назарбаевтың “Қазақстан. Ядролық қарусыз бейбітшілік құру” атты мақаласын жариялаған. АҚШ-тағы танымал “Хаффингтон Пост” веб-порталында Альберт Айзли “Ядролық Қауіпсіздік жөніндегі Жаһандық Саммиттің көш бастаушысы және өзегі Қазақстан болатыны неліктен?” деген мақаласында Қазақстанның ядролық қарусыздану саласындағы аса көрнекті рөлі мен сана-сезімнен өткерілген көшбасшылығы жөнінде айтады.

Осы күндерде жаһан жұртшылығының назарын аударған жарияланымдардың бірі – “Вашингтон Таймс” газетіндегі (13.04.2010) “Ядролық қауіпсіздік пен Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандырудың түйінді ойыншысы” деп аталған сұхбат. Таяу Шығыс пен Орталық Азия тақырыбына маманданған белгілі талдамашы Клод Салханидің біздің Елбасымызға қойған сұрақтары мен алған жауаптарының біреуін ғана келтірмекшіміз. “Иран Вашингтон саммитіне қатыспай отыр. Иран басшыларымен кездессеңіз Сіз олардың ядролық технологияларға қол жеткізу жөніндегі ниетіне байланысты не айтар едіңіз? Сіздің ойыңызша, Иранның ядролық шамшылдығына алаңдап отырған Батысты, Еуропа мен АҚШ-ты не тыныштандыра алар еді?” деген сұраққа мынандай жауап қайтарылыпты: “Қазақстанның ядролық қарусыз таңдауы КСРО тарағаннан кейінгі (Бұл арада журналист Қазақстан Президентінің сөзін анық жазып алмаған сияқты, бәлкім, ауызекі әңгімеде Елбасымыздың өзі онша дәл айтпаған да болар. Дұрысында, Семей полигоны 1991 жылы 29 тамызда, яғни КСРО тарамай тұрғанда, Кремльдің тыйым салуына, әскери-өнеркәсіптік кешен басшыларының қатты қарсылығына қарамастан

жабылған, Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған ол Жарлықтың ерекше қадір-қасиеті де сонда – С.А.) өте қиын жағдайда жасалды. Қазақстанның негізгі территориясы Азияда екенін, адамдарымыздың басым бөлігі исламды ұстанатынын еске салайын. Біз сол тұста өзімізге қомақты қаржы қолдауын және ядролық қаруға ие тұңғыш әрі жалғыз мұсылман елі ретінде халықаралық “абыройға” бөленуді уәде еткен көптеген сантүрлі кеңесшілермен істес болғанбыз. Иранның ядролық бағдарламасына келсек, біз жағдайды тек қана дипломатиялық реттеуді жақтаймыз және мәмілеге келтіретін шешім табылады деп үміттенеміз. Біз Иранның бейбіт ядролық энергетиканы дамытуға құқылы екенін мойындаймыз. Сонымен бірге, барлық жұмыстар МАГАТЭ-мен бірлесе отырып, Кепілдіктер туралы келісімді бұлжытпай сақтаумен атқарылуға тиіс деп санаймыз”. Лордтар палатасының мүшесі және Орталық Азия мәселелері бойынша Бүкілпартиялық парламенттік топтың төрағасы болып табылатын танымал саясаткер Дж.Д.Уэйверлидің “Roll Call” газетіндегі (14.04.2010) “Ядролық қауіпсіздікті нығайтудың жаңа мүмкіндіктері” атты мақаласында былай делінеді: “Кейінірек елде Ғылыми және халықаралық істер жөніндегі Гарвард Белфер орталығының директоры Грэм Элисон кем қойғанда 100 жаңа ядролық ату жарактарын өндіруге жетеді деп бағалаған жоғары байытылған уранның елеулі қоры табылды. Қару-жарактық уранды тасымалдау мен сатудан олардың қорынан бас тартып, жоюды жөн көрген Қазақстан әлемге қару-жаракқа бақылау жасау тарихында болып көрмеген үлгі көрсетті”, “Қазақстан қабылдаған шешімдердің маңызы бөлекше. Қазақстан қауіпсіз сақтауға берген ядролық қордың титімдей бөлігінің өзі, егер олар қылмыскерлердің қолына түсе қалса, Бүкіләлемдік сауда орталығын ғана емес, Манхэттенді түгел жойып жіберуге жетер еді. Қазақстан Эйнштейннің ақтық сыйлығына айналған Пагуош конференциясының асқақ мұраттарын жүзеге асырудың сирек мысалдарының бірі”.

Осылай жалғастыра беруге болады. Біздің қолымызға кеше кешке дейін тиген пікірлердің өзі ғана Нұрсұлтан Назарбаевтың жаһандық саммиттегі сөзі шын мәнінде жаһанға жайылғанын көрсетіп отыр.

Қазақстан Президенті бастап берген жеңісті жол жемісті жалғасып жатыр. Дәл саммит басталардың алдында, 7 сәуір күні әлем тарихында тағы бір аса елеулі оқиға болып өтті. Прага қаласында АҚШ пен Ресей президенттері стратегиялық шабуылдау қаруларын қысқарту жөніндегі жаңа келісімге қол қойды. Ол бойынша екі жақ алдағы жеті жылдың ішінде стратегиялық ұшырғыштар – құрлықаралық баллистикалық зымырандарын, сүнгүйр қайықтардағы баллистикалық зымырандарын, сондай-ақ ауыр стратегиялық бомбалаушы ұшақтарын 700 бірлікке қысқартуға міндеттеме алды, оқтұмсықтар ұшырғыштар саны әр жақтыкін есептегенде 800 бірліктен аспауға тиіс, оқтұмсықтардың ең көп ортақ саны 1550 бірлік деп айқындалды. Бұл шын мәнінде қарусыздану жолындағы айрықша қадам. Әрине, біз қарусыздану үдерісі әлі де талай уақытқа созылатынын жақсы білеміз. Сол АҚШ-та 3500, сол Ресейде 2800

оқтұмсық сақталып отырғанын да Интернеттен оқып жатырмыз. Ұлыбританияның өзінде 512, Қытайда 400, Францияда 384 оқтұмсық ресми тіркелген. Осындай сұмдықтұмсықтардың тым құрыса біреуі алда-жалда халықаралық лаңкестердің қолына түсе қалса не болуы мүмкін екенін ойласаңыз аза бойыңыз қаза тұрады. Сондықтан да Нұрсұлтан Назарбаев саммиттегі сөзінде Орталық Азия аймағы аясында Қазақстан ядролық қауіпсіздікті нығайту, ядролық материалдардың таралуына жол бермеу және ядролық лаңкестікпен күрес жөнінде өңірлік іс-қимыл жоспарын әзірлеуге бастамашы болғанын хабарлап, осы тәжірибені әлемнің басқа өңірлеріне де таратуды ұсынды. Шынтуайтында, Назарбаев үлгісі қазірдің өзінде әлемге таралып та жатыр. АҚШ пен Ресейдің күні кеше қандай тарихи құжатқа қол қойғанын айттық. Украина 2012 жылға дейін өзінің жоғары байытылған уран қорын жоюға бекінді. Чили мен Канада өздерінің жоғары байытылған ядролық материалдарын АҚШ-тың бақылауына беруге келісті. Бұл үдеріс жалғаса түседі деп сенгіміз келеді.

Вашингтонда Қазақстан Президентіне “Шығыс-Батыс” институты белгілеген Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы сыйлығы табыс етілді. Бұған дейін бұл сыйлыққа АҚШ Президенті үлкен Дж.Буш, Чехия Президенті В.Гавел, Германия Канцлері Г.Коль сияқты айтулы тұлғалар ие болғанын ескерсеңіз, биік марапат екенін көресіз. Сонымен бірге, Назарбаевтың адамзат тарихында “Қош бол, қару!” ұранын іс жүзіне асырған, қарусыздану саласындағы үздік үлгісінен бүкіл әлем үйренсе артық етпейтін алғашқы мемлекет басшысы екенін ескерсеңіз, Қазақстан Президентінің саяси көрегенділік пен адамдық ерлікке, мемлекеттік кеңдікке негізделген бұл еңбегі әлемдегі ең жоғары, ең беделді, ең атақты сыйлыққа да лайықты деген ойға өзіңіз-ақ тоқтайсыз. Бірақ біз Нұрсұлтан Назарбаевқа бұл қадамды жасатқан басты қозғаушы күш ең алдымен туған жерінің ашық көк аспаны мен туған елінің алаңсыз көңілін ойлаған азаматтық ұстаным екенін жақсы білеміз.

“Жігітке ерлік те оңай, елдік те оңай, әгерки қабырғалы болса халқы”, деген екен Әбубәкір Кердері бабамыз. Қылышынан қан тамып тұрған Кремльден қаймықпай, тажалды тұншықтыруға пәрмен бергенде де Назарбаев ең алдымен өзінің туған халқына, Қазақстанына сүйенген. “Қабырғалы халқы болмаса, қандай басшының да тауы шағылмай, тауаны қайтпай қоймайды” дегенді де Нұрсұлтан Әбішұлы сондықтан айтқан. Президент кітабының тұсаукесерінде академик Е.П.Велихов сөйлегені есте. “Даналық пен батылды Президенттің бойында да, ол басқарған халықтың бойында да болды. Мұндай қадамды бірлігі мықты халық қана жасайды”, деген еді атақты ғалым. Дәл солай. Нұрсұлтан Назарбаевқа: “Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойдағы қуат, ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін”, дегізген ұлы күш те – перзенттік парыз бен президенттік қарыз. Сол ұлы күш күні кеше Қазақстанды тағы бір биікке көтерді – Вашингтондағы жаһандық саммит кезінде өткен көптеген кездесулердің нәтижесінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық

ұйымының 11 жылдан бері шақырылмай келе жатқан саммиті биыл төраға елдің төрінде – Қазақстанда өтетін болып негізінен шешілді. Бұл бәріміздің ортақ абыройымыз. Жарқын жеңісіміз.

Осыдан тоғыз жыл бұрын жазған мақаламыз тағы ойға оралып отыр. Ол былай аяқталатын:

“Адамзат баласы түптің түбінде өзін-өзі құртып тынатын жаппай қарулану жолымен ұдайы жүре бермес. Күндердің күнінде демегенмен, жылдардың жылында әлем мемлекеттері ядролық қарудан бас тартуға уағдаласар. Сол бір жылдарда адамзат баласы тарихта тұңғыш рет атом қаруынан өз еркімен бас тартқан, ядросыз әлемге жол ашып берген елді де, сол елдің тұңғыш Президенті болған, соғыс эпицентрін бейбітшілік эпицентріне айналдырған сол тарихи шешімді қабылдаған ерді де разылықпен ауызға аларына сенеміз біз. Семсерден соқа соғу – адамзаттың сонау Тәурат заманынан бері келе жатқан асыл арманы. Сол істің қазақ даласында басталғанын, сол істі қазақ баласы бастап бергенін мақтан етеміз біз”.

Аузымызға құдай салғандай екен. Иә, осы іс қазақ даласында басталған. Иә, осы істі қазақ баласы бастаған.

Мақтан етеміз! Елімізді де, елді басқарған ерімізді де.

Ол елдің аты – Қазақстан.

Ол ердің аты – Нұрсұлтан.

Әлем мойындаған мемлекетке айналу деген осындай болады.

Әлем таныған тұлғаға айналу деген осындай болады.

Еліңді еңселенту, халқыңның бағын жандыру деген осындай болады.

Қазақстанды бүкіл әлемдегі бейбітшілік ісінің көшбасшысы деп бүкіл әлем айта бастады. Ғасырлар бойы тарихқа кеткен есеміз қайта бастады.

Тәубе дейік, ағайын.



ЭДУАРД ШЕВАРДНАДЗЕ: СІЗДЕР СЫН САҒАТТА СЫР БЕРМЕДІҢІЗДЕР

Сауытбек Абдрахманов

*“Егемен Қазақстан” республикалық газеті”
ашық акционерлік қоғамын қоғамның президенті*

Егемен Қазақстан, 19 мамыр 2010 ж., <http://www.egemen.kz>

“Жиырманшы ғасырдың тарихи жылнамасында Эдуард Шеварднадзенің есімі айшықты әріптермен әдіптелген. Михаил Горбачевпен бірге Эдуард Шеварднадзе жаңаша ойлауды жақтайтын аса көрнекті тұлғалардың қатарына қосылады, ондайлар Кеңес Одағында онша көп болмайтын. Әсіресе, саясаткерлердің арасында тіпті сирек еді. Алайда, олар өзінің елін ғана емес, бүкіл әлемді өзгерте алды – бүкіл әлемді жақсарта алды” – Ганс-Дитрих Геншер осылай жазған болатын. Әрбір көзі қарақты адам Эдуард Шеварднадзенің дүниетарихындағы орны жөнінде дәл осылай немесе осыған қарайлас ойлайды деп шамалауға толық негіз бар. “Эдуард Шеварднадзенің өмірі – саясатта ұзақ өмір сүре білудің ерекше үлгісі. Оның мансап жолының жылнамасы аспандай асқақтау мен қиай құлдырауға, бір лагерден бір лагерге, бір саяси сахнадан екінші саяси сахнаға күтпеген жерден, әйтсе де заңды түрде ауысуға толы. Одақтық Грузияның қатаң коммунистік лидері Шеварднадзе 1980-ші жылдардың соңында горбачевтік саяси бюродағы басты демократтардың біріне, “жаңаша ойлау” саясатының белсенді жүргізушісіне, АҚШ-пен одақтасуды құлшына қолдаушыға, Германияны біріктіру идеясының жақтаушысына айналды. 1990-шы жылдардың басында, тәуелсіз Грузияның бірінші президенті, бұрынғы диссидент Звиад Гамсахурдия елден қуылып шыққаннан кейін ол Грузия президенті болды, арада 11 жыл өткенде АҚШ президенті ойластырған “жаһандық демократия революциясының” алғашқы оқ атысында өзі тақтан тайдырылды. Біздің заманымыздың ең табанды әрі ең тәжірибелі саясаткерлерінің бірі болып табылатын Эдуард Шеварднадзе кім?” – жақында Тбилисиге жолымыз түскенде алынған сұхбаттан кейін маған қолтаңба қойылып, сыйға тартылған кітапта – Эдуард Шеварднадзенің “Когда рухнул железный занавес” деп аталатын мемуарлық еңбегінің (М., “Европа”, 2009) аннотациясында осылай жазылған.

Елдің бұрынғы президентіне оның 2003 жылғы 23 қарашадағы отставкасынан кейін қалдырылған, жұрт “Шеварднадзенің Крцаниси резиденциясы” деп атайтын тау биігіндегі жекежайда Қазақстан Республикасының Грузиядағы Төтенше және өкілетті елшісі И.И.Мурсалимовтің көмегімен ұйымдастырылған мына сұхбат барысында сол сұраққа біз де жауап іздеп көрдік.



– Құрметті Эдуард Амвросиевич! Отыз бес жылдық журналистік жолым мені көптеген атақты адамдармен, биік лауазым иелерімен кездестірді. Олардың арасында бірнеше елдердің президенттері де бар. Әйтсе де дәл бүгінгі әңгіменің – экс-президентпен сұхбаттың мәнін солардың ешқайсысынан кем қоймас едім. Бүгін мен шын мәнінде әлемге әйгілі тұлғамен, дүние тарихын өзгертуге нақты ықпал еткен адаммен әңгімелескелі отырғанымды толық түсінемін. Мені қабылдауға уақыт тапқаныңыз үшін алғысымды айтамын.

Студенттік жылдарымызда, болашақ журналист болсақ та, шыны керек, партияның қаулы-қарарларына онша мән бере бермейтінбіз. Соның өзінде де бір қаулының елді елең еткізгені, жаңағы құжат жарияланған газет нөмірінің қолдан қолға көшіп жүргені есімізде. Ол құжат – СОКП Орталық Комитетінің Тбилиси қалалық партия комитетінің жұмысы туралы қаулысы. Жас болсақ та жаңағы қаулының кезекті партиялық құжат еместігін, елде расында да алаңдайтындай жағдайлар бар екендігін пайымдағанбыз. Сіздің саяси мансап жолыңыз сол қаулыдан кейін шындап басталғаны белгілі. Ондай қаулының қабылдануына не себеп болды?

– Сол жылдар үшін ол, расында да, төтенше қаулы еді. Тбилиси қаласы бойынша ғана қабылданғанымен, сол құжатта аталған тамыр-таныстық, жемқорлық, парақорлық, протекция, ұрлық-қарлық, заңсыздық көріністері Кеңес Одағындағы кез келген жерден табылатын. Әйтсе де, әлгіндей әрекеттердің дәл Тбилисиде шектен шығып кеткендігі мойындамауға болмайтын шындық еді. Мен Тбилиси қалалық партия комитетінің бірінші хатшылығына Ішкі істер министрі қызметін он жылдан артық уақыт атқарып келгендіктен де мұның барлығын өзгелерден жақсырақ білетінмін. Сол жылдың аяғында-ақ менің Грузия Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануым қаладағы тәртіпті тез арада қалпына келтіре алуымның, ең бастысы – жұртшылықтың әділеттілікке сенімін оралта алуымның арқасы деп айтуымның артықтығы болмас.

– Солай екендігін біз де алыста жүріп-ақ шамалайтынбыз. Сіздің республикадағы коррупциямен қалай күресіп жатқаныңыз Қазақстанға да

жететін. Бір жолы сіз үкімет мүшелерінің қарауына нақты мәселе ұсынып, дауыс беруін сұрапсыз. Олар қолдарын көтерген кезде сіз сол күйінде, қолдарын түсірмей тұра тұруларың өтініпсіз. Сонда қолыңда таза алтын сағаты жоқ бірде-бір министр табылмапты... Бұл болған жағдай ма, анекдот па?

– Кез келген анекдоттың астарында шындық жатады...

– Кеше біз, бір топ қазақстандық журналистер, Боржом шатқалына, атақты арасан суы шығып жатқан жерге бардық. Кешкісін кәдімгі грузин қонақжайлылығымен айқара жайылған дастарқан басын-да әріптестерімнің бірі, “Казахстанская правда” газеті бас редакторының орынбасары Гүлнәр Рахметова: “Грузия бұрын 15 баласы бар үйдің ең ерке баласы сияқты еді”, деп қалды. Сол сәтте-ақ дастарқанның ана басынан бір егде кісі: “Кейін еркеліктің азабын тарттық қой...”, деп әзіл айтып үлгерді. Расында да, бүкіл елді ұлты грузин Сталин басқарған жылдардан бері Грузия Кремльдің ерекше назарында тұрған, бөлекше қамқорлығында болған дейтін түсінік бар. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

– Сталин заманындағы репрессиялардан ең көп зардап шеккен халықтардың бірі – грузиндердің өзі. “Тәубеге түсу” (“Покаяние”) фильмін көрген кез келген адамның көзі жетеді бұған. Айтқандай, Тенгиз Абуладзенің сол фильмін мен әу бастан қолдап, түсірілген соң Мәскеу алдында қорғап шыққанмын. Сталин мен Берия өзгелер грузин ретінде қанына тартады демеуі үшін өз ұлтына тіпті артық қиянат жасаған.

– Кеше Гориде болдық. Бізге Сталин туған үйдің есігін ашып беретін адамның да табылмағаны таңдандырды. Сондағы мэрияның алдына қойылған Сталин ескерткішін жұлып тастау жөнінде дау-дамай өршіп тұр екен. Менің өз ойымша, Жер бетінде Сталинге жалғыз ескерткіш сақталуы жөн болса, ол ескерткіш оның отанында – Гориде тұруға тиісті сияқты.

– Грузияның кеңес өкіметі жылдарында көп өскені, көркейгені анық. Бірақ ол ешкімнің де бөлекше қамқорлығының арқасы емес, мұның бәрі грузин халқының, республикадағы көп ұлтты жұртшылықтың бірлесе атқарған жемісті жұмысының арқасы. Белгілі бір дәрежеде Грузия эксперименттер жасалатын республикаға да айналды. Әсіресе, ауыл шаруашылығында реформа жақсы жүрді. Аудандық агроөнеркәсіптік кешендердің (РАПО) құрылуы алдымен бізде басталған. Абаш ауданында.

– Сонда да бірқатар артықшылықтар болды ғой?

– Мысалы, қандай?

– Мысалы, грузин тілінің Грузияның мемлекеттік тілі болғандығы. Біз тәуелсіздікке дейін, тіпті республикамыздың бірінші басшысы Саяси бюроның мүшесі болып тұрса да, ондайды армандап қана қоятынбыз. Тіпті кейін де қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне бір-екі жыл айтысып-тартысып жүріп қол жеткіздік.

– Оның жайы былай. Лениннің тұсында-ақ грузин тілі бізде мемлекеттік тіл еді. Сталиндік конституция сол статусты бекітіп қана берді. Ал Грузияның 1978 жылғы конституциясында грузин тілінің мемлекеттік мәртебесін сақтап қалуы оңайға түскен жоқ. Бұл арада студент

жастардың да, ел интеллигенциясының да, республика басшылығының да сөзі бір жерден шығуының мәні үлкен болды. Брежневтің де көмегі тиді.

– Қазір қоғамда Брежнев туралы толықтай теріс түсінік қалыптасып бітті. Сіз ол кісінің басшылығымен көп жыл жұмыс істедіңіз, оны жақсы білдіңіз. Соншалықты дәрменсіз болса, ондай адам КСРО-дай алып державаны 18 жыл бойы қалай басқарған?

– Брежневтің тұсында Грузияны 10 жыл басқарғаныммен, ол кісіні сонша жақын білдім дей алмаймын. Мәскеудегі жиналыстарда, съездерде, бірнеше рет Грузияға келгенінде араласқаным болмаса. Брежневтің маған сенгенін айтуым керек. Менің бастамашыл жұмыс стилімді қолдап отыратын. Осы жақтан жазылып жататын арыздарға байланысты “Республиканың көрсеткіштері жақсы, Шеварднадзе жұмысын біледі, кедергі келтірмеңдер” деп айтты дегенді талай рет естігенмін. Жалпы, жүрегі жұмсақ адам еді.

– Грузин тілінің мемлекеттік мәртебесін сақтап қалуына Брежнев қалай көмектесіп жүр?

– 1977 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданды ғой. Содан кейін барлық республикалар жаңа Конституцияға негізделген өз конституцияларын жасауға, қабылдауға кірісті. Мәскеу барлық ұлт өкілдері бірдей түсінетін орыс тілін Грузияда да мемлекеттік тіл етуді ұсынды. Оған дейін республиканың негізін құраған ұлттың тілі тек Грузияда ғана мемлекеттік тіл мәртебесіне ие еді. Енді бізге де қауіп төнді. Біз әу бастан бұл ұсынысқа қарсы болдық. “Қарсы шықтық” демей, “қарсы болдық” деп әдейі айтып тұрмын. Конституция жобасын жасау барысында ашық қарсы шықсақ, Мәскеу бірден-ақ тиісті шешім қабылдайтынын, оның тіпті республика басшылығына байланысты ұйымдық шешім болуы да мүмкін екенін біз жақсы білдік. Сондықтан Грузия Конституциясы жөнінде мен жасайтын баяндамада грузин тілі мемлекеттік тіл статусын сақтап қалатындығы жөнінде айтылатынын барынша құпия ұстадық. Дегенмен, Мәскеуге барып қайтуға тура келді. Әуелде “елдің бас идеологы” Суловпен кездестім, бірақ оған грузин үшін ана тілінің қандайлық орны бар екенін айтып түсіндіремін дегенімнен ештеңе шықпады. Болмаған соң Брежневтің қабылдауына кірдім. “Эдуард, сен білесің ғой, мен идеологиямен айналыспаймын. Суловпен өзің сөйлес”, деуден аспады ол кісі. Суловпен қайта сөйлесудің мәні жоқ екенін білгеннен кейін мен Орталық Комитеттің Жалпы бөлімінің меңгерушісі Черненкоға кірдім. Білімді адам еді, ол ақыры біздің позициямыздың дұрыстығына Брежневтің көзін жеткізіпті, сөйтіп оның ауызша келісімін алып шығыпты.

Конституция қабылданатын кезге қарай республикамызда осы мәселе бойынша қатты толқу болды. Тиісті органдар тіпті жастар Үкімет үйіне шабуыл жасауы мүмкін деген ақпарат та беріп жатты. Тіл мәртебесі жөніндегі мәселені мен Жоғарғы Кеңесте жасайтын баяндаманың ең соңына әдейі қалдырдым.

Сол жиынның әрбір сәті әлі күнге көз алдымда. Баяндамамның орта беліне жақындаған тұста екінші хатшы мінберде тұрған маған тілдей қағаз жазып жіберді.

– Екінші хатшы – Колбин ғой?

– Иә, Колбин. Ол мемлекеттік университет студенттері жиналып, алаңға келе жатқанын жазыпты. Мен баяндамамды жалғастыра бердім. Арада бес минуттей өтпей, Колбин тағы бір қағаз жіберді. Онда енді политехникалық институттың студенттері колоннаға қосылғанын жазыпты. Опера театрының маңына келіп қалған екен. Парламентке жақын жер. Мен мәтінді әрі қарай оқи бердім. Сәлден кейін тағы бір қағаз келді. Енді политехника институты мен университет студенттеріне қаладағы өзге жоғары оқу орындарының студенттері, бүкіл жастар қосылғаны жазылыпты. Баяндаманың аяқ шенінде жаңа Конституцияда да грузин тілі Грузин КСР-інің мемлекеттік тілі болып табылатынын хабарладым. Зал дүркіреп ала жөнелді. Сол екпінмен парламент алдындағы алаңға барып, жастармен тікелей кездестім. Жастардың ортасына мынандай жағдайда күзетсіз қойып кету қауіпті екенін де түсіндім, бірақ ол тұста енді не нәрседен де тайынбауға бекінген едім. Мен есіктен шыққаннан-ақ бүкіл алаңды “Дэда Эна!”, “Дэда Эна!” деген ұрансөз кернеп кетті. “Дэда Эна” – грузинше “туған тіл”. Студенттерге дүрлігудің жөні жоқ екенін, осындай шешім қабылданатынын айтсам, жастар сенбейді. “Сенбесеңіздер кешке дейін күтіңіздер. Кешке менің баяндамамды теледидардан береді. Егер оған да сенбесеңіздер, таңертеңге дейін күтіңіздер. Таңертең менің баяндамам газеттерде жарияланады”, дедім. Ақыры жастар алаңнан тарады. Бізден кейін, ертеңінде Армения өзінің Конституциясын қайтадан қабылдады, сөйтіп армян тілін мемлекеттік тіл етіп олар да бекітіп алды.

– Мәскеу осыған келісті ме?

– Қайдан келіссін? Артынша республика басшылығын түгел дерлік Суловқа шақырды. Мен, Совмин төрағасы, екінші хатшы, тағы бірер кісі – бәріміз бардық. Сулов біздің мәселемізді Саяси Бюроға шығаратынын айтты. Бәріміз сонда да қарсылық білдірдік, ойымыздан қайтпайтынымызды мәлімдедік. Колбин де қатты қарсы болды. Бізге “ұлтшылдық”, тағы басқа айыптар тақты.

Сөйтіп тұрғанда телефон шырылдап қалды. Брежнев екен. Қалай екенін қайдам, сөзінің бәрі маған да естіліп тұрды. Басқа бір мәселелер бойынша тапсырмалар берді де, “Саған Шеварднадзе кірді ме?” деп сұрады. Сулов: “Ол қазір менде отыр, бұлардың мәселесін принципті түрде қарау керек” дей беріп еді, Бас хатшы: “Шеварднадземен сөйлестік қой, сол да жетеді” деді де әңгімені бітіре салды. Мәселеміз солай шешілген.

– Колбин грузин тілінің мемлекеттік мәртебе алуын қатты жақтады дейсіз. Жалпы, ол кісі туралы пікіріңіз қандай?

– Бізде екінші хатшы болды. Оның алдында Свердловскіде жұмыс істеген. Грузияға қызметке жіберілерде Сулов қабылдапты. “Маған ұлт республикасында жұмыс істеу қиын болады. Грузиндердің тарихын,

дәстүрін, мәдениетін білмеймін”, депті. Сонда Сулов: “Ең бастысы – экономика. Ал әйел патша Тамараның жағдайын грузиндер өздері шешсін”, деген екен. Колбин бізде жаман жұмыс істеген жоқ. Тек оны Қазақстанға жібергені қателік болды. Қонаевтан кейін Колбиннің деңгейі бірден көзге бадырайып тұрды. Қонаев академик еді ғой. Бәріне кеңінен қарайтын, терең ой жіберетін. Өте икемді кісі болатын. Өз халқымен тіл табыса білетін. Қонаев Гаграда, Пицундада бірнеше рет демалғанда өзім әуежайдан қарсы алатынмын, көп әңгімелесетінбіз.

– Саяси Бюроның осы мәселені қараған отырысына сіз қатысқан ба едіңіз?

– Қатысқанмын.

– Талқылау қалай өткені есіңізде ме?

– Ол кезде мұндай мәселеде талқылау деген болмайды.

– Қазақстан басшылығына Назарбаевтың кандидатурасы қаралған жоқ па?

– Ол кезде балама кандидатура деген болмайды.

– Жақында Бакуге барып едім. Сонда Гейдар Алиев туралы бір кітап алдым. Әлгі кітапта Гейдар Алиевтің Колбиннің кандидатурасына қарсы шыққаны, Горбачевке кіріп, “Колбин жақсы шаруагер, басқа қай жаққа жіберсеңіз де жұмысты алып кетеді. Тек Қазақстанға жіберу қателік болады”, деп айтқаны жазылған.

– Бөлек кіріп, өзіне айтқан болар. Саяси Бюроның отырысында бұл ұсынысқа ешкім қарсы шықпағаны есімде. Колбин Қазақстанда дұрыстап жұмыс істей алмады. Кейін оның мәселесін Саяси Бюрода қарағанымызда бірнеше адам қатты сын айтты. Жіберген кемшіліктерін жөндеу тапсырылды. Бірақ ол тиісті қорытынды жасай алған жоқ. Содан соң оны Мәскеуге қайтару керек деп шешілді.

– Қазақстанда жүрген кезінде Колбиннің жұмысы Саяси Бюрода қаралған екен ғой? Алғаш рет естіп отырмын. Айтқандай, ол бізге келген бетте (мен Орталық Комитетте жұмыс істейтінмін): “Мен Грузияда грузинше үйренгенмін. Бір жылда қазақ тілін де үйренемін”, деп сөйлеген. Шынында грузинше біліп алған ба еді?

– Олай деуге болмайды. Ауызекі сөзді аздап түсінетін бірақ. Ал қазақшаны қаншалықты үйренгенін мен білмеймін.

– Оны біз білеміз.

– Басқа халықтың тілін, әсіресе өзге тілдік топтағы халықтың тілін үйренуге жылдар керек. Ал мінез-құлықты меңгеру, халықтың жанын түсіну одан да қиын. Бұл дегеніңіз тұтас тұрған өзінше ғылым. Жалпы, Колбинмен жасалған сол эксперимент өте сәтсіз болды. Қазақстан басшылығын олай ауыстыру студенттердің жаппай наразылығын туғызғанын, көтеріліс милицияның, әскердің күшімен басылғанын, қан төгілгенін бүкіл әлем біледі. Алайда, тәртіпсіздіктердің бәріне ұлтшылдар мен экстремистер кінәлі деген қорытынды ғана жасалды. Кім біледі, Алматыдағы оқиғадан тиісті тағылым алғанымызда Сумгаиттағы, Тбилисидегі, кейінірек Балтық бойындағы сұмдықтар орын алмауы да

мүмкін бе еді. Балтық бойындағы оқиғадан кейін мен АҚШ елшісіне: “Басқарудың диктаторлық тәсілдері қайта оралса, мен отставкаға кетемін. Қолы қанға батқан үкіметтің мүшесі болып қала алмаймын”, дегенмін. Ол кезде КСРО Сыртқы істер министрі қызметінде екенімді өзіңіз білетін шығарсыз.

– Білгенде қандай. Біз сіздің сол қызметтегі әр қадамыңызға қызыға карап отыратынбыз. Одақ министрі лауазымының қай-қайсысы да ерекше құрметті. Сыртқы істер министрінің жөні бөлек. Оның үстіне тарихтың сондай бетбұрысты кезеңінде тіпті бөлек. “Қырғи-қабақ соғыстың” бәсеңдеуі, стратегиялық қару-жарақтың қысқартылуы, екі Германияның бірігуі, Ауғанстаннан совет әскерлерінің әкетілуі сияқты аса ірі қадамдардың бәрі сіз министр болған тұста атқарылды. Сізді бұл қызметке Горбачев шақырды. Таңдау неге сізге түсті деп ойлайсыз?

– Михаил Горбачевті мен аса көрнекті тұлға, жаңа тұрпаттағы саясаткер деп санаймын. Ол уақыттың үнін дәл ести білді. Кеңес Одағының өмір сүрген жылдарында коммунистік идеологияны ревизиялау тұңғыш рет Горбачевтің тұсында басталды. Андропов қайтыс боларының алдында Бас хатшы қызметінде өзін Михаил Горбачев алмастырғанын қалайтынын айтқан. Алайда, Саяси Бюродағы жасы келген партиялық элита Черненконы жақтап шықты. Горбачев билік басына келгеннен кейін ішкі және сыртқы саясатта түбірлі өзгерістерді қолға алуға тырысты. Ал оның мені таңдағанына байланысты не дей аламын? Біз көптеген жылдар бойы араласып тұрдық. Грузияға жыл сайын келетін. Республикадағы жаңалықтарды, эксперименттерді, әсіресе ауыл шаруашылығына нарықтық экономиканың кейбір тетіктерін енгізу талабымызды қолдайтын. Ол кезде бізде халық дәулетті тұратын.



Михаил Сергеевичтің өзі де, Раиса Максимовна да грузин өнерін, әсіресе грузин киносын өте жақсы білетін. “Тәубеге түсу” фильмін экранға шығаруға бізге Горбачев көмектескен. Сыртқы істер министрі қызметіне адам таңдағанда Горбачев ол жерге маман дипломаттан гөрі өзінің ойымен ортақтасатын, дүниедегі құбылыстарға жаңаша қарай алатын, өзімен әріптес болатын адам іздеді деп санаймын. Менің Сыртқы істер министрі қызметіндегі белсене араласқан мәселелерімнің ең негізгілерін өзіңіз де айтып отырсыз.

– Дегенмен, сол мәселелердің қалай шешім тапқанын өз аузыңыздан да естігіміз келеді.

– Екі мәселені айтайын. Біреуі – Ауғанстан, екіншісі – Германия мәселесі болсын. Мұның екеуі де мені саясаткер ретінде зор қанағат сезіміне бөлейді. Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан алып шығу жөніндегі кесімді сөзді мен айттым дей аламын. Әрине, мемлекет басшысымен келіспейінше министрдің бірде-бір мәселені өз бетінше шешпейтіні белгілі, бұл арада мен осы мәселелер бойынша менің ұстанымым басшылыққа алынғанын айтып отырмын. СОКП-нің XXVII съезі қарсаңында мен Горбачевке есепті баяндамада Ауғанстаннан әскерді алып шығу жөнінде міндетті түрде айтылуы керек деп ұсыныс жасадым. Михаил Сергеевич келісті. Есепті баяндаманың соңғы нұсқасы съезге бір күн қалғанда Саяси Бюро мүшелеріне таратылып берілетін. Баяндаманы бізге кештетіп, түнге қарай берді. Қарасам – Ауғанстан мәселесі жоқ. Содан түн ортасында Горбачевтің үйіне телефон соқтым. “Бәлкім, біраз уақыт тоса тұрармыз?”, деді Бас хатшы. Мен онда бұл мәселені съезде өзімнің сөйлейтін сөзімде көтеретінімді, халықтың мені қолдап кететінін, ал Михаил Сергеевичтің ыңғайсыз жағдайда қалатынын айттым. “Жарайды. Ертең бұл пунктті қосамын”, деді ол. Таңертең съезге жиналып жатқанымда өзі телефон соқты. “Сенің тапсырмаңды орындадым”, деді. Дауысында маған сену де, келісімге келу де бар, аздап кекесін де жоқ емес.

Министр кезімде Ауғанстанға кемінде он рет барған шығармын. Офицерлер жасағының алдында біздің әскерлерді елден алып шығу жөнінде алдын ала келісім жасалғанын хабарлағанымды ешқашан ұмыта алмаймын. Шынымды айтсам, жұрт қол соғып жібереді деп ойлағанмын. Жоқ, зал тым-тырыс. Генералдар тіпті түнеріп алыпты. Бұл не сонда? Жеңілген армия күйінде елге қалай қайтамыз деп уайымдағандары ма? Елге барған соң қайда тұрамыз, кім бізге пәтер береді деген сияқты мәселелерді ойлап қиналғандары ма? Ол жағы да бар. Негізгісі осы жағы да шығар. Сонымен бірге, кейін білсем, басқа жағы да бар екен. Генералитеттің бір бөлігі Ауғандағы соғыстың аяқталғанын қаламайды екен! Ауғандағы соғыс олар үшін байлыққа белшесінен батудың көзіне айналған екен! Мәскеуге қайтып келе салысымен мәселені Саяси Бюро отырысының күн тәртібіне енгізіп, Ауғанстаннан әскерді алып шықпасақ мыңдаған аналардың көз жасына қалып, бүкіл әлем алдында онсыз да азайған абыройдан біржола айырылатынымызды айттым. 1989 жылдың 15 ақпанында, Женевада жасалған келісімге сәйкес, Ауғанстаннан кеңес әскерлерін алып кету толық аяқталды.

Енді Германияның бірігуіне келейін. Қазір екі Германияның біріккенін бүкіл Еуропа қалағандай айтылады, мұның өзін Батыстың анық жеңісіндей етіп көрсетеді. Шынтуайтында, тым олай емес еді. Мысалы, Англия екі Германияның қосылуынан кәдімгідей қауіптенді. Франция да оны қолдай қойған жоқ. Тэтчерге де, Миттеранға да Еуропаның дәл ортасында іріленген, күшейген неміс мемлекетінің пайда болуының қажеті жоқ ты. Біз

оларға Еуропадағы тыныштық пен тұрақтылық үшін екіге бөлінген Германия емес, біріккен Германия көбірек керек екендігін түсіндіруге тырыстық. Шығыс Германияда орналастырылған жарты миллиондық әскерімізді ұстап тұру біздің бюджетке де өте ауыр соқты. Біз “үлкен төрттіктің” (АҚШ, КСРО, Ұлыбритания, Франция), екі Германияның қатысуымен, яғни “4+2” формуласымен келіссөздер бастауды ұсындық. Немістер “2+4” формуласын ұсынды. Яғни, алдыңғы қатарға екі Германияның делегациялары шығарылуы керек деген талап қойды. Ақыры біз бұл ұсыныспен келістік. Мәселенің өзі сәтімен шешілгенімен, Германиядағы кеңес әскерлерін елімізде орналастыру ісінде көп қиындық туды. Біз әскерді алып шығу, оларды орналастыру шығындарына 20 миллиард батыс германиялық марка өтем талап еткен едік. Немістер оның 15 миллиардын өтем орнына, қалған 5 миллиардты несие түрінде берді. Өкінішке орай, осы іс кейін әбден бытысты. Сол ақшаның қайда, қалай жұмсалғаны ақыры анықталмай-ақ қойды. Біз әскерді әкеткеніміз үшін төлем алмағанбыз деуден жүзі жанбайтындар да табылады бүгінде. Бұл – өтірік сөз. Ол ақшаның бәрінің тиісті құжаттары бар. Германиядан кетіп, ондағы пәтерінен айырылған, мұнда келіп баспанасыз күйде жылдар бойы жүрген мындаған офицерлердің маған жылдар бойы ызалы болғанын әбден-ақ түсінемін. Әйтеуір, ең бастысы – түптің түбінде Германияның бірігуі деген мәселе шешілді.

– “Германияны бір грузин бөліп берді, екінші грузин біріктіріп берді” деген сөз бар ғой.

– Бұл өзі екі журналистің бірі айтатын сөз болып барады. Қазір мақтау тұрғысында айтылатынына да шүкір. Ал кезінде Ресей әскерілерінің талайының мен дегенде атарға оғы болмайтын. Олар Сыртқы істер министрі отанымыздың мүддесін сатып жатыр деуден де тайынбады. Бұлай айтқанда мына грузин орыстарды жеңіліске ұшыратуда деген сыңайда астарлап сөйлейтіндері аңғарылып тұратын. Жаңағылар отан мүддесі сатылды дегенде біздің Германия Федеративті Республикасынан әуелде бес миллиард батысгерманиялық марка несие алғанымызды да айтады. Ол тұста Кеңес Одағында аз ғана жалақының өзін беретін ақша қалмаған еді. Горбачев пен Шеварднадзе келісім білдірмесе екі Германия қосылмай қала беретіндей сөйлеу де аңғырттықтың дәл өзі. Олар онсыз да қосылар еді. Тек кейінірек қосылар еді. Бәлкім, бұл үдеріс қиын жағдайларға, тіпті қантөгіске ұрындырып барып бітер еді. Біздің сыртқы саясаттағы табысымыз – үдерістің алдын алғанымыз, түйінді проблеманы шешудің негізгі қозғаушы күшіне айналғанымыз.

Осы екі ерекше маңызды мәселені дер кезінде қозғағаным, жеріне жеткізудің жолдарын көрсеткенім үшін өзімді саясаткер ретінде де, адам ретінде де бақытты сезінемін.

– Сондай жағдайда жүргеніңізде, жаңаша ойлау саясатының нақты нәтижелеріне қол жеткізген адамның биігінде тұрғаныңызда сіз аяқ астынан отставкаға кеттіңіз. “Диктатура қаупі төніп келе жатыр” деп

ескертіп кеттіңіз. Горбачевпен араларыңыздың ашылуын қалай түсіндірер едіңіз?

– Бұл жайында талай айтқанмын. Қайта құру, жариялылық, ашықтық саясатының ең үлкен нәтижесі 1989 жылдың 2-3 желтоқсан күндерінде Мальтада Буш пен Горбачевтің кездесуі болды. Сол кездесуде екі мемлекет басшысы АҚШ пен Кеңес Одағы ендігі жерде бір-бірін антагонистік мемлекеттер санамайды, екі елдің бір-бірін дұшпан тұту дәуірі аяқталды деп бүкіл әлемге мәлімдеме жасады. Бұл екі жақтың да жеңісі, ең бастысы – көкейге қонымды саясаттың жеңісі болатын. Өкінішке орай, тамаша аяқталған сол кездесу барысында Горбачевпен арамыздағы алғашқы салқындық та бой көрсетті. Ол былай болды. Буш пен Горбачев келіссөз кезінде бір мәселе бойынша ортақ пікірге тоқтай алмай қойды. Бір кезде Буш: “Бұл ақпарат Шеварднадзеден шыққан”, деп қалды. Горбачев маған жалт қарады. Ол аз болғандай Буш: “Біз Шеварднадзеге сенеміз”, деп қосып қойды. Горбачевтің түрі өзгеріп кетті. Сол сәтте оның маған көзқарасы да өзгергенін сезіндім. Бара-бара арамыз суыса бастады. Тегі, әлемде менің беделімнің биіктей бастағаны оның тынышын алса керек. Кей мәселелерді өзім шеше алатын болғаным, әлемнің ірі саяси тұлғаларымен өзара сенімге құрылған қарым-қатынас қалыптастырғаным да Бас хатшыға ұнаған жоқ. Бірте-бірте менімен араласуды да азайтты. Уақыт өте келе Горбачев өзі бастаған іске де, сол істі өзінің бірге бастаған әріптестеріне де көзқарасын өзгертті. Осыны байқаған көптеген депутаттар мүмкін болған жердің бәрінде, баспасөзде, телевизияда Сыртқы істер министрін оңды-солды сынауды әдетке айналдырып алды. Ал Қорғаныс министрлігінің партия ұйымы Горбачевке мені “мемлекетке сатқындық” бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту жөнінде екі рет ұсыныс жасады. Горбачев сондай жағдайда да өзінің министрін бір ауыз сөзбен қорғаған жоқ. Оны тамыз бүлігіне әкеліп соқтырған осы құбылмалы саясаты деп білемін.

– Эдуард Амвросиевич, одақтық министр кезіңізде де, Грузия Президенті кезіңізде де сіз әлемнің тұтқасын ұстаған талай тұлғамен араластыңыз. Солардың арасынан қандай кездесулер ерекше есіңізде қалды?

– Ондай кездесулер көп. Иранға, Аятолла Хомейниге барғанымды айтайын. Мен аятоллаға Горбачевтің хатын апарған едім. Хомейнидің үйіне мешітке кіргендей аяқ киімді шешіп кіреді екен. Қыс кезі. Қар түскенде Иранда кәдімгідей суық болады. Аяғым тоңа бастады. Оның үстіне аятолла да кешікті. Сөйтсем, кейін білдім, аятолла барлық кездесулерге осылай, кешігіп келеді екен. Науқастанып жүргендіктен аятолла мені қабылдауға 15-20 минут қана бөле алатыны ескертілді. Мен сол уақыт ішінде өз елімнің президенті жазған хаттың мазмұнын сығымдап айтып шығуға тырыстым. Хомейни сөзімді тыңдап болды да, өзінің Горбачев жауабына көңілі толмағанын айтты. “Мен оған адамның мына жалған өмірдегі тіршілігінің мәні жөнінде емес, көк жүзіндегі тіршілігінің мәні туралы хат жазған едім. Мені жер бетінде не болып, не

қойып жатқаны қызықтырмайды. Мен көк жүзіне көз тігемін, алайда өзімді толғандырар сұрақтарға әлі жауап тапқан жоқпын. Ал екі елдің қарым-қатынастарын қалпына келтіру жайын айтсақ, мен бұл ұсыныстарды қолдауға дайынмын”, деді де, орнынан тұрып, менімен қоштасып, бөлмеден шығып кетті. Шынымды айтсам, түкке түсінген жоқпын. Көңіл-күйім әбден бұзылды. Ертеңге белгіленген басқа кездесулерден де, сол күнгі кешкі қонақасыдан да бас тартқым келді. Ал ирандық әріптестерім кездесу тамаша өтті деп жатыр... Кешке теледидарды қостық. Аудармашы диктордың “Бүгінгі кездесу Иран мен Кеңес Одағының қарым-қатынастарында жаңа дәуірді бастап береді” деген сөздерін жеткізді. Ертеңінде Сыртқы істер министрі Али Акбар Велаяти имам кездесуге өте риза дегенді тағы қуаттады. “Имам бірер ауыз ғана сөз айтты ғой. Маған әңгімеміз онша сәтті болмаған сияқты көрінді”, дедім мен. “Байқамаған екенсіз, ол кісі сіз сөйлегенде үш рет басын изеді. Мұның мәнін білесіз бе? Бұл аса үлкен ілтипат пен құрметтің белгісі болып табылады”, деді Велаяти. Кейін Рафсанджани Тбилисиге келгенде маған: “Хомейни қабылдаған жалғыз шетелдік адам сіз болдыңыз”, дегенді айтты.

Фидель Кастромен қатарынан бірнеше күн кездескенімде мен оның кез келген тақырыпқа сағаттап сөйлей алатынына көз жеткіздім. Өте терең ойлы адам, әдебиетті тамаша біледі, Эрнест Хемингуэйдің досы болған кісі. Ал Маргарет Тэтчер мені британ парламентіндегі қауымдар палатасында депутаттардың сұрақтарына жауап беруімен таңқалдырды. Сонда Тэтчер қырық минуттің ішінде 25 сұраққа жауап берді. Әр сұраққа – бір минуттен! Кез келген күрделі мәселенің түйінін екі ауыз сөзге сыйғызып жібереді екен. Бізде көпсөзділік басым. Горбачев пен Рейган Рейкьявикте кездескеннен кейін Рейганның мәшинеге отырардың алдында Горбачевке: “Сіз менің сөйлеуіме мүмкіндік бермедіңіз, сондықтан да біз ештеңеге келісе алмай кетіп барамыз”, дегені еске түседі...

– Эдуард Амвросиевич! Маған әңгіменің уақыты бір сағаттан аспағаны жөн болатынын ескерткен. Әйтсе де, мен сізден сұхбаттың уақытын тағы біразға созуға келісім сұраймын. Сіз бұған дейін өміріңіздің екі белесін әңгіме еттіңіз. Ең күрделі белеске енді келіп отырмыз. Грузия тәуелсіздікке қол жеткізіп, өкімет билігіне Звиад Гамсахурдиа келген кезде елде азамат соғысы басталды. Грузиннің елім деген, жерім деген маңдайалды перзенттері сол тұста Мәскеуге арнайы барып, сізді елге қайтуға шақырғанын жақсы білеміз. Ол жайында сіз бұрын шыққан “Мой выбор” атты кітабыңызда да жазғансыз.

– Бұл – әңгімелеуге қиын тақырып. Ғасырлар бойы жоғалтып алған тәуелсіздікке қол жеткізген тұста менің халқым аса ауыр драманы бастан кешті. Біздің классик жазушымыз Константин Гамсахурдианың ұлы, танымал құқық қорғаушы, диссидент, ұлттық қозғалыстың сыйлы көсемі Звиад Гамсахурдианың өз отанының нағыз патриоты, аса көрнекті ғалым, аса білімді адам болғаны ешқандай талас тудырмайды. Бірақ мемлекет басшысы болудың қиындығы сонда, бұл қызметті атқару үшін жаңағы қасиеттердің бәрі қосылып келгенде де аздық етеді!

– Бір грек философының айтқаны бар ғой: “Мемлекет басқару өнері – өнер атаулының ең биігі” деп.

– Осы өнер Гамсахурдианың бойынан табылмады. Оның үстіне өзінің жеке басының мінез-құлқындағы кейбір сипаттар, диссиденттің қиын өмірі, айналасына жинаған адамдарының күмәнді келбеті ақыр аяғында өзінің өмірін де, біздің еліміздің өмірін де трагедияға ұрындырып тынды. Гамсахурдиа феномені әлі де талданып, түсіндірілген жоқ. Звиад көпшілік психологиясын, бұқаралық сананың адам түсініп болмайтын қырлары мен сырларын өте шеберлікпен пайдалана білді. Аз уақыттың аясында звиадизм діни сипатқа дейін ие болып, діни сектанттықтың өзінше бір түріне айналып кетті. Грузияның біз әлі күнге жаза алмай келе жатқан талай жарасы Звиад Гамсахурдианың тәуелсіз-діктің бас кезінде жария еткен “Грузия грузиндер үшін” деген ұранынан басталды. Грузия ғасырлар бойы грузиндер, осетиндер, абхаздар, аджарлар, әзірбайжандар, армяндар қатар өмір сүріп келген ел болатын. Біздің елімізде тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы қан Тбилисидің Кино үйінде төгілді, сонда жиналған оппозициялық манифестацияны арнаулы тапсырма орындайтын милиция әскерлері атқылады, бұл жолы грузиндерді грузиндер атты, президенттің (кешегі диссиденттің) бұйрығы бойынша атты. Тбилисиде екі аптаға созылған азамат соғысы кезінде жүздеген адамдар қаза тапты, жараланды, бұл сұмдық ақыры президенттің Грузиядан қашып кетуімен аяқталды. Ол шетелге жетіп алып, өз жақтастарын көтеріліске үндеп жатты. Мұндай жағдайда мен қалайша Мәскеудегі жайлы пәтерімде тыныш отыра аламын, қалай алаңсыз ұйықтай аламын?!

Мен Грузияға қайтып оралу жөніндегі ойымды бірнеше көрнекті тұлғалармен бөлістім. Сол күндерде Джеймс Бейкермен, Генри Киссинджермен, Жак Ширакпен, басқа да адамдармен, Демократиялық реформалар қозғалысындағы әріптестеріммен сөйлестім. Ақыры қалайда елге оралуым керек деп шештім. Әрине, менің тыныш Батыстағы тыныш бір жерге барып алуыма толық мүмкіндігім болды. Мені, мысалы, Германияға көшуге шақырған. Немістердің маған қалай қарайтынын шамалайсыз ғой. Өміріме қажетті қаражатты жұртшылық алдында сөйлеп-ақ, кітаптарымды жазып-ақ таба аларымды білемін. Бірақ, егер олай етсем, өмір сүрмеген, тек күнін көрген адам болар едім. Азамат соғысының отына оранып, аштыққа ұшыраған, нанның ұзыннан ұзақ кезегінде тұрып, қарулы қарақшылардың қарауына іліккен туған елімді қиын сәтте тастап кете алмайтыным анық еді. Ел басқарған жылдарымды әңгімелеп жатқым келмейді. Өзіме өзім баға бермеймін. Бұл арада айтарым тек мынау: менің отаныма оралу жөніндегі шешімім дұрыс болды деп санаймын. 1992 жылы Грузия толық мағынасында саяси оқшаулануға түскен еді. Экономика толықтай қирап, азамат соғысы жүріп жатты, ел тоналып жатты, зорлық-зомбылық етек алған еді. Мен өз елімді ең қиын жағдайдан алып шығуға көмектестім, қираудан, тараудан, аштықтан құтқаруға көмектестім. Қалай бағалағанда да, мен өзімнің перзенттік парызымды орындадым. Жерімнің бірлігі үшін, елімнің тірлігі үшін ештеңеден тайынған жоқпын. Маған үш

рет қастандық жасалды. Алғашқысы 1992 жылғы қазанда Абхазиядағы жарияланбаған соғыс кезінде жасалды. Екіншісі 1995 жылы жаңа Конституцияға қол қою рәсімінің дәл алдында жасалды. Мен жанынан өте шыққан “Нива” мәшинесі жарылып кеткен болатын. Үшіншісі 1998 жылы Баку – Тбилиси – Жейхан мұнай құбырын іске қосу жөнінде соңғы шешім қабылданардың алдында жасалды. Сол жолы менің өмірімді тек брондалған “Мерседес” қана құтқарып қалды. Президент мәшинесінің сауытты қаптамасы тіке атылған үш зымыран оғына төтеп берді. Мен өзіме жасалған үш қастандықтың үшеуін де нақты бір адамға емес, мемлекеттің өзіне қастандық деп айтқанмын. Қазір де сол пікірдемін.

– Жалпы, елді қайтадан басқарған жылдарыңыздан өкінішпен еске алатын жайларыңыз бар ма?

– Тәуелсіздіктің бастапқы белесінде кез келген кемшіліктің өзі қателікке ұрындыратынын көріп отырмыз. Мысалы, 2003 жылғы дағдарыстың басты себебі – сайлаушылар тізімдерінің дұрыс жасалмағандығы. Талайлар өздерінің аты-жөнін дауыс берушілердің арасынан таба алмаған. Тізімді солай жасаған адамдар нені мақсат еткен? Кімдер солай жасаған? Меніңше, осылай былықтыруға мүдделі күштер болған, олар мұның аяғы күшті наразылыққа ұласатынын алдын-ала білген. Оның үстіне Батыс Грузияда, нақты айтқанда – Аджарияда сайлаудың жаппай бұрмалаушылықпен өткені жөнінде хабар келіп түсті, мұны шетелдік байқаушылар барынша теріс бағалады. Ахуал көз алдымызда қолдан шығып бара жатты. 10 қараша күні Аджария астанасының көшелерінде қарулы қақтығыстар басталды. Сол күні-ақ Батумиге жеттім. Аджария автономиялық республикасы үкіметінің басшысы Аслан Абашидземен әңгіме барысында шетелдік күштердің сепаратистік қозғалыстарды үдетіп, бұл өңірді Грузиядан бөліп алып кетуге шындап кіріскеніне анық көзім жетті. Абашидзе менен Аджариядағы сайлау қорытындысын заңды деп тануды талап етті, ондай жағдайда оның партиясы Грузия парламентіндегі өкілеттігін нығайта түсетін еді. Өйтпеген күнде Аджария Грузияның юрисдикциясынан шығады деген талап та қойылды. Грузияны бөлшектеуге ешқандай жағдайда да жол беруге болмайтын еді. 22 қараша күні, жаңадан сайланған парламент жұмысқа кіріскелі жатқанда, мен өз сөзімді бастай бергенде залға қару асынған кісілердің кіріп келгенін, мұның аяғы немен біткенін өзіңіз жақсы білесіз.

1992 жылы Грузияға оралғанымда мен өзімнің алдыма нақты екі мақсат қойған едім. Оның біріншісі – нарықтық шаруашылықтың негізін қалау, екіншісі – демократиялық тетіктердің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Үкіметтің легитимді болуы, демократиялық сайлаулар өткізу, сөз бостандығына қол жеткізу, азаматтық қоғамның қалыптасуына жағдай жасау сияқты маңызды міндеттерді шешу үшін біз тәуелсіз елде, демократиялық ортада өмір сүруді үйренуге тиісті едік. Біз оған біршама қол жеткіздік. Үкіметтік емес ұйымдардың саны бойынша Грузия кеңестен кейінгі кеңістіктегі елдердің алдына шықты. Сонымен бірге, Грузиядағы демократияландыру үдерісі елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін

мемлекеттік құрылымдар мен институттар пайда болмайынша толық аяқтала алмайтын. Сөйтіп, бізде мықты азаматтық қоғамы бар әлсіз мемлекет құрылды. Өкінішке орай, менің қоғамды ырықтандыруға бағытталған саясатым оншалықты дәл үйлестірілген болып шықпады, соның салдарынан мемлекеттік құрылымдардың негізін реформалау үшін берік іргетас қаланбады.

Мен “Ұрпақтарға хат” жазып қалдырдым. Оны жарияладым. Хатымда туғанда бойыма біткен қабілеттердің арқасында мен уақыт пен жағдаят мүмкіндік берген нәрселерге қол жеткізгенімді айттым, ұрпақтарға бұдан үлкен мақсаттарға қол жеткізуді, дүниеге, адамзатқа пайда келтіруді тіледім.

– Уақыт пен жағдаят мүмкіндік берген нәрселер дегенде сіз нені айтасыз?

– Бәрінен бұрын Грузияға сыртқы күштердің ықпалы өте көп болғанын айтамын. Алдыңғы жылғы соғысқа екі жақ та кінәлі деп білемін. Грузиндердің кінәсі – Цхинвалиде орыс әскерлері тұрғанын, олардың әлеуетін ескермей ұрыс қимылдарын бастағандығы. Орыстардың кінәсі – грузиндерді сол соғысқа арандатқандығы. Тек Саркози-Медведев жоспарын жүзеге асырудың арқасында ғана біз өз территориямыздың негізгі бөлігін орыстардан азат ете алдық.

Ресей қоғамының белгілі бір бөлігінде “кавказ ұлты өкілдеріне”, соның ішінде грузиндерге өзгеше көзқарас қалыптасқаны ешқандай жасырын сыр емес. Абхазия мен Оңтүстік Осетиядағы сепаратистік күштерді желіктірген ресейлік қару-жарақ екендігі де құпияға жатпайды. Империяның құлауы империялық көңіл-күйдің құлауына ұласқан жоқ. Мұның өзі бұрынғы Кеңес Одағының тәуелсіз мемлекеттер құрып жатқан халықтарына, соның ішінде алдымен Грузия сияқты елдерге өте теріс әсер етті. Грузиядағы ішкі қақтығыстардың бастау көзін Кавказды геостратегиялық бақылауға алуды мақсат етіп қойған империяшыл күштердің саясатынан іздеу керек.

Мұндай күштер Борис Ельцин билік құрған тұста өте ықпалды болды. Грузин-абхаз қақтығысы басталғанда Қазақстан Президенті Назарбаев, басқа да достас президенттерім маған ТМД-ға кіруді ұсынды, олар осылай еткенде сол қақтығысты реттеу ісінде Ельцинге ықпал ету жеңіл болады деп санады. Алайда біздегі кейбір саяси күштер бұл идеяны қинала қабылдады. Ресейдің Грузияға қатысты саясаты тек Путиннің тұсында ғана біршама түзелді. Жалпы, бұл орайда сіздердің елдеріңіздің, Назарбаевтың сыртқы саясаты да, ішкі саясаты да айрықша икемділік көрсеткенін айту керек. Сіздер сын сағатта сыр берген жоқсыздар. Алыспен де, жақынмен де тіл табысатын көп векторлы саясат жүргізу Нұрсұлтан Назарбаевты әлем алдында биік беделге бөлеп отыр.

Назарбаев Қонаевтың тұсында Совмин төрағасы болды. Ол кезде біз жақын араласа алған жоқпыз. Нұрсұлтан Әбішұлы республика басшылығына келген кезде мен бұл адамның өте жауапты, терең білімді адам екендігіне көз жеткіздім. Оның кейбір шешімдері шын мәнінде

таңдандырады да қайран қалдырады. Астананы қандай мақсатпен ауыстырғанын ежіктеп жатқым келмейді, бірақ мұның нағыз данышпандық шешім болғанын айтпай тұра алмаймын.

Нұрсұлтан Әбішұлы туралы әңгімелеу мені қуанышқа бөлейді. Сіздің келуіңізге орай мына екі парақ қағазды дайындап қойған едім. Биыл Назарбаевтың 70 жасқа толатынын білемін. Соған орай өз тілегімді қағазға түсіріп беруді жөн деп таптым. Осыны Нұрсұлтан Әбішұлына менен сәлем айтып, жеткізуіңізді сұраймын.

Эдуард Амвросиевич осылай деді де өзі айтқан мәтінге көзімше қол қойып, маған табыс етті. Ондағы сөздерді Елбасына газет арқылы жеткізген артық болмайды деп ойлаймын.

Өзімнің досым, көрнекті саясаткер, Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты даңқты мүшелтойымен құттықтаймын!

Біз Нұрсұлтан Әбішұлымен планетамыздағы әлемде жиырма бірінші ғасырдың межесінде түбірлі өзгерістердің, мен айтар едім, тектоникалық ығыспалардың куәгері болу маңдайына жазылған ұрпақтардың қатарына қосыламыз. Бостандықпен бірге біздің қолымызға оның салдарлары да тиді. Көптеген жерлерде кейде сырттан жағылған қақтығыс ошақтарының оты пайда болды. Бүкіл әлемге қатер төндіріп тұрған агрессияшыл сепаратизм адамдарға, соның ішінде менің халқыма да сан жеткісіз ауыртпалық алып келді. Әділеттілік пен Грузияның территориялық тұтастығын қалпына келтіру жолындағы бейбіт және саяси құралдармен жүргізіп жатқан күресімізде біз дәйім достарымыз тарапынан қолдауды сезінудеміз. Бұл істе құрметті Нұрсұлтан Әбішұлының жеке басының рөлін айрықша атағым келеді, өйткені агрессияшыл сепаратизмді айыптайтын бірлескен Декларация ТМД елдері басшыларының дәл Алматы саммитінде тұңғыш рет қабылданған болатын.

Тегінде, ел басшылығының күш-жігерінің және Президент Назарбаевтың даналық бағытының арқасында жаңа әлеуметтік-экономикалық жүйеге көшу салыстырмалы түрде алғанда жайлап, барынша аз шығынмен жүзеге асырылғанын, Қазақстанның Грузиядан айырмашылығының өзі осында екенін де айтқан жөн болар.

1997 жылдың қарашасында маған Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің құрметті докторы дәрежесін беру рәсімінде сөйлеген сөзімде мен Нұрсұлтан Әбішұлының әлемге танымал саясаткер мен ғалым ретінде ғылымды, әсіресе оның іргелі салаларын дамытуға қосқан үлесін атап көрсеткен едім.

Ұлы өзгерістер дәуірі мәселесіне қайта орала отырып, мына жайды да айтқым келеді. Ортақ дүниетанымның қалыптасып жатқан кеңістігінде ынтымақтастықтың жаңа тиімді пішіндері қажет етіліп отыр. Бұл бағытта ең қызғылықты идеялардың бірі Президент Назарбаевқа тиесілі екенін, өйткені осыдан бірнеше жыл бұрын Біртұтас Еуразиялық кеңістік құру бастамасын дәл оның өзі көтергенін атап айту керек.

Өз басым бұл идеяның жемістілігіне, оған қызығушылық уақыт өте келе тіпті кезінде оны қабыл алмағандардың тарапынан да күшейе түсетініне сенемін.

Біздің күш-жігеріміз бен өзара түсіністігіміздің арқасында Еуразиялық дәліз нақты шындыққа айналды – ол арқылы жүктер, соның ішінде Қазақстан мұнайы да ағылып жатыр.

Тарихтың осынау аса жауапты белесінде Қазақстан кемесінің штурвалында аса көрнекті саясаткер Нұрсұлтан Назарбаевтың тұрғаны – бәріміздің бағымыз.

Эдуард Шеварднадзе.

– Қарсы болмасаңыз, бұл жазғаныңызды біз газетке жариялайық. Еліміз, Елбасымыз туралы сіздей жаһанға аты мәлім саясаткердің аузымен айтылған баға біз үшін қымбат.

– Қарсы емеспін. Оған қоса былай деп айтайын: Қазақстан – ұлы мемлекет, оны ұлы адам басқарады.

– Тура осылай жазайық па?

– Тура осылай жазыңыз. Қазақстанды мен өте жақсы көремін, онда талай рет болғанмын. Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен елдің қандай ғажайып табыстарға қол жеткізгенін білемін. Сондай ерекше елге мен жан-тәніммен бар жақсылықты тілеймін.

– Эдуард Амвросиевич! Осынша уақыт бөліп, осындай әңгіме айтқаныңызға, біздің елімізге деген ілтипатыңызға көп рахмет. Ұзақ жасаңыз, еліңіздің көркейгеніне, кемелденгеніне куә болыңыз.



ТАЖАЛДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАН ТҰЛҒА

Ерлан СЫДЫҚОВ,
*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік
университетінің ректоры, профессор*

Егемен Қазақстан, 23 сәуір 2010 ж.



Тарих уақытының күнпарағындағы қазіргі кезең – Жер ананың төсінде Бейбітшілік әлемін орнатуды аңыздай аңсаған тұс. Адамзат зеңгір көкпен таласқан шаттық шаңырағы астында сергек сеніммен тамаша дәстүрді ашық дамытуға бастайтын, тайталастардың орнына төзімділікті ұран ететін көшбасшы Тұлғаға зәру еді.

Таңдау Қазақ елінің перзентіне – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа түсті.

Оның себебі: төрткүл дүние тұрғындарын тәнті еткен Тұлғалық феномен. Тарихи уақиғалар барысына ықпал ету қабілетін берген тәңір жазуы. Әділ әрекет пен алғыр сананың сындарлы тоғысы. Демек, тұтас Қазақ елінің баянды бағы.

Ол бейне бір Прометейдей қараңғы түнекті сәулелендірер жарық ұсынды. Сөйтіп, мемлекеттер арасындағы сұхбат пен өзара сенім әлсіреген сын сағатта ортақ мүдделестікке бағыттайтын шамшырақ жанды. Әлемді билеген күнгірт күдік сейіліп, ақ шуақ үміт орнықты.

Жуырда Семейде Еуропа Парламентінің депутаты, ЕҚЫҰ-ның экология және қоршаған ортаны қорғау проблемалары бойынша жеке өкілі Струан Стивенсон біздің шақыруымызбен Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті студенттері алдында лекция оқыды. Саясаткер:

“Қазақстандық лидер, сөз жоқ, Тұлға. Сондықтан, Қазақстан мемлекетінің төрағалық етуі тек сіздерге ғана емес, бүкіл әлем жұртшылығы үшін зор мәртебе. Өйткені, Нұрсұлтан Назарбаев жасампаз құрылысшы” деген бір пікір айтты. Жасампаз құрылысшы! Тұлғаның әлемдік деңгейде дараланған келбетін еуропалық парламентарийдің аузынан айтылған осы сөздің мағыналық жүгі ашып тұрғандай.



Небары 20 жылға толар-толмас уақытта Орталық Азияда қуатты Қазақстан мемлекетін құрды. Бабалардан келе жатқан сан ғасырлық ұлы арман – Тәуелсіздікті орнатты. Жай орнату емес, түрлі ұлттар өкілдерінің Отаны атанған қазақ жерін бірлік пен берекенің, ынтымақ пен ізгі ниеттің құтты мекеніне айналдырды.

Қайыспас қажырын елдік намыс рухымен қатар ұштап, алмағайып қиын кезеңде егемен елдің көк байрағын жалаулатқан Тұлғалық қасиетті неге ұлықтамасқа?! Осы орайда оқу-ағарту саласының қызметкері ретінде ой туындайды. Ертеңді күтпей, дәл бүгіннен бастап ел қорғаны болар ерлікті, отан сүйгіштікті жас ұрпақ санасына Елбасының жеке мысалында сіңіре білуіміз қажет. Неге десеніз, ұлт қамқоршысы бойындағы шынайы жанашырлықты Президент тұлғасынан көреміз. Әлем ұлтты, халықты ұлт тұлғалары арқылы танып біледі. Ал қазақ ұлтын әлемге танытқан – Нұрсұлтан Назарбаев. Жалпы қоғам тарихи тұлғаның рөлін ешқашан жоққа шығармайды. Біз ұлт басшысын қастерлеп, құрметтеуді әлемдегі өркениетті елдерден үйренсекші. Тіпті, тегі бір туысқан түрік халқының өзінде Анадолыда алғаш жаңа түрік мемлекетінің негізін қалап, құрушы Мұстафа Кемал Ататүрік есімін мәңгілік ұлттық мақтанышқа айналдырған. Олай болса, әлем бейбіт өмірдің сенімді кепілі ретінде танып отырған Президентіміздің өнегелі ісінің, кісілік келбетінің бүгінгі жастарымызға үлгі етуге бағытталған тәрбиелік жұмыстардың тетіктерін іске қосу керек. Осы орайда Алаш көсемі Ахмет Байтұрсыновтың “Ұлым деген жұрт болмаса, жұртым деген ұл қайдан туады” деген даналық сөзі ойға оралады. Ұлттың көсемін құрметтегеніміз – халықты құрметтегеніміз. Ежелгі дәстүрге сүйенсек, қазақ ел басқарған ханын, дуалы ауыз билерін, қол бастаған батырларын, ғасырдан ғасырға дәріптеген халық. Жастарымыздың саяси-әлеуметтік белсенділігін арттыруды, білімді әрі зиялы азамат етіп тәрбиелеуді осы арнадан бастасақ игі.

БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мунның Семей полигоны орнына арнайы атбасын бұрып келген жолында Қазақстан Президентінің орасан сынақ аумағын ғана жауып қоймай, ядролық қарудан ада аймақ құрған батыл әрекетін бүкіл әлемді ядролық қарудан құтқару үшін берік іргетас қалап берді деп бағалағаны баршаға мәлім.



Елбасымызға арнайы ізетпен “Жер жаһанға ядролық қарулануды тоқтатуға жар салуға Сізден лайықты лидер жоқ” деген ұсынысы қарама-қайшылықтардың алдын ала білетін дана Тұлғаға тағзымы деп бағалаймыз өз кезегімізде.

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев арқылы Қазақстан да әлем жұртшылығы алдында бірегей позицияда айқындалды. Қазіргі заман тарихының аса күрделі кезеңінде ЕҚЫҰ-ға басшылық етуші ел ретінде Қазақстанның мәртебесі бұрынғыдан бетер жарқырай түсті.

Атап айтсақ, Мемлекет басшысының құрған бейбіт ел үлгісіне басқалар талпынуда. Соның бір айғағы – АҚШ Президенті Барак Обама мен Ресей Президенті Дмитрий Медведевтің өз мемлекеттеріндегі ядролық қару түрлерін анағұрлым шектеу жөніндегі шартқа отыруы.

Нұрсұлтан Назарбаевтың қаһармандық тұлғасы жайлы сөз қозғағанда осыдан жиырма жыл бұрын Семей ядролық полигонын жабудағы орасан еңбегін ұрпаққа насихаттауға тиіспіз. Абай, Мұхтар, Шәкәрімдей ұлттық ақыл-ойдың алыптарын өмірге әкелген ұлылар мекені, қазақ руханияты мен мәдениетінің орталығы Семей жері қырық жыл бойына жүргізілген сынақтар салдарынан экологиясы бұзылып, халық адам айтқысыз зардап шекті. Бір сәтте ешкімнің келісімінсіз ұлы ақын елі улы атом еліне айналды. 1949 жылдың 29 тамызында КСРО Семей полигонында тұңғыш рет ажал аждаһасы саналған атом бомбасын сынақтан өткізді. Бұл жойқын жарылыс Абралының Дегелең тауын тітірете теңселтті. Көкжиектен тосыннан жарқ етіп пайда болып, демде бұлттанып сейілетін “ғажап” саңырауқұлақ сұлбасын қызықтаған ауылдың талай қалқанқұлақ кара баласы айықпас дерт құшты. Сол себептен де, Төлеген досымның “Заман-ай” әні ядролық тажалдың құрсауында “мәңгілік бала бейнеде” қалған талай Ләйләлардың өкінішті өміріне арналған гимн деп есептеймін. Мектепте “Дүние жүзі тарихында” жазылған кішкентай жапон қызының

сәуле ауруынан жазылуға деген үмітпен қағаздан мыңдаған тырналар жасағанын, тиісті санға жетпей өмірінің қиылғанын оқып, Кеңестер Одағы балаларының бақытты болашағына ондай кеселдердің кесір келтірмесіне ешбір күмәнсіз болып, ал өздерінің ядролық тажал апанында тұратыны қаперіне де кірмеді. Кеңес Одағының әскери-өнеркәсіптік кешенінің дамуына Қазақ КСР-інің тамаша үлес қосқанын мақтаныш етті.... жалған идеологиямен суарылған саналар.

Семей ядролық сынақ полигонында дерек көздері бойынша 40 жыл ішінде 500-ден астам сынақ жүргізілсе, оның 117-сі жер бетінде іске асырылды. Алғашқы ядролық жарылыс бүкіл дүние жүзіне Кеңес Одағының аждаһа қарудың монополисі екенін дәлелдесе, полигон маңындағы Абралы, Абай аудандары тұрғындарының өмірі мен денсаулығы құрбандыққа шалынды. 40 жыл бойы мың Хиросиманың күнін кешті. Алайда, олар оның бәрінен бейхабар еді.



1957 жылдары Алматыдан ғалымдар С.Балмұханов, Б.Атшабаров бастаған топ полигон маңындағы тұрғындардың денсаулығына зерттеу жүргізіп, радиациялық сәуле әсерінен болған ерекше дертке “Қайнар синдромы” деген атау берілді. Ғалымдардың болжауы бойынша иммундық жүйенің радиация әсерінен дәрменсіз күйге түсуінен қатерлі обыр жасушалары тоқтаусыз өсу қатеріне ие болады. Тағы бір қасірет психикалық тұрғыдағы аурулардың бой көрсетуі еді. Ақ қан ауруы (лейкоз) Қайнар, Саржал, Қарауыл, Долон, Знаменка тұрғындары арасында көбейді. Статистикалық деректерсіз-ақ айтарым, менің балалық шағым Дегелеңге іргелес орналасқан Саржал ауылында өтті. Қаршадайымыздан сол қасіретке куә болдық. Біздің ауылды ядролық жарылыстың эпицентріне орналасқан деп айтсақ та болады. Олай дейтініміз, Саржал жер үсті жарылыстары ұйымдастырылған жерден бар-жоғы 25 шақырым қашықтықта, ал жер асты ядролық дүмпулерінен 30-35 шақырым аралықта орналасқан. Осы ретте сол жарылыстардың арғы тарихына тереңдей бойласақ, адам нанғысыз зұлымдыққа тап боласыз.

Өз жерінде мылтықсыз майданның құрбандарына айналған халықтың денсаулығына іс жүзінде ешбір жәрдем көрсетілмеді. Оны айтасыз, дәрігерлерге радиация әсерінен болған аурулардың дұрыс диагнозын қоюға тыйым салынды.

Менің атамекенімнің маңдайына осындай қасірет таңбасы басылыпты. Бұл зобалаң біздің ауылдың ешбір отбасын айналып өтпеді... Тек алпысыншы жылдардан бері ғана бір ауылдан 500-ден астам адам ядролық сынақтың кесірінен қыршынынан қиылса, 150-ден астамы онкологиялық емханада жатып, жарық дүниемен қош айтысты. Ал қаншама адам өз-өзіне қол жұмсау қасіретіне ұшырады.

Қырық жылға тарта созылған жойқын алапат барысында 18 мың шаршы шақырымнан астам аумақта 470 ядролық және термоядролық жарылыстар жасалды. Оның 352-сі жер астында өткізілсе, 118-і жер үстінде ашық түрде сыналды. Осындай сынақтармен қабат Семей полигоны аймағында химиялық жарылғыш заттарды қолдану арқылы 175 жарылыс жасалып, олардың сұрапыл ядролық қуаты тексеруден өткізіліп, жергілікті халық денсаулығына адам айтқысыз зардап әкелді.

Семей полигонында жасалған бұл сынақтардың жалпы жиыны Хиросима қаласына тасталған атом бомбасынан 2,5 мың есе артық ядролық қуатты құрады. Кеңес өкіметі келмеске кеткен соң Қазақтан аумағында мұраға қалған уран өндірісі мен ядролық қондырғылардың мол қоры қалғаны белгілі. Нақтылап айтсақ, жаппай қырып-жоюға арналған 1216 құрлықаралық баллистикалық оқтұмсықтар, көп мақсатты стратегиялық “Ту-95МС” бомбалағыш ұшақтары, 1400 ядролық оқтұмсықтармен жабдықталған 104 “СС-18” құрлықаралық баллистикалық зымырандар болды. Бұл дегеніміз жер шарын бес мәрте жоя алатын әлемде ядролық арсеналы жағынан АҚШ, Ресей, Украинадан кейінгі төртінші орынды иеленгені тарихтан белгілі.

Бұл дегеніміз қатерлі ісікке шалындыратын қасірет ошағы қолдан жасалды деген сөз. Осындай сұмдықты көріп-біле отыра, КСРО әскери-өнеркәсіптік кешені аталған “құбыжық” темір тордың аржағындағы жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайын назардан тыс қалдырды. Ажал аждаһасын ауыздықтауға бел буған қайсар тұлға болмаса, бұл қайғы-қасірет әлі де қаншама буынды шарпуы сөзсіз еді.

Қазақ жеріндегі осындай адам төзгісіз алапатты тоқтатып, тажалды тізгіндеуді жоғарыдан талап ету жайлы жан күйзелісі мәрт Тұлғаға бір сәт тыным бермеген.



Менің жазу үстелімнің тартпасында жатқан шағын кітап бар. Ол республиканың еңбек сіңірген қайраткері, бұрынғы Семей облысы обкомының 1 хатшысы болған марқұм Кешірім аға Бозтаевтың “Семей полигоны “Қайнар қасіреті” кітабы. Сол кездің шындығын былай деп жазыпты: “1988 жылдың ақпанында облысқа республика Министрлер Советінің Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев келді. Ол көптеген аудандарда, соның ішінде шалғайдағы және артта қалған аудандарда да болды, жұрттың қандай жағдайда тұрып жатқанын өз көзімен көрді, біздің әлеуметтік жайсыздықтарымызға енжар қарай алмады. Н.Ә.Назарбаев өз пікірін айтты: толық аумағында жұмыс істеп тұрған ядролық полигонның бар екендігі одақтық үкіметтің аймақ тағдырына араласуына құқық беруі қажет, осыған орай КСРО Министрлер Советінің арнайы қаулысын шығарту керек деді.

Республикалық үкімет басшысының қолдауы мен түсінуі бізді қанаттандырғандай болды. Біз бірден жұмысқа кірісіп кеттік те, кешікпей КСРО Министрлер Советінің Төрағасы Н.И.Рыжковтың атына хат дайындалды. Н.Ә.Назарбаев оған қол қойып, Н.И.Рыжковпен одақтық үкіметтің арнайы құжат қабылдауы туралы келісті”.

Бұл қаулы шығарылғанға дейінгі Одақ тарапынан жасалған қысымдардың сан түріне төтеп берерлік сындарлы да жүйелі саясат жүргізген тегеурінді Тұлғаның кемеңгерлігімен халық санасы оянды. Сол кезде қайраткер досы Олжас Сүлейменов үлкен қолдау көрсетті.

“Невада-Семей” қозғалысының дүниеге келген күні көз алдымда: 1989 жылдың қысында күні қазіргі белгілі қоғам қайраткері, сенатор Ғарифолла Есім бар, біраз жігіттер Алматыда біліктілік жоғарылату курсына оқып жүр едік. 28 ақпан күні Жазушылар одағының залында Олжас Сүлейменов күндей күркіреген айбынды дауысымен әйгілі Үндеуді оқыды.



Сол кезде оның қасына әлде бір түсі суық адам жақындап барып, микрофонын сұрады. Әрине, бізді үрей биледі. Желтоқсаннан кейін ондай сезімнің болуы түсінікті ғой. Бірақ, жаңағы кісі “осы залда үш жүз адам отырса, сыртта үш мың адам тұр. Сондықтан дыбыс күшейткіш қондырғыларды іске қосыңыздар, сырттағылар да естісін, – деді. Міне, қуатты халықтық қозғалыс қанат қақты. Оған серпін берген дегдар тұлғаның пәрмені еді. Халықтық толқулар сол жылға жоспарланған 18

жарылыстың он бірінің алдын алуға мүмкіндік туғызды. Жер-жерден полигонды жабуды мойнына алған “қайраткерлер” саясат аренасына ұмтылып, ұпай алғысы келгендер де табылды.

Бірақ, біз бүгін аса маңызды тарихи фактілерді кайталаудан тынбауымыз керек.



1989 жылғы 21 сәуір күні полигонда 50 килотондық жарылыс болды. Сөйтіп әскери-өнеркәсіп кешені нақты қоқан-лоққы көрсетті. Сол кезде “Семей ядролық полигоны туралы” Орталық Комитет Саяси Бюросының қаулысының жобасы шығады. Жобаға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбин қол қояды. Қазақ КСР Министрлер Советінің Төрағасы Н.Ә.Назарбаев халықтың шеккен зардаптарын жоюға қатысты мәселе көтерілмеген деп, жобаға қол қоюдан бас тартады. Қаулыға халықтың денсаулығын зерттейтін шаралар кешенін және арнайы ғылыми-практикалық конференция өткізу туралы тармақтардың енгізілуіне тас-түйін табандылықпен ықпал етеді.

Тәуелсіз Қазақ елінің іргетасы енді қаланып жатқан күрмеулі шақта Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылғы 29 тамыздағы №409 Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигонын жабуы теңдессіз ерлікке бара-бар еді.

Бұл “Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ”, – деп ағынан жарыла аманат арқалаған мәрт тұлғаның толғанысы.

Осы Жарлыққа дейінгі жолда қаншалықты ерік-жігер мен мейлінше табандылық жатыр десеңізші! Бүгінде Семей полигонын жабу туралы Президент Жарлығының ядролық қарусыз ел мәртебесінің биігін белгілеген, адамзат дамуындағы бейбіт қоғам үшін жасалған бірден-бір батыл тарихи құжат екендігін төрткүл дүние түгел мойындап отыр.

Полигон зардабын жарты ғасырға жуық тартып, ядролық сынақтан пайда болған қайғы-қасіреттен бір сәт көз ашып, бас көтере алмай келген халық бұл хабарды зор ризашылық сезіммен қабылдады. Бұл шешім жер шарының миллиондаған адамдарына қуаныш сыйлады, адамзат баласының

бойына ядролық сынақсыз азат әлем құруға болатындығы туралы сенім ұялатты.

Нұрсұлтан Назарбаевтың осы қадамы империялық пасық пиғылды күйретіп, ядролық қаруды игеру арқылы жер жаһанға қожалық жасауға ұмтылған ашкөзділікке тоқтам жасауға болатындығын әлем қауымдастығына дәлелдеп берді. Жарты ғасырдан артық адамзат баласын біржолата жер бетінен жойылып құру қаупін төндірген жойқын қатердің алдына тосқауыл қойылды. 1992 жылдың 23 мамырында Қазақстан мемлекеті стратегиялық мақсаттағы жаппай қырып-жою қаруларын шектеу және қысқартуға бағытталған КСРО мен АҚШ арасындағы Келісімге сәйкес Лиссабон хаттамасына қол қойып, өз міндеттемесін қалтқысыз жауапкершілікпен орындады.

Бұл игі бастама әлем жұртшылығы тарапынан да қызу қолдауға ие болып, 1992 жылы Америка халқы АҚШ конгресін ядролық сынақтарды тоқтатуға мәжбүр етті. Осының соңын ала, 1995 жылы Тынық мұхиты аралындағы француз полигоны құрықталды. Ал 1996 жылы Лоб-Нор шөліндегі Қытай ядролық жарылыс алаңы да өз үнін өшіріп, халықаралық мораторий орын алды. Сонымен қоса кешегі КСРО-ның жарты ғасыр ядролық қалдықтармен улаған зардаптарын жою ауыртпалығы тек Қазақстанның ғана мойнына түскен жүк болып қалды. Осы ретте Семей ядролық полигоны зардаптарын толықтай жоюды кешенді түрде шешуге бағытталған мемлекеттік бағдарламасының аясында аймақтың инфрақұрылымын дамытып, шағын және орта бизнесті жетілдіруге баса назар аударылып, ауқымды шаруалар қолға алынып, өз нәтижесін беріп жатқандығын айтуға тиіспіз.

Жұртының тағдырына жан-жүрегімен күйген кемел тұлға ядролық қарусыз әлемді қуаттаған қадамымен жаһан жұртшылығын ізгілендіруге бағытталған жақсылықтың жаршысы болды. Өткен жылы Семей ядролық сынақ полигонындағы сынақтардың тоқтатылуының 20 жылдығына арналған салтанатта сөйлеген сөзінде Елбасымыздың 29 тамыз күнін жаппай қырып-жою қауларын жоюдың Бүкіләлемдік күні деп жариялау туралы мәлімдемесі БҰҰ-да қолдау тауып, бұл күн “Халықаралық ядролық қарусыздану күні” болып белгіленді.

Бүкіл әлемді бітімгершілікке шақырған Қазақстан лидерінің бұл әрекеті шартараптан Жер планетасының жаракатына шипа болар дәрумендей бағаланды. Өйткені, қазіргі таңда дүние жүзінде 41 мың 735 ядролық оқтұмсық сақталып отырғанын ескерсек, бұл қатер Жер планетасын жүз мәрте жойып қана қоймай, жалпы Күн галактикасының өзін тұтастай құртып жіберуге толықтай қауқарлы екендігін қазіргі ғылым дәлелдеп отыр.

Елбасы 2005 жылы Семейде Шығыс өңірі тұрғындарымен кездесу жиын өткізгенінде, сөз сөйлеу мәртебесіне ие болып:

“Қырық жыл бойы ажал төккен Семей полигоны Сіздің тегеурінді күш-жігеріңізбен жабылды. Бейбітшілік жолындағы бұл еңбегіңізді бүкіл дүние жүзі жақсы біледі, мойындайды, бағалайды! Әлемде ядролық қаруды

қолдап, полигон ашқан патшалар көп болғанымен, адамзат тарихында полигонды жапқан Президент тек Сіз ғана”, – деген едім. Арада 5 жыл өтер-өтпесте жаһандық қауіпсіздік мәселесіне арналып Вашингтонда үстіміздегі жылдың 14 сәуірінде өткен “Ядролық лаңкестік қатерін азайту және ядролық материалдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі ұлттық шаралар” Саммитінде беташар сөз Нұрсұлтан Назарбаевқа, яғни адамзат тарихында ядролық қарудан бас тартқан тұңғыш елдің басшысына берілуі осы ақиқатты бекіте түскендей.

Осы Саммитте АҚШ Президенті Барак Обама Қазақстанды ядролық қарусыздану жөніндегі әлемдегі көшбасшы ел деп танитынын мәлімдеді. Бұл ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуші мемлекеттің басшысына беріліп отырған лайықты баға.

Ядролық қарусызданудың тұғырнамасын алғаш жасаған Қазақ елінің жарқын үлгісіне деген ілтипатқа Саммиттегі әлемдік қауымдастықтың ортақ пікірлері де айғақ.

Тажал түнегін тұншықтырған Нұр Тұлғаның қайраткерлік әрекеті бір ғана Қазақ елінің жарқын келешегі үшін емес, барша жер жаһанның бүтіндігін ойлаған кемел де көреген саясатының жемісі екендігі сөзсіз.



ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫ

Жақсыбай Самрат,
журналист

Егемен Қазақстан, 4 Маусым 2010ж. / Замана //www.egemen.kz/



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 1958-1960 жылдардағы өмірі Украинаның Днепродзержинск қаласында өткені белгілі. Қазақстаннан барған 67 бозбала қатарында ол да осындағы металлургтер дайындайтын №8 техникалық училищеде оқыған. Бұл жылдар – қандай қиындық болса да қазақ баласы да қарсы тұрып, өзгелерден қалмай шыдайды және оны жеңіп шыға алады деп жас Нұрсұлтанның өзіне өзі намысты ерше серт беріп, шыңдалудан өткен жылдары еді. Ол мұнда құрыш балқытуды үйреніп қана қойған жоқ, шын мәнінде өзі де құрыштай болып шынықты.

Біз оқырмандарымызға Тұңғыш Президентіміздің осы алғашқы ауыр сыннан сүрінбей өткен жылдарына шолу жасап, құрыштың отаны – Днепродзержинск қаласы мен ондағы өмір туралы баяндап беру мақсатымен Украинаға сапар шеккен едік.



ДНЕПРОДЗЕРЖИНСКІДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДОСТАРЫ

Украинаға табанымыз тигеннен-ақ біз ерекше адами жылылыққа тап болдық. Қай жаққа қарасақ та, кездескендерден қандай жөн сұрасақ та

адамдардың жылы қарым-қатынас жасап, көмек қолын созуға дайын тұрған елгезек ілтипатына ішпей-жемей риза болып, бір жақындықты сезіп тұрдық.

Таң алдындағы ұшақпен Киевтің халықаралық “Борисполь” әуежайына түскен бізді Қазақстанның Украинадағы елшілігінің тапсыруымен келген Женя деген жігіт қарсы алды. Ол да қолдан келген барлық жақсылығын жасап, қажетті көмектерін көрсетіп жатыр. Ауа райы Астанаға қарағанда анағұрлым жылы Киев бұл кезде жасыл желекке барынша малынып, жайқалып үлгеріпті.

Біз алдымен облыс орталығы – Днепропетровскіге ұшатын ұшаққа билет алдық. Днепродзержинск – осы облысқа қарайтын қала. 250 мыңға жуық тұрғыны бар ол біздегі облыс орталықтарының біріндей болғанымен, миллионнан артық халқы бар Днепропетровскіге қарағанда кішігірім ғана мекен. Бірақ “құрыштың отаны” деген атағы алысқа кеткен дүние жүзіне белгілі қала. Днепропетровск әуежайында бізді Василь Черномор деген украин жігіті өзінің мәшинесімен қарсы алды. Днепропетровск пен Днепродзержинск арасы 50 шақырымдай жер. Василь Черномор бізді С.Наливайка атындағы Аймақтық басқару институтына алып келді. Қонақүйге апармай бірден осында алып келгендігінің үлкен себебі бар болып шықты. Мұнда бізді осы институттың директоры Василий Швец пен Нұрсұлтан Назарбаевтың осында оқығанда күрестен жаттықтырушысы болған Лев Ежевский күтіп отыр екен. Бұл екеуі де Қазақстан десе елеңдесіп қалатын азаматтар болып шықты. Василий Швец 1996-2005 жылдары Днепродзержинск қаласының басшысы болған кісі. Нұрсұлтан Әбішұлын 2000 жылы Днепродзержинск қаласының 250 жылдық салтанатына келген сапарында қарсы алып, мәжілістес болған. Сол жолы ол Теміртау мен Днепродзержинск шаһарларының бауырлас қалалар болуы туралы ұсыныс жасап, оны Қазақстан Президенті Н.Назарбаев пен сол сапарда бірге болған Украина Президенті Л.Кучма қолдаған екен. Қазір ол осы қаладағы “Украина – Қазақстан” достық қоғамын” басқарады. Ал Л.Ежевский оның орынбасары. Жасы биыл 80-ге толатын бұл қартың Қазақстан десе ішкен асын жерге қоюға бар. Өзі біздің елде бірнеше рет болып, үлкен құрмет көргенін аузынан тастамай айтып отырды. Осы екі азамат та Қазақстан мен Украинаның арасындағы достық пен ынтымақтастықтың дамуына қосқан үлестері үшін екінші дәрежелі “Достық” орденімен наградталыпты. Сөйтіп, біз шүү дегеннен-ақ Днепродзержинск жерінде Қазақстанның достарымен кездесе кеттік.

Лев Рудольфович жас Нұрсұлтанның алғаш күрес залына қалай келгенінен бастап, біраз естеліктер айтты. Соның ішінде грек-рим күресінен 67 кг салмақта спорт шебері нормативін орындағанын да құлаққағыс етті.

Осы күні кешке біз қалабасының орынбасары Татьяна Завгородняямен де кездесіп, алдағы күндерде болатын кездесулер мен көргіміз келетін нысандар бойынша жоспарлар жасадық. Ертесіне қала басшысы Ярослав Корчевскийдің де қабылдауында болып, шаһардың

бүгінгі тынысы туралы біршама ақпарат алдық. Біз өз қаламыздың “кадрлардың ұстаханасы” болғанын мақтан тұтамыз. Леонид Брежнев, Владимир Щербицкий, Нұрсұлтан Назарбаев сияқты кадрлармен қалай мақтанбассың, деді ол. Оның айтуына қарағанда, кезінде КСРО-ның жылдық жалпы өнімінің 1 пайызын Днепродзержинск қаласы беріп тұрған екен.

Қалалық мұражайда “Наша дружба вечно” деген арнаулы экспозиция бар екен. Ол Елбасы Н.Назарбаевтың 2000 жылғы сапарына арналып жасалған, содан бері 10 жыл бойы оның экспонаттары Президенттің Украинадағы таныс-білістері тапсырған материалдармен, қазақстандық тартулармен байи түскен. Онда Н.Назарбаевтың осында оқығандығы, Қазақстанның қазіргі жетістіктері жайлы бірқатар материалдар да бар. Нұрсұлтан Әбішұлының досы Николай Литошконның Теміртаудан үйіне жазған хатының түпнұсқасы да осында тұр. Президентіміздің 1994 жылы Н.Литошкоға қолтаңбасымен сыйға тартқан “Без правых и левых” деген кітабы да қойылыпты.

Осы күні біз Днепродзержинск қаласының техникалық университетінде де болып, оның ректоры Александр Коробочкамен мәжілістес болдық. Бұл қаланың байырғы жоғары оқу орны екен, құрылғанына 85 жыл толыпты. Өзі қаладағы мемлекеттік жалғыз жоо. Бүгінгі күні оның 9 факультетінде 8 мыңға жуық студент оқып, 28 түрлі мамандық алатын көрінеді. Мұның да Елбасы Н.Назарбаевқа қатысты жері бар.

2007 жылдың мамыр айында Қазақстан мен Украинаның Білім және ғылым министрліктері арасында ынтымақтастық орнату туралы меморандумға қол қойылған екен. Соны іске асыру үшін Жоғары оқу орындарының Н.Назарбаев атындағы еуразиялық консорциумы құрылыпты. Соның қаладағы орталығы осы университет. Н.Назарбаевтың атын алған соң біз де белсендірек қызмет істеуге тырысып жатырмыз. Ынтымақтастық бағдарламасы өте кең, соның ішінде студенттер алмасу, ғылыми әріптестіктер де бар, әсіресе, металлургия саласында ғылыми атақ қорғау ісі бойынша қазақстандықтар бізбен ынтымақтасуға өте мүдделі. Ал біз қазақстандық студенттердің бізге келіп, білім алғанын қалаймыз, деді ректор.



ҚЫРАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН ҰЯ

Міне, осы қаланың металлургтер дайындайтын №8 кәсіптік-техникалық училищесіне алыстағы Қазақстаннан 1958 жылы 67 бозбала Теміртаудағы Қазақстан магниткасы атынан мамандық алуға келеді. Олар мұнда қыздыру пештерінің дәнекерлеушілері, құю кранының машинисі және домна пешінің горновойы мамандықарын меңгереді. Солардың ішіндегі ең ауыры 1500 градустық пештің жанында жұмыс істейтін горновойлар еді. Жас Нұрсұлтан өзіне осы ең ауыр мамандықты таңдайды. Оқушылардың толық тізімі В.Базарянинов, Л.Ежевский және В.Жандәулетов жазған “Своими глазами” атты кітапта берілген. Біз оны қайталамай-ақ қоялық.

Тағдырдың жазуымен осы училищені бітіргендер арасынан атақты адамдар да молынан шықты. Кәсіптік училищелерге көбінесе жұмысшы кәсібіне маманданатындар ғана баратынын ескерсек, бұл да бір ерекшелік. Аталмыш кітапта “Контингент, направлявшийся на берега Днепра, был неоднозначным. Тут и скромные ребята из чабанских семей, и те, кто успел отбыть срок в заключении за воровство или хулиганство” деп жазады. Солардың арасында, әрине, Нұрсұлтан Назарбаевтың жұлдызы ерекше жанып, бүгінгі күні ол бүкіл әлем аузына алып, қызығатын Мемлекет басшысы болып отыр. Одан басқа Мақсұт Нәрікбаевтың, Сатыбалды Ибрагимовтің, Мақаш Тәтімовтің, Қабиболла Сарекеновтің және басқалардың да есімдері белгілі, олар да тәуелсіз елімізге ерекше еңбек сіңіріп жүрген азаматтар. Осындай тұлғаларды шығарған бұл оқу орны осал болмағаны ғой деген оймен Днепродзержинскіге табанымыз тиген күннің ертеңіне оны тезірек көруге асықтық.

Пелин көшесіндегі үш қабатты ескілеу үйдің басқа ғимараттардан ешқандай ерекшелігі жоқ, бірақ сыртқы қабырғасына жасалған қоңыр түсті барельеф бірден көзге түседі. Онда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мүсінделіп, астына 1958-1960 жылдары осында оқығандығы қазақ-украин тілдерінде жазылған. Осының өзі-ақ алыста жүрген қазақ баласына өзінің үйі алдынан шыққандай әсер қалдырады екен.

Нұрсұлтан Назарбаевтың барельеф түріндегі мүсіндік композициясын днепродзержинскілік кәсіпкер Олег Мороз өз қаражатына тұрғызыпты.

Училищеге кіргеннен-ақ біз алыстағы Днепрдің бойында жатқан шет мемлекетте емес, өзіміздің облыстардың біріндегі кәсіптік-техникалық оқу орындарында жүргендей әсер алдық. Өйткені, есіктен төрге дейін Нұрсұлтан Назарбаевтың осында келген сәтінен түсірілген фотосуреттер ілініп қойылған. Бір бөлменің қабырғасында украин тілінде: “Компьютерный клас подарував президент республики Казахстан Н.Назарбаев, листопад 2005 р”. деп жазылған. Бұл Елбасының 2005 жылғы сапарында сыйлыққа тартқан компьютерлік сыныбы екен. Тағы бір бөлмеде болашақ Президенттің осы кабинетте оқығаны туралы жазылған, ал екінші қатардағы партасына да осында отырғаны туралы украин тілінде:

“За цією партою навчався в 1958-1960 роках Нурсултан Назарбаєв” деп жазып қойған. Оқушылар бұл партаға отыруға таласатын көрінеді.

Оқу орны музейінің де жартысынан көбін Н.Назарбаевтың осында оқыған жылдары, келген сапары туралы фото-бейне материалдар, Қазақстанның түрлі белгілері көрсетілген экспонаттар алған. Төмендегі спорт бөлмесінде де Қарағанды облысының әкімі кезінде Нұрлан Нығматулин сыйлаған теннис үстелдері тұр.

Сөйтіп, қайталап айтайық, бұл оқу орнында бөтен жерде емес, өзіміздің елімізде жүргендей болдық. Украиндардың қонақжайлығында да шек жоқ, біз осы қалада болған төрт күндегі түстігіміз де үнемі осының асханасында берілді. Бірінші күні бізден басқа да кәсіптік семинарға жиналған мұғалім-қонақтар болған еді, оларға бізді арнайы таныстырып, Нұрсұлтан Назарбаевтың оқыған жерін арнайы көруге келген журналист деп ауыздарын толтырып айтты. Барлық ілтипаттан училище басшыларының Нұрсұлтан Назарбаевты “біздің адам” деп мақтан тұтатындары сезіліп тұрды. Оқу орны қазір жоғары кәсіптік училище деп аталады екен. Бұл атақ жоғары білім бергеніне емес, атының алысқа кетіп, атақты түлегінің арқасында абыройға бөленіп отырғанына берілсе керек... Училищенің директоры Вадим Неклеса Нұрсұлтан Назарбаевты 2000 және 2005 жылы осында қарсы алып, мәжілістес болғанын айта келіп: “Мен Нұрсұлтан Назарбаевты өз ісін мүлтіксіз білетін, алдына қойған мақсаты айқын адам ретінде таныдым. Оңаша қалған әңгімелердің бірінде ол өздеріндегі кәсіптік білім беру ісінің қожыраңқырап кеткенін, соны көтеру керектігін айтқан еді. Артынан бізге қазақстандық мамандар келіп, оқу-тәжірибелерімізді зерттеп кетті. Сөйтіп, Нұрсұлтан Әбішұлы сөзін желге шашпайтын, айтқан нәрсесін дереу орындататын адам ретінде есте қалды. Тағы бір жағымды жәйт – үшінші қабаттан түсіп келе жатқан Президентті біздің училищенің оқушылары құрметпен қарсы алған. Сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы күзетшілердің, хаттамашылардың асықтырғанына карамай, оқушылармен қатар тұрып суретке түсті. Балалар мәз болып, жүздері шаттанып қалды. Осының өзі Президенттің адами жылылығы мол, қарапайым мінезді адам екенін көрсетті. Сонымен бірге, оның кәсіптік училищеде оқығанын жасырмайтындығы, керісінше, онымен мақтанатыны бізге қатты ұнайды. Ал кейбір түлектеріміз қолы бірдеңеге жетсе өздерінің осында оқығандарын айтқысы келмей, одан “ұялып” жатқанын көріп, налып қаламыз”, – деді.

Елбасы Н.Назарбаевтың оқу орнына келген сапарларының бәрінде бұрынғы мұғалимасы Нина Быковская мен оның кабинетіне ие болып қалған ізбасар-әріптесі Татьяна Атаманюк те қарсы алған екен. Жас Нұрсұлтан отырған парта да осы кабинетте тұр. Біз Татьяна Яковлевнамен де ұзақ әңгімелесіп, оның Президент Н.Назарбаевпен кездесуден алған әсерлерін білдік. “1994 жылы алғаш рет келетінін естігенде қатты жүрексіндік. Оқу орнымыз ұнамай қала ма, көңілінен шықпай қаламыз ба деген ой бәрімізді де мазалады. Ол кезде облыс басшысы П.Лазаренко еді,

оның әкімшілігінен күн сайын дерлік шапқыншылар келіп, дайындығымызды көріп, жұмысымызды тексеріп, дігерлеп кетеді.

Біз сынып бөлмесін жас Нұрсұлтан оқыған кезге барынша жақындатып, жасандырып қоюға тырыстық. Бұл істерде бізге сол кезде оқыған түлектеріміз, ескі мұғалімдеріміз көп көмек көрсетті. Тіпті қабырғадағы суреттерді де сол кезге үйлестірдік. Сонымен... күткен күн де жетіп, үлкен кісі өзіне еріп жүрген көптеген басшылармен, журналистермен бірге сыныбымызға кірді. Сол сәт менің есімде мәңгі қалды. Осы жерде атынан ат үркетін Назарбаев бір сәт балалық, жастық дәуренін, қимас күндерін есіне алып, жүзі бал-бұл жанған күйі өзінің партасына келіп отырды. Сосын өзін бір сәт оңаша қалдыруды сұрады. Сыныпта менен басқа екі-үш кісі ғана қалдық. Ол алақанымен партасын сипап, сол бозбала шағындағы атмосфераға енгендей болды. Осы сәтте оның көзі боталап кеткенін анық көрдім. Қолы да дірілдегендей болды. Үлкен адамның бір сәттік қатты толғанысы маған да беріліп, өзімнің де босап кеткенімді сездім. Осы бір қылықтардан-ақ оның адами қасиетін, барынша жұмсақ, қарапайым келбетін көрдім. Әрине, сол сәттегі әсерді сөзбен айтып жеткізу қиын.

Мен әрқашанда өзімнің оқушыларыма сіздердің Мемлекет басшыларыңызды үлгі қылып отырамын. Тіпті президент болмасаңдар да сендер де түзу жолмен жүру керек екендерінді ұмытпаңдар, ертең сендер де үлкен адам болуларың ғажап емес деймін мен.

2000 жылы келгенде Нұрсұлтан Әбішұлының жанында бұрын бірге оқыған бірнеше жолдастары болды. Самайларына ақ кірген, байсалды кісілер өздерінің жастық шақтарын еске алып, бұрынғы орындарына отырып, өткенді еске алды. Кездесу кезінде бір оқушы Нұрсұлтан Әбішұлынан: “Сіздер де көп қыдырушы ма едіңіздер, араларыңызда тәртіп бұзушылар болды ма?” – дегенде ол өзінің жолдастарына қарап, ал енді мен сендердің қылықтарыңды айтып берейін деп алды да, олардың түні бойы қыдырып, жатақханаға кіре алмайтынын, ал өзі оларды екінші қабаттан жамылғымен тартып алатынын айтып, бәрімізді күлдірген еді. Мен Нұрсұлтан Әбішұлымен тағдырдың кездестіргенін әрқашанда мақтан тұтамын, оның маған өз қолымен “бақыт тілеймін” деп жазып берген кітабын үйімдегі ең асыл қазынам деп білемін”, – деді Татьяна Яковлевна.

Оқу орнының мұражайын да армансыз араладық, онда училищенің тарихы туралы біраз мәліметтер берілгенімен, негізінен, жоғарыда айтқанымыздай, ол Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған. Осында училищенің 1925 жылы құрылғаны, түлектер қатарынан 8 адамның Кеңес Одағының Батыры, 4 адамның Социалистік Еңбек Ері болғаны да көрсетіліпті.

Құрметті адамдарға арналған кітапта ең бірінші болып Нұрсұлтан Әбішұлының 1994 жылғы 21 қаңтарда келгенде өз қолымен жазған қолтаңбасы тұр. Онда: “Бүгін мен өзімнің бозбала шағыма қайта оралып тұрмын. Содан бері 34 жыл өткеніне қарамай, бәрі де бүгінгідей есіме келді.

ТУ-8 – менің өмірімнің өзегі. Осында оқыған жылдарымды мен ешқашан да ұмытпаймын. Нақ осы жерде менің кейін қол жеткізген табыстарымның негізі қаланды.

Барлық мұғалімдерге, шеберіміз Д.Погореловқа (жатқан жері жайлы болсын) үлкен алғысымды білдіріп, бас иемін. Барлық днепродзержинскіліктерге берген білімдері, мейірімдері мен ықыластары үшін үлкен рахмет айтамын. Барлығыңызға да баянды тұрмыс, сабыр және жарқын болашақ тілеймін. Бұрынғы ортақ Отанымыз – КСРО-дағы халықтарымыздың арасында болған ең үлкен құндылығымыз – достығымыздың сақталуын тілеймін”, деп қол қойған екен.

Биыл бұл оқу орны өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтпекші, ол датаға да өздерінің түлектері Нұрсұлтан Назарбаевты шақырмақ ойлары бар көрінеді.

Осында біз жас Нұрсұлтанның бұрынғы оқытушысы Нина Быковскаямен де кездесіп, әңгімелестік. Горновойларды халық “отпен алысатын кәсіптің адамдары” дейді. Мен тәжірибе өткізу үшін оқушыларды зауытқа апарғанымда олар домна пешін “аждаһаның аузы” десетін. Нұрсұлтан осы пештің қасында жұмыс істейтін горновойлықты таңдап алды. Сол кездің өзінде-ақ ол ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүруді емес, қиыншылықтан қашпайтын қайсар адам болатынын көрсеткен. Біздің училищеде топтың старостасының рөлі зор. Қазақтарға староста етіп кімді тағайындаймыз дегенде мұғалімдердің бәрі де Нұрсұлтанды айтқаны есімде.

Сабакты қалай оқығаны туралы айтатын болсам, Президент болған соң сіз Назарбаевты мақтай бересіз ғой деген ой тууы мүмкін. Ал мен оны ешқашан артық мақтаған емеспін, әрқашанда шындықты айтамын. Ол сабақ түсіндіргенде тапжылмай тыңдап отыратын және сол кезде орнынан тұрғызып сұрасаң, өзіңнің айтқандарыңды бір сөзін өзгертпестен қайталап айтып беретін. Ол ешқандай көтермелеусіз, шын мәнінде үздік оқушы болды. Өзінің өте жауапты, тапсырған нәрсеге барынша мұқият болғанын да айтуға тиіспін. Мен онымен бір сөйлескенде: “Бізді мұнда ойнау үшін емес, мамандықты меңгеріңдер деп жіберді ғой, ал біз түк білмей барсақ ұят қой”, дегені есімде. Шебері Дмитрий Погорелов та оны мақтап отыратын, практикаға апарғанда басқалар жылы жерге тығылуды көздеп жүргенде Нұрсұлтан ғана бәрін көруге, бәрін үйренуге тырысады дейтін ол.

Жас Нұрсұлтанның үлкен ұйымдастырушы болғанын да білеміз. Ол ұйымдастырған концерт, би кештерінде қазақ, украин, орыс, татар және т.б. ұлттардың әндері шырқалатын. Тағы бір эпизод есіме түсіп тұр. Бірде емтихан алып жатқанмын, Нұрсұлтан староста ретінде есік алдында бақылап жүрген. Бір оқушы менің қойған бағама келіспей, таласып қалды. “Үшке” наразы болған ол маған біраз өкпесін айтты. Күз кезі еді, емтихан алуды кешкі 6-лар шамасында аяқтап далаға шықсам, әлгі бала маған қарай жүгіріп келеді. Шынымды айтсам, қорқып кеттім. Әйтеуір қолында ештеңе жоқ екен. Алқынып жеткен ол менен кешірім сұрап, өзінің қателескенін

айтты. Сөйтсе... мен кеткен соң оған Нұрсұлтан қатты ұрсып, кешірім сұрата жіберіпті.

Нұрсұлтан Әбішұлы бізге келген үш сапарында да мені қарсы алушылар қатарына қосты. Маған естен кетпейтін жақсы естелік-сыйлықтар жасады. Бізді ұмытпай, ардақтап жүргеніне қатты тәнтімін. 2008 жылы Қазақстанның Украинадағы жылына келген Қарағанды облысының сол кездегі әкімі Н.Нығматулин де Президенттің атынан құрмет көрсетті. Осындай шәкірттің болғанына қалай мақтанбассың?! – деді Н.Быковская.

“ТИКАЕМ, ТИКАЕМ, ГРАФИТ!”

Жас Нұрсұлтанның кәсіптік-техникалық училищеге барғаны несі екен, тіпті романтикалық әсермен барып қалған күннің өзінде артынан металлург болып, ыстығы 1500 градусқа тең пештің жанында тұрмай, басқа салаға ауысып кетуіне болатын еді ғой. Нұрсұлтанмен бірге оқыған Тельман Спаевтың айтуына қарағанда, Днепродзержинскіге барып мамандық алған сол 67 жастың 18-і ғана Теміртау магниткасында қалыпты (Т.Спаев., “Он в будущем”. Шымкент, 2004 г. с.49). Оларды оқытқан пұлымызды ақтайсыңдар деп те ешкім зорламаған. Ендеше, жас Нұрсұлтанның “отпен арпалысқан” кәсіпті қалаған себебі не екен, металлург мамандығы кәделі жасты не сыйқырымен арбауы мүмкін деген ойлар туушы еді кейде бізде. Осы себепті Елбасының алғаш рет “аждаһаның аузына” жақындаған сәті – Днепродзержинскінің металлургия зауытын көргіміз келді де тұрды.

20 мың адамға жуық халық еңбек ететін алып кәсіпорын түтіні будақтап, қазаны қайнап, темір жолдары тарсылдап... гүрілдеп... дүрілдеп... айқайлап... өзіндік бір әлем болып шалқып жатыр. Бізді зауыттың ішінен шыққан арнайы адам, инженер Татьяна Карпенко мен домна пешінің аға шебері Юрий Ковальчук бастап жүрді. Училище өзінің аға шебері Сергей Жаданды да қосып берген. Ұзын-ұзын сорайған тұрбалардан тұратын арандардың арасындағы тар жолдармен жүріп келеміз. Сөйлескенде дауысыңды көтеріп сөйлемесең, тынымсыз гүрілден түк естілмейді. Бір биік ғимаратқа кірдік, осының жоғары қабатына дейін көтеріліп, сол жерден құю процесін көрсетеміз десті. Басымызға каска берілгенімен, үстімізге халат берілген жоқ, сондықтан шаң-топырақтан көрінбейтін баспалдақтармен ышқына басып, көтеріліп келеміз. Жоғарыдағы 7-8 қабаттың бірінде орналасқан басқару пультіне жеттік. Ондағылар шығарылымның (пештің ішінен құйылатын өнім) 40 минуттен кейін ғана дайын болатынын айтты. Тек құю формаларын көрулеріңізге болады десті.

Сонымен, Нұрсұлтан Назарбаев өндірістік тәжірибеден өтті деген 12-ші домна пешінің жанына келдік. Бес горновой, бір газовщик, бір су құюшы және шебер тұрып, пештің ішінен шыққан сұйық шойынды қабылдайды. Шойынның температурасы 1500 градусқа жетеді, құрыштікі одан да жоғары. Бір уақ шойынның қалай балқып жатқанын арнаулы көз

арқылы кара шынымен көрдік. Қып-қызыл, сұйық темір тулап жатыр, ыстықтығы мың градустан артық. Қарап тұрудың өзі қорқынышты. Оны алғаш көрген кейбір балалардың есінен танып құлауы да заңды сияқты.

Біз тұрған жердің температурасы да 50-60 градустай, ыстық моншаның ішінде жүргендейсің. Сондықтан әңгімені тезірек аяқтап, сыртқа шығуға асықтық. Биікте, көлденең тартылған шытырманды темір басқышпен келе жатыр едік, күнге жылт-жылт еткен бір қалың кара шаң ұшты. Жанымдағылар “тикаем, тикаем, графит!” десті. Кәдімгі қарындаш жасайтын графит кейде осындай шаң ұшқыны болып шашылады екен. Әрине, тыныс арқылы өкпеге қонса, кара шаңның аман қалдырмасы белгілі. Біздің жанымыздағылардың асықтыру себебі сол екен. Бірақ бір жолы құтылса да үнемі ұшып тұрған ондай зат өкпеге жетпей қоймайды-ау...

Сөйтіп, біз мың градус болып құрыш қайнап жатқан жерде оның жанында тұрып, одан да ыстық намыспен: мен сені қандай болсаң да бағындырамын деп өзіне өзі серт берген қазақтың қайсар азаматы тұрған 12-ші домна пешін де көрдік...

ЖАҚСЫҒА ЖАҚЫН КӨП

Днепродзержинск металлургия зауытының спорт кешені “Дзержинка” деп аталады. Оған бізді Лев Ежевский ақсақалдың өзі бастап апарды. Екі қабатты ғана ескі ғимарат, 60-жылдары қандай болса, қазір де сол қалпында. Қазіргі кездегідей кең тынысты, алып спорт кешені емес, атағы жер жарған зауыттың дүниесі болса да қарапайым ғана халі бар екен. Кейін жанына қосалқы ғимарат салыныпты, “Дзержинкаға” сол арқылы өтесің. Қосалқы ғимараттың фойесінде атақты спортшыларының фотосуреттері ілініп, астына қол жеткізген табыстары жазылып қойыпты. Оның ішінде Нұрсұлтан Назарбаевтың суреті де тұр, астына: “Горновой доменного цеха ДМК. Призер первенства Украины и области по классической борьбе. Мастер спорта. Тренер Ежевский Л.Р.” деген сөздер жазылған.

Жас Нұрсұлтанның жүрген қадамын көзге елестету мақсатымен екі қабатты спортзалдың ішіне ендік. Алдымен шешінетін бөлмеден өттік, одан әрі жаттығу залдары басталды. Күрес залы екінші қабатқа орналасқан, ол үлкен залдың жартысын ғана алып тұр. Ар жағында ауыр атлетшілер жаттығатын көрінеді. Ал кіреберістің оң жағында гимнастшылар айналысады екен.

Біз жоғарыда Николай Литошконьң үйі қаланың Романково селосы болған тұсында екенін айтқан едік. Қазір қаланың осы кентін де сол селоның атымен атайды екен. Мікола Литошкомен дос болған бала Нұрсұлтан оның осы аудандағы үйіне жиі барып тұрғанын, оның Ольга деген апасын ұнатып та қалғанын, ал анасы Екатерина Карповна Нұрсұлтанды екінші ұлындай көріп кеткенін Нүрекең өзінің “Без правых и левых” кітабында, В.Базарянинов пен Н.Цыганок “Предсказание” атты жинақтарында, біз “Президенттің досы” атты “Егеменге” шыққан

мақаламызда (26.09.2007 жыл.) толық жазғанбыз. Енді Днепрдзержинск қаласына дәм тартып келіп қалған соң, жас Нұрсұлтанның барып тұрған үйін көргіміз келді. Сонымен бірге, қазақ баласын өз баласындай бауырына басқан Екатерина әжейдің басына барып, зиратына мінәжат етуді өзімізге міндет көрдік.

Осы уақытқа дейін бізді Днепрдзержинскіде алып жүрген Василь Черномор да, Лев Ежевский де бұл жақтарды аса білмейтін болып шықты. Ал Литошконың өзі қазір Қазақстанда тұратынын біз жоғарыда аталған мақаламызда айтқанбыз. Днепрдзержинскіге жүрер кезде біз онымен кездесіп, баласы Сашконың мекен-жайы мен телефон нөмірін алған едік. Енді сол жігітті іздеуге тура келді.

Бізге кездескен барлық украиндықтар сияқты бұл жігіт те үлкен ілтипат көрсетіп, барлық көмекке дайын екенін білдірді. Сөйтіп, біз Днепрдзержинскіде көргіміз келген кейбір жерлерді осы жігітпен бірге араладық.

Біз Осипенко көшесінен қиыстау кететін бұрылыстың түкпірінде орналасқан, қазақ баласына жылы мекен болған үйдің өзін көрдік. Николай Литошко оның 64 шаршы метр екенін айтқан еді, айтса айтқандай, шағын ғана үй болып шықты. Қазір онда ешкім тұрмайтындықтан, бұзылып жатыр екен, бірақ қаңқасы әлі тұр. Айнала жап-жасыл, көк шалғын. Осы үйден әрі тұрғын үйлер мүлде жоқ.

Осы жерде біз Литошконың Назарбаевты көрген көршілерімен, таныстарымен әңгімелестік. Соның ішінде Владимир Решетняк, Иван Стрижигус Нұрсұлтан Әбішұлы туралы ыстық ілтипатқа толы лебіздерін білдірді. И.Стрижигус мына фотографияны бірге қыдырып жүргенде Нұрсұлтан түсіріп еді, деп бір фотосуретті де көрсетті (біз оны қалап алдық – Ж.С.).

Осыдан әрі біз Екатерина Литошконың басына бару үшін, “55-ші блокқа” тарттық. Сашко әкесі мен шешесі ажырасып кеткен соң анасының қолында болып, бұл зиратқа көп келмеген сияқты, әжесінің басын быжынаған қабірлер арасынан зорға таптық. Екатерина Карповна 1902 жылы туып, бұл жалғанда 63 жыл өмір сүріп, 1965 жылы дүниеден көшкен екен. Біз оның рухына бас иіп, басына гүл шоқтарын қойдық...

Осыдан әрі Н.Назарбаевпен тура қатыстығы болмаса да сол жылдары училищеде қатар оқыған Анатолий Литвин, Иван Романенко деген кісілермен де сөйлесіп, сол жылдардағы ахуалдарды, қазақ балаларына деген көзқарастарды сұрадық. Анатолий Петровичтің өзі осы жердегі қалалық радионы басқарады екен, оның бір қызметкері бізден сапарымыздың мақсаты жөнінде сұхбат алып, сол күні радиодан берді. Иван Романенко да Нұрсұлтан Назарбаев оқыған жылдары училищеде білім алыпты. Кейін сол училищенің директоры да болған.

“Сен, Нұрсұлтан, Министрлер Кеңесінің төрағасы боласың”, деп сәуегейлік айтатын Дмитрий Погорелов деген қазақ балалары тобының шебері бар емес пе еді, біз соның басына да барып, жақсы сөз айтқанда періште “әумин” деген киелі адамның рухына бас игіміз келген. Бірақ ол

кісі мұнда емес, Днепропетровскіде жерленген екен. Жалғыз қызы Ольга сонда тұрады, Дмитрий Изотович соның қолында қайтыс болған, десті білетіндер.

“Язык до Киева доведет” деген сөз бар орыстарда, ал біз Киевтің түбінде тұрып, Ольга Дмитриевнаны таба алмаймыз ба, оны да тауып, әңгімелестік. Бұл бір өте қарапайым, білімді, сонымен бірге, жан-дүниесі таза кісі екен. Ол өзінің білетіндерінің бәрін бізге егжей-тегжей айтып берді.

Папамды үйде сирек көретінбіз, ол үнемі жұмыста болатын. Тіпті үйге келсе де тобыңда анау болды, мынау болып жатыр деп оған телефон шалып, маза бермейтін. Еңбекке әбден берілген, өзінің міндетінен басқаны білмейтін адам еді ол. Бірақ кейде әңгіме айтып, тобындағы балалардың қызық қылықтарын да жеткізіп қоятын. Соның ішінде Нұрсұлтанның есімін ауызға жиі алатын еді. Тіпті тобыңа анау-мынау керек болып қалды деп телефон соғылып жатқанда да “Нұрсұлтан бар емес пе” немесе “Нұрсұлтаннан сұрандар” деген сөздерін жиі естіп қалатынмын. Әкем олардың шебері ғана емес, әкесі мен шешесіндей қамқорлық жасаған адам.

Оның сол еңбегін жоғары бағалап, күні бүгінге дейін аузынан тастамай айтып жүретін Нұрсұлтан Әбішұлына өте ризамын. Өзім әкешенің жалғыз баласымын. Әкей 1913 жылы туған, 1985 жылы 72 жасында менің қолымда қайтыс болды. Шешем өте аурушаң адам болды, ол фин соғысына қатысып, жарақат алған адам еді. Өзім тұрмысқа шықпай, әке-шешеме қарайлап қалдым. Күндіз жұмыс істеп, кешке металлургиялық институтты оқып бітірдім. Кейін өзімнің саламда қызмет істеп, металлург ретінде уақытынан бұрынырақ зейнетке шықтым.

1994 жылы Нұрсұлтан Назарбаев келгенде қарсы алушылардың ішіне мені де қосты. Сол жолы әкемнің зиратын іздетіпті, егер Днепродзержинскіде болса, Нұрсұлтан Әбішұлы оның басына бармақшы екен. Бірақ Днепропетровскіде болған соң, реті келмеген сияқты. Мені Днепропетровскіден облыс басшылары тауып алып, кездесуге апарды. Өте қатты толқыдым, меніңше, Нұрсұлтан Әбішұлы да толқып отырған сияқты көрінді. Мені таныстырғанда: “Ә, Дмитрий Изотовичтің бізден жасырып жүрген қызы сен екенсің ғой”, деп күлдірді. Сол сөзден мен өзімнің ағаммен кездесіп отырғандай әсер алдым. Күні бүгінге дейін өзімді солай сезінемін, алыстағы Қазақстанда аты әлемге әйгілі алып ағам бар сияқты көрінеді де тұрады. Нұрсұлтан Әбішұлы кетерде маған әкемнің басын көтертуге материалдық көмек берді, сонымен бірге, естелік сыйлықтар тапсырды.



ТЕМІРТАУ ТҰҒЫРЫ

Айқын Несіпбай,
журналист

Егемен Қазақстан, 11 маусым 2010 ж.



Енді аз күнде кезінде Қазақстан Магниткасы аталып кеткен Қарағанды металлургия комбинатының кемелдене бастаған тынысына тың күш бітірген бірінші домна пешінің іске қосылғанына 50 жыл толады. Өмірде елдік өзгерістерге ықпал етер бір сәттер болады емес пе?! Оның ерекшелігі неде дегенде, сол 1960 жылдың 3 шілдесінде жаңа домна көмейінен шойын селі сарқырап аққан шақ арқылы ел экономикасы өрлеуіне бетбұрыс жасалғандығы белгілі.

Осынау оқиғаның теміртаулықтар жүрегіне ыстық және бір қымбат сипаты бар. Өз орталарында шындалып өскен Елбасының қазақстандық тұңғыш шойын алушылар қатарында болуы мақтаныш тұтылатындығын әрдайым сезіну де, байқау да қиын емес. Президенттің өзі де “Магнитка тарихы, Теміртау тарихы, оның адамдарының тағдыры менің тағдырымның ажырамас бөлігі”, деп біраз жыл тыныс-тіршілігі біте қайнасқан теміртаулықтарға, металлургтерге деген сенім мен құрметті жүрегінде мәңгілік ұстайтынын сездірген еді. Мұның сыры неде екен?

“ЧЕЛОВЕК ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ”

“Дұрыс қанаттанған түзу ұшар” дейді халық ғибраты. Жиырма жасар жалын шағында қанат қатайтып, биікке самғатқан Теміртауға Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сүйіспеншілік сезімі әркез айқын танылады. Аймаққа жұмыс сапарларында алдымен металлургтер шаһарына ат басы бұрылып, бірден кешегі еңбектес әріптестермен қауышады. Шіркін, сағынышты кезде-сулер ыстықтығы қандай десеңізші. Елбасының көбін жазбай танып, құшақ ашуы, хал-жағдайды сұрастырып, емен-жарқын

әңгімеге тартуы бәрін бір жасатып тастайды. Мұндайда әдетте сосын домна пешіне соқпай кетілмейді. Кейде сәтіне қарай Президент бастап горновойлардың жұмыс киімін киіп алып, пештің аузын көсеп жіберіліп, астаушаға қып-қызыл шойын балқымасы құйыла жөнелген мезеттегі жарқыраған жүздерді көрсеңіз, қызықпай, толқымай тұра алмайсыз. Көз қарытқан от табына шарпылып, сап-сарала шоқ ағынын атылдырып, алып ожаулар кезекпе-кезек шөпілдеп толтырылатын сүйікті кәсіп ләззатына бөлену қандайлық қуаныш екенін білетіндер түсінеді. Соған ортақтасуға, соны бөлісуге уақыт табылған, ыңғай көрсетілген көңілге ризалық қайта табысқанша тарқамайды. 1960 жылдың 3 шілдесінде болашақ Елбасымен бірлесіп алғаш шойын ағызған шақ қаз қалпында көз алдыға келе қалғандай болады.



Ол толық металлургиялық цикл бастауына із салынған күн еді. Темір кенінен шойын қорытатын домна пешінің іске кірісуі арқылы мартен немесе конвертерден болат балқытуға, блонинг және слябинг алуға, қаңылтыр жасайтын прокат стандартын қалыптастыруға мүмкіндік кеңейді. Бұған дейін домна үдерісі болмағандықтан, мартенде болат металл сынықтарынан қайыра қорытылып келген болатын. Сондықтан металлургиялық өндіріс қуатын арттыру үшін домна буынын бекіндіру көзделгенді.

Оны салу қолға алынумен бірге ертеңгі ірі іске сақадай сай жұмысшылар құрамын алдын ала жасақтау жүргізілді. Құрылысы аяқталуға жақын қалғанда мұның алдында Днепродзержинск қаласындағы техникалық училищеге оқуға жіберілген 72 қазақ жігітінің мамандық меңгеріп шығуы күткендегіге дөп келген. Шойын алуға іріктелген бригадаға солардың ішінен горновой болып оралған Нұрсұлтан Назарбаев бірінші кезекте енгізіледі.

Біз бұл тарихи оқиға жайында әйгілі металлург Төлеген Адам-Юсуповтың еске алуы бойынша білетініміздей, домнаны іске қосу дайындығы 2 шілдеде басталған. Алдымен алып өңеші кесек-кесек ағаш кесінділеріне толтырылып, лаулай бастаған бетте кокстелген көмір төгіліп, ашутастар салынып, от дүлейінің қызуы ертеңінде 1300 градустан асқанда

Вадим Романов ауысымындағы аға горновой Николай Набибуллин пеш шүмегінің электр бұрғысын ашады. Сол сәтінде науаларға отты сел жөңкіле жөнеледі. Бұл қазақстандық тұңғыш шойын еді. Араларында Нұрсұлтан Назарбаев бар жас горновойлар одан “Бірінші қазақстандық шойын. Шілде. 1960 ж.” деген жазу жазылған кесектерді қолма-қол құйып, ескерткіш ретінде сақтауға алады.

Осыдан кейін Нүрекең шойын құюшы, горновой, диспетчер болып, тоғыз жыл бойы домнаның екінің бірі төзгісіз от шарпуына шыдап, сирек әрі қадірлі мамандықтың қыр-сырына тереңдейді. Алауы бет қаратпас пеш көмейінде қайнаған балқымаға ұзын көсеуді бойлатып, құятын мерзімді ажыратып алып шығудың қиыннан қиындығы қалай айтылса да жеткізгісіз. Ол металлургтерге ғана белгілі. Осындай отты ортада шындалған болаттай қайрат, алмастай жігер ел бақытына қызмет етіп келе жатқандығы аян.

Сөз орайында мына ғажап сезім сәулесін қараңызшы. Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың көмекші серігі болған Бөпежан Аяпбергеновтің “Қаныш аға осындай еді” естелігінде:

“...Комбинаттың сонау төрінен қайтып келе жатқанымызда, домна пеші көмейіне ұзын көсеулерін бойлатып, “ойнап тұрған” адамдар қатарынан біреу оқшау шығып, жалпақ етекті бас киімін қолына алып, Қаныш ағайға сәлем берді.

– Орыссың ба, қазақсың ба, шырақ? – деп сұрады оның сәлемін алғаннан кейін.

– Қазақпын, – деді жігіт бар тісін көрсете күлімдеп. Әлде от табына шарпылғаннан ба екен, оның алаулаған жүзінен орыс екенін, қазақ екенін айыру қиын еді.

– Қазақ болсаң дұрыс екен. Горновойсың ғой.

– Горновоймын.

– Мұндағы домналардың іске қосылғаны былтыр ғана ғой. Мына мамандықты қайдан үйренгенсің? Өзің жас екенсің.

– Украинаның Днепродзержинск қаласынан отты мамандықтың оқуын бітіргенмін.

– Мынауың дұрыс екен. Өзің қай жерденсің?

– Алматы облысынан.

– Мұнда өзіндей жас жігіттер көп пе?

– Бар. Бірақ отпен ойнауға шыдай алмай кетіп жатқандары да аз емес, Қаныш аға.

– Мына комбинат Қазақ елінің байлығы. Бұған ие болу үшін мұнда қазақ жастары көп болуы керек. Сендер комбинатқа жұмысқа қазақ жастарын шақырыңдар. Сөйте-сөйте өзіміздің еліміздің солтүстігінде қандастарымызды көбейтейік. Өзіңнің аты-жөнін кім? – деді де Қаныш ағай маған көз қиығын салып қойды. Әлденені ұмытпашы дегендей, ағайдың сұхбат үстінде осылай көз тастап қоятын әдеті. Дереву қойын дәптерімді алдым да, анау жігіттің аузынан шыққан аты-жөнін түртіп қойдым: “Нұрсұлтан Назарбаев”, деп жазылғандай, асыл тұлға аға көз түсірген інісі бойынан алғырлықты, сөзінен сұңғылалықты байқайды.

Асылы, жақсының жақсы қасиетін жақсылар ғана таниды деген осы шығар. Кейінде 1971 жылдың 9 қаңтарында Н.Ә.Назарбаев Теміртау қалалық партия конференциясында замандастары атынан сөйлегенде жоғары сұраныстағы жұмысшы мамандықтарын тұрғылықты ұлт жастары есебінен жасақтау жөнінде мәселе көтеруі ақылшы аға кеңесін ұмытпағандық болар.

Бірінші домна пешінен кейін екіншісі, үшіншісі, аглофабрика, үшінші конвертер, “1700” салқын қаңылтыр қақтайтын прокат станы іске қосылып, осынау істердің басы-қасында, бел ортасында болады.

Горновойшылар арасында ауыр еңбекке табандылық, өз міндетіне жауаптылық қатты қадірленеді. Жұмысқа сол арқа. Берік бірлік, қалтқысыз жолдастық, сенімді серіктік керек. 1969 жылғы 27 мамырда горновой Александр Граськов жазған мына мінездемеге назар аударып көрелікші.

“Назарбаев Н.А. – человек отзывчивый, скромный, наставник требовательный. В коллективе цеха пользуется большим уважением. Он враг несправедливости и бюрократизму, к тому же хороший и знающий производственник и общественник. Скажу одно, т. Назарбаев Н.А. – человек замечательный”. Байқар болсақ, “ЧЕЛОВЕК ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ” дейді. Жұмысшы – кісі танитын, ойын бүкпейтін, әділін айтатын халық. Жүрекжарды осы пікір шындығына бүгінгі жарасты өмірімізден артық қандай айғақ керек.

Елбасыны теміртаулықтар етене жақын тұтады, өз адамдарындай көреді, бауыр тартады. Мұның мәнін байырғы болат балқытушы Арғын Жүнісовтің шетелдік журналистермен бір кездесуде бір-ақ ауыз сөзбен айтқаны есімізде. “Біздің Президент – металлург. Өмірдің ыстық-суығын жастайынан халықпен бірге көрген. Сондықтан еліне қажымай қызмет ету де, елді біріктіру де, экономиканы дамыту да, бәрі-бәрі қолынан келіп отыр” деді нар ақсақал мақтанышпен.

Теміртау, Қазақстан Магниткасы тынысы, келешегі Елбасының тұрақты назарында екені қала тұрғындарына зор мерей. Кеше де солай болған, бүгінде де солай. Өткендегі 70-ші жылдардың басында комбинаттың жұмысы тұралап, соның салқыны еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық хал-ахуалына тиген қиындық шақта беделі бар қызметке келген бетінде Нұрсұлтан Назарбаевтың жағдайды түзетудегі батыл қимылы жұрт жадында сақталып қалған оқиға. КОКП Орталық Комитетінің Қарағанды металлургия комбинатына байланысты әйгілі қаулы қабылдауына да сеп сол. Мәскеу өзіне қозғау салынған соң теміртаулықтар өміріндегі өзекті мәселелер шешіле бастайды. Тұрғын үй құрылысы қарқын алды, білім, мәдениет, денсаулық сақтау ғимараттары бой көтерді. Металлургтер сарайын, спорт кешенін салу тездетілді. Өндіріс қалыпты ырғағына енуімен бірге тұрғындар тұрмысы оңалды. Нұрсұлтан Әбішұлының қайраткер, болашағы үлкен деңгейдегі басшы ретінде танылып, ысылып, толыса бастағаны осы кез екені теміртаулықтарға жақсы мәлім.

Елбасының Теміртауды қиындықтарда қолдауы, қолтығынан демеуі бұл бір емес. Өтпелі кезеңде қаладағы, комбинаттағы ахуал күрт күрделеніп кетті. Алып кәсіпорын мүшкіл жағдайға душар болды.

Жұмысшылар айлап еңбекақы ала алмай, өнім өндіру құлдырап, болашағы бұлдыр күйге ұшырады. Алыстан, жақыннан қол ұшын созбақ болған қалталы топтар уәдеден тайқып кетіп жатты. Бұл тығырықтан шығатын жолдың табылатындығына сенген металлургтер сабырлылық сақтады. Президент тапсырмасымен Үкімет сенімді, мықты инвесторды іздестіріп, таңдап жатқан да болатын. Ақыры қалау Англиядағы “Испат Интернэшнл ЛТД” компаниясына түсті. 1995 жылдың күзінде комбинатты қол астына алды. Ол “Испат Қармет” АҚ-қа айналды, қазір “Арселор Миттал Теміртау” атауымен мәлім.

Таңдау ақтала бастады. Кәсіпорын жана жүйеге толық көшіп, өндірісті қалыпты ырғаққа ыңғайлап үлгерген шақтан бастап өнім өндіру көлемі көтеріліп, бір айдың ішінде 22-ден 44 пайызға дейін өсті. Атап айтқанда, кокс өндіру 7140 мың тоннаға, шойын – 9300, болат – 13215, ал прокат 18618 мың тоннаға артты. Даму жалғасып, үдей түсті. Компания енді өндірісті уақыт талабына сай қайта құруды, жаңа технологиямен жарақтандыруды жүргізді. №2 домна пеші, №1 қаңылтыр қақтау цехы күрделі жөндеуден өтті. 1998 жылдың ортасында жылына 320 мың тонна өтімді өнім шығаратын ыстықтай қалайылау және мырыштау цехы іске қосылды.

Міне, осындай өзгерістерді тікелей көріп, кәнігі көзбен бірден байқаған Нұрсұлтан Әбішұлы тұңғыш шойын алынуының 40 жылдығына арналған салтанатты жиында “Мені металлургия кәсіпорындарында өндірістің құлдырауы тоқтап, өнім көлемі артып, әлеуметтік мәселелердің табысты шешілуі қанағаттандырады. Біз инвесторды таңдауда қателескен жоқпыз. Бұл жерде ол кәсіпорындарды аяғынан көтерді, өнім шығаруды қалпына келтірді, мыңдаған мамандарды жұмыс орны және тұрақты жалақымен қамтамасыз етіп отыр. Бұл мысал біз таңдаған жолдың дұрыстығының дәлелі”, деп теміртаулықтар қуанышын бөлісті.

Тұңғыш Президенттің кеңес-талабымен жаңғырған жасампаз істер ел экономикасы алыбының адымын аршындатты. 2003 жылдың басында №3 домна пеші қатарға қосылды. Ол он жыл бойы сөндіріліп тұрғанды. 2 метрге биіктетілген, көрігінің диаметрі 1 метрге кеңейтілген, басқару жүйесі автоматтандырылып, компьютерлендірілген домна жылына 2 миллион тонна шойын беретін қуатты күшке айналды. Бұдан кейін №1 үздіксіз болат құю цехы жұмыс істей бастады. Ең озық техника қондырғылары орнатылған бұл өндіріс алда пайда болатын кәсіпорындар бейнесін елестетеді. Теміртау өміріндегі әр жарқын жаңалықтар қуанышы мен қызығына ортақтасуға әрдайым ықыласы үлкен Елбасы екеуінің де іске қосылуына қатысты.

Жаңарған Қазақстан индустриясының жас та болса бас шаңырағы келешегі кең ғажайып бір жобаға тәуекел еткелі тұр. Қазіргі комбинатқа пара-пардай екінші сыңарын салу бағдарламасы белгіленген. Бұл дегеніміз не? Әлемде теңдесі жоқ металлургиялық орталық пайда болады деген сөз. Ертеңгіні ерте ойлап, ел игілігін молықтыруға басым мән беретін халқымыз көшбасшысының көрегендік ақыл-кеңесінің ықпалы бұл. Қай

инвестор да іс-қызметіне нық сенім болмаса, мұндайлық қадамға баса, кеңдікке кұшақ аша қоймайды. Иліктіру оңай емес. Тек нығайған сенім мен түсіністік соған жеткізетіні анық. Әуелі экономикалық өрлеуді ұстанған мақсаттың, халықаралық интеграцияны дамытудың тамаша табыстарын көріп отырған инвесторға ашық та айқын ортада өз мүмкіндігін барынша пайдалану қолайлы саналғандығы хақ.

АЙНЫМАҒАН КӨҢІЛ

“Ұлық болсаң кішік бол” дейді қазақ даналығы. Теміртаулықтар канат қатайған ортаның қадір-қасиетін, берген мол тағылымын есте тұтып, қастерлей білудің биік мәдениеттілігін Елбасы үлгісінен біледі. Нұрсұлтан Әбішұлы түлеп ұшқан кұрыш қалаға келген әр сапарында уақытының тығыздығына қарамастан, арман бесігінде бірге тербелген, болашаққа бірге қол ұстасып қадам басқан тағдырластарымен табысуға кұштар. Сондайда Днепродзержинскіде қатар оқыған, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген металлургі Алтынбек Асанов, иық тірестіре шойын ағызысқан Владимир Колбаса, Қарағанды политехникалық институтынан түлектес Қуаныш Омашев, комбинатта қоян-қолтықтаса қызмет еткен елдің еңбек сіңірген экономисі Владимир Кауц, тәлімгер-ұстаз Арғын Жүнісов сынды байырғы теміртаулықтар басы қосылып, кешегі көңілге ыстық шақтар еске түсіріліп, кезіндегідей еркін сұхбаттасып, мәре-сәре күй кешіп қалады. Арада біраз жылдар өтсе де Елбасының ұмытпай, өзі үлкен басын иіп, орталарында кұшақтаса отыруы әрқайсысының жүрегін елжіретеді. Биік билік басында болса да сыйластықтан ажырамаған, достықты үзбеген, кішіпейілдіктен айнымаған, қарапайымдылықты сақтаған адамгершілік ілтипат сүйсінтеді.

Н.Ә.Назарбаевтың іскерлік, ұйымдастырушылық қабілетіне, жан ізгілігіне ерте куәгер де солар. Қуаныш аға айтуы бойынша, Нұрсұлтан Әбішұлы студенттік кұрылыс жасағының командирі ретінде алғаш ауыл еңбеккерлерінің алғысына бөленген. Нұра ауданындағы “Балықтыкөл” кеңшарының бас инженері болған, осы өңірдің сыйлы азаматы Қорабай Досжанов былай деп еске алады: “60-шы жылдардың басында жаңадан кұрылған шаруашылығымызда тұрғын үй салуға қолғабыс етуге Қарағанды мемлекеттік политехникалық институтына тілек айттық. Студенттерден кұралған жасақ жіберілді. Әуелде бастап келген жігіт болбыр болып шықты. Бірнеше күн кұрылыс мандымай, уақыт өтіп бара жатқан соң өзгелерден ерек көзімізге түсіп жүрген жігітті студенттер қалауымен командир етіп тағайындауға ұсыныс жасадық. Ол Нұрсұлтан Назарбаев еді. Тілегіміз қабылданды. Содан соң-ақ іс қызып сала берді. Бізге артық салмақ салмай, тапшы кұрылыс материалдарын Теміртаудан, Қарағандыдан тауып жеткізеді. Серіктерінің де жұмысқа кұлшынысы күшейді. Күзге дейін бірнеше үй бой көтеріп, ауыл тұрғындары баспаналы болып қалды”. Бүгінде бұл үйлердің бірінің қабырғасында оны кімдер салғаны жайлы жазылған ескерткіш тақта жарқырап тұр.

Балықтыкөлдіктер сол үйлер құтты қоныс болып отырғандығын мақтан етеді.

Қуаныш Омашевтың үйлену тойын болашақ Президенттің өзі басқарып өткізгенін көпшілік біле бермеуі мүмкін. Сонда Алатаудың асқар шыңдарының сыңғырлап аққан суындай жүрек қылын тербеткен сырлы әуендерін әуелеткен жас Нұрсұлтанның өнерлі де жігіт екенін алдымен таныған да тағдырлас құрбы-құрдастары.

Байырғы қызметтестермен, сыйластармен қауышу сәттерінде Нұрсұлтан Әбішұлының көңіл-күйін қас-қабақтарынан бірден аңдайтындығы біразына белгілі. Бұйымтай, базына білдіру әдеттерінде жоқ. Бірақ сыр тартылмай қоймайды.

– “Владимир Александрович, өңің сынық қой. Денсаулығың қалай?” деп бірде сұраған соң жүрегімнің шаншып ауыратындығын айтуға тура келді, – дейді Кауц ағай, – білікті дәрігерге көрінуімді, егер операция жасау қажет болса уайымдамауымды, көмек көрсетілетіндігін айтты. Операцияға тәуекел еттім. Сәтті өтті. Қайта қатарға қосылуым Нұрсұлтан Әбішұлы мейірім шуағының шапағаты. Атын қалай тауып қойған десеңізші. Бойынан ескен жылы нұр бәрімізді баурайтын.

Бұл кісі де Магнитка тарланы. Оралдағы Чусов зауытынан шақырылған маман еңбек және жалақы бөлімінің бастығы, әсіресе, бас директордың экономика жөніндегі орынбасары міндетін атқару кезінде жұмыс бабында жас басшы қызметтесімен етене араласады. Комбинат, қала тағдырына байланысты Мәскеудегі жоғары орындар алдына қойылар, көтерілер мәселелердің нақты әрі дәлелді болуын қалайтынын бірден ұғып, тиісті дерек-мәліметтерді, анықтамаларды талап тұрғысында дайындауымен шынайы түсіністік бекиді, сыйластық жарасады.

Қызылорда облысы, Шиелі ауданының тумасы Әбіләш Әбуовтің де Елбасының курстасы болғаны көпке мәлімсіз еді. Әншілік дарыны бар жігіт Днепродзержинскіге қолтығына домбырасын қыстырып ала барады. Оны училище көркемөнерпаздарының байқауына қатыстырып, содан кейін қалалық телеарнада қазақ әндері мен термелерін шырқатқызып, ұлттық өнерімізді жергілікті тұрғындарға таныстыруға ұйытқы болған да көрінеді жас Нұрсұлтан Назарбаев. Отбасылық жағдайына байланысты ауылына оралуға тура келген Әбекенді бірде облысқа жұмыс сапарымен келгенде іздестіріп тауып алады. Арада біраз жыл өткенде қауышқан Мемлекет басшысы мен ауыл ақсақалының төс түйістіріп, айқасқан құшақтары, сағыныштан жасаураған жанарлары кездесуге куә болушылар көңілін толқытады. Президенттің қанша уақыт өтсе де ел ішіндегі қатардағы азаматты досы ретінде ұмытпауы адамгершілік пен кішіпейілдіктің үлгісін көрсетер емес пе.

Украина металлургиясының қара шаңырағына арман-тілек жетелеп барған 72 өреннің біразы Теміртау еңбек мектебінде шыңдалып, араларынан атақты металлургтер, 6 ғылым докторы, танымал қоғам қайраткерлері шықты. Рахметолла Жанарбаев, Айдархан Қасымбеков, Тезек Исаев, Қабидолла Сарекенов, Сатыбалды Ибрагимов, Мақаш

Тәтімов, Мақсұт Нәрікбаев сынды азаматтар есімдері аталғанда сол лектің лебін аңдай беруге болардай. “Ат төбеліндей аздығымыз ұйымшыл болуға үйретті. Намысқа тырыстық. Қазақ деген атты қызғыштай қорғадық. Жақсы аталсақ қуандық, жаман аталсақ ұялдық. Есігіміз жабылмады, дастарқанымыз жиылмады. Жұбымызды жазбадық”, деп тұрғыластары Тілеуберді Смағұл еске алатындай, ниеттес жастарды тек жақсы жағынан көрінуге, оқуға, білімге, өнерге, спортқа ұйытқы болып жүруші Нұрсұлтан Назарбаев екен.

“Днепродзержинск техникалық училищесінде оқығандардың көпшілігі кейін Қазақстанның металлургиялық зауыттарында жұмыс істеді. Мен оларды барлық облыстарда кездестіремін. Олар бүгінде де менің достарым болып қала береді. Училищедегі оқу, Магниткадағы жұмыс біздің мінезімізді шыңдады, өмірлік ұстанымдарды белгіледі, берік іргетас болды”, – деген еді Елбасы теміртаулықтар алдында. Сондай достық құшақ жылуы барша қазақстандықтарға кең ашылып отырғаны өмір айғағы.

* * *

Бұл күнде жылдық өнеркәсіптік өндірісінің көлемі 200 миллиардқа жуық теңгені құрайтын, бұл аймақта шығарылатын ішкі жалпы өнімнің 40 пайызына тең шаһар жұрты мереке алдындағы дайындық құшағында. Тұңғыш Президенттерін өмірлеріндегі өзгерістермен қуантқысы келеді. Елбасы үшін қуаныштың үлкені, тартудың қымбаттысы жаңадан бой көтерген тұрғын үйлер, балабақшалар, емханалар, мектептер, өндіріс орындары болмақтығын біледі. Бұл жағынан көзайымдыққа қысылмастарына сенімді.

Ағылып жастар тұс-тұстан,
От жүректері ұғысқан.
Батырдай алып Теміртау –
Сомдалған болат, құрыштан.
Жайнатып қазақ даласын,
Қанаттандырған Елбасын.
Отандас ардақ тұтады
Көшбасшы ұстаханасын,

– деп жергілікті танымал ақын Сәбит Бексейіт жырлағандай, ерен еңбек пен қажырлы қайрат, өмір тәлімі жарқырай түсуде. Содан өткен алдыңғы толқын жолын қуып, ізін басуға талпыну мерейі зор мәртебе жас буынға. Теміртау бұған қашанғыдай берік тұғыр.

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ КӨШБАСШЫСЫСЫЗ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атына Павлодар облысындағы Ұлы Отан соғысының ардагері Мағау Сыздықовтан, Май ауданының Құрметті азаматы, атақты шопан Рақымжан Ыбыраевтан және Май ауданының Құрметті азаматы, жылқышы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Смағұл Құрмановтан жеделхат келіп түсті. Онда былай делінеді:

“Аса мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы! Біз, Семей ядролық полигонымен шектес орналасқан Павлодар облысы Май ауданының тұрғындары, Сіздің 1991 жылдың 29 тамызындағы Семей полигонын жабу жөніндегі Жарлығыңызды зор қуанышпен қарсы алған едік. Осылайша, Қазақстан ядролық қарудан өз еркімен бас тартқан әлемдегі бірінші ел болып танылды.

Сынақ аймағында тұрғандықтан, көрген азабымыз аз емес. Сондықтан Вашингтонда өткен саммитте атом қаруын сынаудан зардап шеккен Семей сынақ аймағын қалпына келтіруге байланысты нақты ұсыныстар айтылуы болашаққа сенім берді. Сіздің адамзаттың дамуын қорғаудағы, халқы-ңыздың денсаулығын сақтаудағы қадамдарыңыз көңілге медеу болып отыр. Ядролық атом қаруына қарсы күрестегі дүниежүзілік қозғалыстың басшысы болып отырсыз. Салиқалы саясатыңыздың және үлкен беделіңіздің арқасында әлем қауымдастығының құрметті мүшесі атандық. Біз Қазақстанның осындай жетістіктерін мақтан етеміз”.

Жеделхаттарының соңында павлодарлық соғыс және еңбек ардагерлері Қазақ елі халықаралық деңгейде үлкен абыройға ие бола берсін, әлемде бейбітшілік орнату жолындағы істеріңізге зор табыс тілейміз, дейді.

МАЗМҰНЫ

ҒАЗАЛИЕВ А.М. АЛҒЫ СӨЗ.....	3
СЕМСЕРДЕН СОҚА СОҚҚАН САЯСАТКЕР.....	5
ҚАСЫМБЕКОВ М. ЖАН ЖАДЫРАТАР ЖАСЫН СӨЗ.....	15
ҚАСЫМБЕКОВ М. ТАҢДАУ.....	27
ЕСІМ Ғ. ТҰЛҒА ФИЛОСОФИЯСЫ.....	42
ТҰРСЫНОВ С. “ТЫНЫШТЫҚТЫ АЛТЫНҒА ДА САТЫП АЛА АЛМАЙСЫҢ”.....	54
ҚАЛИЖАН У. ЗАМАНА СЫНЫ.....	60
АҒЫБАЕВ А. АТА ЗАҢ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ.....	71
САҒАДИЕВ К. НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ: “АЛДЫМЕН - ЭКОНОМИКА...”.....	75
ТАСБОЛАТОВ А. ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ТҰЛҒА.....	94
БІЛӘЛОВ С. ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ СЕНІМІ – ЕРЕКШЕ БАҚЫТ, ОНЫ АҚТАУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗЫМЫЗ.....	97
АБДРАХМАНОВ С. ОЛ ЕЛДІҢ АТЫ - ҚАЗАҚСТАН, ОЛ ЕРДІҢ АТЫ - НҰРСҰЛТАН.....	104
АБДРАХМАНОВ С. ЭДУАРД ШЕВАРДНАДЗЕ: СІЗДЕР СЫН САҒАТТА СЫР БЕРМЕДІҢІЗДЕР.....	114
СЫДЫҚОВ Е. ТАЖАЛДЫ ТҰНШЫҚТЫРҒАН ТҰЛҒА.....	130
САМРАТ Ж. ЕСЕЮ ЖЫЛДАРЫ.....	139
НЕСІПБАЙ А. ТЕМІРТАУ ТҰҒЫРЫ.....	150
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ КӨШБАСШЫСЫСЫЗ.....	158

Кітапта пайдаланған фотосуреттер Президенттің ресми сайтынан және
INTERNET ресурстарынан алынды.

**Тұңғыш Президент үлгісіндегі
имиджелогия негіздері**

*Бас редактор
ҰҒА академигі Ғазалиев А.М.*

Басуға 29.09.10 қол қойылды. Пішіні 60x84/16 Көлемі 16,8 шартты баспа
табағы.. Таралымы 10 дана. Заказ№ 520 Келісімді баға

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті баспасы

100027, Қазақстан Республикасы, Қарағанды, Бейбітшілік бульвары – 56